



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АБАЙ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ



Профессор
АЛМА ҚЫРАУБАЕВА:
ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ МЕН
ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Республикалық ғылыми-теориялық
конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 26 мамыр, 2022 жыл



ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА: ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Республикалық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 26 мамыр, 2022 жыл

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
А 94

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған және баспаға ұсынылған*

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Қ. Әбдезұлы, З. Бисенғали, Б. Жақып,
Ө. Әбдиманұлы, З. Сейітжанов, Т. Есембеков,
А. Жақсылықов, Ә. Тарақ, Л. Мұсалы, Е. Карбозов

А 94 **Профессор** Алма Қыраубаева: ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25 мамыр, 2022 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 96 б.

ISBN 978-601-04-6006-5

Жинаққа әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми зерттеу институты және қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 жылдың 26 мамырында өткен филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы-ғалым, ұстаз Алма Мүтәліпқызы ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ 75 жылдығына арналған «**ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА: ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ және ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ**» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияға ұсынылған мақалалар енді. Конференцияға әдебиеттанушы ғалымдар, ұстаздар, магистранттар мен докторанттар қатысты.

**УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)**

ISBN 978-601-04-6006-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2022
© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2022

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАМАША ТҮЛҒА

Алмагүл Мүтәліпқызы Қыраубаева орта мектепті бітірген 1965 жылы 17 шілдеде жазған өмірбаянында мектепте оқып жүргенде пионерлер дружинасы советінің председателі, мектеп комсомол комитетінің секретары болғанын, оқушылардың өндірістік бригадасының тұрақты мүшесі, содан соң бригадирі болып, егілген 45 га жүгерінің әр гектарынан 500 центнер сүрлем жинағанын, келесі жылы (1964 ж.) 30 га жерге күріш егіп, оның әр гектарынан 45 центнерден өнім алғанын, ал өзінің жеке звеносы бойынша 8 га жерге егілген күріштің әр гектарынан 56 центнерден өнім алғанын, мектепті алтын медальмен бітіргенін жазады. Мектеп оқушысы бола жүріп ауыл шаруашылығы жұмыстарына белсене араласқаны, қоғам жұмысына белсене қатысқаны үшін бернеше рет мақтау грамоталарымен, төс белгімен наградталғанын атап өтеді. 1964 жылы комсомолдардың республикалық пленумына, 1965 жылы жас жахаевшылардың республикалық слетіне қатысқанын көрсетеді.

Мектептің жоғары сыныптардағы оқушысы бола жүріп, қоғамдық жұмыста және ауыл шаруашылығында ер азаматтардың өзі бел буып кірісуге батылы жете бермейтін ірі істерге араласуы, ұйымдастырушы, басқарушы ретінде іскерлік қабілетін көрсетіп, үлкен нәтижелерге жетуі Алманың қайраткер тұлға болып қалыптасуына қажетті қасиеттері болғанын аңғартады. Осы қасиеттерін жетілдіріп, ұйымдастыру, басқару бағытын ұстанғанда, Алманың айтулы қоғам және мемлекет қайраткері, шаруашылық басшысы болуы немесе ата жолын қуып, атакты ақын, жампоз жыршы болуы ықтимал еді. Бірақ Алма ондай бағыттарды көздемей, білім мен ғылымды, ұстаздық жолды таңдады.

Кісілік, адамшылық қасиеттер, ақиқаттың ақ жолы, адамның, қоғамның, елдің, мемлекеттің құты – әдебиет пен мәдениеттің, адамзат өмірінің мәңгілік мәні. Осы мәңгілік мән Алма үшін теңдесі жоқ рухани қазына әлемі еді. Алма әдебиеттен, әдебиеттанудан, әдебиет пәнінен тыс өмірде, қоғамда мән бар, мағына бар деп ойламады. Өмірдің, қоғамның мәні мен мағынасын түзетін құндылықтарды, құтты білікті әдебиеттен, ұлттық мәдениеттен тапты. Әдебиетті, әдебиеттануды, әдебиет пәнін оқыту мен зерттеуді адамның, адамзаттың, қоғамның кісілік болмысын қалыптастырудың, дамытудың бірден-бір негізі, құтты білік көзі деп сенді.

Ғалымның ұлтқа тигізетін пайдасы оқыған кітаптарының, жазған еңбектерінің санымен өлшенбейді, өзі таңдаған ғылым саласында өзі өндірген және ұлттың интеллектуалдық даму қорына қосқан жаңа білім мөлшерімен анықталады. Жаңа білім өндіру әрбір екі ғалымның бірінің қолынан келмейді. Жаңа білім өндіру биігіне ой жүйесі сара, ойлау қалыбы дара, өз ғылымына жан-тәнімен берілген, өзіне сенімді, алғыр да батыл, тамаша талант, ерен еңбек иесі ғана шығады.

Алма қазақ әдебиеттану ғылымында жаңа білім өндіру биігіне шықты. Қазақ әдебиетінің XVIII ғасырдан ежелгі дәуірге дейінгі тарихының үлкен бір кезеңі Алтын Орда дәуірінің (XIII-XIV ғ.) әдебиетін зерттеп, жаңа білім өндірді, зерттеу нәтижелерін жүйелеп, ғылыми айналымға түсірді, жоғары мектепке арналған оқу пәнін өндіріске енгізді, пәнді қажетті оқулықпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Алтын Ордадан ары асып, Қарахандар дәуірі әдебиетін (XI ғ.), Ислам дәуірі өркениетін, Оғыз дәуірі мен Түрік қағанаты, Ежелгі дәуір әдеби ескерткіштерін саралап, заманымыздан бұрынғы (сақ-ғұн, үйсін дәуірі, б.з.б. VII-б.з. IV ғ.) жыр-аңыздар айдынына шықты. Осы дәуірлер әдебиеті негізінде жүргізген зерттеулері бойынша әлеуметтік маңызы үлкен нәтижелерге жетті, жаңа білім өндірудің шығармашылық қуанышын сезінді.

Алманың ғылымдағы жолын ашқан ғұлама ұстаздарының еңбегі зор. Ғұлама ұстаздары ашқан ғылым жолында Алманың өзінің қызметі, өзінің зерттеу жұмыстарының нәтижелері бүкіл ғылыми қауымның құрметіне лайықты болғаны да зор жетістік.

Ғылыми зерттеу деген ғылыми ойлау туралы ұғымды білдіреді. Егер ғылыми ойлау адамның күнделікті жұмыс дағдысына айналса, онда одан асқан ауыр бейнет болмайды. Аристотель: «Ойлау деген – бір азап», – дегенде, өз басынан өткізіп, өзі көзін жеткізген шындықты айтқан. Ғылыми ойлау жұмысы осындай болғанда, одан күткен нәтижеге қол жеткізу – шексіз қуаныш. Бірақ мұндай қуаныш зерттеушіде күн сайын болмайды. Алма бейнеті көп, зейнеті аз осы жұмысқа өмірін арнады.

Алма өзі зерттеп отырған ғасырлар мұрасында, әдебиет әлемінде жақұттай жанар жасқаған асыл қағидалар ағысына, құтты біліктің нұрына жайбарақат қарай алмады, көкірегіне түсіп, көңіліне

қонған ұлттық, жалпыадамзаттық мәні бар ойлар мен қағидалардың, құтты біліктің жарығы көзін жұмса да көрініп тұратын болды, сол ойлар мен қағидаларды, құтты білікті елдің игілігіне айналдыру мақсаты ұйықтаса түсінде, оянса өңінде маза бермеді.

Ғалым кезеңдер мен дәуірлердің өзегіндегі рухани асыл жылғаны тауып, елдің елдігіне тірек болғандай, ұлттың ұлылығына негіз болғандай, адамзат өмірінің мәніне айналғандай кісілік қасиеттердің жауһар айдынын ашты. Онда әрбір қазақ баласының ұлт мәдениетін түбегейлі меңгеруі, ұлттық құндылықтар негізінде білім алуы, ұлттық мәдениетті, ұлттық рухани құндылықтарды жастайынан сүйіп өсуі оқу мен оқытудағы басты мақсат болды. Халықтың дәстүрлі мәдениеті, ұлттық рухани құндылықтары өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларынан ығыстырылып, ұлттық сананы жаһандық тұман тұмшалап бара жатқан тұста мұндай мақсат көздеу және сол мақсатқа жету жолын көрсетуге үлгі ұсынып, бар білімі мен білігін, күш-қайратын, уақытын жұмсауға Алма ғана тәуекел етті. Алма халықтың рухани құндылықтарына негізделген жаңа білім мазмұнының айдынында жастардың ұлттық сана мен қазақи кісілікті дүниетанымын, ұлттық мәдениетке, ұлттық рухани құндылықтарға құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру арқылы әлемдік өркениетке ендік тұтас жүйесінің моделін жасады. Бұл бір таңғажайып тамаша қазына еді. Осы таңғажайып тамаша қазына Алманың ақыл-ойынан туып, Алманың ақыл-ой қуатының күндей балқыған мәніне айналды. Қайырымды қазақ мәдениеті мектебін ашып, өзі жасаған ұлттық мектеп моделі бойынша білім беру ісін жолға қойды, білім мазмұнын, білім берудің оқу-әдістемелік құралдарын өз бағдарламасы бойынша дайындап, оқу үдерісіне енгізді. Бағдарламасының жанама атын «Жаным садаға» деп атады. Мұның түптөркіні халықтың: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұлттық дүниетанымында еді. Осы ұстанымды Алма өз танымының тынысымен, өз өмірінің мәнімен ұштастырды.

Бір мектепте емес, мемлекеттік жүйеде бар мектепте қолданыла қалғанда, бұл бүкіл егемен елдің, тәуелсіз мемлекеттің әлеуетін тасытып, дәулетін шалқытатын, бағасына құн жетпейтін қасиетті қуат көзі еді. Білім беру жүйесінің басында ұлт мәдениетін, ұлттық құндылықтар жүйесін білетін, түсінетін маман болғанда, ол бағасына құн жетпейтін мұндай қасиетті қуат көзін елдің игілігіне айналдыруға күш салар еді.

Қалыптасқан білім жүйесі мұндай қасиетті қабылдай алмады. Тиісті басқару және атқару сатыларындағы қызметшілер оның мәнісін түсінбеді. Қара басының қамын ойлаудан аспаған, не істесе де мал табуды мақсат еткен ала-құла топ, бір күндік қажеті үшін не қылса да қарын тойдыруға ұмтылып сапырылысқан, асығып-аптыққан пенделер оның қадіріне жетпеді. Осындай «жұртты үйретіп», үйретемін деп, «өкінішті көп өмірдің өтіп кеткені» [1, 78] білгендердің көңілінде қаяу болып қалды.

Алманың басты қолдаушысы өзінің ақыл-ой қуаты, күшті ерік-жігері, өз ісінің ұлт болашағы үшін игілікті болатынына деген берік сенімі еді. Алма бүкіл ел болып, мемлекет болып жүзеге асыратын іргелі істі атқарудың үлгісін бір өзі көрсетті. Алманың ұлттық мектеп моделін жасауы, сол модель бойынша қайырымды қазақ мәдениеті мектебін ашып, білім беру ісін жолға қоюы – оның ерекше жасампаз ақыл-ой қуатының жемісі.

«Егер де адам баласы тек өзі үшін еңбек етсе, онда ол, бәлкім, шіріген бай, атақты ғалым, айтулы данағөй, тамаша ақын болар, бірақ ешқашан нағыз кемел, кәміл адам болмайды», – деген сөзді кезінде Карл Маркс айтқанға ұқсайды. Маркс айтқан сөзден Абайдың: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» [2, 183], – деген сөзі әлдеқайда анық, нақты әрі бейнелі. Оның үстіне Абай «Адамшылықтың қарызы үшін еңбек» ету туралы қағидасын негіздеп, пікіріне ерекше мән дарытты.

Нағыз адам деп, ұлғатты ұстаз деп, ғибратты ғалым деп көптің пайдасы үшін, адамшылықтың қарызы үшін еңбек еткен қайраткер тұлғаны айтсақ болады.

Алма көптің пайдасы, халықтың игілігі үшін, адамшылықтың қарызы үшін еңбек етті. Алманың дүниетанымында көптің пайдасы, елдің игілігі үшін, адамшылықтың қарызы үшін еңбек ету жанның тыныштығынан да, атақ пен құрметтен де, дәулет пен сәулеттен де, қазына-байлықтан да маңызды болды.

Алма туралы ойлар, Алманың ұстаздық және ғылыми қызметі туралы толғаныстар Алманың қандай таңғажайып жан болғанын аңғартады. Соны аңғарғанда, Алманың көзін көрген қарттар мен Алмадан дәріс алған жастардың санасында мына дүниенің, мына өмірдің суық өңі жылыұшырап көрінгендей болады.

Алманың кісілік тұлғасы, үлгісі мен өнегесі ғылым мен білім әлемінде күндей шуақ төгіп, жарық шашатын ұлттық мұраттың, оттай жанатын ойлар мен гүлдей жайнайтын ұлы тілектердің, ізгі істердің қуат көзіне, қозғаушы күшіне айналады.

Алмагүл Мүтәліпқызы Қыраубаева ақыл-ой қуаты жасампаз, ғылым мен білім саласында ел игілігі үшін, адамшылықтың қарызы үшін ерлікке пара-пар ерен іс атқарған таңғажайып тамаша тұлға еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 454 б.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер / Жалпы редакциясын басқарған Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Ғылым, 1977. – 312 б.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. I том / Томды баспаға әзірлеген Л. Мұсалы. – Алматы: Өнер, 2008. – 304 б.
4. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. II том / Томды баспаға әзірлегендер: Г. Асқарова, Н. Мәтбек. – Алматы: Өнер, 2008. – 216 б.
5. Қыраубаева А. Өнегелі өмір / Ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. Ш. 124. – 380 б.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТҮРКІТАНУШЫ

Кенестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, зерделеу ісіндегі басым саясат бодандық санаға, яғни еуроцентристік, ұлы империялық орыстық шовинизм бағытына басыбайлы берілді. Әрине, бұратана делінетін түркі тілдес ұлттардың сан ғасырлық тарихы бар руханияты, әдебиеті, өнері, мәдениеті өзінің терең тамырларынан ажыратылып, құнарынан айырылған аралдай жетімдік күйін кешті. Батыс, Еуропа, орыс, славян тектес ұлттардың әдебиеті мен өнері, соны жасаған тұлғалардың абыройын асырып, солардың өмірбаянын, шығармаларын оқыту мәртебе болды.

Түркі өркениетінің бір қайнары Шығысты да ұмыттырды. Сол кезеңдегі Кеңес Одағындағы білім, ғылым ордаларының барлығында дерлік оқу, зерттеу бағдарламалары осы сарындас еді.

1970 жылы біз университетке түсіп, сабағымызды енді бастаған тұста, бізге дейін бірнеше онжылдықтар бойында көбесі сөгілмеген осы үрдіс өзгеріске түсіп, сең бұзыла бастағанына қуандық.

60-жылдардың басында қара шаңырақ КазГУ-да алған бетінен қайтпайтын қайсар, қайраткер ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев бастаған оның бір шоғыр шәкірттері осынау құнарға түрен сала бастаған екен. Алтын шығатын көмбенің бағытын дәл аңғарып, ізденушілерін жаңа, тың тақырыптарға бейімдейтін Бейсекең ең бір дарынды, талантты, еңбекқор деген шәкірттерін ежелгі әдебиетіміз бен руханиятымыздың тарихын зерттеуге жетектеп алып келіпті. Сол жас өркеннің ішінде Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин және Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева болды.

Ұлық ұстаз, ғұлама ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың ықыласына бөленіп, батасын алған жас дарын Алма Мүтәліпқызы ұстазының сенімін ақтады. Отыз жылға жуық туған әдебиетіміздің тағдырына, оның жүріп өткен сан ғасырлық тарихына арнап сүбелі-сүбелі еңбектер жазды. Алма Мүтәліпқызының қаламынан осы жылдар ішінде жүздеген ғылыми-танымдық мақалалар, ондаған ғылыми-зерттеу монографиялары, оқулықтар мен оқу құралдары оқырман қолына тиді. Елуге жетер-жетпес қысқа ғана ғұмырында қыруар жұмыс атқарды.

Профессор Алма Мүтәліпқызының қаламынан шыққан әрбір зерттеу еңбегі, танымдық-тағылымдық кітаптары, терең ойларды толғайтын, терең тебіреністен тұратын туындылары әдебиеттанудағы, руханияттанудағы құбылыс болатын. Оқырман осылай бағалайтын ұстаздары да Зекеңнен (Қабдоловтан), Тұрсекеңнен (Кәкішевтен) бастап, барлығы осылай дегеніне өзім талай рет куә болдым.

Ал енді А. Қыраубаеваның осынау еңбектерінің тәрбиелік мәні, тағылымы бөлек әңгіме. Құнарлы тілмен, төгілте баяндайтын стильді қаламына дарытқан Алма Мүтәліпқызының шығармашылығы ешкімді қайталамайтын. Әрбір жарық көрген еңбегі өзінің ғылыми, көркемдік сапасымен дараланып тұратын.

Профессор Алма Мүтәліпқызының еңбектерінде түркілік рух және ұлттық құндылықтар құс жолындай сайрап жататын. Ең бастысы, тамырын мыңдаған жылдарға жіберген, ұзына тарихы бар, біздің заманға қаймағы бұзылмай жеткен рухани жәдігерлерімізді талдайтын зерттеулерінде қаламына қанат біткендей, жүрек түпкірінен ақтарыла сөйлейтін, жазуда ғана емес, сөйлегенде де шешен болатын.

Ұлы дала төсіндегі Еуразия көшпелілерінің уақыт пен кеңістік, халық пен тарих туралы таным түсінігі кемел болған. Осы концепцияны терең ұққан, танығандықтан ғалым тандап алған ұлы бағытынан айнамады. Профессор Алма Мүтәліпқызының ежелгі әдебиетіміздің қайнарларын ажыратып, олардың өркендеу кезеңдеріне баға беріп, қыруар дерек көздерін алдыға тартып, бір жүйеге түсіріп, түсіндіретін зерттеу кітаптарын тұтастай шолып қарағанда бір артықшылықты аңғарамыз. Ол – зерттеушінің зердесі, ғұламалығы, дерексіз сөйлемейтіндігі. Өз тақырыбына деген шексіз сүйіспеншілігі, көркем мәтінді, тарихи жәдігерлерді ылғи бірінші қатарда ұстап, тарихи-салыстырмалы әдіске табан тіреп отыратындығы. Қыруар тарихи деректердің, тарихи мәтіндердің ішінде адасып кетпей, солардың ең мәндісін, ең маңыздысын ажыратып айта алатындығы. Ғалымның осы қасиетін ерекше бөліп айтар едім. Енді осыған бірнеше мысалды дәйекке келтірейін.

Ғалымның 1988 жылы жарық көрген «Ғасырлар мұрасы» атты сүбелі еңбегінің алғы сөзінде зерттеушінің тың тақырыпты қалайша тереңнен қазып, кең ауқымда қарастыратынын бірден аңғарамыз. Автор: «XII-XIV ғасырларда қазіргі Қазақстан, Орта Азия жерлерінде, Еділ бойында түркі тілінде сөйлейтін көптеген ежелгі тайпалар аралас өмір сүрді. Бұл кездерде түркі тайпалары әлі де жеке-жеке халық болып қалыптаспағандықтан, сол кезде олар жазып қалдырған әдеби ескерткіштер

қазіргі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып табылады. XIII-XIV ғасыр ескерткіштері – түркілік бастаулары тереңде жатқан қазақ әдебиетіндегі ежелгі дәуірлердің бір арналы бұлағы. Оны алғаш профессор Б. Кенжебаев «Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиеті» деп атап, бұл дәуір әдебиетінің түбегейлі зерттелуі керек екендігін қазақ әдебиеттану ғылымының алдына проблема етіп қойып берген еді», – деп өзінің ұлы ұстазына ілтипатын білдірумен бірге, қазақ әдебиеті тарихының ең бір зерттелмей жатқан мәселелерін терең тарихи ауқымда сөз етеді. Орта ғасырдан жеткен осынау құнды мұраларды зерттеу мақсатындағы белгілі тюркологтар В. Радлов, Н. Ильминский, П.М. Мелиоранский, А. Самойлович, В. Бартольд, С. Малов, Е. Бертельс, Н. Конрад, А. Щербак, А. Кононов, Э. Наджип, Г. Тагирджанов, қазақ ғалымдары Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев, Құлмат Өмірәлиев, Сәрсен Аманжолов, Рахманқұл Бердібаев, Әбжан Құрышжанов еңбектеріне тоқталып өтеді. Славян халықтарының көне дәуірлердегі тарихи-әдеби ескерткіштерін терең зерттеген академик Дмитрий Лихачевтың еңбектері мен мақалаларына да табан тіреп отырады.

XIII-XIV ғасырлардағы түркі тілдес халықтар әдебиетін қарастырған бұл монографияда сол замандардағы түркілердің тарихи-әлеуметтік жағдайы, көркемдік дүниетанымы, сол тұста дүниеге келген прозалық, поэзиялық туындылардың поэтикалық қуаты, өзіндік сипаты, «Рабғузи кыссалары», «Махаббатнама» ескерткіштерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері, ежелгі әдебиет дәстүрінің XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ әдебиетіндегі көрінісі талданады, кысса жанрының табиғаты, ішкі құрылымы жөнінде терең, тың пікірлер айтылады.

Сонымен бірге XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиеті мыңжылдықтар бойында арқауы үзілмей келе жатқан ұлы өркениеттің бірі ретінде ежелгі шығыс поэзиясынан, жер жүзі мәдениетінің сол дәуірдегі дамуынан, қол жеткізген белестерінен бөлек, тұйық жатқан құбылыс емес, солармен тығыз байланыстағы дәстүрлі әдебиет екендігін тарата талдайды. Өзі зерттеп отырған дәуірдегі түркі әдебиеті – Алтын Орда мемлекеті туғызған, осы кеңістікте ғана жасалған әдебиет емес, Сыр бойында, Хорезмде, Каспий маңында, Қара теңіз төңірегіндегі іргелі елдерде, Египетте, тағы да басқа тарихи мекендерде тіршілік кешкен түркі тілдес халықтар жазып қалдырған әдеби ескерткіштер екендігін, қыпшақ, оғыз сияқты ру-ұлыс тайпаларының ортақ мұрасы болып табылатынын сандаған дәйектермен дәлелдеп отырады.

Еңбектің тағы да бір құндылығы – XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиеті Қайта өрлеу, Шығыстық Ренессанс құбылысы ретінде сөз болады. Бұл – қазақ топырағында алғаш профессор Алма Қыраубаева айтқан жаңа ғылыми концепция. Ал енді IX-XII ғасырлардағы Ислам өркениеті Еуропа Оянушылығын (Возрождение) әкелді дейді. Әлемдік өркениеттің еңбір үлкен белесі Шығыс Ренессансы Орта Азияда X ғасырда басталғаны, оның басында әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми еңбектері тұрғандығын кең ауқымда баяндап отырады. «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен, екі түрлі. Біріншісі – аударма назиралық шығармалар: Құтбаның «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сарайдың «Гүлістан», Әлидің «Қисса Жүсібі», Рабғузидың «Қисса-и-Рабғузи кітабы», Махмуд ибн Алидің «Неһдж ул Фарадис» («Жұмаққа апаратын жол»), Хусам Қатибтің «Жұм-жұма кітабы», т.б. Екіншісі – тың тума әдебиет. «Махаббатнама», – деп түйіндейді. Рабғузи кітабында: Адам ата мен Хауа ананың жаратылуы, олардың ұжмақтан қуылуы, Ібілістің әрекеттері, он сегіз мың ғаламның сыры, діндердің пайда болуы, пайғамбарлардың жер бетіне түсуі, мұсылман сахабалардың ерліктері, махаббат, зұлымдық, достық, қастық, надандық, т.б. тақырыптар көтерілген. Әсіресе адам-пенденің бойындағы ашкөздік, тойымсыздық, араны ашылғандық, қанағат деген қасиеттің жойылып кеткендігі айтылады. Біздің ұлы бабаларымыз адам бойындағы осынау мерез мінездердің XXI ғасырда қайта асқынып кететінін көрегендікпен алдын ала болжаған сияқты.

Ал енді «Қисса Жүсіп» туралы: «Рабғузи кыссаларында өлең араласып жүреді. Олар кейде қара сөзбен баяндалған оқиғаға қосымша болып, сол сәтте оқушыға анығырақ, айқынырақ ұғындыру үшін керек болған. Біразы сюжетті өлеңдер. Рабғузи өлеңдері силлабикалық үлгімен жазылған». Қарап отырсақ, Алма Мүтәліпқызы орта ғасырлық әдеби мұралардың барлығынан түркілік қолтаңбаны, түркілік рухты, түркілік құндылықтарды анықтап отырады.

Еңбектің бірінші тарауы – «Уақыт бедері». XIII-XIV ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік жағдайы, екінші тарауы – «Аударма – нәзира әдебиет. Рабғузи кыссалары», үшінші тарауы – «Тыңтума әдебиет», «Махаббатнама», төртінші тарауы – «Ежелгі әдебиет дәстүрі» деп аталады. Қосымша бөлімге М. Көкеевтің «Гүлшат-Шеризат», Ә. Тәңірбергеновтің «Қисса Зияда – Шаһмұрат», Ә. Найманбаевтың «Ер Шеризат», Т. Ізтілеуовтің «Сам палуан» атты шығармаларын берген. Іргелі монографияның ғылыми жаңалығы да, ішкі құрылымының тұтастығы да ерекше назар аудартады. Әсіресе 500 жылдық тарихты шығыстық ғұламалар тағдырымен сабақтастыра сөз ететін тұстары ғалымның осы кезең әдебиетін, мәдениетін тұтас қарастыратынын, көп ізденгенін дәлелдейді.

Алма Мүтәліпқызы осынау өзі зерттеп отырған тақырыбына қатысты қалам тербеген әлемдік, одақтық деңгейдегі оқымыстыларды, бұрынғы және өзімен тұстас, замандас түрік, қазақ ғалымдарының бірде-біреуінің еңбегін аттап өтпеген. Барлығының да жарияланған кітаптары болсын, мақалалары болсын атын атап, түсін түстеп, айрықша құрмет көрсетіп отырады. Ғалымның ғылымға деген адалдығы, ішкі терең мәдениеті қазақ әдебиеттануындағы сирек ұшырасатын құбылыс деп бағалар едім. Ғалым осы қолтаңбасынан кейінгі жылдары жарық көрген еңбектерінде де ажыраған жоқ.

Профессор Алма Мүтәліпқызы өз еңбектерінде тек Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетпен ғана шектеліп қалған жоқ. Ғұлама ғалымның шығармашылығындағы түбегейлі кешенді түрде қарастырылған өзекті тақырыптарының бірі – қисса-дастан жанрындағы туындылар болғанын жақсы білеміз. Оның «Қисса жанрының өзіндік ерекшеліктері» (1985), «Абайдың поэмалары» (1985), «Махаббатнама» (1985), «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Түркі әдебиеті» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты зерттеу еңбектері осыған дәлел. Ғалым осынау құнарлы кітаптарында ежелгі сақ, ғұн, түркі дәуірлеріндегі және ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы эпостық әдеби жанр қисса-дастандардың генезисі, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік дәстүр жалғастығы, поэтикалық болмысы, ұлттық сипаты, тілдік-стильдік даралығы туралы тарихи деректерге сүйене отырып терең талдау арнасында қарастырды. Докторлық диссертациясы да осынау еңбектердің негізінде жазылды.

Тыңнан түрен салып, тосын ғылыми концепцияларды тауып, ұсынып отыратын зерделі ғалым сан ғасырлық исламдық, шығыстық, түркілік дүниетаным тұрғысынан ой толғайтын қисса-дастандарымызды «Мың бір түннің» желісіне жазылған қисса-дастандар; діни сюжеттер желісіне жазылған қисса-дастандар; «Шаһнама» желілеріне жақын келетін қисса-дастандар; Қытайда жарық көрген қисса-дастандар деп тарау-тарауға бөліп, жіліктеп, тақырыптық-сюжеттік арналарын негізге ала отырып қарастыратыны ойға қонымды. Бұл өзінің авторлық, ұлттық ұстанымдарын ашық айтуға, осыншама көл-көсір деректер мен туындыларды шашыратып алмай, тұжырымдарын тиянақтап ұстап отыруына жол ашқан. Өзі анықтаған, көзін жеткізген қыруар көркем мәтіндерді әлемдік әдебиеттің контекстінде бағалап отырады да, ұлттық таным биігінен олардың қазақ руханиятындағы орнына тоқталып өтеді.

Ал 1999 жылы жарық көрген «Ежелгі әдебиет» атты оқулығында туған әдебиетіміздің сан ғасырлық тарихын, жүріп өткен жолын кезең-кезеңге дәуірлеп зерттеуді, зерделеуді ұсынады: 1. Заманымыздан бұрынғы аңыз-жырлары (сақ, ғұн, үйсін дәуірі. Б.з.б. VII ғ. – б.з. IV ғ.). 2. Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (V-VIII ғ.). 3. Оғыз дәуіріндегі әдебиет (IX-X ғ.). 4. Ислам дәуіріндегі әдебиет (X-XII ғ.). Сыр бойы әдебиеті. Қарахан әдебиеті. 5. Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.). Бұл – классикалық жүйелердің үздік үлгісі. Ғалым осылай мыңжылдықтарды орап жатқан әдебиетімізді дәуір-дәуірге бөліп зерттеуді ұсынуында алдымен тарихи-өркениеттік өлшемді басшылыққа алған.

Профессор Алма Мүтәліпқызының заманымыздан бұрынғы сақ, ғұн, үйсін дәуіріндегі фольклор және әдебиет нұсқаларын сөз етуі – қазақ әдебиеттануы ғана үшін емес, жалпы ұлттық руханиятымыз үшін маңызы өте жоғары. Ғалымның осынау дүниелерді ұлттық құндылықтарымыз деп атап, бүгінгі қазақ руханиятының төріне шығаруы тегін емес. Осы мақсатты көздеп, орта мектепке арнап оқулық та жазды.

Біздің заманымыздан 1500 жыл бұрын ғұмыр кешкен скиф-сақтың көсемі Тарғытай туралы аңыздардың тарихи-поэтикалық сипатын айқындап, ондағы деректер арқылы скиф-сақтар мен қазақ тұрмыс, тіршілігінің арасындағы сабақтастықты дәлелдеуі ғалым еңбектерінің мәнін аша түскен.

Зерттеушінің б.з.б. VII-II ғасырларда Енесай мен Ертіс, Батыс Сібір, Алтай тауларын жайлаған, Дунай бойында, Ауғанстан мен Иран, Сирия, Түркия жерлерін мекендеген ежелгі түркі тайпалары, арғы бабаларымыз (прототүріктер) Көк Тәңіріне табынып, түрік жазуымен жазған, Түрік мемлекетін «Алып империяны» басқарған көсем, ержүрек батыр, әйгілі қолбасшы Алып-Ер Тоңға (Афрасиян) туралы «Алып-Ер Тоңғыны жоқтау», б.з.б. V ғ. сақ патшасы Тұмар, б.з.б. VI ғ. Ширақ батыр, б.з.б. V ғасырдағы сақ патшасы Зарина сұлу, б.з.б. 228-174 жылдардағы ғұндардың ханы Мөде батыр, б.з.б. V ғасырдағы Мыңықұлы Еділ (Атилла қаған) туралы фольклорлық мұраларды талдағанда сөз басына түркілік рухты ту етіп ұстап отыратындығы ғалымның басты кредосы болды. Түркілік рухты қайта ояту үшін, бүгінгі мұрагері біздердің жүрегімізге осы ұлы идеяны орнықтыру үшін Алма Мүтәліпқызы бел жазбай еңбек етті. Осыған бүкіл саналы ғұмырын арнады...

Қорыта айтқанда, Сырдария топырағынан тамыр тартып, туған әкесі Мүтәліп Қыраубайұлынан ақындық қонған, аса дарынды, түркітанушы ғалым, қаламгер, өнер иесі Алма апайымыздың қасиетті қаламынан біздерге қымбат мұра қалды. Алдашбай, Тұрмағамбет сияқты ахундар мен ақындарды, жыршы-термешілерді, Қорқыт, Хусам-аддин Сығнақи сынды ғұлама ғалымдарды, Марал ишан сияқты дін қайраткерлерін дүниеге әкелген Сыр елі, қасиетті Қызыл-Орда топырағы бүгін тебіреніп жатқан шығар. Олай болса, қазақтың қайталанбас ғалым қызы Алма Қыраубаеваның бүгінгі 75 жылдық белесі руханиятымыз үшін елеулі оқиға.

АРМАНЫ АСҚАҚ ҒАЛЫМ

1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті тарихы мен сыны кафедрасына жұмысқа келдім. Осы кезден бастап он шақты жыл Алма Мүтәліпқызымен қатар қызмет етіп, әріптес болдық. Алманы алғаш рет сахнада 1991 жылы көрген едім. Сол жылы Қызылорда облысы мен тағы бір облыста (есімде қалмапты) ақындар айтысы болды. Ол кезде ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз – айтыс жаңадан қолға алына бастаған. Ақындар айтысы десе, ол кезде ішкен асымызды жерге қоямыз, айтыстан қалмайтынбыз. Сол айтыстың орта шенінде жүргізуші Алманың ән салатынын хабарлады. Сахнаға қазақша киінген, орта бойлы, қара торы келіншек шықты. Үстіндегі ұлттық киімі өзіне жарасып, тұр-тұлғасын аша түскен. Домбыраның құлақ күйін сәл келтіріп алды да, құлаққа жағымды қоңыр дауысымен бір-екі әнді мәнеріне келтіре орындады. Бұл Алманы бірінші рет көруім еді. Көп ұзамай жұмыстас болып, бір кафедрада қатар еңбек ете бастадық. Содан Алма Астанаға ауысып кеткенге дейін бірге жұмыс атқардық.

Алманың бойынан адамға деген мейір-жылылық, ілтипат ерекше сезіліп тұратын. Артық-ауыз, іліп-қақпа сөздер айтпайтын. Асып-тасып көңіл күйін сездіре бермейтін, өзін бір қалыпты ұстайтын. Кісілік мәдениеті жоғары, инабатты адам еді. Ол кезде кафедрада зерттеу жұмыстары талқыланып, артық-кем тұстары айтылатын. Алма да өз пікірін білдіріп, кафедра жұмысына белсене араласып отыратын. Жұмыстары өткен адамдар дастарқан жаятын дәстүр болатын. Сонымен бірге өзіміздің ішімізде «прописка» жасап, үйден дәм ауыз татырып жататын. Қонаққа шақыруды қадірлі ағамыз Тұрсекең бастап, әңгіме-дүкен құратын. Біздер ол үйдің дастарқанында талай болған едік. Тіпті бір жакқа барса, кафедраға сарқыт ала келетін. Дастарқанды басқаратын асабалықты кезекпен атқаратынбыз. Осындай отырыстарда Алманың бір ән салып беруін қолқалайтын едік. Алма, негізі, әжептәуір дауысы бар әнші еді. Домбырамен сүйемелдеп айтқан әндері әсерлі болатын.

Алма Мүтәліпқызы елу жылдығын Ғалымдар үйінде өткізген-ді. Жиналыс басталғанша ол сахнаның сыртында бірнеше ән айтты. «Көңілге түрлі ой салар» әндер мен термелер шырқады. Өзгелерді білмеймін, мен Алманың әндерін тыңдап отырып басқа бір әлемге кіріп кеткендей күйде болдым. Бірде жадырайсың, бірде жабырқайсың. Әдемі саз-әуен сезім қылын дөп басып, бірте-бірте арман-үміт пен арман-мұң кезек ауысып, бүкіл жан дүниеге сіңіп, бойды билеп алғандай болады. Сартап сағыныштың ақ шуағы шашылып, бірде көңіл күйдің ажары ашыла түссе, бірде басыла түседі. Халық әндерінің сиқырлы күші өзінің тұңғық терең иірімдеріне тартты да кетті. Жарты сағаттай орындаған Алманың сол әндерінің ырғақ-әуендері күні бүгінге дейін құлағымда тұрғандай. Алма айтқан әндер ажарлана, құлпыра түсетін.

Кейінірек Алма Астанаға ауысатын болды. Тұрсынбек ағай оны шығарып салуды Рахымжан, Нұрлан үшеуімізге тапсырды. Біз бір сағат бұрын екінші Алматы вокзалына келдік. Бізден басқа Алмамен бірге оқыған бірнеше қыз-келіншектер де келді. Аққайнардың тығыны ашылып, түрлі әңгімелер айтылды. Пойыз ақырындап қозғала бастағанда біз қолымызды бұлғап қала бердік. Осы аз уақыттың ішінде маған Алма ой үстінде, кіреукелеген жеңіл мұң құшағында тұрғандай көрінді. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ды қимағаны ма, әлде бірге жүрген әріптестерін ойлады ма, кім білсін?! Қайтыс боларынан екі-үш күн бұрын телефон шалып, көңілін сұрадым. Аурумен әлсіреген кезі болса да, дауысы ақырын, жұмсақ естілді, бірақ сөзі анық. Көп ұзамай қайғылы хабар да жетті. Жамандыққа қимайтын сыйлас адамыңның қазасы ауыр болатыны белгілі. «Қолда барда алтынның қадірін» білсек қой шіркін! Алайда жаны жайсаң Алма Мүтәліпқызының артында өшпес із-соқпағы, жазған еңбектері қалды. Оның жарқын бейнесі мәңгі жадымызда болары анық.

Алма сұқтанып қарап, суырыла сөйлейтін. Қашан да әйелге тән сыпайылық, биязылық, ізеттілік оның іс-әрекетінен аңғарылатын. Ол шәкірт жанына жол таба білетін парасатты ұстаз, терең білімді, ерік-жігері мол, қаламы жүйрік ғалым еді. Оның жаңа үлгідегі қазақ мектебінің ашылуына да Тұрсекең бастаған бірнеше әріптесі барып қатысқан едік. Бұл мектеп жаңаша білім, тәлім-тәрбие беретін мектептің үлгісі болатын. Мұндай қадам үлкен қажырлықты талап ететіні белгілі. Бірақ Алма қиындықтардың бәрін жеңе білді. Бұл қазақы болмысты қадір тұтқан ғалым қыздың ерекше еңбегі десек те артық болмас.

Аса еңбекқор, ізденімпаз ғалым қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазды. Біз соның бір-екеуіне тоқтала кетуді жөн көрдік. Алма Мүтәліпқызы «Ғасырлар мұрасы» (1988) атты монографиясында алдымен XIII-XIV ғасырлардағы түркі халықтарының

қоғамдық-әлеуметтік жағдайында болған өзгерістермен таныстырады. Түрлі хандықтарға бөлініп, бытыраңқы жүрген түркі тайпаларын Шыңғыс хан бастаған татар-моңғол шапқыншылары жаулап алып, Алтын Орда мемлекетін құрады. Бірақ тұрғын халықтардың ежелгі құрылымын, өмір-тіршілігі, тілі өзгермей, бұрынғы қалпын сақтап қалады. Түркі халықтарына (қазақ, татар, өзбек, т.б.) ортақ деген қорытындыға келеді.

Экономикалық-мәдени дәрежесі саудаға байланысты болған бұл мемлекет XIV ғасырдың бас кезінде Көк Орда, Ақ Орда болып екіге бөлінгенін айта келіп, Сыр бойындағы қалалардың арғы-бергі тарихынан мәлімет береді. Сауда арқылы қала мәдениеті, қолөнері дамыған осы кезеңдегі түркі әдебиетін, бір жағынан, әл-Фараби, Сағди, Фирдауси, Низами, Юсуф Хас Хаджип, Ахмет Ясауи сияқты алдыңғы дәуір ғұламаларынан жалғасқан мұра, екінші жағынан, бүкіл дүниежүзі мәдениетінің даму барысымен үндесе туған әдебиет деп біледі. Бұл кезде дүниежүзі мәдениетінің басты жаңалығы Қайта өрлеу (Ренессанс) еді дейді. Бұл қозғалыста бет бұру Орта Азияда X ғасырда байқалған. Өйткені осы тұста әл-Фараби шәкірттері Ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми, т.б. ғалымдар еңбектері болған және XIII-XIV ғасырларда Қыпшақ қалаларында ой еңбегімен айналысатын дарын иелері өмір сүрді. Олар поэма, дастан, қиссалар жазған. Сөйтіп, Қайта өрлеуді тудырған қоғамдық себеп-салдарды анықтайды. Сонымен, аталған кезеңдегі көркем әдебиетті екі түрге бөліп, бірі – аударма-нәзиралық шығармалар, екіншісі – тыңтума әдебиет деген байлам жасайды.

Оқымысты ғалым XIII-XIV ғасырлар әдебиетінің хрестоматиясы және аударма-нәзира тәсілімен жазылып, сол кезең әдебиетінің ерекшелігін аңғартатын мұра ретінде «Рабғузи қиссаларын» талдаған. Бұл шығарманың қай жылы, кімге арнап жазылғанын, қолжазбаның қайда сақталғанын, кімдер пікір айтып, қашан жариялағанын сипаттап өтеді. Аударма-нәзира шығарма «қисса» деген атпен берілген 60 том бөлек әңгімелерден тұрады. Негізгі сюжеті араб, парсыдан келген әңгімелерді құрайтын бұл шығарманы мазмұнына қарай үш топқа бөлген. Кейбір аңыздардың мазмұнын келтіре отырады. «Рабғузи қиссаларының» біразы Құранда, ислам ұғымында пайғамбар деп есептелінетін көне мифтік, кейде тарихта болған адамдар жайлы әңгімелер екенін айтады. Осы шығармаларда дидактикалық мораль, этика мәселелері қызықты оқиғалармен өріліп жазылғанын білеміз.

Рабғузи өз кітабын түгел «қиссалар» жинағы деп, қисса ішіндегі бөлек-бөлек шағын әңгімелерді «хикаят» деп бөліп көрсеткен, кейде өлең аралас жүреді. Пайғамбарлар жайындағы қиссаларда олардың халықты дінге үндеуі, сол жолда мехнат шегуі сияқты іс-әрекеттерін баяндауға көбірек көңіл бөлінген. Кейде қиссаларда тарих пен аңыз аралас келіп отырады. Рабғузи сөзінің әсерлі болуы үшін көркемдік бейнелеу құралдарын көп қолданғанына мысал келтіріп отырады. Қорыта айтқанда, XIII-XIV ғасырлардағы ескерткіштер жанрлық-тақырыптық жағынан болсын, көркемдік-тілдік жағынан болсын XII-XIV ғасырлар басындағы әдебиеттен сабақтастықта болған деген түйіндеу жасайды.

Алма Мүтәліпқызы көне дәуір жазба ескерткіштерінің ішіндегі «Мұхаббатнаманы» тыңтума шығарма ретінде қарастырған. Хорезмидің бұл шығармасын XIII-XIV ғасырлардағы әдебиеттің елеулі туындысы деп есептей отырып, оны зерттеген орыс, қазақ ғалымдарының айтқан пікірлері мен жазған мақалаларын жинақтап таныстырады. 946 жол, яғни 473 бәйіттен тұратын дастанда араб, парсы, түркі поэзиясының өлең түрлерін (бәйіт, ғазал, қит, фад) молынан қолданғанын атап көрсетеді. Бұл шығармада бірінен-бірі туындап жататын шым-шытырық оқиға да, көп кейіпкерлер де жоқ. Негізгі бейнелер екеу: жігіт, сұлу қыз және осы туындыда бастан-аяқ қызға ғашық болған жігіттің ынтық сезімі баяндалатынын түсіндіреді. Негізгі оқиға дастанның екінші бөліміндегі он бір арнау (нама) бойынша жинақталып берілгенін ұғамыз. Сонымен, «Мұхаббатнама» XII-XIV ғасырлардағы түркі халықтар әдебиетінің озық үлгілерін дамытқан және Қайта өрлеу дәуірінің элементтерін бойына жинаған шығарма деп таниды. Хорезми адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махаббатты жыр еткен деген байламға келген.

Ғалым ежелгі жазба әдебиетіміздің дәстүрін қалай түсінуге болады, XV ғасырға дейінгі түркі-текес ру-тайпаларға ортақ әдебиеттің дәстүрі сақталды ма дейтін мәселе төңірегінде де ой толғайды. XX ғасырдың бас кезінде жазба әдебиеттің екі саласын: бірі – жаңа арнадағы, екіншісі – белгілі сюжеттердегі жаңғырта жазып, ежелгі әдебиеттің гуманистік идеяларын, жазу дәстүрін бүгінге жақындатқан қиссашыл ақындардың шығармалары. Осы ретте қисса жанрына анықтама беріп, халық әдебиетімен сабақтас болғанымен, олардың негізгі арнасы ежелгі дәуір әдебиетінде деп пайымдайды. Нәзира дәстүрі шығыс әдебиетінде кең тараған. XIII-XIV ғасырларда түркі әдебиетінде айрықша дамығанын нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Қиссаның ежелгі дәуір әдебиетімен сабақтастығын сөз бен сөйлем стилінен және көркемдеу құралдарымен ұқсастығынан да аңғаруға болатынын айтады. Бұл ойын XIX-XX ғасырлардың бас кезінде жазылған М. Көпеев, Ә. Тәңірбергенов, Ә. Найманбаев, Т. Ізтілеуов дастандарын «Жүсіп-Зылиха», «Сейфулмәлік», «Шаһнама», «Мың бір түн ертегілері», «Құтбалық», «Хұсрау-Шырын», «Қисса Рабғузи», Хорезмидің «Мұхаббатнама» шығармаларымен

салыстыра қарап дәлелдейді. Шығыс әдебиетінде көп кездесетін дию, пері, жезтырнак, самұрық, аждаһа сияқты мифтік кейіпкерлерге түсініктеме жасайды. Қазақ қиссалары ежелгі жазба әдебиет пен халық әдебиетінің (фольклор) дәстүрін жалғастырған жанр деген түйінге келеді. Қорыта келгенде, ғалым қиссалардың алдыңғы-кейінгі әдебиет тарихымен дәстүрлі байланысын, шығыс халықтары әдебиетімен тамырластығы және әдебиеттен алар орны, т.б. мәселелерді айқындап, тұжырымдауды мақсат еткен.

Алма Мүтәліпқызы «Шығыстық қисса-дастандар» монографиясында алдымен бұл топтағы шығармалардың түп-төркінін (генезисін) анықтап, қисса-дастан оқиғаларының негізгі желілері ең көне шығыстық мифтерден бастау алады деп ұғындырады. «Қазақ мәдениеті деген ұғымның бастауы «Гильгамеш туралы аңыз», «Авестамен», одан арғы көне мифтермен, ежелгі Вавилон-Ассирия мәдениетімен ұштастырады», – деп жазады (Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы, 2010. 23 б.). Зороастр дінінің көріністері қазақ салт-дәстүрінде сақталса, «Өліп қайта тірілетін табиғат» жөніндегі миф қазақ дастандарында («Таһир-Зуһра», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу») бар. «Қорқыт ата кітабындағы» әйелдің төрт түрін сипаттайтын мотив «Авестада» да кездеседі. «Авестадағы» алғашқы адам Илма суық апат келе жатқанын естіп, жабық тұрақ салады. Оған жұп-жұптан адам және жан-жануарларды алады. Бұл әңгіме «Қисса-ул әнбияда» «Топан су» апаты болып айтылады. Бұған қарағанда қазақ мифологиясы ежелгі Тұран, Иран, үнді, араб, грек мифтерімен байланысты деп біледі және қазақ дүниетанымының қалыптасуы мен түріктік әдеби-мәдени үрдістердің негізгі бір бастау бұлағында «Авеста» тұр деген қорытындыға келеді.

Сондай-ақ қисса-дастандарда жиі кездесетін Иранбақ, Шын Машын, Өтүкен, Жиделібайсын аңызы – бәрі «Жұмақ жер» мифтері тоғысатынын айтады. «Нұрдан жаралу» желісі қисса-дастандарда, «Оғыз қаған» жыры мен Ш. Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» дастанында ұшырасады. Түріктің «Қасиетті бәйтерек» идеясы күні бүгінге дейін халық санасында сақталғанын зерделейді. Жинақтай айтар болсам, қисса-дастандарға сюжеттік жағынан түп қазық болған тұрақты желілер және итбастар елі, дию, пері, ғайып ерен қырық шілтен, т.б. мифтік бейнелер қисса-дастандарда жиі ұшырасады. Сонымен, қисса-дастандар миф тақырыптары мен желілерін, мифтік бейнелер мен қаһармандарды жаңғыртқан.

Тарихи жағдай тұрғысынан қарағанда X-XIV ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті өзіне тән өркениет дәуірінде болды. Қала мәдениеті дамыды және әдебиет пен ғылымның ірі тұлғаларының шығармашылығы жан-жақты өсу үлгісінің болғанын көрсетеді. Түркі оянушылығының екінші бір көтерілген тұсы XIII-XIV ғасырлар әдебиетінен байқалады. Әл-Фарабидің ғылымдағы тұлғасы, Баласағұндың көне антикалық әдебиеттің ұстанымдарына сүйенетін грек ойшылдарын дәріптеуі, сондай-ақ Ясауи және оның ізіне ерген Иүгінеки, Бақырғани, Хакім аталардың гуманизм идеяларын ту етуі, нәзира дәстүріндегі қиссалардың ежелгі сюжеттерін қайталап жазып, адамгершілік, түркілік мәселелерді көтеруі, ақындар шығармаларын түрік тілінде жазуы – бәрі түркі оянушылығының бір кезеңін байқататынына тоқталады. Нәзира дәстүрімен байланыста дамыған қисса жанрының XIII-XIV ғасырларда тамаша үлгілері туған. Мәселен, Әлидің «Қисса Жүсібі», Х. Кәтибидің «Жұмжұмасы», Хұтибидің «Хұсрау-Шырыны», Рабғузи шығармалары. Әли «Қиссасын» түркі халқының өлең үлгісінде жазуы және түрік фольклорын пайдалануы – бәрін түркі оянушылығының көріністері деп қарайды. Бұл шығарманы «Құтты білік», «Қорқыт ата кітабы», «Кабуснама», «Мұхаббатнамамен» салыстырып, үндестіктері мен айырмашылықтарын анықтайды. Мұнан кейін Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Низамидің бірнеше ақын (Жәми, Назар) жаңғырта жазған туындылары талданады. Сонымен, XIII-XIV ғасырларда дүниеге келген қисса-дастандар ежелгі мифтік бейнені көркем шығарма қаһарманына айналдырған. Ғашықтықты, діни-ағартушылықты көтерген. Кемел патша, мінсіз әйел бейнелерінің жасалғаны сараланады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиетте ұлттық оянушылықтың бір көрінісі ретінде нәзира дәстүрі жедел дами бастайды. Оның негізгі жанры қисса-дастандар болды. Осы жанрды дамытқан ақындар дәстүрлі классикалық, түрік, араб, парсы әдебиетін жақсы білетін, оларды оқып, жаттап өскен «Жүсіпбек, Ақылбек, Кашафуддин, Шәді, Әсет, Мәшһүр Жүсіп, Ақыт, Мәулікей, Тұрмағамбет, Мансұр, Мұса, Мәделі, Ораз молда, т.б.) қиссашыл ақындар еді. Ғалым XIX-XX ғасыр басындағы қисса-дастандарды «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» желілері және Орта Азиялық желілер деп бөліп талдаған. Осы арқылы аталған кезеңдегі әдебиеттегі қисса-дастан сюжеттерінің төркіні мен қалыптасуын қарастырады. «Мың бір түн» желілеріне жазылған бір шоғыр дастандар мен «Қисса-ул әнбия» желілерін арқау еткен шығармаларды атай отырып, ізгілік-имандылық тәрбиесіндегі құндылықтарды бағдарлайды.

«Тотынама» сюжеттері мен «Шаһнамадағы» танымал желілер бойынша жазылған шығармаларға талдау жасалады. Ортаазиялық сюжеттерге жазылған дастандардың ерекшелігі қазақ, түрікмен,

өзбек нұсқаларын салыстыру арқылы зерделенеді. Осы қатарда бір тақырып төңірегінде қырық дастан шығарған. «Бақтиярдың қырық бұтағы» атты топтама туындыларды назардан тыс қалдырмайды. Бұл Бақтиярдың ажал тұзағынан құтылу үшін айтылған қырық әңгімесі бойынша жазылғанын атап өтеді. Қазақ қисса-дастандарының бір ерекшелігі – шығарма мәтінінде толып жатқан елдердің аттары Бабыл – Вавилон, Кабул, Мысыр – Каир, Қытай, Византия, Шын Машын аталып, оқиғада сол орта араласып отырады. Сондықтан қазақ әдебиетінің терең бастауларын бір ғана ел әдебиетінен іздемеу керек деген тұжырымға келеді. Ғалым қисса-дастан жазба және ауызша әдебиетке ортақ жанр екенін айта отырып, қиссаның жазба әдебиет стиліндегі машығын басты назарда ұстаған.

Қисса-дастан қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дамып қалыптасқан. Онда түрік-ислам мәдениетінің мыңжылдық тарихы мен мол мұрасы қамтылғанын атап көрсетеді. Ғалымның біз аз-кем сөз еткен екі зерттеуі – бірін-бірі толықтыра түсетін күрделі еңбек. Өйткені бұл зерттеулерінде қазақ әдебиетінің XIII-XIV ғасырлардағы түркі тілдес халықтар әдебиетімен тамырластығы және оның дамуына әсер еткен жағдайлар жан-жақты сөз етілген. Қисса-дастандарды сюжеттік желісіне қарай топтастыра отырып бөлу үлкен күш-жігерді, ізденісті қажет етері хақ. Соған қарамастан ғалым қиын жолын таңдаған. Оқымысты ғалым ерен еңбек етіп, терең түрен салған. Сондықтан оның артында қалған мұралары рухани-мәдени өмірден өзіндік орын алар елеулі еңбек болып есептеледі.

АЛМАНЫҢ АСЫЛ АРМАНДАРЫ

Ұстазы жақсының ұстанымы – жақсы. Сол сияқты ғалымның қандай ғалым екендігі оның ұстазы арқылы анықталады. Бұл – мықты ұстаздың шәкірті де мықты болады деген сөз. Мен де Алма туралы әңгімені оның ұстазынан бастағым келіп отыр.

Өткен ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі Бейсенбай Кенжебаев болатын. Бейсекеңнің ұлылығы сол, ол марксизм-ленинизм ілімі салтанат құрып, әлемнің үштен біріне билік жүргізіп, дүрілдеп тұрған кездің өзінде-ақ социалистік реализмнің қазақ әдебиетінің тарихына қатысты басты қағидаларына жалғыз өзі қарсы шығып, не бір қиындықтарға қарамастан, өзінің ғылыми бағытын қорғап қалды; сөйтіп, қазақ әдебиеттану ғылымының дұрыс жолда қалыптасуына тарихи еңбек сіңірді.

Марксизм-ленинизм ілімі бойынша, ұлт капитализм, не социализм кезінде ғана қалыптасады, ал қазақтар капитализмді басынан өткермей, бірден социализмге қойып кетті. Қазақтар бұрын ұлт емес еді; олар – 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін орнаған социализм кезінде ғана қалыптаса бастаған «жас» ұлт. Демек, бұрын қазақ ұлты болмағандықтан да оның тарихы да, әдебиет тарихы да болмады. Міне, осы марксизм-ленинизм іліміне негізделіп жасалған жалған теорияны мойындамаған, бүкіл саналы ғұмырын қазақ әдебиетінің тарихы есте жоқ ескі замандардан басталатындығын дәлелдеуге арнаған қайтпас қайсар ғалым осы Бейсенбай Кенжебаев еді.

Соғыстан кейінгі жылдардың төлдері біздер алпысыншы жылдардың орта шенінде сол кезде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті аталған қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде білім алып, Алмалармен студенттік жылдарды қатар өткіздік. Бізден бір жыл төмен оқыған Алманың курстастарының ішінде «сен тұр, мен атайын» дейтіндей, дарынды жастар көп еді. Олардың арасынан кейін қазақ әдебиетінің түрлі салаларында жарқырап көрінген Сайлаубек Жұмабеков, Сағат Әшімбаев, Шәрбану Бейсенова, Әділбек Тауасаров, Ризабек Әдуов, Нұрлан Оразалин, Фаузия Оразбаева, Алдан Смайылов, Әшірбек Көпіш, Лұқпан Асыллов сияқты ақын-жазушылар, сыншылар, ғалымдар, ұстаздар шықты.

Алма өз құрбылары ішінде бірден көзге түсті. Оның қазақ рухы ұялаған оңтүстіктің қызы екендігі иманды қараторы жүзінен, биязы, байсалды, сабырлы мінезінен, сөйлеген ойлы сөзінен, әдептен аспайтын қалпынан бірден байқалатын. Осындай қасиеттерін бірден байқаған деканат Алманы топ басшысы етіп тағайындады. Сол кезде Алманың тобы ұйымшылдығымен, сабақ үлгерімімен, қоғамдық жұмыстарға белсенділігімен факультеттегі үздіктердің көшін бастап жүрді. Алманың маңына, әсіресе қыздар үйір болатын. Алманың достары көп болды. Әсіресе жатақхананың бір бөлмесінде бес жыл бойы бірге тұрған Үміт, Гүлнәзия сияқты қыздармен достық қарым-қатынастары көпке үлгі боларлықтай еді.

Ол барлық сабақты үздік оқыды. Тілші ұстаздар Алманы болашақта тілші болады деп, Қазақ тілі кафедрасына қарай икемдеді. Тіпті, болашақ тілші ретінде Алманы шәкірттер алмасу бағдарламасы бойынша, 1967 жылы Болгариядағы София университетінің түркітану кафедрасына тәжірибе алмасуға жіберіп алды. Бірақ та оның әдебиетке деген ыңғайы ерекше еді; ол сөз өнеріне келгенде, нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» болатын. Оқудан, қоғамдық жұмыстардан қолы сәл босаса-ақ көркем шығармашылықпен айналысып, өлең-әңгімелері республикалық газет-журнал беттерінде жарияланып тұрды. Ол кезде студент өлеңінің, әңгімесінің газет-журналдарда жариялануы деген ерекше оқиға болатын. Жан-жақты өнер иесі Алма университетте өтетін түрлі әдеби жиындарда өлең оқып, Сыр бойының термелерін құйқылжыта шебер орындайтын.

Осы кезде атақты ғалым Б. Кенжебаев осында қазақ әдебиеті кафедрасын басқарып, студенттерге XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен дәріс оқыды. Ғылымның қайтпас қара нары Бейсекең қазақ әдебиетінің болашақ кадрларын даярлауға ерекше көңіл бөлді. Шәкірттерінің болашағынан үлкен үміт күтіп, әдеби дайындығы, бейімі, қабілеті барларын бауырына тартып, «инемен құдық қазғандай» қиын ғылымның қия жолына баптап салды.

Ол кездегі әдебиеттану ғылымы басты назарды кеңестік кездегі социалистік реализм әдебиетінің мәселелерін зерттеуге бұратын. Ал Бейсекең болса, өзінің шәкірттерін бұрын зерттелінбеген, тарихтың тереңінде жатқан қиыр-шиыры көп тың тақырыптарға қарай жетектейтін. Мырзатай Жолдасбековке XII ғасырдағы Орхон-Енисей жазбаларын, Мұхтар Мағауинға XV-XVII ғасырлардағы қазақтың жыраулық поэзиясын, Рымғали Нұрғалиға XX ғасырдың басындағы алаш әдебиетінің

аса көрнекті өкілі М. Әуезовтің драматургиясын, А. Еспембетовке «Алаштың гимнін» жазған С. Торайғыровтың шығармашылығын кандидаттық диссертация жұмыстарының тақырыбы етіп бекітіп берді. Ал Алмаға орта ғасырлардағы түркі халықтарының көпшілігіне ортақ «Қисас Рабғузи», «Махаббат-нама» сияқты шығармаларды әдеби тұрғыдан талдап, зерттеуді ұсынды.

Бейсекеңнің шәкірттері ұлы ұстаздарының үмітін ақтап, қазақ әдебиетінің тарихын ары қарай сан ғасырларға жылжитқан тұтастай бір ғылыми мектептің қабырғасын қалап шықты. Сөйтіп, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын жасауда Бейсекеңнің ғылыми мектебі өзінің өміршеңдігін көрсетті. Ал сол мектептің іргесін қаласқан Бейсекеңнің шәкірттерінің барлығы да кейіннен кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап, том-том зерттеулер жазып, қазақ әдебиеттану ғылымының еңсесін биіктете түскен көрнекті ғалымдарға айналды. Бұларды мұндай биікке көтерген, біріншіден, олардың ұлы ұстазы Бейсекең, яғни Бейсенбай Кенжебаев болса, екіншісі қазақтың ұлттық рухы ұялаған тақырыптарды, көне дәуірлердегі нағыз ұлттық, нағыз түркілік бағыттағы әдебиеттерді зерттеп, соларды қайта тірілтуі, рухани жағынан әлсіреп отырған халқына қайта ұсынуы дер едік. Ұлттық әдебиеттің тарихын жасауда сол кезде үстем болып тұрған еуроцентристік, орысшылдық бағытқа қарсы күресе жүріп, бейбіт күннің нағыз халық қаһарманы (Б. Момышұлы) атанған қайтпас қайсар ғұлама Б. Кенжебаевтың жолын қуып, артына айтарлықтай өшпес мұра қалдырған соңғы шәкірттерінің бірі осы Алма Қыраубаева еді.

Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева 1947 жылы 26 мамырда Қызылорда облысы Сырдария ауданының Бірқазан бекетінде туған. Әкесі Мүтәліп Қыраубайұлы оңтүстік өңіріне танымал акын, жыршы, палуан, анасы Күлжан Сүлейменқызы атақты Мұстафа Шоқайдың немере қарындасы болған екен. Алма 1-май ауылындағы №40 орта мектепті бітірген соң 1965 жылы Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түседі. 1970-1973 жылдары осы университеттің аспирантурасында білімін ары қарай жалғастырады. 1974-2000 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор болып, қызметтер атқарды. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор болды.

1974 жылы профессор Б. Кенжебаевтың жетекшілігімен «Қисас Рабғузи», «Махаббат-наманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, 1997 жылы «Шығыстық қисса-дастандардан» докторлық диссертациялар қорғайды. Профессор. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері (1997).

2008-2012 жылдары «Өнер» баспасынан «Ғасырлар мұрасы» (2008), «Ежелгі әдебиет» (2008), «Шығыстық қисса дастандар» (2010), «Жаным садаға» (2011), «Мыңжылдық жолаушы» (2012) тақырыптағы кітаптардан тұратын бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Осы бес томдықтың алғашқы үш томы түгелдей қазақтың ежелгі әдебиет тарихына арналған. Соңғы 4, 5-томдарына да ішінара осы тақырыпқа қатысты жазған кейбір ғылыми мақалалары енген.

Бізге күні кешеге дейін қазақ әдебиетінің тарихын еуропацентризм іліміне сүйене отырып, алдында XVIII, кейіннен XV ғасырдан бастап келгені белгілі. Сонымен бірге қазақ ғалымдарының ежелгі әдебиетті зерттеуге келгенде, әсіресе оның тіліне «тістерін батыра» алмай жүргенде, өзбек ғалымдары бұл тілді барынша меңгергені соншалық, оны «ескі өзбек тілі», «шағатай тілі» деп жариялап, сол тілде жазылған әдеби мұралардың барлығын өзбек әдебиетіне бір-ақ жатқызып, меншіктеп алды. Ұйғырлар да қалыспай, «ескі ұйғыр тілінде» жазылған деп, орта ғасырлардағы түркілік әдебиеттің көрнекті өкілдерін өзіне қарай икемдеді. Мұны орыстың сол кездегі жетекші түркітанушылары да қолдады. Міне, жалпы түркітануда қалыптасқан осындай жағдайға ашық қарсы шыққан Б. Кенжебаев болса, ұстазының бағытын ілгері қарай бүкіл ғылыми ізденістерімен дамыта түскен осы Алма болатын. Біз әңгіме етіп отырған бес томдықтың ежелгі, орта ғасырлардағы әдебиетке арналған алғашқы үш томдығында осы кез әдебиетін тек өзбекке немесе ұйғырға жатқызуға келмейтіндігін, бұлардың ішінде қазақ та бар, жалпы түркі халықтарына ортақ екендігі дәлелденеді.

А. Қыраубаеваның ғылыми ізденістері, негізінен, көне түркілік әдеби мұраларды зерттеуге арналған. Бұрындары түрлі себептермен қолға алынбай, зерттеуге шама келмей келген қиын дәуірдің әдебиетін игеруде Алма батыл қадамдар жасады. Ол, әсіресе қазақ әдебиетінің тарихында аты белгілі болғанымен де заты белгісіздеу болып келген Рабғузидың «Қисас-ұл-әнбия» атты шығармасын шұқшия зерттеп, ғылыми айналымға түсірді; қазақ тілінде сөйлетіп, рухани игілігімізге айналдырды. «Махаббат наманың» да мәтінін қазақша шығарды.

Ғалымның «Ғасырлар мұрасы» (1988) атты көлемді зерттеу кітабы XII-XIV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы мәселелеріне арналған. Кітаптың «Уақыт бедері» аталған алғашқы тарауында XIII-XIV ғасырлардағы түркі халықтарының тарихына, мәдени дамуына әлемдік ғалымдардың

зерттеулеріне сүйене отырып, шолу жасайды. Осы кездерде әлемдік ғылымның алыптары әл-Фараби, Әли Ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми секілді ғалымдар шыққан түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті де гүлдене дамығандығына назар аударады. «Аударма-нәзира әдебиет. Рабғузи қиссалары» аталған екінші тарауда осы кездерде классикалық араб-парсы әдебиетіне еліктеуден барып пайда болған нәзира дәстүріне кеңінен тоқталған. Бұл ретте ежелгі дәуір әдебиетінің озық өкілдері Әлидің «Қисса Иусуф», Құтыбтың «Хұсырау-Шырын», Сайф Сарайдың «Гүлстан» сияқты шығармаларының құндылық тұстарын барлаған. Осы тарауда әсіресе Рабғузидың қиссаларын талдауға біршама орын берілген. Үшінші тарау «Тыңтума әдебиетте» «Махаббат нама» дастанының жазылу, зерттелу тарихын шолу отырып, жырдың көркемдік сыр-сыпатын аша түседі. Соңғы «Ежелгі әдебиет дәстүрі» тарауында көне түркілік әдеби дәстүрлердің XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде жалғасын тапқандығы М.Ж. Көпеев, Ә. Тәңірбергенов, Ж. Шайхисламұлы, т.б. поэзиясын талдай отырып, дәлелденген.

Жалпы алғанда, Алманың ғылыми қызығушылығы қазақ әдебиетінің есте жоқ ескі замандардағы түп-тамырынан бастап, XX ғасырдың басындағы шығыстық, діни бағыттарға дейінгі дәуірді қамтиды. Ол көне замандардағы Алып Ер Тұңға (Афрасияф), Тұмар патшайым (Томирис), сақ патшайымы Зарина сұлу, Ширақ батыр, Мөде хан, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, көкбөрі туралы аңыздар жайлы қазақ ғалымдары арасынан алғашқылардың бірі болып қалам тартты.

Ғалым қазақ әдебиетінің ескі кезеңін «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар», «Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет», «Оғыз дәуіріндегі әдебиет», «Ислам дәуіріндегі әдебиет», «Қарахан әдебиеті», «Алтын орда дәуіріндегі әдебиет» деп дәуірлеген. Бізге аңыз түрінде жеткен жоғарыда аттары аталғандар – қазақ әдебиетінің көне дәуірлерінің кейіпкерлері.

Әлемдік әдебиеттің інжу-маржандарының бірі «Авестаны» классикалық парсы әдебиетінің бастау бұлағы деп келген пікірмен ғалымның онша келісе бермейтіндігі байқалады. Ол «Авестаны» қазақ мифологиясындағы құнарлы қайнарлардың бірі ретінде ғылыми деректерге сүйене отырып, жан-жақты қарастырған. Автор көптеген деректерді келтіре отырып, «Авеста» Тұранда, яғни түркілер елінде жазылған, түркілік сипаты анық тарихи туынды деп бағалайды. «Оғыз дәуіріндегі әдебиетке» «Авестамен» бірге Қорқыт, Оғыз қаған жайлы аңыз-жырлар да жатқызылған.

Әл-Фарабидің, Ахмет Иассауидың, Ахмет Йүгінекидің шығармашылықтары «Ислам дәуіріндегі әдебиетте», Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари «Қарахан әдебиетінде» қарастырылса, «Алтын орда дәуіріндегі әдебиеттің» үздік шығармалары ретінде «Махаббатнама», «Қисса-Жүсіп», «Жұмжұма», «Хұсырау-Шырын», «Қисса-әл-әнбия» және Сайф Сарайдың «Гүлстан би-т-түрки» талданылған.

Докторлық диссертациясы негізінде жазылған «Шығыстық қисса-дастандар» монографиясы (1997) қазақ әдебиетінің бұрындары зерттелінбей келген тұтас бір саласын қопара қарастырып, тыңнан жол салды. Бұл көлемді зерттеу еңбегінде «Мың бір түн», «Тотынама», діни, «Шахнама» желілері, сондай-ақ Орта Азиялық сюжеттер бойынша нәзира үлгісімен жазылған қазақ дастандары жеке ғылыми проблема ретінде кеңінен зерттелінді.

Ғалым қазақ қиссаларын тақырыптық, сюжеттік жағынан «Мың бір түн» («Сейфүлмәлік», «Зияда-Шаһмұрад», «Қамұрұззаман», «Атымтай Жомарт», «Қасым Жомарт», «Кесік бас», «Сұрмерген», «Қисса Дандан», «Қожа Ғафан уа Садуақас», т.б.), дін («Дариға қыз», «Зарқұм», «Сал-сал», «Наушаруан», «Кербаланың шөлінде», «Жүсіп-Зылиха», «Жұмжұма сұлтан», «Шәрияр», «Мәлике қыз», «Сақыпжамал», т.б.), «Шахнама» (Қисса Баһрам», «Еренғайып шах Ғаббас», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», т.б.), Орта Азиялық («Тахир-Зухра», «Бозжігіт», «Мұңлық-Зарлық», «Әбуғали Сина-Әбілхарыс») желілеріндегі түрлерге топтастырып, олардың көркемдік, идеялық бағыттарын айқындаған.

А. Қыраубаева ғалым ретінде қазақ әдебиеті тарихының әлі зерттеліне қоймаған тың тұстарына алғашқылардың қатарында түрен сала отырып, алдына екі түрлі мақсат қойғандығы байқалады. Оның біріншісі әлі зерттелінбей, кім көрінген иелік етіп жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі сол игерілген қазынаны туған халқының кәдесіне жарату болған. Ұлттық университетте ұстаздық қызмет атқарып, қазақ әдебиетінің ертедегі дәуірлерінен дәріс оқыған Алма «Қазақ әдебиетіндегі қисса жанры» (арнаулы семинар сабағының бағдарламасы. ҚазМУ, 1980), «Қазақ әдебиеті» (дайындық бөліміне арналған бағдарлама, 1983), «Махаббат нама» (студенттерге көмекші құрал. 1983), «Қисса жанрының өзіндік ерекшеліктері» (студенттерге көмекші құрал. ҚазМУ, 1985), «Абайдың поэмалары» (дайындық бөліміне арналған көмекші құрал. ҚазМУ, 1985), «Ежелгі әдебиет» (хрестоматия, 1991), «Ежелгі әдебиет» (жоғары оқу орындарына арналған оқулық, 1996, 1999), т.б. секілді жоғары оқу орындарындағы филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің шәкірттеріне арналған оқу құралдарын, бағдарламаларын шығарды.

А. Қыраубаева жоғары мектепте дәріс оқи жүріп, ғылыми ізденістермен бірге ұлттық тәрбие мәселелерімен айналысты. «Өкінішке орай, ұлттық мектеп мәселесі әлі шешілген жоқ. Саяси тәуелсіздігімізді алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқталмауы тиіс» (А. Қыраубаева. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. Жаным садаға. – Алматы, 2011. – 217-б.).

Тағы да Алманы тыңдайық:

«Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарынан болашағы жоқ деген түсініктің қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құлдық ұру, Қорқыттың философиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып, Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар. Оның өзі ауыл баласы мен қала баласы болып бөлінуіне, бірін-бірі менсінбеуіне алып келеді. Қазіргі ұрпақ құндылықтың қайда екенін біле алмай, адасу дәуірін қайта бастан кешіріп отыр...

Қай тіл жетекші болса, баланың жаны сол тілде сөйлейді...

Енді бір орыстілді мектептерде «Біз үш тілді бірден оқытып жатырмыз» дейді. Онысы – орыс, ағылшын, қазақ тілдері. Бұл жерде жетекші тіл орыс тіл болғандықтан, қазақ тілі ана тілі ретінде қабылданбайды, ойлау тілі, жан тілі бола алмайды; бала тілінің қалыптасуы үшін ана тілі мәйек болып табылмайды. Рухани жан дүние мәйегі қай тіл болса, бала соныкі екенін ескерсек, өзге тілді мектепте оқыған баланың қазақ тілі – шет тілін меңгеру сияқты әрекет болып қалады...

...Діни сенім рухани сананың негізін қалайды.

... Қызды тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз.

... ұлттық мектебіміздің философиясы дәстүрлі түркілік өркениет пен қазақ әлемі негізінде жасалып, әлемдік өркениетпен сұхбат қарым-қатынасында болуы қажет.

... Өз ана тілінің сырын меңгеріп үлгірмеген балаға өзге тілді қосақтауға болмайды. Орыс тілінің өзін 1-сыныптан қосарлау кеңестік жүйенің айла-шарғысы болатын» (сонда, 221-223 беттер).

Ғалым ұстаздың ойынша, «мектептегі басты мәселе – оқулықтың мазмұнында. «Бастауыштан бастап ертегі аңыздар, ұлттық әдеп, қазақ елінің арғы-бергі тарихынан қызықты оқиғалар, ұлт тұлғалары, ежелгі әдебиет, ислам мәдениетінен мағлұматтар содан алынуы тиіс. Ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыштан мектеп бітіргенге дейін халық тәрбиесінің негізінде жүргізу, қыздарды отбасына бағыттау, шешендік өнер тарихын айтып берумен шектелмей, сөйлеу өнеріне дағдыландыру (аузына сөз салу), қазақ өнерінің тарихын білумен бірге оны бойға сіңіру, т.б. Мектептің бағыт-бағдары, мазмұны түгел қазақ рухында болуы қажет.

Бізге басқалардың тәрбиесі өзімізден артық көрінетін бір кембағылдық әдет бар. Басқа елдің тәжірибесін тұтастай енгізу жақсылыққа әкелмейді. Оның ішінде ұлттық құндылықтарға қабы-сатынын ғана пайдалануымыз керектігін ескере бермейміз. Қандай да бір озық дүние болса да, ол өз елінің мүддесі тұрғысынан жазылады. Сырттан ендірген жат мүдделердің қажеттілікке айнала алмайтыны сондықтан. Тамырсыз гүл өспейді» (сонда).

А. Қыраубаева ұлттық тәрбие жайлы ойларын айтып қана қоя салмай, оны қалай жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп, іске асыратын ұлттық мектептің моделін жасады. Қазақ мектептерінде басшылыққа алынуы тиіс «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламаларын жасады. Тәрбиенің алдында тұрған басты міндет «қазіргі қазақ азаматының мінезін қалыптастыру. Өркениет әлеміне Қазақ құбылысы болып кіретін азамат дайындау» (сонда, 249-бет) екендігін қадап айтты.

Мектептегі басты тұлға «Мұғалім – тергеуші емес, үйретуші, тәртіпке салып қоюшы емес, рухани өсіруші. Баланы қызықтыру арқылы ерте білетін адам балаға нені үйреткісі келсе, соны өзі көрсетеді. Баланың қазақ деген ұлы халықтың ұрпағы екеніне, қазақ жерінде тұратындығына мақтаныш сезімін қалыптастыру – мұғалімнің абыройлы ісі» (сонда) екендігіне басты назарды аударды.

Алманың білім беру, тәрбиелеу жайындағы ұстанымдарынан мүлдем жаңаша ұлттық сипаттағы бағыт көрінеді:

«Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істейді.

Баға құнды емес, бала құнды.

Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе: ол – адамды жасаушы адам.

Сабақ – ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы.

Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу.

Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды.

Мұғалімнің өз сабағын білуі жеткіліксіз, оған қоса бала жанын ұға білсін.
Әр баланың өмір тіршілігі – өзінше бір тағдыр. Баланың тағдырына ойланып қара...
Баланың ықыласын оята біл, қолынан келетініне сендіре біл.
Мұғалім мен баланың қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.
Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы шарт.
Шәкірттің кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресін. Жеңісін ізде.
Балаға сыйлы боламын десең, баланы өзің сыйла.
Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа. Сеніп айтқан сырын шашпа.
Сабақ үстінде тыныштыққа көп ізденіспен, еңбекпен ғана жетуге болады.
Қиын тақырыпты түсіндіре салып, сұрауға асықпа, келесі сабақты қайта түсіндіруден баста.
Импровизация – сабақтың жаны.
Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл.

Әр бала – табиғаттың ғажайып құбылысы. Оны сол үшін-ақ сыйлауға болады» (сонда, 234-235 беттер). Бұл жерде әлемдік озық тәжірибелермен толыға түскен ұлттық тәлім-тәрбиенің тұтас бір толық концепциясы көрініс тапқан.

Тәрбие мәселесінде балаға болашақ өмірінде үлгі тұту үшін ұсынылатын кейіпкерлер туралы дидактикалық сипаттағы материалдардың маңызы зор. Мысалы, кеңестік мектептерде бастауыш сыныптарда оқылатын өз әкесін қылмыскер ретінде заң орындарына ұстап беретін Павлик Морозов туралы әңгімелер оқушының ойынан өмірі шықпайтын. Алма осы күнге дейін қазақ мектебіне арналған оқулықтарда кездесетін ұлттық мүддемізге жат, жас балаларды теріс жолға салатын материалдардан тазартып, оның орнына ұлтқа қызмет етудің асқан үлгілерін көрсеткен түркілік, ұлттық тұлғалар туралы әңгімелер кіргізуді ұсынды; мектеп оқулықтарынан орын алуы тиіс Тарғытай, Тұмар патшайым, Ширақ батыр, Мөде хан, көк бөрі, Білге қаған өсиеті, Қорқыт бабаның қобызы, Төбекөз дәу, Оғыз батыр, Фараби ата, Сұлтан Бейбарыс туралы қысқа әңгімелер жазып, оны көпшілікке ұсынды.

Ұлттық тәрбиеде имандылықтың орны ерекше. Өйткені иман бар жерде ұят бар да, жоқ жерде жоқ. Қазақтың ұғымында ұятсыз адам – ең оңбаған адам. Алма да осы мәселеге айрықша көңіл бөліп, мектепте жүруге тиіс өзі ұсынған «Әдеп» бағдарламасының аясында ислам мәдениетін оқытып, оның ішінде имандылық иірімдеріне мән беруді алға шығарыпты. Имандылық дәрістеріне қажетті дидактикалық материалдар ретінде «Ахмет Ясауи», «Құрма», «Сарандық», «Қарынбай», «Нұқ пайғамбардың кемесі», «Жылан мен қарлығаш», «Мұса пайғамбардың аса таяғы», «Жануардың тілі», «Мұхаммед пайғамбардың туған күні», «Ай көрдім, аман көрдім», «Жарты ай», «Құран», «Пайғамбардың қызы – Фатима», «Бес парыз» сынды тәрбиелік сипаттағы қысқа-қысқа әңгімелер жазды.

Алма осы ойларын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатымен 1993 жылы Алматы облысы Қарасай ауданының Ораз Жандосов ауылында жекеменшік қазақ гуманитарлық мәдениет лицейін ашты. 1996 жылға дейін жұмыс істеген лицей қаражат тапшылығына байланысты жабылып қалды. Бұл гуманитарлық лицейдің басқа мектептерден басты айырмашылығы мұндағы білім беру, тәрбие жұмыстарының барлығы да мемлекеттік стандартты сақтай отырып, ұлттық дәстүр бағытында жүргізілді. Мысалға мектепте бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда, ұстаздар оқушыларға «сен» дегеннің орнына «сіз», оқушының атына ұл бала болса «мырза», қыз балаға «бикеш», ұстаз апайларына жас ерекшелігіне қарай «бике», «бibi» деген сөзді тіркестіріп айтатын болған.

Аз ғана уақыт жұмыс істегеніне қарамастан, Алманың лицейі қазақ ұлттық мектебі үлгісінің тәуелсіздік кезеңінде жүзеге асқан бір көрінісі болды. Сөйтіп, А. Қыраубаева XIX ғасырда Ыбырай Алтынсарин, XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар негізін қалап кеткен ұлттық білім беру, тәрбиелеу жүйесін, ұлттық педагогика мен психологияны еліміздің тәуелсіздігі тұсында ары қарай жалғастырған ұлы ұстаздар қатарында көрінді.

XX ғасырдың соңына қарай тәуелсіздігін алған Қазақстан қазір әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орнын алу үшін рухани жаңғыру жолына түсті. Ал рухани құндылықтардың негізі – ана тілі, сол тілде жазылған әдебиет, білім-ғылым, жасалынған ұлттық дәстүрлер. Халқымыздың ғасырлар бойғы дамуы барысында жасаған әдеби мұрасын, ұлттық тағылым-тәрбиесін ұмытылып, тарихтың тұңғығында шашылып қалған жерлерінен жинап-теріп, елінің ертеңі жарқын болуы үшін кәдеге жаратуға қайта ұсынған Алма Қыраубаеваның есімі де ұлт мақтаныштарының қатарында көрінеді.

Күләш АХМЕТ,
филология ғылымдарының докторы,
Рахия Есназарова,
филология ғылымдарының кандидаты

ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ ҰЛЫ ШӘКІРТІ

Шәкірт үшін Ұлы ұстаздың болуы заңды құбылыс! Ал шәкірттің Ұлы болуы, яғни ұстазына ұлылық көрсетуі сирек құбылыс.

Біздің Алма апай Ұлы ұстаз ғана емес, Ұлы ұстазға Ұлы шәкірт бола білді. Осы ұстанымымен де біздерге – шәкірттеріне үлгі, өнеге қалдырды. Алма апайдың Ұлы ұстазы кім екенін кез келген шәкірті біледі. Ол – қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиеті тарихы бойынша өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған Бейсенбай Кенжебаев.

Бейсенбай Кенжебаев Алма апайды студент кезінен ғылымға баулыды, ғылыми бағытын айқындап, ғалымдардың ортасында өзіндік келбетін қалыптастырды. Алма апайдан студент сыйлайтын ұстаз, ғылыми орта іздейтін ғалым, ғылыми еңбегіне оқырманы үңілетін автор дайындады. Ұлы ұстаз үшін Алма апайды баулу онша қиынға да түспеген сияқты. Себебі – Алма апай талапты ғана емес, өте талантты шәкірт. Талантты шәкіртпен жұмыс істеу, ұстаз үшін де бақыт. Соны Бейсенбай Кенжебаев жақсы білген. Сондықтан шәкіртін «жаулардан» қызғыштай қорғаған.

Университетті қызыл дипломмен аяқтаған шәкіртін Бейсекен кафедрасында алып қалу мақсатын көптен ойластырып жүрсе керек. Өзін де шығармашылық шабыт қысып, орнына қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушілігіне «кеше ғана келген» Тұрсынбек Кәкішевті қалдыру үшін Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің алдына барыпты.

Жаңа қызметкеріне 0,25 жүктемеден асыра алмай қиналған кафедраның екі меңгерушісіне толық жүктемесінің жолын да көрсетіп, уақытша болса да жаңа меңгерушісін сайлап, өзі шығармашылықтың ұзақ мерзіміне ректордың қолын қойдырып, бұйрығын шығартып, Ұлы Ұстаз ректордан үлкен қуанышты көңілмен шығыпты.

Бұл 1973 жыл, демек, Алма апай қазақ әдебиеті кафедрасындағы ұстаздық қызметін 1973 жылдан бастаған. Қызметке тұру үшін ректордың атына жазған өтінішіне қарсы еместігін білдіріп кафедра меңгерушісі Тұрсынбек Кәкішевтің аты-жөні мен қолы қойылған.

Осындай процедуралардан өткен соң ба, жоқ әлде Бейсенбай Кенжебаевтың Тұрсекеңе деген көңілін, араларындағы сыйластықты көріп өскендіктен бе Алма апай Тұрсекеңе де аса құрметпен қарады.

1997 жылы мерейтой жылы болды. Алма апай группаластары Нұрлан Оразалиндер 50 жасқа, Мырзатай Жолдасбектер 60 жасқа, Тұрсекеңдер 70 жасқа келді.

Апайдың атақты «Ұстаз ұртындағы құрма» деген мақаласы «Егемен Қазақстанның» бетінде жарық ете қалғанда әрқайсымыз әлімізге қарай пікірімізді білдіріп жаттық. Апайдың жер қозғалса қозғалмайтын, сабырлы мінезінен мақтануды да, асып-тасуды да аңғармағанмен көзіндегі шаттықты көріп соған қуанып едік. Себебі бұл апайдың ғұмырында бір ауыр кезең еді...

Бұл мақалаға апай ұзақ дайындалды, Тұрсыкеңмен ұзақ әңгіме дүкен кафедрала, үйде, машинада (сол кезде апайдың машина айдайтын кезі), жаяу жалпы жүргенде де, тіпті дастархан басында да Тұрсекеңді сөзге тартып сөйлетіп қояды да, өзі рақаттанып тыңдайтын. Кейде күледі, кейде ойға шомып кететін. Кейде Тұрсекең: «Алма апай, сен мені қайда апара жатырсың? Құдай-ау, сенің сұрақтарың өткен-кеткенді қозғап кетті ғой. Қай-қайдағыны қайдан еске салып отырсың?» – деп алатын да жауабын қолмен қойғандай баяндай жөнелетін.

Сол сұрақтардың жауабы классикалық мақалаға айналып шыға келгенде ырза болған Тұрсекең: «Алма апай есть – Алма апай», – деді де, – тағы не айтайын, – дегенде, апай рақаттана күліп: – осы жетеді, ағай, осыдан артық перебор болады деп мен де орысшалап қояйын», – деп екеуі де рақаттанып күлген қуанышты сәттеріне куә болып едім.

Осы мақаланы оқығандар тақырыбына таң қалды. Мақаладағы қаншама адам аттары, олардың өсіп-өркендеу жолдары, оған юбилярдың қатысын қолмен қойғандай баяндаған.

Адамдардың қадір-қасиеті іс-әрекетінде, азаматтықтың белгісі тоңса да, тойса да секірмейтін ұстамдылығында, тазалықтың белгісі атағы шығып, даңқы асса да, құдайын ұмытпайтындығында, нағыз мәдениеттің белгісі адам тұрмақ жәндікке де қас қылмайтын мінезде екенін мөлдіретіп жазды.

Бұл – қағазға түскен ойлар апайдың Алма апайдың жүрегінің ақтығын, пәктігін, кіршіксіз тазалығының дәлелі.

Апай адам бойында мәдениетті өте жоғары бағалайтын. Адамдардың бірқалыпты болғанын қалайтын. Құбылмалы мінезді қаламаушы еді. Таң қалатын.

Жөнсіз жалпақтағанды жек көретін. Себебі өзі ешкімге жалпақтағанын да, жалтақтағанын да көргендер жоқ шығар. Тұрсекеңді «ағай» дейтін. Атын қосып сөз ыңғайына қарай болмаса, ағай деуден жазбай кетті.

Осы мақалалардан соң бір кісі арнайы кафедраға келіп, мақаланы мақтады. Алма апай тұрып тыңдады. Бірақ ықыласпен қабылдамай тұрғаны көрініп тұрды. Сөзінің аяғын: осы мақаланың деңгейінде болмағанымен жарым-жартысындай пікір күтетін үмітпен аяқтаған кісіні қолдамады да, уәде де бермеді. Үмітпен кафедрадан шығып бара жатқан кісінің арқасына сабырлы қалпымен қарап отырған апай:

- Жазбаймын, – деді.
- Неге? – дедім таңқалып.
- Сенің хабарың жоқ қой деймін. Мына таңданысыңа қарағанда, – деп сәл кідірді де, жауабын қайдан табатыныма жол сілтеді.

Үйге келген соң оқыдым... Бұрын қараған, оқыған кітабым. Псевдониммен жүрген соң мән бермеппін. Бір мақаланың тұсында Алма апайдан бірнеше тағылым алдым.

Ұлы ұстаздар ұлы сапарға аттанды. Ал Алма апай кісілік пен мәдениеттің сарайын салып кетіпті... Ол сарайға тебіренбей, таңқалмай, тамсанбай қарау мүмкін емес! Ұлы Ұстаз ғана Ұлы шәкірт болады-ау!

P.S. Осы мақаланы жазу барысында Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы университеттегі ұстаз досым Рахия хабарласа қалды.

Әңгіме ауаны Алма апайға өзінен-өзі ауып сала берді.

Рахия: – Алма апаймен жай ғана бір дастарқанның басында отырып, өнерін көріп, ұлағатты әңгімесін тыңдап отырудың өзі үлкен бақыт қой деп, өкпеге қимайтын кісінің өкпелегені де қандай мәдениетті, – деп, – ол кісінің орнында басқа біреу болса маңдайға соққандай тарс еткізіп айтуы да мүмкін ғой, – деп, – мен сондай «бір кісіні» білемін деп әзілге жықты. Екеуіміз де адресін дәл тапқандай күлдік. Бірақ ол Алма апайдан дәріс алмаған, – деп тағы да әзілге жықты.

Қанипаш МӘДІБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Советхан ТЛЕУБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты

АЛМА АПАЙДЫҢ МЕКТЕБІ

Осы тақырыпта осыдан 30 жылдай уақыт бұрын бір мақала жазған едім. «Жас Алашқа» беріп, басылады дегенін біраз күтіп, ақыр соңында бас редактор: «Ол мақалаңыз шығып кетті ғой» дегенде бір жаңсақтық болғанын білдім. Алма деген кейіпкері бар басқа материал басылыпты. Сол қолжазбамды өзімде көп жылдар бойы сақтадым.

Алма Мүтәліпқызының сонау бір тоқсаныншы жылдардың басында Алматы маңындағы Жандосов ауылында ашқан жеке, жаңа типті мектебі туралы жазып едім. Өзімше түрлендіріп, «астарлап» келтірген бір тұсы болатын.

Алма апай екеуміз сабақ біткен соң ол кіші інісі Жақа (Жақыпбек) берген ескі «Волганың» рулінде, Жандосовқа қарай шығамыз. Мен мақалам туралы «толғанып» отырамын. Апайды «зерттеймін». Жол бойы алма ағаштары көп өседі. Бір күні кеше ғана гүлдеп тұрған ағаштарды үсік ұрып өтті. Өзімше осы көріністен психологиялық параллелизм жасап, Алма апайдың жақсы бастамасы үсік шалып, жеміссіз қалмаса екен деп сәуегейсігенмін. Оң ниетпен келген ой еді...

Алма Қыраубаеваның өзін көрерден көп бұрын жазуы басқаларға ұқсамайтын, елпілі, желпілі жоқ ұстамды еңбектерін оқып жүретінмін. «Жалын» баспасындағы қызметтесім Гүлнәзия Әдуова Алма Қыраубаевамен бірге оқығанын, көңілі жақын құрбысы екендігін айтқан.

Бірінен бірі озық қатарының арасында өзіндік «менімен» ерте танылып, мойындалған Алма Қыраубаевамен қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1991 жылы таныстық.

Алма Мүтәліпқызын үлкен де, кіші де көбіне тұла бой тұлғалық даралығына лайықты, сыйымды құрметпен «Алма апай» деді. Мен де арамыздағы 3-4 жас айырмашылығын «бұлдап», ол кісіні құрбы көрген емеспін. «Алма апай» деп келемін. Жандосовтағы үйіне жиі барып жүрдім. Мектебін көрдік. Сабақтарға қатыстық. Педагогикалық ұжымның отбасылық қуаныштарында болдық.

Алма Мүтәліпқызы сол бір жылдарда ұлт болашағы үшін үлкен жобамен жұмыс бастады. Қазіргідей тендер ұтып, қаржы алатын жоба емес. Көк тиын көмексіз қазақ баласын өркениет төріне шығаруды көксеген көптің тілегіне орай аспаннан түскендей ғажайып бастама еді. Ғылыми негізді, сауатты, білікті маманның теориялық тұғырлы Білім тұжырымдамасының тәжірибеде жүзеге аса бастағанын көзбен көрдік. Ел деген адамдар көмек қолын созды, қолдады. Бірақ мемлекет тарапынан қолдау болмағаны анық.

Қазақ топырағында әлемдік озық педагогикалық үрдістерді ұлттық құндылықтармен қанықтырып дамытудың осы заманғы көкейтесті мәселелері, кешенді механизмдері қамтылып, қарастырылған жоба еді.

Нені, қалай, неге, қайтіп білім мазмұнына түзу тұрғысындағы озық білгірлік өнегесі; білімді тұлға қалыптастырудың түбегейлі жалпыадамзаттың міндетіне жегудің инновациялық технологиялары, қолжетімді мүмкіндіктері ойластырылған, қамдалған жоба еді. Сол тұста осы жобаның түптің түбінде тіпті «айы өтіп», білім берудің дәстүрлі негіздері құлталқан болатынын білдік пе? Ал ілуде бір артық туатын, сирек дарын Алма Мүтәліпқызы білген. «Ай, мен қауіп еткеннен айтамынның!» жайында дер шағында іс бастаған.

Негізінде, сырт көзге байқатпағанымен, Алма апай аса арманшыл болған екен. Батымды әрекеттерге барып, жаңа білім моделін көзге шұқып көрсетемін деп бастаған, батыл шешімдерін мойындатып орнықты жалғастырған, жолын тауып оңтайлы әдіс-тәсілдерімен иеліктіріп, иландырған зор бастамасын «нарық, нарық» дегенімізбен «қарық» қыла қоймаған уақыт жұтып тынды.

Осы тұс апайдың қас-қабағына қарайлауға да мұршамыз болмапты... Біз қарайлағанда бірдеңе бітіру қолымыздан келмейтіні айдан анық. Бірақ осы үлкен жобаның жүрмей қалуы Алма Мүтәліпқызының өмірсүйгіш, қайраткер болмысын қаншалық тұралатып кеткені туралы енді-енді ойлаймын.

Алма апай «аша алмаған» мектепті қазір екінің бірі ашып кетті. «Жеке мектебім бар» деп айтуға қымсынбайтын іскер адамдар шықты. Байғұс шығармыз, бірақ байдың малын қызғанғаным емес. Мектеп ашу үшін сол жауапкершілікті мойынға алған тұлға өзі мектеп көрген адам болуы керек қой.

Алма Мүтәліпқызы өткен өмір мектебінің бай мазмұны оның фәни дүниеде жасаған 54 жыл ғұмырын да, келешек рухани кеңістігін де нұрландырып тұр.

Ұзын аққан Сырдарияның ежелгі дәстүрлі өркениет баян тапқан ана көкірегін еміп өсті. Отбасы, өскен ортасы қаршадай қыздың қайсар болмысын қалыптады.

Ұлт ұрпағын қастерлеп, қанат жалғаудан танбайтын, талмайтын қайран ҚазҰУ-да оза шайып бәйге алуға ұмтылған ақжүрек қатарластарының арасында шаттыққа толы жастық жылдарын өткізді.

Алма Мүтәліпқызының аңызға бергісіз студенттік шағы, айтсақ таусылмайтын артық туған курстастары – бұл да өз алдына кісілік мектебі. Күні бүгінге бірін-бірі қастерлеуден алдыларына жан түспей келе жатқан шоқтығы биік, керемет бір шоғыр. Шетінен дарын. Шетінен елжанды. Шетінен ақжүрек. Кең пейіл. Көсем. Шешен. Көреген. Білгір. Бірінен бірі өтеді. Алма апайда бұл жағынан арман жоқ!

Армансыз бір ырзығы, тағдыр сыйы, қайталанбас қайырлы мектебі – ұлағатты ұлт ұрпағын жарылқап жасай беретін ұстаздары. Алма Мүтәліпқызын «атышулы» Бейсенбай Кенжебаев ғылымға жетектеп әкеліпті. Алаш қайраткерлерінің мүдделес бауыры, Әуезовтің тағдырлас, таймаған інісі, қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің түбін тауып, түгендеуге ғұмырын берген жанкешті ғалым шәкірт баптауда да жаза баспаған.

Бұл адамның ғылыми мектебінің өкілі болу бақыты екінің бірінің маңдайына жазылмаған.

Алма Мүтәліпқызын тағдыр осы бір мүмкіндікпен жарылқапты. Кейінде докторлық жұмысына қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің тау көтерген толағай тұлғасы Тұрсынбек Кәкішұлы жетекшілік жасады. Тұрсынбек ағай Алма апайға сенім артатын. Санасатын. Бағалайтын. Қадірін білетін.

70 жылдығы тұсында «Егемен Қазақстан» газеті шәкіртінің дүйім елді елең еткізген «Ұстаз ұртындағы құрма» атты мақаласын шығарды.

Алма Мүтәліпқызы қаршадайынан кафедраға тұрып дәріс оқи бастаған ҚазҰУ-ында отыз жылға жуық ұстаздық жасады. Том-том еңбек жазды. Жақсы аты қалды. Алдыңғы үлкендермен сыйласты. Жас буынмен тіл табысты. Білімнің сарқылмайтын бұлақтарын қайдан іздеп табудың, көзін қалай ашудың жолдарын, әдіс-тәсілін айтудан, сіңіруден, үйретуден жалықпады.

Енді Алма апайдың ғылымдағы мектебі қалыптасты. Кейінгі заманның алақұйын атмосфера-сында ғылыми мектеп қалыптастыру деген шаруаның қиюы қашқан. Мен білгенде сол мектеп-тердің соңы Алма апаймен, Майтанов мектебімен тұйықталатын сияқты. Кейін өрістеп жатса, қуа-намыз, құптаймыз. Әзірге ғылымның жан сақтау бөлімінде жатқан ілдалда күйінде бұл үрдіс кіді-рістеп қалды.

Жақында ұзақ жылдар қызмет жасау бақыты маған да бұйырған ҚазҰУ-дың, дәстүрі бай, даңқы зор ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасында кезекті бір докторлық диссертацияның талқысына қатыстым. Кафедра осыдан 5-6 жыл бұрынғы құрамын 60-70 пайыздай жаңартыпты. Осы құрам-да Алма апайдың көзінің нұры санап, үміт артқан, «жаным садаға» деп аналық мейірімін төккен, қазіргі қазақ әдебиеттануында қадау-қадау зерттеулерімен өз тұғырларына орныққан Нұрлан Сағындықұлы, Нұрсұлу Мәтбек, Самал Дәрібай, Советхан Тлеубаев, Болатхан Сарбасов, т.б. шәкірттерін көрдім.

Осы ҚазҰУ-да апайдың Ләйлә Мұсалы сынды бір дарынды қызы еңбек етеді. Алма апай қиын тақырыптарға салып баулыған жас ғалымдар әдеби мұраны оқыту мен игерудің қазіргі заманғы өзекті арналарында бір-бір шаруаға ие болып отыр десек те болады. Шүкір!

Алма апай өмірден ертерек кеткенімен, адам баласына бұйырған фәни ғұмырды мазмұнды, соншалықты қанық маңызында сүрді. Жандосов ауылына барып жүргенімде апайдың анасын, бауыр-лары Асылбек пен Жакыпбекті, осы азаматтардың жұбайлары мен балаларын, апайдың өз ұлдарын танып білдім. Өзара туыскандық қарым-қатынас әдебіне сүйінген сәттерім көп.

Апай еңбекқор! Көп сөзге жоқ. Өсек айтпайды. Қолы дәмді. Бірде көршілерін шақырып құдайы тамақ берді. Буы бұрқыраған хош иісті палауын Талдықорған жактан келген туыстарым таңсық көріп, мақтап отырды.

Алма апай екеуміз ҚазҰУ-да, жатақханада бір-екі жыл көрші де болдық. Бала мінезді қалпында да көрдім.

Тұрмыс қиындап, ұлым екеуміз тұрып жатқан үйімізді жалға өткізіп, жатақханаға шыққанбыз. Сонда жағдайға көмектескен деканымыз Жаңғара Дәдебаев – Жәкең кейін 2 жылдан соң жаңа үй алып көшіп бара жатқанымызда: «Оны да арендаға өткізіп, осында тұра бермедіңіздер ме» дегенді шын жүрегімен айтып еді.

Тұрмыстың шашыраңқы шаршатуын Алма апай да бір адамдай бастан өткерді деп ойлаймын. «Мен жатақхана алдым. Сіз де сұраңыз, береді» деймін. Сұрады. Алды. Қызметкерлер тұратын жатақханадан. Бір-бірімізге күнде барып тұрмасақ та, араласып жүрдік. Апай менен ҚазҰУ-ды «қызғанған» жоқ. Білгенін емеурінмен үйретіп отыратын болмысымен бірталай жағымды жайларды біртіндеп сіңірді.

Көп сыр ашпайды. Аса қақ-соқ көрмеген, көрсем де паркына бара бермейтін мені баласына ма, әйел әңгімесін көп айтпадық. Тек бір жолы өзі жатақхана алмай тұрғанда Жандосов ауылына қайтуға кеш болып кетіп (өзі көлік жүргізеді – Қ.М.), біздің бір секцияны бір-ақ алып жатқан КазГУградтағы «үйімізде» қонып қалды. Сонда: «Жақын деп жүрген жандардың өзі сырынды айтсаң, түсінуден гөрі сенің осалдығың деп қарайтын сияқты» дегені ойымда жүреді. Ішімнен: «Жатақханаға келіп қонғанша, көп құрбыларының бірінің үйіне барғаны өзіне жайлы еді ғой» деп ойлаған едім пен-дешілікпен.

Өмірдің жел соқтырып өтетін қитұрқылары, ағайын арасындағы айтып жеткізе алмас қайсыбір кикілжіңдерге «шағым» айтып, сыр ашқанымда апай: «Сондайларға менің миым жетпейді» дейтін. Ми жететін шаруа емес екенін кейін-кейін ұғына бастадық.

Алма апайдың бала тәрбиесіндегі тәжірибесінде мейірім, кеңдік басым еді. Апай таң бозынан тұрып та, қас қарайғанда да қаншалықты жұмыс бастылығына қарамай өзі сауып жүрген, барлығымызды қаймақпен, айран, маймен қарық қылып жүрген сиыры болатын. Жемге бақтың шөбін шауып тұрудан «шаршаған» кіші ұлы Бағлан бір күні: «Осы сиырды сата салайықшы», – депті.

Осыны күліп айтып жүретінбіз. Қаржылық мұқтаждықтан көрші ауылдарға концерт ұйымдастырып апарудың да жұмысын өзі басқарды. Шамалғанда өткен бір қойылымда көрерменнің біріне Алма апайдың қолындағы білезігін шешіп беріп, сыйға сый көрсеткен сәті есімде қалыпты.

Арғы негізден келген кісілік қасиеті жасандылықсыз, жарасымымен баурап тұратын Алма Мүтәліпқызымен сонау бір жылдарда бір кафедрада үш әйел заты бірге жұмыс істедік. Алма апай. Күләш Садыққызы Ахметова. Мен. Сол жылдарда шаңыраққа қарап сөз ұстап, дәстүрлі қарым-қатынас мәдениетін сақтап, әй-шәй деспей, жарасып жүргеніміз үшін марқаямын. Әйел баласы бейім пыш-пыш сөз біздің арамызда болған жоқ. Бірімізбен біріміз ағаларымыздың алдында әдеп сақтап, сыйластық. Көңілімізді өсіріп тілекші, ниеттес болдық.

Бұл да бір мектеп еді. Алма Мүтәліпқызының ғылымдағы, педагогикалық тәжірибедегі дара бағыты, тындырған істері өзі өмірден озған жиырма жыл уақыт ішінде тоқтаусыз дәріптеліп, рухани айналымда ой қозғап, жан байытып жасап келеді.

Қазақтың қалпын бұзбаған қарапайым бір қызының өмір өнегесі болса, осы Алма Мүтәліпқызының өнегесіндей-ақ болар.

Қазақ ұлттық университетінің жоғары білім беру мен тұлға қалыптастыру тарихында қарапайым болмысымен тұғырланған Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева өзіндік ғылыми, ғибрат мектебін қалдырды.

ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА: ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҰСТАНЫМДАРЫ

Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет ете алмайды.

Ж. Аймауытұлы

Басы алаш арыстарынан басталып, әр кезеңде ұлт қайраткерлерінің өзегін өртеген көкейтесті мәселе болып келген ұрпақ тәрбиесі Қазақ Елінің рухани мәдениеті, өскелең өркениеті, ең бастысы, жаһандану кезеңіндегі ұлттың өзін-өзі сақтаудың жолы екені айтылып та келеді. Айтыла да берері хақ.

Профессор, филология ғылымдарының докторы Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева – қазақ топырағында туып, ұлттық болмыстың нұрлы шуағынан нәр алған, табиғаты бөлек, оқу мен білімді өнер деп танып, ұлтты тәрбиелеудің ұлы құралы санаған жан. Оның салмақты мінезі, аз сөйлеп, көп тыңдайтын жүріс-тұрысы, басқалардан ерекше байсалды көзқарасы 1965 жылы оқуға түскен кездің өзінде-ақ аңғарылып тұратын.

Адамның қалыптасуы, таңдаған мамандығының шебері болып өмірден өз орнын алуы – күрделі де ұзақ процесс. Бұл жолда оны тұлға биігіне апаратын сыртқы және ішкі біраз факторлар бар. Сол факторлар болашақ тұлғаның ой-өрісін, көзқарасын, өмірлік бағдарын анықтайды.

Алма Қыраубаева бала кезінен ел ағасы, айтыскер ақын әкесі Мүтәліп ақсақалдың қасына еріп жүріп, жанындай жақсы көретін сабырлы жанның махаббаты мен сеніміне бөленіп өсті. Қаршадай кезінен тіл дейтін қасиетті әлемнің тұнығынан қанып ішіп, ұлттық өнердің құдіретіне ден қойды. Өнер мен сөзге деген құрмет пен сенім Алманы ұлттық университеттің филология факультетіне алып келді. Ол өз қатарларының арасында үздік студент атанып, рухани байлықтың арқауы мен арнасын әдебиет әлемінен іздеді. Өмір, қоғам, ұлт дейтін ұғымдардың кілтін әдебиеттен тапты. Алманың бойындағы осы бір ізгі қасиеттерді байқаған **профессор Бейсембай Кенжебаев** білім мен ғылымға бет бұрған, тиянақты, ізденімпаз, еңбекқор студентке ерекше ықыласы ауып, шәкірт болашағынан зор үміт күтті, қамқорлығына алды. Алма да өз кезегінде ұстаз сеніміне қаяу түсірмей, тынымсыз ізденіп, ғылым жолына өзін біржола арнады. Бірте-бірте тамырын ғасырлар қойнауынан тартқан әдебиет тарихының жаңа зерттеулері қатарын толықтырды.

Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева – ерте дәуір әдебиетін, ондағы кисса-жыраулар тарихын зерттеп-дәйектеген **көрнекті ғалым**, ежелгі дәуір әдебиетін түпнұсқамен салғастыра отырып, сөз өнерінің бай қазынасы әдебиет хрестоматиясын құрастырған және оқу құралдар жазған **әдебиетші-ұстаз**, мектепке **жаңа мазмұндағы бағдарлама әзірлеген автор**, ұлттық тәрбие мен мектеп жарғысын түзген **педагог-ұстаз**, адамзаттық танымды меңгерудің амал-тәсілдерін іздеген **әдіскер-ғалым**, бала тәрбиесінде ұлттық сана мен ұлттық тәрбиеге ден қойған **тәлімгер-мұғалім**, қазақтың терме-жырларын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың әуендері мен әндерін жинаған, орындаған **әнші-өнерпаз**. Ол өзінің ізденістері мен еңбектері арқылы рухани кеңістігіміз бен әдебиеттану ғылымының салаларын сапалы тұрғыдан байытты. Ұстаз-ғалымның сегіз қырлы бір сырлы талабы мен талантының қай-қайсысы да оның зеректігімен, еңбексүйгіштігімен, күрескерлігімен, ойына алған ісін тындырмай қоймайтын тиянақты мінезімен, ақылды қалыбымен ұштасып жататын.

«Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы» дейді кемеңгер суреткер Ғабит Мүсірепов. Осы қасиеттердің екеуі бір адамның бойынан табылса, ол тұлға талантын айғақтай түсері даусыз.

«Ақырын жүріп анық басқан» Алманың болмысы өзіне Алла берген қасиеті – терең ой иірімдерін **«нұрлы ақыл», «ыстық қайрат», «жылы жүрекпен»** әрлендіре білуінен айқын көрінетін. Алма **білімпаз, ізденімпаз, сабырлы, білікті, ойы терең** жан болатын. Ол өмірде, білім жолында, ғылым сапарында өзінің ойға алған мақсатын «нұрлы ақылмен» пайымдап, «ыстық қайратпен» жүзеге асыра білді. Шәкірттерін биік арманға қанат қақтырып, өзінің «жылы жүрегімен» баурай алды. Ол қандай істі қолына алса да, ойы мен мұратын, арманы мен әрекетін, мақсаты мен міндетін қатар ұстаудан танбайтын. Сондықтан болар бір адамның қолынан келе бермейтін әр алуан қиын жұмыстар Алма араласса жанданып кететін. Ол үшін төзімді мінез, қайтпайтын қайсарлық, өз ісіне сенімділік және күш-қуат керек екені сөзсіз. Алманың бойынан осылардың барлығы табылатын. Осы қасиеттер Алманы мақсат биігіне көтерді.

Адамның рухани дамуының ең жоғарғы биігі – кемелдену. Адам бойындағы кемелдену жанның тазалығына, білімнің тереңдігіне, дене, тән тәрбиесі мен ой, рухани байлықтың егіз сипатын сақтай отырып, тұлғалық қалпын үздіксіз жетілдіруіне, уақыт керуенін екшей білуіне байланысты.

Тұлғалық сипатты анықтайтын көріністің бірі – кемелдену талаптарын орындау. Бұл ғылым үшін аса маңызды. Осындай адам ғана ғылым биігіне көтеріле алады. **«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хахикат, оған ғашықтың өзі де хақлық һәм адамдық дүр», – дейді Абай.** Біз білетін Алма Қыраубаева данышпан Абайдың осы бір ұлы қағидатына қалтқысыз адал болды.

Өміршең идеясымен ел-жұртынан өзге қолдаушысы, сүйенері жоқ қайсар жан өзінің ішкі рухын әлсіретпеді. Қазақ Елінің білім жүйесінде тың бетбұрыс жасады. Оның арман-тілегін қалың шәкірттері мен достары қолдады. Жаңа білім жүйесінің өмірге келуіне куә болған оқытушылар мен шәкірттер Алманың бірге жүрген қолдаушысы ғана емес, сенімді серігі де бола білді.

Алманың тұлғалық қырын әркім әртүрлі жағынан ашуы мүмкін. Осының өзі ұстаз-ғалым жаратылысының кеңдігін, кеңістігін байқатады. Біз мақаламызда Алма Қыраубаеваның көп қырларының ішінен педагог-ғалым ретінде Ұлттық мектеп пен ұлттық тәрбиеге қатысты ұстанымдарын, оның қазіргі кезеңдегі өзектілігін сөз етпекпіз.

Алма Қыраубаева – жасынан қазақи тәрбиесі қанық, ұлттық ұстанымы берік ортада өскен, кісілік пен кішілік өнегесін көп көрген, гуманистік, елдік, халықтық қасиеттердің ұлтты сақтаудағы маңызы мен рөлін ерте түсінген ұрпақтың бірегей өкілі. Бұл ұстаз болмысы мен ғалым жаратылысын тануға, бағалауға мүмкіндік береді. Осындай туған жердің топырағынан, қоршаған ортаның әсерінен, адамның өз қабілет-қарымынан дарыған ерекшеліктер адамды тануға көмектеседі. Ғылыми пайымдау тұрғысынан қарасақ, зерделі ғалымның заман сұранысын, ұрпақ тәрбиесін өз тезіне қалай салғанын анық аңғарамыз. Ғалым қазақтың рухани құндылығын арғы-бергі дәуірлер әдебиеті мен рухани кеңістігіміздегі білім мен білік парадигмаларын екшей отырып, қазіргі уақыт талабы қандай, нені қажетсінеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Ұлтты сақтайтын – қазақтың өзінің баға жетпес елдік құрылымы, рухани байлығы, атадан балаға аманат болып келе жатқан гуманистік ұстанымы: үлкенді құрметтеу, кішіге дұрыс тәлім-тәрбие беру, адамгершілік қарым-қатынасқа үйрету, ұрпақ бойына жан, тән, ар, дене, ой тазалығын сіңіру екеніне ерекше мән береді.

Тәрбиелеу, оқыту, үйрету – бәрі отбасы мен мектеп қабырғасынан басталатыны өнеге мен тәрбиенің айқын белгілері. Ғалым-ұстаз Алма Қыраубаева ұлттық тәрбие негіздерін мектептен бастау керек деп есептейді. Ол **Ұлттық мектептің жарғысы** мен **«Сенім» атты бағдарлама** түзіп, оны Жандосов ауылында мектеп ашудан бастайды. Алматы облысы Қарасай ауданы, Жандосов ауылындағы жекеменшік **«Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебі»** 1993 – 1996 жылдары тәжірибеден өтіп, оқытушылар мен ата-аналар тарапынан жоғары бағаланады.

Алма Қыраубаеваның ұлттық мектепке арналған **«Сенім» бағдарламасы** концептуалды тұжырымдар мен ұлттық мектеп моделінің басты ұстанымдарын, қарым-қатынас мәдениетін, сабақтағы әдіс-тәсілдерді, тереңдетілген сабақтарға түсінік мәселесін және қосымшалар мен ұтымды хрестоматиялық мәтіндер жиынтығынан тұрады.

«Сенім» бағдарламасының мақсаты: (автордың өзінің көрсеткеніндей) баланың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыру негізінде өркениетке шығару. Жасытпай оқыту, кембағалдықтан құтқару. Мәдениеттерді меңгерту. Сенімді азамат ету» [1, 224].

«Сенім» бағдарламасы құрамындағы **«Тереңдетілген сабақтарға түсінік»** бөлімі бастауышқа арналған **«Әлем және мен» бағдарламасын** құрайды. **«Бағдарламаның мақсаты:** баланың дүниетанымын кеңейту, заман және тарих ұғымын қалыптастыру, ел – жер – әлем, ондағы өз орнын белгілеу. Білу мен сенімділік жан дүниесін жасауға арналады» [1, 229]. Бұл бағдарлама әр сыныпты қамтитын төрт бөлімнен тұрады: **Тілашар. Елтану. Әлемтану. Әдеп.**

«Тілашар» – 1 – 2 және 3 – 4 сынып оқушыларының қызығу, қабылдау психологиясына сәйкес шағын мәтіндер, ертегі, жұмбақ, т.б. материалдардың жиынтығы.

«Елтану» – қазақ тарихының әліппесі.

«Әлемтану» – дүние-жаратылыс әліппесі.

«Әдеп» – ақылақ әліппесі. Адамдармен қарым-қатынас, ортадағы өз орнын белгілеудің алғышарттары» [1, 230].

Бағдарлама ұрпақ тәрбиесінің мынадай салаларына көңіл бөледі. Олар: **Еңбектенуге үйрету. Жауапкершілікке үйрету. Баланың ой-қиялын шарықтатуға үйрету. Ұлттық құндылықтарды бағалауға, меңгеруге үйрету. Өзіне-өзі сенімді болуға үйрету.**

Осындай ұстанымдарға негізделіп білім алған, тәрбиеленген ұлттық мектеп түлегі, яғни **«Қазақ баласы әлем сахнасына «Қазақ құбылысы» болып шығуы керек!»** – дейді Алма Мүтәліпқызы. Педагог-ұстаз ұсынған **«Қазақ құбылысы»** деген атаудың мағынасы мен мәні терең,

аясы да кең. Әрі-беріден соң бұл ұғымды тек педагогика саласымен ғана шектеуге болмайды. Бұл – канатты ұғым! Бұл – ұлт мәңгілігін сақтар қазақ халқының гуманистік кескінін, кең мінезін, бай әдет-ғұрпын, қазыналы салт-санасын, дәстүрін, шешендік өнері мен бай тарихын, тамырын ғасырлар қойнауынан алар әдебиет пен сұлу сазды ән-күйін ұрпақ пен ұлт санасына егуді көздейтін, батырлық, ерлік мектептерімізді өрістетуді қамтамасыз етер жалпыхалықтық белгілер. Ұлт пен ұлысты, мемлекетті сақтаудың жолдары! Ел мен жерге деген махаббатты қалыптастырудың өнегесі! **«Қазақ-тың атадан балаға аманат етіп қалдыратын екі қазынасы бар. Біріншісі – байтақ жері, екіншісі – бай тілі»** деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқан ұлы құндылықтарды сақтағымыз келсе, Алма Қыраубаева ұсынған **«Қазақ құбылысын»** жүзеге асыруымыз – алдағы міндет!

Қазақ мектебінің ұлттық моделі туралы пікірін ұстаз Алма Қыраубаева былай анықтайды: «Ұлттық мектептің үлгісін жасау ұлттық сана мен қазақи кісілікті жан дүние қалыптастыру арқылы әлемдік өркениетке кірудің тұтас жүйесін жасау деп білеміз». Ұлттық сана мен қазақи кісілікке негізделген өркениеттік жүйе мына мәселелерден тұрады: ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық тәрбие ұстанымдарын бекіту, өзіне деген сенімділікті арттыру, дүниетаным негіздерін меңгерту, қарым-қатынас мәдениетін игерту, әлемдік өркениетке ұмтылдыру. Бұл ұстанымдар бір-бірімен ұштаса, сабақтаса отырып, біртұтас жүйені құрайды және ортақ мақсатқа қызмет етеді. Ол – интеллектуал, өзіне-өзі сенімді, білімді жеткіншек ұрпақ өсіру.

Алма: «Мектеп – адамды қалыптастырушы, адамның жанын жасаушы орта» дей отырып, қазіргі қазақ мектебіне керек атрибуттарды талдап-таңдайды. Ол бүгінгі білім беретін мектеп **Ұлттық мектеп** болуы керек деген шешімге келеді. Алма бұл мектеп қазақ баласының әлемдік өркениетте мәдениет, білім, білік, мінез, еңбек жағынан «кірпіш болып қаланатын», болашақтың арман мектебі болуы тиіс деп есептейді. Ол солай болуға тиіс те еді.

Алманың әр сыныпқа сәйкес пәннің білім мазмұнын саралаған, оқу мен тәрбие сабақтастығын ұштастырған, оқушының дара тұлғаға тән қасиеттері мен ішкі психологиялық жай-күйін, жас ерекшелігін ескерген, педагогикалық ұстанымға сүйенген, әдет пен әдепті меңгеруге арналған, бала мен ата-ананың, оқушы мен мұғалімнің, үлкен мен кішінің, қыз бен ұлдың ізгілік қарым-қатынасын жолға қойған, адамгершілікке, құрмет пен түсіністікке жетелеген ой-тұжырымдары мектеп жарғысы мен бағдарламадан көрініс тауып, ұлттық мектептің оқу жүйесі мен гуманистік тәрбиенің негізін қалайды.

Профессор Алма Мүтәліпқызы қазақ әдебиетінің тарихын зерделі зерттеумен қатар оның ғылым мен білім нәріне айналуына мол үлес қосты. Алаш қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, тіл білімінің теориялық негізін қалаған аса көрнекті ғалым **Құдайберген Жұбанов** білім мен ғылымның байланысына айырықша мән береді. Тілші-ғалым: **«Білімге айналмаған ғылым – пайдасыз ғылым. Ғылымды білімге айналдыратын – мектеп»** [2,77], – дейді.

Заңғар жазушы **Мұхтар Әуезов**: **«Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болу үшін екі діңгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы»** [3], – деп, ұлт мектебінің басты тіректерін атап көрсетеді. Ғалым Алма Қыраубаева ұлт мектебіндегі оқу жүйесін қазақ әдебиетінің тарихымен ұластыра отырып, оның ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі мен орнына ерекше назар аударады. Ол алаш арыстарының көсемі, ұлт ұстазы **Ахмет Байтұрсынұлының**: **«Елді түзетуді әуелі бала оқыту ісін түзетуден бастау керек»** [2, 85] деген пікірін ғылыми-теориялық, практикалық-прагматикалық тұрғыдан дәйектеді.

Осындай ұстаныммен тәрбиеленген оқушы **шәкірт моделін** жасақтауға негіз болды. Ұлттық санасы қалыптасқан, озық мәдениет үлгілерін меңгерген, адамға құрмет сезімінде тәрбиеленген, білім салаларын жинақтаған, ізденуден жалықпайтын, пікірін еркін айта алатын, ортада өзін еркін ұстай білетін ұрпақ **шәкірт моделінің үлгісі** болмақ.

Осы бағытты айшықтайтын педагог-ғалым, профессор Алма Қыраубаеваның ой-тұжырымдарының қай-қайсысы да көкірек көзінді ашады. Мысалы, **«Тәрбие деген – баланың табиғатын түсініп, жанын байыту»**; **«Баға құнды емес, бала құнды»**; **«Қарым-қатынас негізі – әдепті сөз»**; **«Тәрбиелеу деген тәртіпті қылу емес»**; **«Әдебиет мақсатының бірі – қанағатқа тәрбиелеу»**; **«Үмітсіздіктен сақтан!» т.б.**

Реті келгенде айта кету керек, профессор Алма Мүтәліпқызының бағдарлама, тақырып, мақала-еңбектеріне берген атаулары автордың сөздік қор мен тілдің мағыналық реңкін әсерлі жұмсай білетін сөз саптау ерекшелігін де аңғартады. Мысалы, **«Жаным садаға»**, **«Мыңжылдық жолаушы»**, **«Сенім»**, **«Әлем және мен»**, **«ЖАНЫҢ «МЕН»-і»**, **«Жамбыл салған ән еді»**, т.б. Сол сияқты Алма ашқан мектеп оқушыларының әйел адамдарды «бике», ер адам мен ұлдарды «мырза», қыздарды «бикеш» деп сәлемдесуінің өзі – ұлттық әдеп мен қатысымдық мәнер дағды-сын жаңғыртудың айқын көрінісі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа жолдаған **Жолдауының** «Жаңа Қазақстан: Азаматтық институттардың рөлін нығайту» бөлімінде **«Озық білім, үздік тәжірибе жоғары бағаланады. Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз»** делінген. Кең өрісті ғалым Алма Қыраубаеваның ұрпақ тәрбиелеу жайында қалдырған мұрасы мен Ұлттық мектеп бағдарламасы еліміздің келешегін өркениет бәсе-келестігіне сай өрістетіп- өркендетуіне жол ашады.

Осы тұрғыдан қарағанда Алманың шәкірттерінің атқарып жатқан ықыласты шаралары жалпы жұртқа өнеге болумен қатар, ұстаз ісін жалғастырушы мектеп ретінде қалыптасып келеді. Демек, бұл – ұлттық сананың тәрбиелік мәні мен маңызын алға апарушы мұғалімдер мен тәлімгерлердің тәуелсіздікті сақтау жолында ерінбей еңбек ете беруінің жарқын көрінісі. Олар Алманың еңбектерін жинау, кітаптарын шығару, Қызылорда, Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында конференция өткізу, елінде ұстаз атына мектеп беру, ғалымның алпыс жылдық, жетпіс жылдық, жетпіс бес жылдық мерейлі кезеңдерін атап өту, естеліктер құрастыру ісін жақсы жолға қойып келеді. Сондай іргелі шаралардың арасында Алма Мүтәліпқызының бағдарламасы бойынша оқулық шығару, ұлттық тәрбие ұстанымдарын сабақта қолдану, шеберлік сыныптар өткізу, еліміздің білім беру жүйесіне енгізуді сұрап министрлікке хат жазу, білім алушыларға арнайы тақырыптар беріп, ізденістер жүргізу тәрізді іргелі істер ел болып қолдауды, ресми нұсқауды қажет етеді. Сайып келгенде, бұлар бүгінгі қоғам қажетін қамтамасыз етер игілікті іс екені, «Жаңа Қазақстанның» рухани әлемінің дамуына, ұлттық мүдденің бекуіне ықпал етері күмәнсіз.

Ұрпақ тәрбиелеу жолында білім беру реформасына бетбұрыс әкелген, «Ұлттық мектеп философиясының дәстүрлі түркілік өнеге мен қазақ әлемі негізіндегі әлемдік өркениет қарым-қатынасында» болуын мұрат еткен, мәдениет туралы білімнің тарих, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, дін, би, өнер салаларымен жүйелі түрде оқытылуын ұсынған, ғылыми-практикалық методология негіздерін ұлттық тәрбие нысандарымен, тамыры терең білім идеологиясымен байланыста жүзеге асыруды көздеген көрнекті ғалым, педагог, ұстаз, тәлімгер, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның ұстанымдары, сөз жоқ, Қазақстандағы ұлттық тәрбие мен жаңа тұрпатты білім жүйесінің қанат жаюына игі ықпал етері даусыз. Ұлы Дала өрісін кеңейтер тәлім мен тәрбие ұлт мүддесіне сай өмір сүруі, ұрпақ кәдесіне жарауы – бәріміздің ортақ мақсатымыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алма Қыраубаева. Жаным садаға. – Алматы: Өнер, 2011. – 344 б.
2. Сөз сарасы. – Алматы: Сардар, 2009. – 160 б.
3. Егемен Қазақстан. – 2021. – 18-24 қараша. – №46.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ

Ұстаз! Не деген мейірімділік лебі есіп тұған жанға жылы сөз еді десеңізші! Ұстаз – ұлы ұғым. Ақиқатында, ұстаз – тар шеңберлі түсініктің аясына сия бермейтін құбылыс. Шынайы ұстаз – білімнің кәусарына қандырған оқытушы, ақыл-ойыңды байытқан ғұлама, азаматтық тұлғанды қалыптастырған тәлімгер. Біздіңше, аталған осы үш бірлікті тең ұстаған жан ғана нағыз Ұстаз деген ұлы ұғымға лайық бола алмақ. Ол шәкіртіне талғам дарытады, танымын қалыптастырады, дүниені танытады, өмірлік жолын айқындайды. Бір сөзбен айтқанда, ұстаз – бар асыл қасиетті бойына дарытқан «бүтін бітім» (З. Қабдолов).

Ұстаз шәкірт жанының шамшырағы іспетті. Өйткені жеткен биігің, мерей-мәртебең ұстаз ұлағатымен тығыз байланысты. Жаныңа жарық нұр құйған жанның ұлағаты жадында мәңгі жаңғырып, санаңда өшпестей болып жарқырап тұрады.

Әрине, осынша құрметке, шәкіртінің шексіз сүйіспеншілігіне бөлену – кез келген ұстаздың маңдайына жазыла бермеген бақыт. Оның себеп-салдары санқилы. Қадірсіз ұстаздың кемшілігінен де, қасиетсіз шәкірттің кешелігінен де болуы мүмкін. Мен көбіне алғашқысының кінәсінен бе деп ойлаймын. Өмірде «өз уақытын аямаған, өзгенің жанын аялаған» ұстаз өте сирек кездеседі. Ілуде біреу десе де болғандай.

Өмірде өзім көрген жандардың арасында қандай жағдайда да ұстаздық ақ жолынан еш адаспаған, шынайы ұстаз, шын ұстаз ол – қасиетті қара шаңырақ ұлттық университетте 30 жыл ұстаздық еткен, менің сүйікті ұстазым Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева. Алма Мүтәліпқызы өзінен оқып, дәріс алған бар шәкіртін бөліп-жармайтын, «бес саусақ бірдей еместігін» біле тұра, әр шәкіртінің бойынан бір ерекшелік танып тұратын, олардың мінез-құлқындағы ала-құлалықты елемеуге тырысатын үлкен жүректі адам, адал ұстаз еді. Жанына жақын жүздеген шәкірттері іштей өзінің ғана ұстазы санағанмен, ол бәріне ортақ ұлық ұстаз болатын.

Жалпы ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін осы жолды мұрат тұтқан жанның бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Меніңше, оның біріншісі – телегей теңіз терең білім, екіншісі – өмірімен өзектес деп біліп, таңдаған мамандығын жетік меңгерген біліктілік, үшіншісі – өз ортасына сыйлы бола білген кісілік келбет. Міне, осы үш қасиет ұстаз тұлғасында тұтаса тоғысып, әрқайсысы көзге ұрып, әрі бір-бірімен кіріге жымдасып кеткенде ғана нағыз ұстаз жаратылысы ерекшелене түседі. Алма Мүтәліпқызының бүкіл болмыс бітімінен осынау үш қасиет анық байқалып тұратын-ды.

Алдымен, білімділігі туралы. Алма апайдың білімділігін кейінгі шәкірттері түгілі, арысы өзін оқытқан данагөй ұстаздары, берісі бірге оқыған курстастары мен қатар жүрген әріптестері түгел мойындаған. Алма – өз бойындағы білімді ұстаздық еңбек арқылы шәкірт санасына құя білген жан. Ғалымдығы мен ұстаздығы таразы басын тең басып, білмекке ынтық шәкірт жүрегін алғаш көргенде-ақ баурап алатын-ды.

Бүгінде өзіміз де ұстазбыз. Талай ұстаздың дәрісін тыңдап, ақыл-кеңесін алдық. Ішінде данасы да, шаласы да болды. Шынын айтсам, шәкірт жанын дәл Алма апайдай баурап, аялай білген ұстаз кездестірген емеспін. Бұл – асыра мақтау да, өтірік көлгірсу де, артық дәріптеу де емес, ерекше тәнті болудан туған, шын көңілден шыққан шынайы ризашылық. Расында да, Алма апай ақыл-парасаты мол, ұстаздық еңбекке саналы құштарлықпен келген, бар шәкіртіне мейірім шуағын тең бөлген, айрықша жаралған жан еді. Жалғыз біз ғана емес, саналы ғұмырының тура 30 жылын ұстаздық еңбекке арнаған Алманың әрбір шәкірті алғашқы жүздесуден әлгіндей әсер алғанына мен кәміл сенемін.

Ұстаз Алма сабақтың қай түрін болмасын есте қалардай етіп, қызықты өткізетін. Бұл – білікті ұстаз белгісі. Тәжірибелік сабақтардың қайсысы да қызу пікірталассыз өтпейтін. Әр сабақ әдебиетті, оның сол күнге арқау болған мәселелерін қорытқан түйін болып шығатын. Әр пікірдің нәрі мен дәні алынып, қилы көзқарастар тартысынан шындық туатын. Алма апай жүргізген сабақ шәкірт пен ұстаздың бірлескен ізденісінің жемісі еді.

Алма апайдың лекциялық сабақтарында кейбір «ұстаздың» ауа жайылған «әлеулайынан» жалыққан студенттің мағынасыз тірлігі мен марғау мінезі көзге түсе бермейтін. Ұстаздың шынайылық шырайын ашқан сүйкімді кейпі, жан-жағына шуақ шашқан жеңіл жымысы, әуезді де, назды үні бәрі-бәрі өз жарасымын тауып, шәкірт назарын өзіне аудартып отыратын. Тылсым тыныштықтағы

ұстаз аузынан шыққан әрбір сөз шәкірт кеудесіне қонақтап, санасын оятып, білім-біліктің бірлігінен туған ой ағындары тереңіне тартып, ұйытып-ақ тастайтын.

Лекция сабағында да, тәжірибелік сабақтарда да шәкірт ойының ұшқынын маздатуға ұмтылатын асыл ұстаз сол сабақтарда шәкірт жанарынан сыр ұғуға тырысады екен-ау. Иә, солай екен. Сол күндердің әсерінен туған «Жаным садаға» атты тәрбиелік мәндегі еңбегі бұған куә. Ондағы үзік ойлар былай деп сыр шертеді: «Алдымда томпыып-томпыып отырған мынау 25 баланың әрқайсысының бойында бұққан таланттар жатуы сөзсіз». Бұл – алдына алғаш келген шәкіртті бөліп-жармай, бірдей көретін ақжарма адал көңіл көрінісі. «Өзінің ашық мінезіне қысылмай сөйлей алатынына қарап, «әдебиетші болу үшін туғанмын», – деп есептеп қойған бала бар». Шәкіртке ұстаз сыншының белгісі бұл. Шәкірт жанын аялай білетін ұстаздың мақсаты – осы студентінің «бойындағы тамаша таланты – ойындағысын жасқанбай айтушылық» қасиетін өшіріп алмау. Ұстаздың әр шәкірттің мінез-құлық ерекшелігін тап басып тануы таң қалуға тұрарлық. «Тұйық баланың табиғаты тіптен қызық. Емтиханда болмаса, дауысының қандай екенін ешкім білмейді. Бірақ өзіме осы баланың көзінде тұнған ой жатқандай көрінеді». Өз шәкіртінің көзге көрінбес жан дүниесін, ішкі әлемін ашу осы болар. Мұндай ұстазға тап болған шәкірт – бақытты шәкірт.

Жоғары мектеп ұстазы тек сабақ жүргізуші ғана емес, сол сабақты өткізу тәсілдерін жете меңгерген әдіскер де болуы тиіс. Бұл бағытта да Алма апай біраз жұмыстар тындырды. Жалпы курстар мен арнаулы курстардың типтік бағдарламаларын, әдістемелік нұсқауларын жасап шығарды. Олар бірнеше рет қайта басылып, әлі күнге дейін қолданыс тауып келеді. Әсіресе Алма Мүтәліпқызының «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәніне арналған оқу-әдістемелік еңбектері – өз құнын жоймас, қашан да болса студент сұранысын қанағаттандыра алатын қажетті дүниелер. Бірақ осылардың ішіндегі ең көрнектісі – 1999 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген, өлмес мұраға айналар «Ежелгі әдебиет» атты оқулық.

Бұл кітап – қазақ әдебиеті тарихының хандық дәуіріне дейінгі 20 ғасырлық тарихын қамтитын, ұңғысын тереңге салған іргелі зерттеу нәтижесінде дүниеге келген бағасы құнды, мазмұны құнарлы еңбек. «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар» (б.з.д. VII ғ.-б.з. IV ғ.), «Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет» (V-VIII ғ.ғ.), «Оғыз дәуіріндегі әдебиет» (IX-X ғ.ғ.), «Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X-XII ғ.ғ.), «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет» (XII-XIV ғ.ғ.) деп аталатын үлкен-үлкен бес бөлімнен тұратын нәрлі оқулық – небір кірпияз студенттің талабын қанағаттандырып қана қоймай, ежелгі әдебиеттің түрлі дәуірін зерттеймін дейтін ізденімпаз ғалымдардың үстелінің үстінен табылатын құтты жәдігер.

Кітапта әр дәуір әдебиетінің ерекшеліктері, бағыттары бүгінгі күн талабына сай қарастырылып, тұщымды бағамдамалар жасалады. Мұнда қазақ әдебиеті зерттеуінде тұңғыш рет мың жылдықтан арыдағы әдеби бастауларға зер салынып, сақ, ғұн замандары барланып, «Авеста», т.б. ежелгі кітаптардағы ортақ сарындар әдебиетіміздің «әу бастағы» бастау көздері ретінде қарастырылады. Бұл Алмадай білгір ғалымның әдебиет тарихын жүйелеудегі үлкен табысы болатын. Ұстазы Бейсенбай Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын 13 ғасырға жылжытып тереңдетсе, шәкірті Алма Қыраубаева әдебиет тарихы бастауларын мың жылдықтан әрі асырды. Бұл ұстаздан шәкірт озғанның мысалы емес, мұны рухани үндестіктің олжасы деп бағалаған жөн.

Алма шәкіртін жанына жақын тұта да, арақашықтықты ұстай да білетін ұстаз да еді. Ашуы зілсіз, реніші мұңсыз жан болатын. Ренішін сөзбен емес, көзбен жеткізе білетін. Зілсіз реніші тез арада ақ пейілге айналып жүре беретін. Өйткені ол шәкірт жанын қинаған жайды тез сезініп, қолынан келсе, көмегін аямайтын. Алма апай өзі айтқандай «үзілісте студенттері қоршап, жібергісі келмей, соңынан еріп жүріп сөйлесетін», өзгелер қызыға да, қызғана да қарайтын білікті ұстаз еді.

Алма Қыраубаева – жоғары оқу орны ғана емес, мектеп ісін өркендетуге де өзіндік үлес қосқан тұлға. 90-жылдарда ұлттық мектептің өрісін кеңейту, ұлттық тәрбиені жетілдіруді жолға қоюдың қажеттігін алғаш көтеріп, ой-тұжырымдарын республикалық басылымдарда ашық жазған және оны нақты жүзеге асыруға талпыныс жасаған да осы Алма ұстаз болатын.

Бала бақытын аялай білуді өзіне мұрат тұтқан Алма апай мектептегі білім берудің оқу-әдістемелік бастамаларына белсене араласты. 1995 жылы Сорос – Қазақстан қоры Қазақстан Республикасы Білім министрлігімен бірлесе отыра «Гуманитарлық білімді жаңарту» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы оқу орындарының барлық түрлеріне арналған гуманитарлық пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарына ашық конкурс жариялады. Сол конкурста мектепке арналған ежелгі дәуір әдебиеті бойынша оқу құралының жеңімпазы болып Алма Мүтәліпқызы танылды. Оның «Ежелгі әдебиет» атты оқу құралы бұл саладағы тұңғыш бастама еді.

Ғылыми зерттеушілік ізденістерінің негізгі өрісі ежелгі дәуір әдебиеті болғанымен, мектеп балаларының сана сезіміне, қабылдау қабілетіне сай ежелгі дәуірден оқулық жазу, әрине, Алмаға қиын тиді. Бірақ табиғатына қайсарлық пен табандылық жарасқан «қазақтың қара қызы» талабын ашқан талантын таныта білді. Төл әдебиетіміздің қайнар көзі, тереңде жатқан тылсым дүниесі «Ежелгі әдебиет» жайлы ұғынықты, өте майда тілмен қызықты да сырлы, әдемі кітап жазып шықты. Тартымды оқулықтың ұлттық мектептегі оқушылардың ой санасын арбап алғаны шындық. Бұл кітап ұлтжандылыққа тәрбиелейтін нағыз ұлттық тәлім өнімі еді. Өйткені «Әр бала туған әдебиетінің тереңіне жүзіп, тұнығын сіңіріп өссе, оның жүрегінде еліне деген мақтаныш қалыптаспақ. Елі үшін мақтанатын баланың рухы жоғары болмақ. Ендігі ұрпақты осылайша өсіруге міндеттіміз. Алдымыздағы оқулық осыған қызмет етеді» деген автордың кіріспедегі ағынан жарыла айтқан тілегі нақты мақсатты меңзеп тұр.

Жалпы бала болашағы, келешек ұрпақ тәрбиесі – ұстаздық етуден жалықпаған Алманың өмірлік мұраты болатын. Ұстаздың «Бізде қазақ мектебі бар, бірақ ұлттық мектеп жасалған жоқ. Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. Қазақ мектептеріне осы жетіспейді. Қазақ мектебі дегеніміз – қазақ тілінде оқытатын, ұлттық сананы, рухты қалыптастыратын мектеп», – деген орнықты ойларының білімді ұлт болашағын меңзеген ұлы мұраттардан туғандығына күмән болмаса керек-ті.

Қазақ өзіне келгенде қашан елп етіп, ілесе кетуші еді. Айтылған сөз айтылған жерде қаларын сезген, қолдаушылар табылмасына сенген Алма осы іске өзі кірісіп кетті. Ұлттық мектептегі оқыту үлгісі іспетті «Сенім» атты бағдарлама жасады. Онымен тоқталып қалмай, өз бастамасына өзі демеуші болып, теорияны тәжірибеге айналдырып, таза ұлттық негізде тәрбие беретін мектеп-лицей ашты. Сөйтіп, зиялы қауым мен өзгедей жұртшылыққа үлгі-өнеге шашпаққа талпыныс жасады. Сол кездегі астанамыз Алматының іргесіндегі Қарасай ауданының Жандосов ауылынан ашылған бұл мектеп – ұлттық танымға ұмтылған ұлтжандылықтың бүршік жарған алғашқы гүлі еді. Бұл мектепке талай марқасқа қазақ зиялылары арнайы барып көріп, қызығушылық танытып, ризашылығын білдірген-ді. Тіпті уақытында осынау жас талап, жаңа ізденіс шаңырағына бүлдіршіндер камын ойлап, Бөбек қорын ашқан Сара Алпысқызы Назарбаева да арнайы барып аналық жүректен шыққан «Мынау бір жаңа бағыттағы қажетті іс екен», – деп, жаңа бастаманы шын көңілден құптаған болатын.

Ғалым-ұстаздың «Сенім» бағдарламасы үш таған бірліктен тұратын-ды. Олар: бала тәрбиесіне ұлттық рух дарыту жолдары, білім беруде ұлт және әлем мәдениетінің байланыстылығын арттыру тәсілдері, ұстаз тұлғасының ұлттық құндылықтарын жетілдіру әдістемесі тәрізді бағыттар еді. Осы үш тағаннан үш үзік үзінді келтірейік: «Шәкірттің кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өшіресің. Жеңілісін емес, жеңісін ізде»; «Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу»; «Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін үйретуден тереңіректе, ол – адамды қалыптастырушы адам».

Алманың арманы өзі айтқандай: «Қазақ баласының ұлттық болмысын, мәдениетін, менталитетін қалыптастыратын жүйелі білім беру тәсілін іске асыру» еді. Адам шіркін арманға жеткен бе?! «Қысқа жіп күрмеуге келмей», оған қол жалғап жіберетін «мырза қазақ» табылмай, ақыры «Алманың мектебі» жабылып қалды, «жауып тындық».

Алма Ұстаз біліктілігі ғылыми ізденістерінен көрініс табатын-ды. Оның ғылым саласындағы еңбектері санының көптігімен, көлемінің молдығымен емес, жазғанының жаңашылдығымен, ғылыми ізденісінің тереңдігімен бағаланады. Ғұлама ғалым зерттеулеріне тән басты қасиеттер – ой биіктігі, ізденіс тереңдігі, тақырып кеңдігі. Ғалым Алма қысқа ғұмырында аз еңбектенген жоқ, бірақ көп дүниесі баспа жүзін өзі дүниеден өткен соң көрді. Жалпы басылып шыққан зерттеулері аса көп емес, айналасы бес-алты кітап. Бірақ аз болса да саз жазатын зерттеушінің еңбектері аса сапалылығымен айшықталады. Алма жазған ғылыми зерттеулердің ішінде «Ғасырлар мұрасы» (1986), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты екі еңбегін айрықша атауға болады.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінің жауһар жәдігерлері «Рабғұзи қиссалары», Хорезмидің «Махаббатнамасы» оңай шағылар жаңғақ емес, оған қайтпас қажыр, жасымас жігер, бірегей білім, ересен еңбек керек. Алма бойынан осының бәрі де табылды. Табылғаны сол, ол бір орында тұрып қалмай, ғылыми атаққа бола ізденбей, әдебиет тарихын тереңдей зерттеп, қопара қазып, үдете жазып, ежелгі дәуір әдебиетінің Қазақстандағы бірден-бір білгірі атанды. «Ғасырлар мұрасы» – ұзақ жылдарға созылған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жемісі. Мұнда XIII-XIV ғасырлардағы түркі тектес халықтар әдебиеті қазақ жазба әдебиетінің арғы бастаулары ретінде қарастырылып, сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдеби байланыстың тамырластығы жүйелі ғылыми негіздемеге түседі. Сол дәуір әдебиетінің XIX-XX ғасыр басындағы ауызша, жазбаша және нәзира әдебиетте дәстүрлік жалғасын табуы тарихи-әдеби нақты деректер арқылы дәлелді түрде пайымдалып, терең зерттеледі.

XIII-XIV ғасырлардағы «Рабғузи қиссалары», «Махаббатнама» атты тарихи жәдігерлер – әдебиет тарихында өшпес із қалдырған, мәңгілік мұралар. Міне, ғалым «Ғасырлар мұрасы» еңбегінде бірін аударма-нәзира әдебиет, екіншісін тыңтума әдебиет деп алып, осы екі шығарманың жанрлық, тақырыптық, көркемдік сипаттарын ашады. Сонымен бірге осы шығармалардың қазақ әдебиетіндегі алар орны туралы өзіндік тың тұжырымдар жасайды. Мәселен, «Рабғузи қиссалары» жөнінде ғалым былай деп жазады: «Рабғузи қиссалары» – сөз болып отырған бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әртүрлі жанрдағы шығармалары қамтылған өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра». Ал Хорезмидің «Махаббатнамасы» жайлы «Түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар бергідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» деген ойға қонымды түйін түйеді.

Ғалым осы еңбегінде орта ғасырдағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің кейінгі дәуірлердегі әдебиеттермен дәстүрлі сабақтастығын сөз ете келіп, осы бағыттағы ғылыми зерттеулерді дамытудың міндеттерін алға қояды. «Қиссалардың әдебиетіміздің бұрынғы-соңғы тарихымен дәстүрлі байланысы, шығыс халықтары әдебиетімен сабақтастығы, әдебиетімізден алатын орны, т.б. мәселелер кең зерттеуді керек етеді. Қисса жанрын зерттеп білу әдебиеттегі шығыс дәстүрі дейтін үлкен мәселелердің де беттерін ашпақ» деп, болашақ зерттеушілерге жол көрсетіп, жөн сілтейді.

Алма Қыраубаева кейінгі еңбектерінде осы бір өзі көтерген мәселелер төңірегінде ауқымды жұмыстар жасады. Оның айғағы – «Шығыстық қисса-дастандар» атты терең мазмұнды монографиясы. Бұл – шын мәніндегі күрделі ғылыми зерттеу еңбек. Онда XIX-XX ғасыр басында қазақ жазба әдебиетінде елеулі орын алған қисса жанрының түп төркініне барлау жасап, өзіне дейінгі осы тақырыпты игеруге біршама еңбек сіңірген ғалымдар Ө. Күмісбаев, Б. Әзібаевалармен кейде бір арнада табысып, кейде өз сағасының ағысымен адаспас айдынға шығып, әдебиетші ғалымдарды жаңалығы мол ғылыми жетістіктеріне тәнті етті. Мұндағы зерттеуші ұстанымының айқындығы – оның қазақ қисса-дастандарының шығу тегіне қарай топтастыруы. Мәселен, А. Қыраубаева кейбір ғалымдардың қиссаларды тақырыптық-идеялық тұрғыдан топтастыруымен келіспейтіндігін білдіріп, «Біз қисса-дастандарды «Тотынама» желілері, «Шахнама» желілері және орта азиялық желілер деп бөліп қарастырамыз» деген ойды ашық айтады. Сөйтіп, қисса-дастандардың қазақ топырағында пайда болуының арғы негізіне үңіліп, өзекті ғылыми мәселелердің өзіндік шешімін табады.

Еңбекте қазақ қисса-дастандарының шығыс дәстүрімен желілестігіне назар аудара отырып, оның өзіне тән төл ерекшелігін айқындайды. Олардың XX ғасыр басындағы жазба әдебиетке тигізген игі әсері нақтылана түседі. Мысалы, ғалымның «Қазақ қисса-дастандары XIX-XX ғасыр басында қалыптаса келіп, поэма, повесть, роман жанрының тууына негіз болғанын көреміз. Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасымы», Мұхаметжан Сералиннің «Гүлкәшимасы» – біздің ойымызша, қисса-дастандар дәстүрі бойынша жазылып, бірақ қиссалық тұрақты ерекшеліктерден ажырай бастаған дастандар. Тіпті, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлуы» да – ежелгі қиссалық дәстүрдің кей ерекшеліктерін сақтаған шығарма» деген орнықты ойлары болашақ ізденістерге жол ашқан, нақты ұсыныстар. Осы өміршең ойлардың талай зерттеу еңбектерге негіз болары даусыз.

Жоғарыда сөз болған бір-біріне сабақтас егіз еңбектің зерттеу нысаны бөлек-бөлек болғанымен, мақсаты бір зерттеулер. Ол мақсат – бүкіл түркі тектес халықтар әдебиетінің арғы бастау бұлағының бір екендігін дәлелдеу. Олардың әлемдік руханиятта алатын орнын, оған қосар үлесін айқындау. Алма Мүтәліпқызының түркі әлеміне, түркі тектес халықтар әдебиетіне арналған зерттеу еңбектері ірі түрколог ғалым ретінде есімін әлем жұртшылығына мәшһүр етті. Осының нақты көрінісі – ғалым Алма Қыраубаева зерттеу еңбектерінің Түркияда шыққан 30 томдық түркі тарихы мен мәдениетіне арналған энциклопедиялық жинаққа енуі.

Алма апай ұстаз, ғалым ғана емес, керемет өнерпаз да еді. Қайран ұстаздың тұла бойы тұнған өнер-тұғын. Кәдімгі «сегіз қырлы, бір сырлы» кісіңіздің өзі болатын. Өнер демекші, сан қырлы саңлақ талант, асыл ұстаздың әншілігі қандай еді десеңізші! Өзіне ғана тән күмбірі басым әсем даусымен домбыраға қосылып, сызылтып ән салғанда, әннің ажарын ашып, сөзін үлгілетіп жіберетін. Оған үлкен сахналардан да, кішігірім отырыстарда да тыңдағандар куәлік етері хақ. Алма ән салған сәтте әсем әуен жан баурап, жүректің қылын шертетін. «Құлақтан кіріп бойды алар» Алманың әншілігі «есті әншілік» еді. Ол кезінде өлең жазып, ақын да атанған. Кейіннен белгісіз себептермен қойып кетіпті. Алманың талантты ақын болғандығына еш күмән жоқ. Әсіресе оның студент кезінде жазып, халқымыздың ардақты ақыны Әбділда Тәжібаевпен ҚазМУ-де болған кездесуде оқыған «Менің тілім» атты өлеңін атақты ақынның аса жоғары бағалағанын тамсана еске алушылар әлі де кездеседі.

Алма апайдың кісілік келбеті – ә дегеннен-ақ көзге түсетін айрықша адами қасиеті болатын. Кісілігі бар кісінің ортасына сыйлы болары бесенеден белгілі. Өйткені кісілік – адамдық қасиеттің көрсеткіші. Алма апай ұстаған кісілік кілті – «сыйлы боламын десең, сыйлай біл». Ұстазымның кісілік сапасын анасының ақ сүтімен беріліп, ұлтының ұлы рухынан дарыған деп білем мен. Ол өз ұлтының дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын өте терең білетін, жан-тәнімен қадір тұтатын. Иеттілік, ізгілік атты асыл қасиеттер ол кісінің таным-түйсігімен тұтасып кеткені шындық еді. Ежелгі түркі жұртының ұлы ұстанымдары мен ислам арқылы әдет-ғұрпымызға сіңіп, діліміз бен дініміздің алтын діңгегіне айналған әйел бала тәрбиесінің ізгі тәлімдерін Алма апай сөз жүзінде де, күнделікті өмірдегі іс-әрекеті, өсиет өнегесі арқылы да үлгі ете білді.

Сондықтан да Алманың кісілігін шәкірттері ғана емес, үлкен ұстаздары да бағалай білген-ді. Сонау отызға жетер-жетпес жас кезінің өзінде ұстазымыз туралы алғашқы жылы лебізді белгілі тілші ғалым, «Маманиядай» мектеп салып, Жетісу өңіріне білім нұрын шашқан атақты Маманның немересі ұстазымыз Ыбырайым Мамановтан естіген едік. Ол кісі Алманың білімділігін қатты құрметтеп, көп мақтайтын. Ұстазымыз үшін біз мақтанатынбыз.

«Мен!» – дейтін ол Ыбырайым ағай, кейде оқып тұрған дәрісін бөліп жіберіп, өзіне тән тәкаппарлықпен сұқ саусағын төбеге қадап қойып, – «ана Алманы бес профессорға айырбастамаймын». Содан соң Алманы біраз мақтап алып, сабағын жалғастырып кететін. Алманың кім екенін білетін біз ол кім деп сұрап жатпаймыз, ол кісі бізге тәптіштеп жатпайды, іштей ұғысамыз. Иә, тілші ұстаз әдебиетші шәкіртін осылайша мақтан тұтатын. Біз ұстаз бен шәкірт арасындағы кісілік парықты жақсы түсінетінбіз. Түсінетінбіз де, сүйсінетінбіз.

Алма апайдың үлкен бір кісілік белгісі кейбіреулердей ұстаздарының мінін қазбай, жақсы қасиеттерін тізімдеп, түгендеп отырушы еді. Ол кісінің ұстаз туралы сөзінің бісмілласы «Мейірімді жүрегі талантты баланы іздеген Бейсенбай ағайдан (Кенжебаев), әр лекциясы кісілік сабағындай Зейнолла ағайдан (Қабдолов), айтқанынан «Мен – адалдық» деген азаматтық үн естілетін Тұрсынбек ағайдан (Кәкішев)» басталатын. Ұстаздары жайлы айтқанда шешіле сөйлеп, өткенге өзі де қызыға көз жіберіп, қызықтыра, еліте, еліктіре әңгімелейтін. Сан түрлі ұстаздар бойынан кемшілік термей, кемеңгерлік тану кісілік емей, не?!

Сол ұстаздар да жас Алманы да, кемеліне келген Алманы да аялай алды, кісілік келбетіне сүйсіне білді. Кейде еркелетіп өз шәкіртіне Тұрсекең де, Зекең де «Алма апай» деп қайырылатын. Мұның бер жағында әзілдің нышаны болғанымен, ар жағында Алмадай шәкірттің кісілігін құрметтеудің астары, Алмадай ұстазды бағалаудың әділ бағасы жатыр. Өзін құдірет көріп, қадір тұтқан ұстаздарың еркелетіп «Алма апай» деп жатса, одан өткен бақыт бар ма?! Қадірің артып, кісілігіңді ел танығаны да.

Алма Қыраубаевада мемлекеттік атақ-даңқ болған жоқ. Тіпті екінің бірі алып жатқан, мектепте ұзақ жыл сабақ бергеннің көбі қол жеткізген оқу ісінің үздігі атағы да бұйырмапты. Бірақ АЛМА – орден-медальсіз-ақ халқы батыр атандырған БАУЫРЖАН атасы секілді жылтыраған темір тақпай-ақ, ел-жұрты нағыз ғалым, ұлағатты ұстаз таныған, ел үшін, ұрпақ үшін ерінбей еңбек еткен қарапайым қазақ қызы ретінде бағаланды. Иә, ел құрметі оңай құт боп қонар нәрсе емес. Оған қажымас қайрат, талмас талап, ерен еңбекпен жетесің.

Алма апайдың өзге әйел затынан бір артықшылығы – қандай жағдайда болмасын жан тебіренісін сездіре бермейтін өр мінезділігі.

Иә, Алма-ұстаз үлкен-кішіге бірдей қадірлі, әмбеге ортақ асыл адам еді. Өкініштісі – Алатаудай арман аркалап, ұлты үшін атқарар ұлы мақсаттарының шыңына шыға алмай, дүниеден ерте озғаны. Көңілге демеу, жанға дәру болатыны – «шәкірт аңсаған Ұстаз» бейнесінің барша шәкірт жүрегінен мәңгілік орын тебері. Ғұмырын әр шәкірт бойындағы өзіндік жұмбақты шешуге арнаған ұлағатты ұстаздың ұрпаққа аманат тілегі мынау: «Өз халқын шексіз сүйетін, оны мақтаныш тұтып, салт-дәстүрін құрметтейтін өр рух – Салауаттылық, Парасаттылық, Білімділік». Ұлы ұстаз ұлағаты шәкірттер жадында мәңгілік жаңғырып тұрары сөзсіз! Өйткені Алма апай шәкірт жанының шырағданын жаққан Шырақсысы!!!

АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның шәкірті болғандардың басында бес елі бағы бар екен деп ойлаймын. Өйткені Алма Қыраубаева аттай 30 жыл еңбек еткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология, журналистика, шығыстану, тарих, заң факультеттеріндегі дайындық курстарында және қазақ әдебиетінің жалпы курсына, арнаулы курстарда оқыған қай студенттен де ол кісі туралы тек жақсы лебіз, табынарлық тәтті сөздерді естігенде еріксіз осындай ойға бөленесің. Тіпті оны көзі көрген, тілдескен, дәмдес болған, әріптес болған, курстас болған замандастарының да сөздерінен шынайы сезімді, ізгілікті ілтипатты, қылаусыз құрметті танып тәнті боласыз. Естіген бір басқа, көзбен көргеннің жөні бір бөлек емес пе?

Бірде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми кеңес жүріп жатты. Ол кезде институт директоры – академик Серік Қирабаев, мәжіліс жаңа басталып, ел орындарына отырып қойған. Сол кезде кешігіңкіреп Алма Қыраубаева ішке енді. Өзіне тән мәдениеттілігімен кешірім өтініп, шеттегі орындыққа отыра бергенде академик Серік ағамыздың: «Алма жоғары шыға ғой, жоғары», – деді өте бір өбектеген әкелік мейіріммен даусын көтеріп, қошемет көрсеткені көз алдымда. «Айналайын» деген сөзді айтпаса да, ресми жиналыс болғасын бүгіп қалса да жасының үлкендігіне, дәрежесінің биіктігіне қарамай орнынан ұшып тұрып орын беруге даяр ишаратты байқап таң қалдым. Өз басым басшы болғасын ба, әлде өзінің сұстылау көрінетін келбетінен бе, бұрын-сонды қыз балаларына мұндай мейірімділікпен жұмсақ мінез таныта қоймайтын мінезін байқайтындықтан ба, мен үшін үлкен жаңалық болып есімде қатты қалып қойыпты. Бейне бір әкенің қызына деген қалтқысыз қамқорлығындай әсер етті. Алма апайға деген жасы үлкеннің де, жасы кішінің де бір-бірінен айырғысыз айрықша құрметі мен қошеметін содан кейін де көп көрдім. Кез келгенді көзіне іліп, көңіл қоя қоймайтын Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев сынды сирек кездесер тұлғалардың да Алма апайдың тек білімдарлығы емес, адами қасиетіне, ерекше тәлімгерлік табиғатына, жеке басындағы бекзаттық болмысына, табиғатының тазалығы мен өр де ірі қасиеттеріне ілтипат ететініне куә болып жүрдік. Әдебиет әлемі мен ғылым жолындағы, әсіресе отбасылы қыз балалардың күрделі де қиын тағдырын кеше жүріп ер адамдар да бара қоймайтын қиын тақырыпқа баруының өзі неге тұрады? Тілі бөтен, оқылуы қиын көне мәтіндерді зерттеуге екінің бірі келісе бермесі аян. Ал жүрегінің түгі бар Алма апай қазақ қыздарының ішінен көпшілікке көмескі, бүкпе сырлары көп, бұрын-сонды қалам табы түсе қоймаған, тын түренге тұңғыш болып таңба тастады. Және қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан атамыздың «Батыр мен емес Бейсенбай Кенжебаев» дегеніндей ғылымдағы ұлы тұлға, қай салада өзінің рухани ерліктерімен ел есінде қалған ұлы ұстазының берген тақырыбына бүкіл саналы ғұмырын арнап, адал болып жүйелі зерттеді.

Көне әдеби ескерткіштерді ұлттық сөз өнері мен ғылымының түпкі тамыры ретінде танып, оның негізін жасаған, соларды насихаттап, зерттеуге жанкештілікпен еңбек еткен Алма Қыраубаеваның ұлтжандылығы тек ғылыми еңбектерінде ғана емес, оларды іс жүзінде жүзеге асырудағы әдіснамаларында, практикалық тәжірибелерінде, ұстаздық қызметінде де жақсы жемісін бергені көпшілікке жақсы таныс.

Алма апайдың ұстазы әрі әріптесі, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, сыншы, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің: «...Оны большевизмнің қызыл сөзімен шовинистік көзқараста насихаттағандар европацентристік түсінікпен нығырлай түсті де, азаматтық тарихымызды да, рухани байлығымыздың арнасы болып есептелетін мәдениет пен әдебиеттің тарихын, әріден бастауға саналы түрде тосқауыл қойылып жатқанда уыздай жас Алма Қыраубаеваның Бейкесеннің «жауынгер солдаттарының бірі болып» қатарға тұруы қазір айтуға ғана оңай», – деуі тегін емес (1-11 бет).

Ежелгі дәуір әдебиеті мен оның тарихын зерттеуді XIII-XV ғасыр ескерткіштері, оның түп тамырында жатқан түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналған әдеби жәдігерлерден іздеген көрнекті ғалым, қазақ әдебиетінің негізгі бастауларын бірнеше ғасырға кейінге шегерген ұлттық рухани ерліктің биік көрсеткішінің көшбасында тұрған дара тұлға, қаламгер қайраткер Бейсенбай Кенжебаевтың шоғырлы шәкірттерінің ішінде шолпан жұлдыздай болып жалғыз жарқырап, жалындап жасқанбай еңбек еткен Алма Қыраубаева, шынында да, ер адамға бергісіз батылдығы, өрлігі бар

дара тұлға-тын. XIII-XV ғасырлардағы түркі тілдес халықтар әдебиетін, оның ішінде көлемді көркем мәтінімен ерекшеленген «Рабғузи қиссалары» мен «Махаббатнама» атты әдеби ескерткіштерді қазақ тіліне тұңғыш рет тәржімалап, ғылыми айналымға ендіруі, шынында да, ғылыми ерлік болатын. XIII-XV ғасырлардағы әдеби жәдігерлерге тән идеялық-көркемдік, жанрлық, тақырыптық, көркем тілдік ерекшеліктерді зерттеп, жүйелеп, бір ізге түсірген ғалым А. Қыраубаева «Ғасырлар мұрасы» деген еңбегінде бұл ортақ мұралардағы қазақ әдебиетінің орнын төл тарихымызбен тамырластырып, сол кезеңдегі сөз өнерімен өзектес қарастырады. Әр дәуірдегі әдеби процесте сол замандағы тарихи-әлеуметтік жағдайларымен бірге уақыт талабына сай қолданылатын тілдік қолданыстар, сөздік қорлар, стильдік ерекшеліктер болуы табиғи заңдылық. Міне, осынау көне замандағы күрмеуі қиын, түсінуге тосқауылы мол, оқылуы қиын көркем мәтіндерді қазіргі қазақ тіліне тәржімалап, түсіндіріп, ондағы сөздік құндылықтардың құнарлылығын, мәтіндердің идеялық тарихи маңыздылығын жоғарыда аталған қисса жанрындағы жазбалар мәтіндерінен нақты мысалдар ала отырып, талдауы да әдебиетші маманның кәсіби білгірлігін дәлелдесе керек-ті.

Ежелден-ақ егемендікке ие болып, төрткүл дүниені билеген түркі қағанатының жерін қызғыштай қорып, күндіз күлмеген, түнде ұйықтамаған, кең байтақ жерін аттан түспей, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, азаттықты ансаған армандарын алғашқы жазбаларында-ақ ұрпақтарына аманат етіп кеткенін оқырман қауым көрнекті ғалым зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, профессор *Алма Мұтәліпқызы Қыраубаеваның* «Ғасырлар мұрасы» атты еңбегінен жақсы біледі.

Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Алма Қыраубаева өз еңбектерінде түркі тектес халықтардың бұдан 2500 жыл бұрын 26 әріптен тұратын өз әліпбиі мен түркілердің V-VIII ғасырларда «Түрік қағанаты» деген мемлекеті болғанын, сол кезеңде өмір сүрген Білге қаған мен Тоныкөк бабамыздың: – «Еліміз, қайтсе тәуелсіз болады деп күндіз отырмағаны, түнде ұйықтамағаны» жөніндегі жыр мәтіндерін мақтанышпен дәріптеп ғылыми айналымға ендірген.

«Адамзат мәдениетінің қай дәуірін алсақ та арғы-бергі заманнан, тарихи оқиғалардан, қоғамдық құбылыстардан, уақыттан өзінше бөлек тұйықталып, олармен ешбір байланыссыз тылсым сыр болып жатқан өзгеше мәдениет болмаған. Ендеше, Алтын Орда дәуіріндегі – XIII-XIV ғасырлардағы түркі мәдениетін, әдебиетін, оның көнеден жалғасып келе жатқан негізгі арқауын, алыс-жақын елдермен жан-жақты байланыс, қарым-қатынас арқылы баю жолдарын, уақыт ағымы тудырған ішкі қоғамдық жағдайларын ескермей, кең ауқыммен талдамай түсіну де мүмкін емес», – дейді зерттеуші (2-3 бет).

Көне дүние қандай жағдайда болмасын, келешек ұрпақтар үшін аса құнарлы қазық, рухани негіз болып қала берері хақ. Өйткені өткенсіз келешек, тарихсыз болашақ жоқ. Алайда кеңестік идеология түбі бір түркі халықтарының тарихын сызып тастап, әлемді бірнеше ғасыр билеген өркениетін санадан сызбақ болды. Бірақ Мұхтар Әуезов айтқандай, «тақыр жерде ештеңе өнбесі аян». Тек ежелгі дәуір әдебиетін зерттеп, тарихтың тың беттерін ашқан санаулы ғалымдарымыз ғана қазақтың тарихы кешегі кеңестік дәуірден емес көне дәуірден басталатынын нақты әдеби жәдігерлер арқылы дәлелдеді. Олар Бейсенбай Кенжебаевтың ғылыми жобасын жалғастырушы шәкірттері ұлтжанды ғалымдар Мұхтар Мағауин, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева, т.б. болды.

Көне дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым Алма Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасының» бірінші тарауы «Уақыт бедері» деп аталады. Мұнда Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, төменгі Еділ жағалауында ежелден өмір сүріп келген түркі халықтарының қоғамдық тіршілігінде, тарихында XIII-XIV ғасырда үлкен әлеуметтік өзгеріс болғанын, оларды Шыңғысхан басқарған татар-моңғол шапқыншылары басып алып билегенін, Алтын Орда мемлекеті құрылғанын айта келіп, XIII ғасырдың басында моңғол тайпаларының бірінен шыққан Есүхей ұлы Темүжин (1155-1227) көп жасақ жинап, әлемді бағындырып алғанын, оны елдің «Шыңғысхан» деп атағанын, ол туралы толық деректер «Құпия шежіреде» айтылатынын нақты деректер арқылы талдап, танытады.

Дешті Қыпшақтың қалаларында сауда, өнеркәсіп, олардың өнімдерін өңдеуге арналған құралдарды жасайтын, металл өнімдерін жасайтын шеберханалар болғанын, тігіншілік бұйымдар, жібек мата, алтын-күміс, ыдыс-аяқтар сатылғанын, тері өңдеп, қару-жарақ дайындалғанын аса бір мақтаныш сезіммен тізбелеп айтады:

Бұрын бұл бейбіт, еркін ел еді,
Білімділер мекен еткен жер еді.
Мұнан «Нығаяны» жазған ақын шыққан,
Мұнан «Қидаяны» жеңілдеткен ғалым шыққан,

Егер бізге қайта туған нәсіп болса,
Біз осы Сығанақта ғана туар едік, –

деп сол оқиғаларды бейнелеп, тарихта қалдырған көне жазбалардың көркемдік құндылықтарын кәсіби маман ретінде бағалайды (3-10 бет).

Өз замандастарынан батылы бара бермейтін күрделі тақырыпқа өзінің ғылымға деген құштарлығының, ұлттық сөз өнеріне деген өлшеусіз сүйіспеншілігінің арқасында тереңдей барып, оның құпиясы мол қатпарларын қызыға зерттеген зерделі зерттеуші Алма Қыраубаева күрмеуі қиын көркем мәтіндерді, ондағы әрбір тарихи деректерді батыл талдайды. Алтын Орданың батыс өлкесі мен Қытай, Моңғолия арасында созылып жатқан сауда керуендерінің жолында салынған Сайрам, Сүткент, Үлкент, Жент, Баршынкент қалалары болғанын, Отырарда керамика, қолөнер бұйымдары жасалғанын, қазба кезінде табылған 16 түрлі қолдан жасалған ыдыстың ою-өрнегі таза, сапасы жоғары болып шыққанын жан-жақты ғылыми теориялық тұрғыдан талдап, архитектуралық өнердің, зергерлік шеберліктің биік өркениеті осы далада дамығанын нақты тарихи фактілер мен әдеби жәдігерлерде баяндалған деректер арқылы айқындап, ақиқатқа көз жеткіздіреді. Зерттеуші еңбегінің ғылыми құндылығы мен ерекшелігі, мазмұн мәні де осы қасиеттерінде жатса керек. Қазақ даласындағы кезеңдік керуендерде дәуірдің дүлей дауылдарынан көміліп көзге көріне қоймаған ескі қорған, көне қалалар орны мен түрлі сипаттағы құрылыс, мешіт-медреселердің болғандығын, олардың орны кейінгі жылдары кәсіби мамандардың көмегімен жүргізілген археологиялық зерттеу кезінде табылғандығын өз еңбегінде ерекше бір ұлтжандылық сезіммен, қуанышпен егжей-тегжейлі баяндайды. Өз ұлтын сүйген, өз мамандығына адал, аяулы ғалым зерттеуіне нысана болған көне дәуірдегі әрбір жәдігерді жанына жақын тұтып, шынайы кәсіби білгірлікпен бағалап, тіпті әрбір заттық детальдарды дәріптеп, ұлтының ұлылығын ұлықтайды, бабаларының тектілігіне тәнті болып тағзым етеді. Ата-бабаларымыздан келе жатқан тегіміздегі тазалық, адалдық, асқақтық, бекзаттық болмысымыздың рухани құнарын да осы әдеби жәдігерлеріміздегі көркемдік құндылықтардан табады, солардан таратып талдап, бүгінгі ұрпақ санасына отансүйгіштік, ұлттық идеяның дәнін себеді.

Олай болса, тағы да тарихқа жүгінейік. Пейілі мен жері кең, дархан даладағы байлық кезінде тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті десек те, сол ұлтарактай жер үшін қаншама қаһарман ұл-қыздарымыздың қаны төгілгені белгілі. Қаншама қазақтың қазба байлықтары, қолөнерлері, асыл бұйымдары Ұлы Жібек жолындағы елдердің көпестерінде кеткені де аян. Өйткені Алтын Орда мемлекетінің экономикалық мәдени дәрежесі, ең алдымен, саудаға байланысты болды. Осы орайда, орта ғасыр мұраларын зерттеуші ғалым, атақты түрколог В.В. Бартольд: «Моңғолия империясының құрылуына Моңғолия мен Қытай арасындағы сауда қатынасын қол астында ұстаған мұсылман саудагерлерінің қызметі әсер етті», – деген болатын (4- 230 с.).

Шындығында, сауда сол кезеңдегі барлық қарым-қатынастың, мәдени өрлеудің, экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық өсудің, өркендеудің дәнекері болды. Мәселен, Орта Азия тарихы үшін таптырмайтын естелік жазбалар қалдырған 1246 жылы Қарақорымдағы Күйік ханға барған папа IV Иннокентийдің елшісі Платон Карпини, 1255 жылы Моңғолияда болған Людовиктің елшісі Рубрук, сондай-ақ Ибн Батута, Цегалотти Алтын Ордаға келгендегі жазбалары талай ғалымдарды тамсандырған. Солардың естеліктері арқылы қазақ даласында қаншама тарихи қалалар болғандығын, өркениет өріс алғандығын көзі қарақты елдер мойындай бастады.

Орта Азияны мекендеген халықтар ертеден-ақ көршілес елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасап тұрған еді. Бұл байланыс Алтын Орда дәуірінде одан да әрмен дамып, Византия, Иран, Русь, Египет, Персия, т.б. елдермен тығыз байланыс жасалып, сауда қызған, мәдени-әдеби алмасулар болған еді. Бұл кезең жер жүзіндегі мәдениетте Қайта өрлеу (Ренессанс) бағыты үстемдік алып, елдер арасындағы мәдени байланыстар нығайған сәттері болды. Оған XIII-XIV ғасырлардағы түркі әдебиетінің өсуі, оның ірі өкілдері әл-Фараби, Сағди, Фирдоуси, Низами, Юсуф Хас Хаджип, Ахмед Яссауи, т.б. сынды дәуір ғұламаларының еңбектері куә.

X ғасырдағы Шығыс Ренессансы Орта Азиядағы Қайта өрлеуге бетбұрыс жасап, әл-Фараби-дей дананы дайындады. Әл-Фараби көне грек философтары мен математиктерінің еңбектерін аударып, қазақ даласына даналықтың дәнін шашты, ғылым әкелді, өнерді өрістетуге өріс ашты, барлық ғылым саласына жарқын жол салды. Атап айтар болсақ, араб, парсы, грек тілдерін еркін меңгерген ол Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», «Аналитика», Евклидтің 1 және 5-ші кітаптарына, Порфирийдің «Философияға кіріспе» атты кітабына, Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме жазып, грек ойшылдарының философиялық пікірлерін дамытып, Орта Азияға таратты. Алма Қыраубаева осы ұлы тұлғалардың еңбектерін, халық үшін

жасаған зор жетістіктерін талдау арқылы олардың ұлтқа жасаған ұлы істерін кеңінен насихаттайды. Оның әрбір ғылыми жетістіктерінің астарында «елім қайтсе еркін болады, еркін болу үшін, ел билеп, өзгеге үстемдік жүргізбеу үшін ұлтымыздың әрбір ұрпағы білімді болса ешкімді басындырмаймыз» деген ұлы ой, ұлы мұрат жатқанын айқын білеміз. Ұлттық рухты ұрпаққа есейгенде емес, бесігінде беру керек екендігін Ана ретінде, Ғалым ретінде жақсы сезінген ол кезінде балабақшадағы бүлдіршіндерге арнап тәрбиелік-танымдық кітап жазсам деп армандауы, арнайы гуманитарлық білім беретін мектеп ашуы (Қаскелеңнен), сөйтіп, өзінің ұлттық жобасын ұсынып, тәрбиенің, білімнің ұлттық құндылықтарын насихаттап, қысқа өмірінің бәрін осы бағытқа арнағаны да мәлім. Оның әрбір еңбегінің әрбір жолынан ұлттық идеологияның иісі аңқып тұратын еді.

Әл-Фарабидің философия, музыка, астрономия, математика, лингвистика, поэзия т.б. жайлы еңбектерінің Ренессанстың дәуірлеген кезінде көне грек ғылымына шөліркеген Батыс елдерінің өзі антиканы оқу үшін, ең алдымен, әл-Фарабидің арабша аудармалары мен түсініктерін оқу арқылы ғана игере алатынын айтуының өзі ішкі бір түйсікпен, ғылыми болжаммен, ұлтжандылық сезіммен ұлы өркениет біздің түркі мәдениетінде қалыптасып, Батысқа бет алғанын болжатады. Осындай батыл болжам, даусыз дәлел айтудың өзі ол кезде ғылыми ұстанымына берік, ішкі рухани тірегі қуатты қайраткер ғалымдарға ғана тән қасиет болатын.

Тағы бір жерде: «Ол да (Фарабидің ізбасар шәкірті – Әбу Әли ибн Синаны айтып отыр Г.П.) Евклид, Птоломей шығармалары арқылы геометрияны, астрономияны оқып, грек дәрігерлері Гиппократ, Галендер арқылы медицина сырына үңіледі. Фараби түсініктемелері бойынша Аристотельді талдайды.

Ибн Сина еңбектері Шығыс пен Батысқа түгел жайылып, ғылым тарихына үлкен үлес қосқан» (5-13 бет), – деп түркіден шыққан тұңғыш ғұламалардың әр саладағы еңбектерін талдау арқылы ұлттық ғылымның бастауларына барып, дала өркениетінің еш елден кем емес, керісінше, ілгері екендігін қайталап, еске салып отырады. Шығыс Ренессансының XV ғасырдағы көрнекті өкілдерінің, Әлішер Науаи, Әбурайхан Бируни, т.б. шығармаларын талдай отырып, түркінің мәдени дүниесі туралы тың ойлар, жаңа пайымдаулар, ғылыми тұжырымдарын алға тартады. Мәселен, «Ренессанс мәдениетінің негізгі сипаты: адам ақыл-ойының діни догмадан қашып, еркіндікке ұмтылуы, гуманистік көзқарасқа келуі, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты түсінуге ұмтылыс, ғылым мен өнердің дамуы, қарапайым халық тілін құрметтеу, оларға түсінікті тілде шығармалар жазу еді. Италияда Данте, шығыста Науаи халықтың қарапайым тілінде трактаттар жазып, өздері сол тілде әдеби мұралар қалдырған», – деген сөздерінде аса құнды ой, парасатты пайымдау, ұлтжандылық сезім жатыр (6-14 бет). Шынында да, сіздің жазғаныңыз өз ұлтыңызға қызмет етпесе, халқыңызға түсінікті болмаса, оның рухани дүниесіне айналмаса ондай еңбектен елге келіп-кетер не бар дейсіз?!

«Италия Ренессансын зерттеген ғалым А.К. Джигелов: «Қайта өрлеу мәдениетінің лабораториясы – қала... Қайта өрлеу идеясына қала мәдениеті ғана тұғыр бола алады. Сондықтан қайта өрлеуді өзі өскен ортасынан, қаладан бөліп алуға, қайта өрлеуді тек қана идеялардың эволюциясымен тексеріп, ал оны тудырған қоғамдық себеп-салдарды қалдырып қоюға болмайды», – деген сөзіне сүйенсек, дала өркениетін дамытуда қала мәдениетінің алар орны ерекше. Сол қала мәдениетінің XIV ғасырда Алтын Орда мемлекетінде болғандығын, оның әдебиет, сәулет, өнер т.б. салалардың жан-жақты дамуына әсер еткенін, түркі халықтарының өзінше өркениетті игеріп, өсіп-жетілуіне жағдай жасағаны жөніндегі зерттеушінің ғылыми дәйектері де дәлелді. Мәдениет пен әдебиетті де сол жерді мекендеген түркі халықтары сол мемлекеттік тілде жасағанын да аса бір сүйіспеншілікпен ұлттық рухты биіктете отырып баяндайды. Кәсіби әдебиетші: «Бұл дәуірдегі көркем әдебиет, негізінен, екі түрлі. Біріншісі, аударма-нәзіралық шығармалар: Құтбаның «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сараидың «Гүлстан», Әлидің «Қисса Жүсібі», Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» кітабы, Махмуд бин Алидің «Неһдж ул Фарадис» («Жұмакқа апарар жол»), Хусам Катибтың «Жум-жума» кітабы, тағы басқалар. Екіншісі – тыңтума әдебиет: «Махаббатнама», – дейді (8-15 бет).

Бұл аталған көне жәдігерлер ұрпағымен бірге ұлтын да тәрбиелей білген мұра ретінде марапатталады. Осынау ұлтымызды ұлықтауда ұлы істер, мәдени, ғылыми қызметтер атқарған көне мұралардың ескі көшірме қолжазбалары талай ғалымдардың назарын аударып, ғылыми факт ретінде қызығушылығын тудырғаны арнайы сөз болады. Талай ізденістерге түрткі болған ежелгі дәуір ескерткіштерін зерделеудегі Алма Қыраубаеваның еңбектері ұлтын сүйген ұлы істер атқара алатынын айғақсыз дәлелдесе керек-ті.

Ал, «Аударма – нәзира әдебиет» деген екінші тарауында «Рабғузи киссаларына» тоқтала отырып, XIII-XIV ғасырда туған шығармалардың біркатары аудармаға жақындау болса, бір парасы нәзираға жақын деген ғылыми пікірлерін зерттеуші нақты көркем мәтіндермен дәйектей отырып, дәлелдейді. Және сол ғасырдағы түркі тектес халықтардың әдебиетіндегі негізгі бағыттың басты

мақсаты – «...өткенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына ұқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз тілінде қайта сөйлетуге ұмтылыс, кейде одан да асырып жазып, айрықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде әл-Фараби ден қойған. Қайта өрлеудің сол дәуірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді», – деп атап көрсетеді (9- 17 б.).

Зерттеуші сол кездің өзінде-ақ Шығыс мәдениетінің биік болғанын, оның ірі өкілдерінің еңбектері тек түркі тектес халықтардың ғана емес бүкіл Батыс, әлем өркениетіне өзіндік үлес қосып, ортақ рухани жетістіктерге жеткендігін үлкен құрмет, ұлттық құндылық ретінде қарап, дәріптей білген. Бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, бір ұлттың, түркітекес халықтардың рухани мұрасы, әмбебап құндылығы бола білген «Рабғузи қиссаларын» жанрлық, көркемдік, мағыналық тұрғыдан талдай отырып, бірнеше ұлттың ұрпақтарын талай ғасырлар бойы рухани байлыққа баулып, әсемдікке, адалдыққа, тазалыққа, білімге құштарлыққа тәрбиелей білген мұра ретінде марапаттайды, зерттеп, зерделейді. Бұл мұраның ескі көшірме қолжазбалары Лондондағы Британия музейінің кітапханасында, Ленинградтағы М.Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапхана-сында сақталғанын, оны 1859 жылы белгілі түрколог Н.И. Ильминский тауып, Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан шығарып, ғылыми айналымға ендіргені жөніндегі ғылыми мәліметтері де маңызды. Өзі миссионерлік пиғылдағы ғалым болса да мұндай әлемге әйгілі әдеби құндылықтың тарихи мәнін ол жоғары бағалауға, мойындауға тура келгендігі ғылыми факт. Ғылыми дерек ретінде осыларды негізге алған зерттеуші Алма Мүтәліпқызы бұл ескерткіштің қазақ әдебиеттану ғылымында бірінші рет 1967 жылы профессор Б. Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналып шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматиясына енгізілгенін, оның кейін Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) деген оқулықтарда ескерткіштің жазылу тарихы, әртүрлі көшірмелері жайында бірқатар мәліметтер берілгенінен көптеген ғылыми ақпараттар береді.

Рабғузидың «Қиссалар жинағындағы» әрбір діни әңгімелердің сюжетіне тоқталып, оларды баяндау арқылы көркемдігіне, жазылу стиліне талдау жасаған ғалым түп тамыры Қорқыт, Асан қайғы заманында жатқан шежіре –шешендік мектебі, жыраулық өнер, сонау V-VIII ғасырлардағы айшықты ажарлы сөздер, образды бейнелеулердің бастауы деп орынды көрсеткен. Көне дәуір жәдігерлерін олардағы нақты көркем мәтіндер, үзінділер арқылы ғылыми тұрғыдан талдап, тұжырымдайды.

Ескі кітаптардан білетініміздей, көзі ашық, сауатты кісілердің ежелгі әдеби кітаптарды, естіген әңгімелерін үнемі еске сақтап, өз ортасына таратып, насихаттап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыруды міндеті санағаны мәлім. Содан да болар, бұл көне әдеби мұралардың еш кедергіге кезікпей талай ғасыр бойы елден-елге, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырғаны жөнінде ғалым былай дейді: «Халық көзі, халық даналығы әр уақытта асылды ғана таңдап ала біледі. Көңілге қонбайтын, бұл дүниенің шындығынан көңілді адастырып, дүниеауи шын рақат, шын қызықтан безіндіретін нәрселер толқын бетіндегі әлсіз көпіршіктер тәрізді қалып қойса, жарқыраған асыл меруеттер тұңғыық түбіне шөгіп, мың құбылған күйінде көз жауын тартып, халық кәдесіне жарамақ» (10-57 бет).

Шындығына келгенде, автор айтып отырғандай, ешқандай саясатқа көнбейтін, заманына ілеспейтін нағыз ұлттық идея, ұлттық мүдде мен мақсат осы ұлттық құндылықтарда жатыр емес пе?

Екі-үш тілді білу – XII-XIV ғасыр ақындарының көпшілігіне ортақ қасиет болғанымен, олар түркі тектес халықтарға ортақ түркі тілдерінде сөйлеп, туынды жазуға дағдыланған. Оны белгілі ғалым Е.Э. Бертельстің: «IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып, XI ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал көркем әдебиетте үшінші тіл – түркі тілдері қосылды. Бірақ бұлар үш түрлі әдебиет те емес, үш түрлі тіл байлығын пайдаланған бір ғана әдебиет», – деген пікірі дәлелдесе керек (11-25 стр). Олай болса, әр ұлттың өз ана тілі – мемлекеттік тілі мәртебесін атқарып, сол ұлттың ұлы құндылықтары сақталар, марапатталар тілі болып қалары хақ.

Ғалым осы орайдағы ойын былайша жеткізеді: «...XV ғасырға дейін басқа да түркі тектес ру-тайпалардың ортақ ошағында болған ежелгі жазба әдебиетіміздің дәстүрі XV ғасырдан кейін қайда кетті, сақталды ма, болмаса алыстағы архаизмге айналып, кейінгі ұлттық төл әдебиетімізге өгей болып қалды ма? Бұл мәселелердің егжей-тегжейлі зерттелуі түркі әдебиетінің қазақтың төл әдебиетімен дәстүрлі тамырластығын дәлелдей түспек» (12-76 бет).

Осы мақсатты мұрат тұтқан зерттеуші қандай да қиындыққа қайсарлықпен өз тақырыбына деген адалдықпен алға ұмтылып, ешкім оқи алмайтын бөгде тілдерді үйренуге, тылсым бейтаныс жәдігерлермен танысып, талдауға мәжбүр болды. Табанды еңбек далаға кеткен жоқ, өз нәтижесін беріп, зерттеушінің іздеген «Ғасырлар мұрасы» ғылыми айналымға еніп, талай тарихтың, ғылыми тұжырымдардың таптаурын тұжырымдарын бұзып, ұлттық ғылымға тың түрен салуға түрткі болды.

Көрнекті ғалым Алма Қыраубаеваның ежелгі әдебиет үлгілерін зерттеу еңбектеріндегі негізгі көркемдік идеяның өзі ұлттық идеяны көксегені, соны ұлықтағаны анық. Өз тарихын, оның інжу-маржандарының ең асылдарын зерттеп, талдай отырып, сан ұрпақтың санасына ұлттық мақтаныш сезімдерін сыйлап, ұлттық идеяны ұлықтай білген ұлтжанды ғалымның еңбегін қай ұрпақ та қадірлей білері, соған тағзым етері хақ.

Ұлтым деп өткен ұстаздың ұлағаты ұмытылмақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кәкішев Т. Еңбегімен елеулі. – Алматы, 2007. – 206 б. – 11-б.
2. Қыраубаева А. Уақыт бедері // Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б. – 12 б. Сілтемелер осы еңбектен: 3-10 бет, 5-13 бет, 6-14 бет, 8-15 бет, 9-17 бет, 10-57 бет, 12-76 бет.
3. Бартольд В.В. Сочинения. Том III. – М., 1965. – С. 230.
4. Джигелов А.К. Начало Итальянского Возрождения. – М., 1925. – С. 7.
5. Бертельс Е.Б. // Новый мир. – 1939. – №7. – 25 с.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ШЫРАҚШЫСЫ

XX ғасырдың 80-жылдары мектеп бітірген біздің ұрпақ ең бақытты ұрпақ-ау деп ойлаймын. Ол тұста мектеп бітіргендердің бәрі жаппай жоғары оқу орнына түсем деп әуре болмайтын. Көбі ауылда қалып, шаруашылық кәсіптер игеретін. Өз біліміне сенгендер ғана институт, университеттерді жағалайтын. Арманшыл жастар бүгінгідей Американы армандамайтын, ең ұлы арман Алматы, әрі кетсе Мәскеу еді. Бірақ оқуға түсу оңай емес. Біз де 1981 жылы мектеп бітіріп, арман қуып Ақжайықтан Алматыға аттандық. Сол кездегі С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне құжат тапсырдық. Дегенмен сол жылы да, келесі жылы да жолымыз болмады. Өз тұстастарымызбен әскерге кеттік. 1984 жылы күзде әскерден келіп, жығылған күреске тоймас дегендей ару қала, арман қала Алматыға аттандық. Қазақ университетінің дайындық бөліміне құжат тапсырып, белгіленген күні «бісміләмізді» айтып емтиханға кірдік. Үш емтиханды бір күнде тапсырады екенбіз. Үлкен аудиторияда үш үстелде үш мұғалім емтихан алып жатыр екен. Бірінші жылы жүзді ағайдың алдына барып қазақ тілінен емтихан тапсырып, қажетті «плюсімді» алдым. Сол кезде баға орынан плюс // минус қояды екен. Қара торы, егде жастағы апайдың алдына барып тарихтан билет суырып, жауабымды айтып қажетті плюсімді тағы да алдым. Сосын бидай өнді, көркем келіншектің алдына барып, қазақ әдебиетінен билет суырып, бірден жауап берейінші дедім батырсынып. Апай: «Әскерден келгендер батыр болады», – деп күлімдеп, айта ғой деді. Өзім жақсы көріп оқитын Бейімбет Майлиннің шығармашылығынан келген екен сұрақ. Бірақ апай әртүрлі сұрақтар қойып, жылы шыраймен мені әңгімеге тартып, бар білгенімді айтуға жетеледі. Апай мейірімді жүзімен ықыластана тыңдаған сайын өзімше білгішсініп, шешенсіп еркінсіп сөйлеп жатырмын. Жауап беріп болған соң баға қоярда апай ойланып қалды. Сол кезде есіктен дайындық курсының деканы, қызыл галстукты ағай «емтихандарың қалай өтіп жатыр» деп кіріп келді. Апай әлгі кісінің атын атап, «мына балаға плюс қойғым келіп отыр», – деді мені нұсқап. «Өзіңіз білесіз, қоя беріңіз» деді әлгі кісі (Кейін білдім, әскерден келгендерге бағаны көтеріп қоя бермендер деген жазылмаған бұйрықтар бар екен). Келесі күні емтихан қорытындысын қарасам, үш плюс алғандар көп емес екен. Сөйтіп, осындай жақсы жандардың арқасында арман болған оқуға түстік. Қазақ тілінен емтихан алған профессор Б. Сағындықұлы екен, тарихтан емтихан алған Муритова апай (атын ұмыттым), қазақ әдебиетінен емтихан алған Алма Қыраубаева екен. Кейін студенттік аудиторияда осы ұстаздардан дәріс тыңдап, тәлім-тәрбие алдық.

Әсіресе дайындық курсының маңызы біз үшін ерекше. Бұл курсқа кілең әскерден, құрылыстан, шаруашылықтан келген сайдың тасындай жігіттер мен ересек қыздар жиналып қалыппыз. Партаға отыруды ұмытып қалған біздерді сабаққа ұйытқан Алма апай болды. Ол кісінің сабағын асыға күтетінбіз. Әр сабағы қызықты өтетін. Бәріміздің қамқор анамыздай болған апайға еркелеп, ойымызды еркін айтатынбыз. Апай қашан да ақжарқын, жүзінен нұр төгіліп, мейірімін шашып жүреді. Шәкірт бойынан бір ерекшелік тапса, таланттың ұшқынын көрсе, жерден жеті қоян тапқандай қуанады. Өзіңді мақтап қанатыңа қанат бітіреді, қиялыңа қиял қосады. «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады», – дегендей апайдың алдында бәріміз шабыттанып, өзімізді шетімізден ақын, ғалым, жазушы, керемет білгір мұғалім сияқты сезініп кетер едік... Менің өлең жаттау қабілетім жақсы екенін көріп, сабақтың соңында үнемі өлең оқытқызады. Бір күні Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын түгел жатқа айтып, апайдан мақтау есітіп, мәз болдым. Оқуға түсуіме себепші болған Алма апай, оқу бітіруіме де себепкер болды. Тарихи грамматика пәнінен дәріс оқыған белгілі ғалым, профессор М. Томанов: «Сен бала менен диплом жазасың», – деп белгілеп қойған. Ағай ұсынған күрделі тақырыптың қызығына кіріп диплом жазуды бастап кеткен едік. Ойда жоқта профессор М. Томанов қайтыс болып, ғылыми жетекшісіз қалдым. Ол кісі ұсынған күрделі тақырыпқа басқа ұстаздардың жетекшілік жасауға құлқы жоқ. Жан қысылғасын өзіміздің Алма апайға барып жағдайымды айттым. Апай өзінің кафедрасынан басқа тақырыпты бекітіп, мәселені оңынан шешті. Алма апайдың жетекшілігімен Т. Ізтілеуов шығармашылығы бойынша диплом жұмысын сәтті қорғап шықтым. 1990 жылы аман-есен университет бітірдік. Бұрын ауылға мұғалім болып кететін университет түлектері, әсіресе біздің курстастардың дені жоғары оқу орындары мен ғылыми институттарға жолдама алды. 1985 жылғы қайта құру саясаты, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, Кеңес Одағының ыдырауы қоғамға

демократиялық өзгерістер әкелген еді. Алматыда қазақ мектептері ашыла бастаса, университеттерде қазақ бөлімдері көбейді. 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Біз де ел қатарлы жоғары оқу орнына оқытушы болып жұмысқа кірістік. Осы ұстаздық жолда университетте тәлім берген ұстаздарымыздың әр сөзі, әр сабағы бізге азық болды. Әсіресе Алма апайдың шәкіртті баурап алатын, сөйлемейтін баланы сөйлеткізетін, шәкірттің бойына сенім ұялататын әдістерін жиі ескеріп отырамыз.

Қабырғалы қазақ елінің егемен ел болғанына да 30 жылдың жүзі болды, бірақ ортамызда Алма апай жоқ. Өмір, тағдыр, зырлаған уақыт. Дегенмен апайдың жарқын бейнесі әр шәкірттің жүрегінде, жазған еңбектері ұлтқа қызмет етуде. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді деген шындық екен.

Тәуелсіздік жылдардағы басты жетістіктің бірі гуманитарлық ғылымдардың ұлттық негізде дамуы. Яғни ұлт тарихы, тіл, әдебиет, педагогика салалары бұрынғы қасаң қағидалардан арылып, еркін зерттеулерге бой ұрды. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», – деді. Ақиқат тұжырым. Сонымен қатар келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз деп сауал қойды. Әрине, қандай елді, қандай құндылықтарды жас ұрпақтың қолына тапсыра аламыз деген сұрақ ұлтжанды әр азаматты ойлантары хақ. Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсы?! (М.Әуезов). Қазақ қазақ болғалы ұлт ретінде өзінің ұлттық тәрбиесін қалыптастырды. Ұлы өссе ұлы жақсымен жақын болып, қызы өссе қызы жақсымен сыйлас болып, ата-бабамыз қандай қиын кезеңдерде де ардан безбейтін, ала жіпті аттамайтын ұрпақ өсірді. Ата көрген оқ жонды, шеше көрген тон пішті. Қазір іргелі ел болып отырғанымыз, сол дала өркениетін бойына сіңірген, ұлттық рух пен дала мәдениетін бойына сақтаған, жусанның иісі бұрқырап жүрген қазыналы қарттар мен ақжаулықты аналардың, оның ішінде Алма апай сияқты ұстаздардың арқасы.

Еліміз тәуелсіздік алған тұста ұлттық тәрбие, ұлттық мектеп мәселесін көтерген бірден-бір ғалым, ф.ғ.д., профессор Алма Қыраубаева болды. Ол бұл идеяны жүзеге асыру үшін де күресті, тұңғыш ұлттық мектеп ашты. Кеңестік қызыл идеология сіңіп қалған білім беру ісіне өзгеріс енгізуді, жаңғыртуды мақсат етті. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі», – деген ұстанымдарын Алма апай елден бұрын түсінді. Қазақ ұлтының дербес білім беру жүйесі болу керек екенін ұғынған ұстаз-ғалым ұлы іске бел шешіп кірісті. Әлемдік тарихта дербес білім беру жүйесінен айырылу кейбір ұлттық мемлекеттердің жойылуына әкеп соққан. Оған тарих куә. Елдің болашағы, оның оқу жүйесіне тікелей байланысты.

Ұстаздың педагогика саласындағы еңбектері, өзіндік тұжырымдары жаңа буынды тәрбиелеуде, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда ерекше жаңашылдығымен, ұлттық тәрбиеге табан тіреуімен негізделеді. Алма апай «Бізде қазақ мектебі бар, бірақ ұлттық мектеп жасалған жоқ. Ол үшін уақыт керек», – дей отырып, тәуекел жолға түсіп, 1993 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы Жандосов ауылында Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебін ашты. Осы мектеп үш жыл жұмыс істеді. «Сабақтардың сабағы – әдебиет пен тіл», – деп ұлттық мәдениетті әдебиет пен тіл арқылы үйретуге, шәкірттің санасын сергітуге арналған бағдарламалар құрды. Бұл тұста апайдың идеялары ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымдарымен сабақтас. А. Байтұрсынұлы XX ғасыр басында жан айқайын білдірген: «...әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Ұлт ұстазының осы сөздерін қазіргі ана тілінің уызына жарымағандар да, жарығандар да әлі түсінбей жүрген сияқтымыз. Ал Алма апай бұл мәселені де елден ерек түсініп, одан әрі дамытты. 1-сыныптан бастап, 11-сыныпты аяқтаған қазақ баласы қандай азамат болып қалыптасу керек деген сұраққа жауап іздеді. Ол «Ең бастысы, қазақ баласын жасықтықтан құтқару керек. Оны құтқаратын кез – мектеп жасы... Мемлекеттік педагогика одан құтқара алмайды. Өйткені ол – авторитарлық педагогика. Менің пайымдауымша, құтқаратын – мұғалім. Оның үш түрі бар. Олар:

1) Өз сабағын білетін, сол арқылы балаға білдіретін;

2) Баланы қызықтыра алатын, соңынан ерте алатын;

3) Рухтандырушы мұғалім. Ұлттық мектепке «рухтандырушы» мұғалім қажет», – деп ұстанымдарын ашық білдірді.

«Ана сүтін дене үшін табиғат әзірлейді, рух үшін оны біздің мұғалімдеріміз әзірлейді (Г. Лихтенберг)», – деген тәмсілге сүйенсек, рухтандыру – шәкірттің бойына қан жүгірту, санасын ояту. Ұлттық тілмен, әдебиетпен, тарихпен, мәдениетпен, дәстүрмен ұлттық сана қалыптасады.

Ғалымның ғылыми-педагогикалық концепциялары ҚР-дың тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы идеяларымен сабақтас. Елбасы: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу», – деген еді. Сол ұлттық кодтың басты тірегі – ұлттық тәрбие. Келешек ұрпақ жаһандануға жұтылып, өзге мәдениетке иісініп кетпеу үшін өз қағынан жеріген құландай айдалаға саяқ жортып, бір қазыққа кез болмау үшін де ұлттық салт-сана мен дәстүрге негізделген ұлттық тәрбие қажет. Әйтпесе Махатма Ганди айтқандай, өзге ұлттың тәлім-тәрбиесін алған элита бара-бара өз ұлтының жауына айналуы әбден мүмкін.

Тәуелсіз Қазақстанның басты мақсаты – зияткер ұлт тәрбиелеу. Осы ұлы жолда Алма апайдың еңбектері бағдаршам іспеттес. Осы 30 жылда Тәуелсіз Қазақстан жастарын қандай дәрежеде тәрбиелей алдық деген күрделі сұраққа бүкіл педагогтар да, ата-аналар да ойлану керек сияқты. Өз бойымыздағы кемшілік пен келеңсіздікті өткен Кеңес заманынан көруді қоятын мезгіл болды. Соңғы 25-30 жылда жаңа ұрпақ қалыптасты. Димаш сияқты ұландар – ел мақтанышы. Бірақ..., бірақ дейтініміз осы тәуелсіздік жылдары өз ана тілін білмейтін өгей ұрпақ та өсіп жетілді. Тәуелсіз Қазақстан тұсында бизнесі өрге домалаған бәйшікештердің арманы – баласын ағылшынша оқытып, шетел асыру. Байлық та, бақыт та батыстағы алпауыт елдерде деген тұжырым қалыптасты. «Ер туған жерінде, ит тойған жерінде» деген мақалды кеуде керіп айта алмайтын сияқтымыз. Оған кім кінәлі? Тіпті арамызда мәнгүрттерден де қауіпті көзқамандар да бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Академик Рахманқұл Бердібай ағамыз осыдан аттай 15 жыл бұрын: «Көзқамандар білімді, ақыл-есі бүтін, дүниежүзі тарихы мен экономикасынан сөз қозғағанда желдей еседі. Тіпті, кітап та жазатын санасы бар. Бірақ олардың білімі – өз ұлтына жанасымы жоқ космополиттік білім. Көзқамандардың қазіргі мұрагерлері өз ана тілін білмейді. Халықтың салт-санасын мансұқтайды. Елінің тарихын қадір тұтпайды. Ең қасіреттісі сол, елінде болып жатқан құбылыстарға өз ұлтының мақсат-мұраты тұрғысынан емес, басқа бір елдің көзқарасы мен дүниетанымы биігінен қарайды. Сондықтан өз ұлты былай тұрсын, өзін туған ата-анасын танудан қалатын бейшара мәнгүртке қарағанда көзқаман әлде қайда қауіптірек», – деп толғанып отыратын. Ғұламаның бұл сөзі шын екеніне көзіміз жетіп отыр.

Сонау ХІХ ғасырда «екі ұртының бірі май, бірі қан» болып, жақсы мен жаманды ажырата алмаған қалың қазақты көріп ұлы Абай күңіреніп өтті. ХХ ғасырдың аяғында ұлы арман тәуелсіздікке қол жеткіздік, шекарамызды шегендеп, еңселі ел болдық. Ал ХХІ ғасырда ұлттың болашағы айқын, мақсат – Мәңгілік ел. Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Замануи ғылым-білімді игерген, өз тілін, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін бойына сіңірген зияткер жастар ғана ұлтты асуларға жетелейді. Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден (Ә. Бөкейханов). Мінез этникалық тәрбиеден бастау алады. Этникалық тәрбие – бұл ұрпақтардың мақсатқа бағытталған өзара іс-әрекеті, оның нәтижесінде оқушылар мен жастардың этникалық өзіндік санасы, өзіне этнос субъектісі ретінде шынайы қатынасы, өз ұлты үшін намыс сезімі, ана тіліне, өз ұлтының мәдениетіне, тарихына жағымды қатынасы. Сонымен бірге басқа этностардың өкілдеріне құрмет және толеранттылық сезімі қалыптасады. Алма апайдың жазбаларынан осы мәселелерді айқын сеземіз. 30 жылдан бері білім беру ісінде ұлттық негіздегі дара жолға түсе алмай келе жатқанымыз дер кезінде Ахмет Байтұрсынұлының да, Алма Қыраубаеваның да айтқанын ескеріп, жасағандарын өрге сүйремегеніміз шығар деген өкініш те ұялайды.

Алмай апайды тыңдасақ жарқын жол айқын. Апай: «Сабақтағы ақпараттық әдістің күні өткен. Шәкіртке болған жайдың жиынтығын айтып берумен қанағаттанбай, білімді қайдан, қалай тауып алатынын ұқтырып, өмірлік мәселелерге көзқарасын қалыптастыру керек болады», – дейді. Осы пікірлер бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнымен сабақтасып жатыр.

Қорыта айтқанда, профессор Алма Қыраубаева – ұлттық мектепте ұлттық тәрбие беру негізін қалыптастырған жан. Ұлттық тәрбиені зерделеп, тың да, өзекті ғылыми дәйектемелер ұсынған ғалымның ғылыми тұжырымдамалары – аса маңызды, тамырын тереңнен алып, қазақ рухымен сабақтасып жатқан өміршең дүние.

Жанат ДӘУЛЕТБЕКОВА,
педагогика ғылымдарының докторы,
Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры

**ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ІЗГІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ немесе АЛМА АПАЙДЫҢ АУРОБИНДОСЫ
(эссе)**

Хас тұлпар бой жасырады
Халық мақалы

Алма апай... Көз алдыма сонау сексенінші жылдардың басындағы ҚазМУ келді. Тау баурайындағы ауасы саф, жері майса аймақтағы жаңа үлгі салынған жайлы жатақханалар. Студенттердің сезімге толы жырларына арқау болған әсем қалашық. Қыздардың сыңғыр күлкісімен ажарлана түскен өмір көктемі. Думанға толы жастар ортасы...

Анау жақта еңсесі биік оқу ғимараттары. Білімге құштар жастар ордасы. Қазақтың мандайына біткен марғасқалардың мәні терең, берері ерен, талғамы ерек, бағамы бөлек дәрістері түсті еске. Ұстаздарымыздың сөзінде, Дулат ақын айтқандай, «сары алтынның буындай құндылық, тұманың суындай тұнықтық» тұнып тұрар еді, расында. «Япырай, арада қырық жыл өтсе де ұстаздар оқыған дәрістердің санада сол қалпында сақталғаны мазмұнымен ғана емес, сазымен де баурағандығынан болар» деп ойлауым мұң екен, жап-жарық аудиторияның төрінен төгіле сөйлеп тұрған Ұстаздарымның күмбірлеген үндері келді құлаққа. Енді ғана байқап отырмын: олардың үндері де оркестр сазындай бірін-бірі толықтырып тұрғандай... Бірінің даусы Ұлы Даланы сілкінте дабыл қаққан дауылпаздай екпінді, бірі қос ішекке халқының бүкіл танымын сыйдырған домбыра сазындай терең де сырлы, бірі құйқылжыған сырнай әуеніндей ашық та мәнерлі... Сол ортаның сазын әрлей түсіп, жанға жағымды, жүрекке жақын тағы бір үн ерекшелене бастады. Бақсам, бұл Алма апайдың сонауау тұңғыықтан сыр тартқан қасиетті Жезқобыз сарынындай мұңды да нұрлы, әсерлі де әуезді үні екен...

Бір ойды бір ой қозғайды: шындығында, Алма апайдың бүкіл ғұмырының арнасы да Жезқобыздың үш ішегі іспетті үш тағаннан тұрады екен. Олардың біріншісі – өзінің туа бітті қасиеті, әншілігі. Мен апайдың ән салғанын естіген емеспін. Бірақ ол кісі туралы естеліктерден түйсінгенім: өзі босағасын аттаған құтты ордасының ғана емес, исі қазақтың жыр әлемінің алтын бағаны – Жамбыл бабасының рухани дүниелерін сахнада қайта жаңғыртқан өнерпаз Тұлға, адал Келін.

Екіншісі – тамырын сонау тереңнен тартқан көне түркінің жазба жәдігерлерін тірілткен зерттеушілігі, оны жас ұрпақтың кәдесіне асыра білген әдіскерлігі. Ердің ерінің жүрегі дауалай бермейтін соны соқпаққа түрен салыпты Алма апай. Бейсенбай Кенжебаев сынды ұлтын сүйген Ұлық Ғалымның қырағы көзі алыстан таныған айрықша Талант; туған әдебиетінің тағдыры сынға түскен дәуірде басын бәйгеге тігіп, кеңестік идеологияның, социалистік әдебиеттің шынжырын үзіп, асыл сөздің тамырын тың бағыттан іздеген Мырзатай Жолдасбеков, Рымғали Нұрғалиев, Мұхтар Мағауин секілді қазақтың дана болмысты Дарабоздарының қатарын толықтырған арда Шәкірт! «Әдебиет тарихын оқу жазба мұралардың мазмұнымен танысу десек, мақсатты тым жадағай түсінген болар едік. Әдебиет – әлемді түсіну, айналадағы өмірді зерттеу, адамды тану» деген өмірлік ұстанымына берік, ғасырларды көктей өткен сөз құдіреті арқылы кешегі бабалар мен бүгінгі балалар арасын жалғауға бар саналы ғұмырын арнаған Дәнекер.

Үшіншісі – өзі «жаным садаға» деп аялаған бірнеше толқын ұрпаққа білім дарытқан Ұстаздығы. Бұл орайда да Алма апай қатардағы көп оқытушының бірі емес! Ол кісі – Тәуелсіздік келді деп шын қуанып, отандық педагогикада алғашқы болып Ұлттық мектеп моделін құрып, білім беру жүйесіне Ұлттық идея тұрғысынан реформа жасаған Көшбасшы; сол идеясын тұңғыш рет өз күшімен жүзеге асырған қарлығаш ниет Жасампаз; 1993–1996 жылдар аралығында Алматы облысы Қаскелең (қазіргі Қарасай) ауданы Жандосов ауылында «Сенім» авторлық бағдарламасына негізделген Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейін ашып, алаш арыстарының арманын қайта жандандырып, ұлт болашағына білім мен тәрбиені бірге сіңірудің жолын нұсқаған Туындыгер-Ғалым.

Біз бүгін Алма апайдың осы үшінші қырына ден қоймақпыз. Сүйенеріміз – Ғалым-Ұстаздың ғылыми-педагогикалық мұрасы, атап айтқанда, «Қазақ университеті» баспа үйінен 2020 жылы жарық көрген «Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық» кітабының «Ұстаз жазбалары» атты екінші тарауындағы ой көмбесі.

Бөлімді бас алмай оқып шықтым. Ақиқатын айтсам, кітаптан конференцияға ұсынатын баяндама тақырыбы бойынша заманауи педагогикалық ғылымды жетілдіруге тірек болар ізгілік қағида-

ларын іздеп бастағам әуелде. Ұстазымның шынайы да құнды ойларымен үздіксіз тербелген санам Алма апайдың «Ауробиндосына» арбалып қалды. Жазбалардың әсерінен шыға алмай ұзаақ отырдым... Кенет бойымды екі сезім қайшыласа қатар биледі: бірі – теңдессіз байлыққа кенелген көңіл Қуанышы; екіншісі – барын бағалай алмаған ортаның оспадарлығынан тіксінген налалы Сезім. Осы екі тайталастың арасынан басыма бірінші келген ой: «Алма апай Ақ Періште болған екен-ау». Ілешала ішкі түйсігімді қақырата тағы бір ой бас көтерді: «Өзің ше? Осы салада жүріп сен неге Апайдың дүниесін іздемедің?» Жауабы қиын өте ауыр сұрақты қойды арым...

Апайдың өзім түйсінген рухани қазынасы туралы азды-кем ойларымды «Қазақ баласы да әлемге «ҚАЗАҚ ҚҰБЫЛЫСЫ» болып шығуы керек!» деген асыл арманын ту етіп ұстап, отандық білім беру жүйесінде жасаған Ұлы Серпілісімен сабақтастырып айтуым керек деп шештім. Сөзімнің бісміллесін дүниенің жүзіне аты мәшһүр арысы Монтессори, Вальдорф, Петерсен, берісі Сухомлинский, Амонашвили сынды «АДАМ қалыптастыру!» идеясын көксеген ұлы педагогтердің қатарын толықтырып тұрған қазақ ғалымы Алма Қыраубаеваның ерен ЕҢБЕГІнен хабары аз қалың оқырман үшін Ауробиндо туралы әңгімеден бастауды жөн көрдім.

«Индияда бір Ауробиндо дейтін ауыл бар. Оған дүниенің түпкір-түпкірінен адамшылық іздегендер келеді. Айналадағы бәрін ақшамен өлшейтін азған тіршіліктен безгендер, сол ауылға мүше болып кіру үшін хат жазып, кезекке тұрады. Алғаш үш ай сынақтан өтеді, оған шыдағандар бір жылға қалдырылады. Кейбір романтика іздегендер шыдас бере алмай қайтып та кетеді.

Ауробиндода өмір ауыр. Бәрін тек адал еңбекпен, өз қолыңмен жасайсың. Жер жыртасың, дән себесің. Бәрі алақандағыдай. Біреуді біреу қорлауға, алдауға тыйым салынған. Еңбексіз төбеге шығуға жол жоқ. Онда тұру қайнаған алдамшы өмірден «Адамдық аралына» кету сияқты...

Біздің мектебіміз де оқудағы әміршілдіктен ығыр болған жандардың Ауробиндосы еді. Бала үшін де, мұғалім үшін де жанға жайлы орта жасамақ болдық: мың күнге татитын аз күн тіршілік бар. «Мың күніме татиды өзіңмен өткен бір күнім», – дейді халық өлеңінде. Мектебіміздің 3 жылдық өмірін өз ғұмырымның ең бір мағыналы күндеріне балаймын...

Қош, Ауробиндо! Мүмкін, бір кезде күнкөріс кіріне көкірек толып кетсе, айналып, саяңа келермін», – деп жазыпты әділетсіздіктің құрбанына айналған Асыл арманымен қоштасқан соңғы бір сәттерінде Алма апай. Асыл жанның бүкіл санасы мен жүрек жүйесін жарып шыққан дүниесінің құнын өзінің осы сөзінен асып бағалау мүмкін бе?!

Тәңірдің қалауымен Алма апайдың таңдауы Алатаудың баурайындағы қарапайым ғана ауылға түсіпті. «Сенім» мектебі туралы жазғандарын оқып отырғанда Ұстаздың шуағына шомылғандай бойыңа үздіксіз жылу тарайтынын аңдайсың. Кешегі студент партасында отырғанда өзіңе аялай қараған мейірімге толы жанары еске түседі. Тұла бойында шәкіртке деген шексіз сүйіспеншілік тұнған Алма апайдың алдын көріп, тікелей тағылым алу бақытына ие болған, Құдайдың мейіріміне бөленген Жандосов ауылының балаларына қызығып та, қызғанып та қарайсың.

Иә, 90-жылдардың басында көпшілік жұрт тәуелсіздіктің буына елтіп, жалаулатып жүргенде, өршіл жырлар басымдық алып, ұранды сөздер салтанат құрып жатқанда ғалым-ұстаз ешкімнің қаперіне кірмеген тың пікірлер айтты. «Бүгінгі ұлттық мектеп» мақаласында: «Жалпы, өз құшағыңнан кеткен бала кім алдаусыратып бауырына тартса, сонікі болады емес пе? Соған орай, біздің республикамызда енді біраз жылдан кейін жан дүниесі бөтен, бірақ түсі таныс бір жаңа леп дайындалып шықпақшы. Осындай сергелденді арада көп уақыт өткізбей, дұрыс бағытқа салып, туған баламызды өз құшағымыздан, өз тәрбиемізден, өз тілімізден алыстатпау үшін ұлттық мектепті жоғары деңгейге көтерудің маңызы зор», – деп жазды. Өкінішке орай, сарабал сана иесінің қауіптенген болжамы бүгінде шындыққа айналды. Уақыт өткен сайын өз қағынан жеріген жеңіл ойлы желөкпелер саны артып келеді.

Табиғатында көпсөзділікті жаратпайтын, анық шешім қабылдап, нақты іс жасауды ұнататын адам еді ол кісі. Алма апай осыдан ширек ғасыр бұрын Ұлттық мектептің тұғырнамасын жасапты. Жылдар бойы Көк түріктердің тасқа қашалған сына жазуларынан бастау алған көне жәдігерлерді зерделей жүріп, бабалар өрлігімен шыңдалған ғалым бойындағы азаттық рухынан жаңа тұрпатты Ұлттық мектеп құру идеясы туыпты. Іште шөмен болып байланған шердің шешімі тыңға түрен салғызыпты. Жаңашыл ойды қабылдауға әлі дайын емес топыраққа даналық дәнін екпей тынбайтынын аңғарта тосын мінез танытыпты. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы айтқандай, «ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден екенін» дәлелдепті.

Өз идеясын жүзеге асыру үшін, біріншіден, егемен халықтың еңсесі тіктеп, «Мәңгілік елге» айналуы жас ұрпақты сол мемлекетке ие болатындай етіп тәрбиелеу арқылы ғана жүзеге асатынына өзі сенді, өзгені де сендіруге тырысып бақты. Екіншіден, ғалым қазақи дүниетанымның өзегі – адамшылық екенін дөп басып, дәл аңғарды. Сондықтан ұлттық білім идеологиясының негізі де адам-

шылық педагогикасы болуы керек деп шешті. «Адамшылық педагогикасы – баланың мүмкіндігіне сену. Өзіне-өзі сенбейтін адам жұртты сендіре ала ма? Сенімсіз адамнан кісі шыға ма?». Ғалым-Ұстаздың ең басты мұраты – ұлттық дәстүрден тамыр алып, өркениетке ұмтылған жас ұрпақтың жүрегіне ізгілік дәнін егу еді. «Кісіліктің негізі – ұлттық мәдениетте: тілі, әдебиеті, тарихы, діні, жазуы, өнері, дүниетанымы, қарым-қатынасы, ойыны, спорты. Өзінің дәстүрлі мәдениетін меңгере алмаған адам ылғи да кембағалдық сезімде болады. Тек ұлттық мәдениетпен шектеліп қалып, әлемге қол созбаған кісі де осындай қорсыну күйін бастан кешеді. Ендеше, балаға осы екеуінің де жақсы жақтарын сіңіру керек болатын», – деп ой толғапты ұлтын сүйген ұлы жүрек бір жазбасында. Сондықтан да авторлық бағдарламасын «Сенім» деп атапты. Ол жеке бір пәннің бағдарламасы емес, ұлттық тәлім мен тәрбиенің, инновациялық білім мен ғылымның біртұтас өрімінен тұратын Ұлттық білім идеологиясы түрінде қалыптаныпты.

«Сенім» бағдарламасының мақсаты да тайға таңба басқандай айқын қойылған екен: **қазақы және әлемдік мәдениет құндылықтарын бойына тел сіңірген, әлемдік ауқымда ұлттық құбылыс болып таныла білер тұлғаны қалыптастыру, бағдар беру.** Соншалық қарапайым, бірақ соншалық тереңдікпен түйінделген бұл мақсатта: өрекіген пафос жоқ, биік парасат бар; шексіз қиял жоқ, асқақ арман бар; көзсіз менбілемдік жоқ, берік сенім бар; салқын нұсқау жоқ, жып-жылы сезім бар.

Нәтижесінде шынайы біліммен ұштасқан ұлттық тәрбиенің жаңаша моделін түзді. Білім мен тәрбие саласында алға жылжу үшін Текке оралудың қажеттігін таныды. Оның жолын тапты: **қазақ мәдениетін жүйелі оқыту.** Алпауыттар күшейіп, әлсіздер жұтылатын ғаламданудың қаупін алыстан сезген екен Алма апай. Күннен-күнге күшейіп келе жатқан «мәдениеттер күресіне қарсы қоятын ең үлкен тосқауыл – қазақ мәдениетін балабақшадан бастап жүйелі түрде санаға сіңіру. Мектептің жаңалығы ақпаратты күшейту немесе ағылшын тілін оқыту ғана емес, ұлттық сананы қалыптастыру болу керек. Қазақ мәдениеті бүкіләлемдік мәдениетті түсіндірудің негізі болып, баланың жүрегіне сіңуі керек. Жүрекке сіңгенді жат дүниенің көбігі өшіре алмайды. Өз халқын түсінген, оның өз перзенті бола алған адам өзге мәдениетті де жақсы түсінеді, ішкі өзегі мықты болып қалыптасады, салыстыру-саралау ойлары жақсы дамиды» деген уәжін алға тартады. «Сенім» мектебіндегі ұлттық мәдениеттің айқын бір көрінісі ұл мен қыз тәрбиесінің ерекшелігін ескеруден де байқалып тұр.

Көшбасшы ғалым «Қазақ мәдениетін» басқа тілде оқытатын мектептердің, үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларының бағдарламасына жүйелі кіргізуді ұсынады. «Қазақ мәдениетінің» кешенді бағдарламасына қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, дін мәдениеті, өнері тұтас кіреді. Осы сабақтар факультетіне қарамастан, барлық оқу орындарында жүргізілуі керек» екенін дәйектейді.

Осындай сәтті қиюласқан кешенді дүниенің мәні баланың рухани өсуіне ықпал етіп:

- кісілік қасиетін дамытқан;
- шығармашылық қабілетін жетілдірген;

- дүниетанымын кеңейткен жағдайда ғана бағалы болмақ. Ал оған жеткізетін тұлға, әрине, мұғалім. Сондықтан «Сенім» бағдарламасын жүзеге асыратын мұғалімге қойылатын талапты да үнемі назарда ұстайды. Ғалымның пайымдауынша, «мұғалімнің өлшеуіші – бала». Нағыз педагогтің парасаты мен кәсіби шеберлігі оның баламен қатынасынан айқын аңғарылады. Әлеуметтік ортада өзін көрсетем деп суырылып алға шығуға құмарлық дертінен бойын таза ұстаған, арзан жылтырақпен көзге түсуді ар санаған Алма апай халқымыздың «Хас тұлпар бой жасырады» дейтін даналық өлшеміне толық сай келетін дегдар Кісі еді. Осы жазбада кездескен «Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер өзін-өзі жылтыратып көрсетуге әуес болмайды», – деген байламын оқығанда, өзіне ғана тән кішіктігімен, сыпайы болмысымен, қарапайым қалыбымен бар шәкірттің жүрегін жаулаған Ұстазымның бейнесі келді көз алдыма.

«Ұлттық мектеп – өрісіміз» мақаласында: «Ұлттық мектепті өсіреміз десек, мұғалімді өсіру керек.... Ал күнкөрістің өлшеуіші болып отырған категория мен разрядтың тап қазіргі уақытта жасанды нәрсе екенін мұғалімдердің өздері де жақсы түсінеді. Шындап келсек, еңбек өтілі де, төс-белгі де маман сапасының таразысы бола алмайды», – деп тұжырыпты мұғалімдердің кәсіби деңгейін бағалаудың жағымсыз жүйесі туралы өз ойын. Алма апайдың «Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін», «Баға құнды емес, бала құнды», «Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе: ол – адамды жасаушы адам» деп басталатын, мектеп мұғалімдеріне арналған «Жиырма тоқтамы» – адамшылық педагогикасының өзегін құрайтын ізгілік қағидасының алтын тіні.

Әр баланы халқымның келешек тұлғасы деп тани отырып, «Ұлттық мектептің философиясы дәстүрлі түркілік өркениет пен қазақ әлемі негізінде жасалып, әлемдік өркениетпен сұхбат қарым-қатынасында болуы қажеттігін» ғылыми дәлелдеумен қатар, оны іс жүзіне асырған Алма апайдың аңсары не болды екен деп ойлансаңыз, онда мына сөзіне зер салыңыз: «Сиявуштың арман қаласы секілді болашақтың арман-сабақтарын аңсаймын... Шәкірттерім мені көргенше, мен оларды көргенше

асықсақ...». Сұлтан болмысты адамзат баласы үшін осыдан асқан ізгілік, осыдан асқақ арман болуы мүмкін бе!? Осындай ізгі арман жолында қандай қиындыққа тап келсе де, ары таза, мұраты биік жандар қайсар келеді екен. Өйткені олар ізгіліктің жасампаздығына шексіз сенеді. Алма апай да өз ісінің өміршең боларына ешқашан шүбаланбаған. Оған бары-жоғы үш жыл ғана жұмыс істесе де, сол мектептен тағылым алған балалардың Бақыт мекеніне айналған «Сенім» мектебінің жабылған күнгі сөзі айғақ. «Қысқасы, адам кемелдікті аңсаумен келеді. Бүкіл қоғамды, ондағы бар адамды бірден жөндей алмайсың. Бір тамаша ағаш өсіріп, оның кемел жемісінен таңырқата татқызсаң да аз емес», – деп, жабырқаған өз көңілін өзі жұбатады. Бірақ Алма апайдың таңырқата татқызған жеміс дәмінің бөлектігі соншалық, Уақыт-Патшаның ырқына көніп, заманмен бірге бағыты белгісіз жаққа бет алған қоғамда бейдауа күй кешіп отырған біздің орта сол жемістің қайталанбайтын табиғатын түйсіну былай тұрсын, түсіне де алмай жүргені жасырын емес. Бәлкім, Алма апай өмірінің соңғы айларында арнайы ат басын бұрып, сапарлап барған сонау Маңғыстаудың маң даласының бір түкпірінде жатқан ауылдың, оңтүстік өңірлердегі жекелеген мектептердің балалары «Сенім» бағдарламасының ізімен әлі де тәрбиеленіп жатқан болар. Өйткені мұндай ізгіліктің ізсіз кетуі мүмкін емес. Оның қайта түлейтін кезі алыс емес екенін ішкі түйсігім де сезеді.

Өне бойыңды шымырлатып, жаныңды толқынша тасытып, жүрегіңе жігер құяр Қобыздың ғаламат сырлы үні қайта жаңғырып, жақын тұстан естіліп жатқандай...

ТОМИРИСТЕЙ АРУДЫ ҮЛГІ ТҮТҚАН (МАРҚҰМ АЛМА ҚЫРАУБАЙҚЫЗЫ ТУРАЛЫ)

Алма Қыраубайқызы шын мәніндегі ұстаз деген атқа лайықты бір туар тұлға еді. Мен бұл кісіні студенттік кезден білмеймін, әсіресе кейін өзім қазақтың қара шаңырағы Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттің журналистика факультетіне мұғалімдік жұмысқа ауысқан күннен бастап ол кісімен жиі-жиі кездесу мүмкіндігіне ие болдым.

Алма Қыраубайқызы тұнып тұрған терең білімімен, біліктілігімен қоса адамгершілігі мол, аса ізетті, бауырмал, ашық-жарқын адам еді. Бұл кісіні үлкен де, кіші де, қатты сыйлайтын. Одан дәріс алған студенттер қазақ әдебиеті тарихынан, оның қыры мен сырынан мол мағлұмат алып, бір өзінен тұтас бір университеттік білім алатын. Сондықтан да болар шәкірттері Алма апайларының бір де бір лекциясын жібермеуге тырысатын. Өз көркіне ақылы сай, аса инабатты, сөйлесе сөзге шешен, ұлтын жанындай сүйетін ерекше жан еді. Алма Қыраубайқызының жүріс-тұрысы, сөз саптасы, кімнің алдында болсада өзін ұстай білуі, кімге де болса үлгі боларлықтай, нағыз Ұстаз деген қасиетті де құрметті атқа лайықты біртума бірегей қазақ әйелі болды.

Оңтүстік өңірде туып өскен Алма Қыраубайқызының шыққан жері де текті әулиеттен болды. Бүкіл түрік дүниесінің ұлы тұлғасы, қазақ халқының төл перзенті, ғұмыры ұлтының азаттығы үшін күресте өткен Мұстафа Шоқай бабамызға жиен болып келетін, яғни алтынның сынығы, асылдың тұяғы-тын. Содан да болар бұл адамның асқақ біткен болмысы айрықша жаратылған-ды.

Алма Қыраубайқызының айрықша мақтан тұтатын қасиеті – барша түрік дүниесінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын жан – жақтылы білуінде және соны халық игілігіне жаратуында дер едік. Белгілі тележурналист Жұмаш Кенебай екеуіміз 1995 жылдан бастап, Қазақ телевизиясының бірінші және «Алатау» арнасынан барша түрік қандастардың ортақ ұлы тұлғалары туралы әрқайсысы жарты сағаттан тұратын «Түрік даналары» атты хабарды апта сайын эфирден беріп тұрдық. Ж.Кенебай авторлық бағдарламаның авторы әрі тұрақты жүргізушісі болды. Мен әр хабардың түсірілуі, монтаждалуы, эфирге сапалы шығуы, авторлармен жұмыс істеу сияқты жақтарын алдым. Бұл авторлық телебағдарламаға негізінен әдебиетші, тарихшы мамандар қатыстырылатын. Бұл бағдарлама 2000-шы жылға дейін эфирден тұрақты түрде өтіп тұрды. Осыған байланысты айтайын дегенім «Түрік даналары» хабарына қатысуға құлшыныс танытқан және әр хабарға қатысуға тыңғылықты дайындалатын бір адам – осы профессор Алма Қыраубайқызы еді. Бүгінде марқұм болған профессор Марат Барманқұловпен тығыз байланыста болған Алма Қыраубайқызы осы хабарға қатысуға уақыт тауып және кез келген тақырыпты майын тамыза отырып әңгімелеп беретін. Алманың эфирде өзін ұстасы, сөз саптасы, құлаққа жағымды дауысы, терең білімі – біздің әр хабарымыздың ажарын аша түсетін. Монтаж кезінде режиссер Клара Қорғанова Алманың бір сөзін қиюға қысқартуға кимай, берілген уақыттың аздығына өкініп, Жұмаш екеуімізді соған көндіретін де кездер болғанын неге жасырайын.

«Түрік даналарынан» – Томирис, Зарина, Білге қаған, Күлтегін, т.б. ұлы тұлғаларына қатысты хабарларының толыққанды, саналы, тартымды болып шығуына Алма Қыраубайқызының қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Әсіресе Алма Қыраубайқызы осыдан 25 ғасыр бұрын өмір кешкен, ұлы даланың ұлы аруы, жат жерлік басқыншы Кирдің басын кескен, «өз қаныңа өзің той» деп қан толы торсықтағы жауыз патшаның басын ағып жатқан Сырдарияға лақтырып жіберген Сақ ордасының патшайымы Томирисі аса құрмет, мақтаныш тұтатын Алманың өзі де қасиетті Сырдың бойында туып өскені тағы да себеп болды ма екен немесе текті тарихын жақсы білетін жанның ұлы даласына деген шексіз махаббаты түрткі болды ма, әйтеуір өзі де Томирисей ақылды жан еді ау! Тек ғұмыры қысқа болды, нағыз кемеліне келген тұста көз жұмды Томирисей қазақ аруы – Алма Қыраубайқызы.

СӨЙЛЕГЕНДЕ АУЗЫНАН ГҮЛ ТӨГІЛГЕН

«Сиявуштың арман қаласы секілді болашақтың арман сабақтарын аңсаймын. Онда он шақты адамға арналған, әр ұстаздың студентпен бетпе-бет сөйлесетін шағын бөлмесі болмақ. Әдемі дөңгелек стол, жұмсақ орындықтар. Мұғалім мен студент арасында суық арақашықтық жоқ. Ұядай жылылық бар. Балалар кіріп келгенде, олар білмейтін бір қызық кітаптарым жаюлы, тапсырмаларым дайын, өзім бір ертегінің кейіпкеріндей, аса шабытпен күтіп отырсам. Шәкірттерім мені көргенше, мен оларды көргенше асықсақ...Тезірек болшы, арман-сабақ».

А. Қыраубаеваның «Жаным садаға» кітабынан

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да отыз жылдай еңбек еткен көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева еді. Ол ҚазҰУ-да ХІІІ-ХІV ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттеу мектебін қалыптастырған әйгілі ғалым Б. Кенжебаевтың шәкірті болды. Өнегелі жан еді, үлкен де, кіші де оны «Алма апай» дейтін. Шәкірттері оған арнап құрастырған естелік кітапты да «Алма апай» (2007) деп атапты... Бұл еңбек Алма Мүтәліпқызының туған күні (1947 жыл 26 мамырда туған) қарсаңында 2007 жылы 60 жылдық мерейтойына арналады. Иә, ұстаз Алма бұл күнді көре алмай 2001 жылы 5 ақпанда Астана қаласында дүниеден өткен еді. Шынында, қандай құрметке де ылайықты Алма апайға арналған ең үлкен ескерткіш, естелік те бар. Ол ұстаздың өзі туып-өскен Қызылорда облысы, бұрынғы Сырдария ауданындағы № 40 мектепке Алма Қыраубаева есімінің берілуі, бюсті қойылуы десек болады. Бұған қоса, профессор А. Қыраубаеваның дәрісін тыңдап, тәлім-тәрбиесін алған жүздеген шәкірттері мен оқырман, замандастарының, ғұлама ғалымдар мен әріптестерінің жүрекжарды естеліктері жыл сайын басылым беттерінде жарияланып жатады. Уақыт озған сайын Алма апайдың рухы жанымызға жақындай түсіп, сан қырынан жарқырай ашылып, асқақтай түсіп, мұңлы бір сырды шерткендей болады. Естелік жазушылар сегіз қырлы, бір сырлы Алма тұлғасын әр қырынан танып, сағына еске алады. Бірі Алма Қыраубаеваның ғұлама ғалымдығын, бірі Алматы облысының О. Жандосов ауылында нарықтық қиын кезеңде ұлттық мектеп ашып, руханият ісіне жан аямай қызмет еткен азаматтығын қапысыз танытса, енді бірі тума әншілігі мен термешілігіне таң қалысып, таңдай қағады. Көзін көргендердің қай-қайсысы да өмірден ерте озған аяулы жанның қазасына қайғырады. Амал нешік, «қыран қазасы қияда» деп тоқтам жасауға тура келеді. Мен де профессор Алма Мүтәліпқызының дәрісін тыңдаған көп шәкірттерінің бірі ретінде арысы шетел, берісі бүкіл түркі жұрты таныған көрнекті ұстаз-ғалымды өзім таныған қырынан еске алып, сыр шертпекпін.

Менің жеке басыма да ғибраты мол болды. Бірінші курста алғаш рет «Қыз Жібек» жыры туралы ғылыми мақала жаздырды. Студенттердің ғылыми конференциясында жүлделі орын алдым. Оқуға ынтам арта түсті, кітаптан бас алмайтын болдым, Пушкиннің (қазіргі Ұлттық кітапхана) есігін тоздырдым (әлі күнге барып тұрамын). Алғашқы шәкіртақыма «Мұхаббатнаманы» сатып алдым (ол кітап әлі бар). Әр сабағы әсерлі, ұстазыма еліктей бастадым. Ғылымға солай жол ашқан еді...

Біз университетке түскен сонау 1976 жылдары ол жап-жас ұстаз еді. Шашын төбесіне тап-тұйнақтай етіп түйіп алған, қоңырқай, толықша жүзді, үстінде қызыл жемпер, қара юбка киген ол аудитория алдында бізге жақындау бір орында тұрып алып сөйлегенде біз лекция емес, әлдебір құлаққа жағымды ән тыңдағандай, сол ән үзіліп қалмаса екен дегендей алабұртып арман қуған көңілмен үздігіп, ол алдымызға жайып салып жатқан білім жауһарларының қайсысына ұмтыларымызды білмей, «япыр-ау, осынша мол білімді қалай жиды екен?» деген таңғалыспен қалт етпей отырып қалатынбыз. Білімнің қап-қара жауһарындай тереңнен құбыла нұрланып өзіне тарта беретін өткір, отты көздері, бітімі әдемі оймақтай еріндерінің сөйлегендегі мінсіз қозғалысы, меруерттей тістері, сол тұла бойына тән табиғи таза жаратылысына лайық күмбірлі қоңыр дауысы есімізде қалды. Білімнің жауһарлары «сөйлегенде аузынан гүл болып төгілетін» еді.

Сондағы Алма Мүтәліпқызы дәрістерінің негізгі өзегі ғылыми зерттеу еңбектерінде жатты. «Ғасырлар мұрасы» атты ғылыми еңбегінде ХІІІ-ХІV ғасырлардағы ежелгі түркі халықтары әдебиетінің тууына ықпал еткен тарихи жағдайларды айқындап, олардың көркемдік дәстүрлерінің ХІХ-ХХ ғ. басындағы ауызша, жазбаша әдебиетке жалғасқанын ғылыми біліктілікпен дәлелдейді. Алма Мүтәліпқызының табанды еңбекқорлығы зерттеу еңбектерінен ғана емес, дәріс сабақтарынан да танылып тұрар еді. Өйткені ол өзі көзімен көріп, ізденіп, тауып, зерттеген дүниелер жайлы мәлімет, дәйектемелерді қаз-қалпында келтіріп отыратын. Оның жадының беріктігі, лекцияда ешқашан қағазға

карамайтындығы, сөйлегенде мүдірмейтіндігі, ой қайталау, сөз қайталау дегенді білмейтіндігі – майда қоңыр күмбірлі үні, ойға жүйрік жорға тілі аудиторияны еріксіз өзіне баурайтын еді.

Қазір «Ғасырлар мұрасы» (1998), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1999, 2002) атты оқулықтары және оқулығына аттас жазылған хрестоматиясы (1991) жоғары оқу орындарында ежелгі әдебиетті оқытуда қолдан түспейтін оқулықтар болып келеді.

Профессор А. Қыраубаева зерттеулерінің қайсысы да жасандылықтан аулақ, оның өз болмысына ғана тән таза оқымыстылық талантының туындысы екенін әйгілеп тұрады. Ғалымға тән темірдей төзімнің, жанкешті еңбекқорлықтың ыстық табы сезіледі. Индуктивті, дедуктивті ойлауға, аналогияға жүйріктігі, әбжіл ғылыми әдіснамасы, табиғи жаратылысына тән ойға зеректігі, ғылыми таза сөз жүйесі танылады. Ауызша сөйлеуі мен жазбаша сөйлеуінің тіпті де жігі білінбейді деуге болады. Қай жағынан қарасақ та, Алма Мүтәліпқызының ғылымға жан-тәнімен берілгендігі әрбір оқыған лекциясынан аңғарылып тұрушы еді. Ол «Мұхаббатнама», «Тотынама», «Шаһнама» сияқты нұсқаларды талдағанда оларды құдды бір қиссашы-дастаншының өзі сияқты жырлап тұрғандай болушы еді. Біз оның жүзінен көз алмастан қарап отырып, шығыстың тоты құстар сайрап, бұрқақ атқан гүлзар бақтарында сайран салып жүріп, алтын айдарлы бекзадалары мен сырғалы ханшайымдарының түрлі мінез-әрекеттеріне куә болып, көз жасы сорғалаған «Ләйлі-Мәжнүндердің» махаббатына бас иетінбіз. Аяулы Алма Мүтәліпқызының шығыстың алтын сандығын ақтарғандай алдымызда аңқылдап сөйлегенде өзін-өзі ұмытып кеткендей... өз әлемінде бақытты бір күй кешіп... шығыс ғұламаларының ортасында олармен шүйіркелесіп отырғандай ма жоқ... жоқ балапан жүрек біздерді олармен тілдестіріп тұрғандай ма, қалай, өзі де шығыстың алуан түсті жібегіне оранып, маңдайда ғауһар тасы жарқыраған білімнің патшайымына ұқсап кететін... иә, иә... дәл осы сәтте... ол бақыттың құшағында шалқып, шабыттана сөйлегенде «аузынан гүл төгілетін»...

«Сөйлегенде аузынан гүл төгілген»... Бұл тырнақшадағы тіркес атакты Қараменде бидікі. Бозбала жігіт кезінде Бөлтірік шешен нағашысы Қараменде бидің ауылына қыдыра келеді. Жай сұрасып болған соң Қараменде жиенінен: «Балам, қырық жігітпен келіп, неге қырық ат мініп қайтпадың? Жалғыз келгенің қалай?» – деп сұрапты. Сонда Бөлтірік: «Жалғыз аттың пайдасы көп, жалғыз жігіттің айласы көп деген емес пе ілгергілер. Жалғыз келсем өзіме-өзім сенгенім-дағы, алмасам да, осы айтқан сөзің бергенің-дағы», – деп жауап береді. Жиені аттанып кеткен соң Қараменде: «Жақсы сөйлесе аузынан гүл төгілер. Бұл бір аузынан гүл төгіліп тұрған, көзінен от төгіліп тұрған өрен екен...», – депті. Қараменде шешендікті ауыздан төгілген гүлге ұқсатады. Шынында, шешендік өнер зерттеушісі Е.В. Клюев те «Риторика» атты кітабында антик заманда «риторика» ұғымын қызылды-жасылды сөзге сайып, аузына гүл тістеген патшайымға балағанын айтады. Қалай болғанда да, бұл әр замандардағы дүниетаным сабақтастығын аңғартпай ма?..

Иә, Алма Мүтәліпқызы өзінің өмірлік ғибраты мол «Жаным садаға» (1995) кітабында жазғандай Сиявуштың арман қаласы секілді арман сабақтарына жете алмай өмірден озды. Ғылым жолы қызығынан мехнаты мол «инемең құдық қазғандай» демей ме? Ол осы жолдың үстінде жастайынан шынығып, шымырлана берді. Әйтсе де, күндіз-түні ақ қағаз бетіне үңіліп, табандап отыратын кездеріндегі төзімділік, осы жолда өзін-өзі ұмытып кететін жанкештілік, осы жолда көрген азабын ешкімге тіс жарып айтпау, міндетсінбеу, білім-теңіз түбінен маржан тапқандай қуанған сәттерінде де өз ішінен жымырып қана қою, әлдекімдер төбесін көкке жеткізе мақтаса да өзін төмен ұстау Алма Мүтәліпқызына сол жас ғалым кезінен сіңісті болған қасиеттер болса керек. Біз көрген, алдынан сабақ алған Алма апай ұстамдылықтың эталоны болатын. Шын мәнінде, оның еңбектері қазақ әдебиеттануындағы өзгеше феномен десек те болады.

Иә, білімпаз Алма Қыраубаева ғылымнан өзге жолды таңдамады. Өйткені ол шын білімпаз тұлға еді, білімнің шыңына өршіл рухпен өрмелеп шыққан шынар еді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұзақ жылдар ұстаздық етіп, білім шырағын маздатқан ділмар ұстаз Алма Мүтәліпқызы да М. Әуезов негізін қалаған академиялық шешендік мектебінің дарынды түлегі еді.

Бүгінде М.О. Әуезов шешендік мектебінің іргесі кеңіп, шаңырағы биіктеп келеді десек болғандай. Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да М.О. Әуезов негізін қалаған академиялық шешендік мектебінің түлектері аз емес. Олар қай аудиторияны да кемел білімімен, биязы даусымен баурап алатын академик Зейнолла Қабдолов, көрнекті әдебиет сыншысы, профессор Тұрсынбек Кәкішев және лекторлық шеберлікпен шешіле сөйлегенде дауыс интонациясын құбылтып, тыңдаушысын әсерге бөлейтін білімпаз ғалым Сұлтанғали Садырбаев, қоңыр әуезді даусымен теория тылсымына буып-баурап алатын Бақытжан Қауасқанұлы Майтанов сынды марқұм ұстаздарымыз еді. Бүгінгі таңда тыңдаушысының танымын тың өріске бастайтын ғұлама ғалымдар Жанғара Дәдебайұлы Дәдебаев, Зұфар Нұрсапаұлы Сейітжанов, Берікбай Сағындықұлы, Мүбәрак Үмбетәев, Аслан Жақсылықов секілді білімір шешендерді аудитория ынтыға тыңдайтыны күмәнсіз. Сондай-ақ дәрістерін әдемі күмбір

дауыспен құйқылжыта оқитын Гүлдархан Смағұлова, Дина Әлкебаева секілді дәріскерлер мәнерін үлгі етуге болады. Оларды Әуезов шешендік мектебінің бүгінгі түлектері десек болады.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ академиялық шешендік мектебінің айнымас үлгісіне, ал оның гүлге оранған қалашығы білім жұмағына айналып отыр. Соның ішінде Әуезов шешендік мектебінің мерейі мен мәртебесі өзгеше десе де болады. Мүмкін оның Алма ұстаз **армандаған**, Сиявуштың арман қаласына ұқсатқан «әдемі дөңгелек стол, жұмсақ орындықтар қойылған бөлмелерінде» «арман сабақтар» өтіп жатқан болар...

С. ТІЛЕУБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Т. ДАУТҰЛЫ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Әдебиеттену» мамандығының
1-курс докторанты

ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ ТӘУЕЛСІЗ, ҒАЛЫМ ҚЫЗЫ – АЛМА ҚЫРАУБАЕВА

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде-ақ Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, көшбасшы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алыстағы ағайынға жолдаған үндеу хаты, қара орман қазағына деген шексіз бауырмалдығымен қоса, тарихи тағылымы мен маңыздылығын толық дәлелдеді.

Әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай бытыраған қазақтың басын қосуға, әлем өркениеті кеңістігіндегі Тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты жаңа мемлекеттің пайда болуы, қазақтай халықтың маңдайына Алла сыйлаған ардақты бақыт еді. Олай дейтініміз, тәуелсіздік дейтін киелі ұғым, ата жұрттағы бар қазақтың, ата жұрттан тысқары жүрген әр қазақтың жатса-тұрса аңсаған асыл арманы болатын!

«...Әрбір үш адамның біреуі атамекеннен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде үш жарым миллиондай қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Моңғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда да көп, Еуропада да аз емес, Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Аустралияда да бар. Әрқасысының тағдыры, тұрмыс халі әртүрлі. Құлатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, абыройы асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе – сағыныш, атамекенді аңсау», – деген елбасы үндеуіне үн қосқан ата жұрттағы әр сала, әр кәсіптегі қандастардың алыстағы ағайынның ата жұртқа оралуына белсене ат салыспағаны кемде-кем.

Сол азаматтардың қатарынан қазақтың ғалым қызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтай текті тұлғаның келіні, Алма Қыраубаеваны алабөтен атағымыз келеді.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ғасырға азық болар мол қазынаны халқына сыйлап, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне елеулі үлес қосты.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ әдебиетке бейімділігін танытқан шәкірт С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне ерекше бір леп әкелген жаңа толқынмен бірге осы оқу орнын 1970 жылы бітірген соң талантты түлек ұстаздарының назарына ілігіп, 1973 жылы аспирантураны тәмамдайды.

1974-2000 жылдар аралығында қазақ ғылым-білімінің қара шаңырағына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылыми-педагогикалық тұрғыда жемісті қызмет атқарды.

А. Қыраубаева ғылыми ізденістерімен қатар, ұлттық тәрбие мәселелерімен де белсене айналысты. «Саяси тәуелсіздігімізді алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқталмауы тиіс», – деп жазды ол «Жаным садаға» атты еңбегінде.

А. Қыраубаева тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, яғни 1993 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданының Ораз Жандосов ауылында жекеменшік қазақ гуманитарлық мәдениет мектеп-лицейін ашты. Бұл гуманитарлық лицейде білім беру, тәрбие жұмысы мемлекеттік стандартты сақтай отырып, ұлттық дәстүр бағытында жүргізілді. Қаражат тапшылығына байланысты 1996 жылға дейін ғана жұмыс жасағанына қарамастан Алма апайдың лицейі қазақ ұлттық мектебі үлгісінің тәуелсіздік кезеңінде жүзеге асқан бір көрінісі болды.

Олай дейтін себебіміз, Алма Қыраубаева мектеп бағдарламасын жүйелеу мен қатар білім беретін білікті ұстаздар құрамын да ойдағыдай жарактады. Университетті үздік оқыған өз шәкірттері Самал Дәрібаев, Саида Нәжмеденова, Ләйла Мұсалы, Айсұлу Қасымбектермен қатар тәжірибелі ұстаздар ерлі-зайыпты Бәйтіков Бекболат пен Бәйтікова Зибә, Нұрсұлтан Сәрсенбаев, Қарлығаш Әбетаевалар еңбек етті. Солардың қатарына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елім деп ентелей жеткен қандас білімді жастарды да тарта білді. ҚХР Пекин Орталық ұлттар университетінің түлегі әдебиеттанушы, көшбасшы Рахым Айыпұлы, Пекин Орталық ұлттар университеті өнер факультетінің және Құрманғазы консерваториясының түлегі Ернұр Тұрсынәліұлы, Шыңжаң Педагогикалық институтының түлегі, ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы, Қарақалпақстаннан келген Сәкен Нұрашев, Қырғыз-

станнан Кәмила Сарымсақова секілді талантты қыз-жігіттер «Қазақ гуманитарлық мәдениет лицейінің» алғашқы ұстаздары аталып, мектеп оқушыларына жан-жақты білім берді. Олар білім бере жүріп, артта қалған туыстарын осындағы қыз-жігіттердің көмегімен ата жұртқа шақыртты. Сондай-ақ сол туыстарын шақыртуда Алма Қыраубаева бастаған осы ұжымның құжаттық жағынан және келгендерінің тіркелуіне зор мүмкіндік тудырғанын әр кез сағынышпен еске алып отырамыз. Бұл туралы Рақым Айыпұлы: «Алма апайдың өзі, ең алдымен, Қытайдан мені шақыртты. Кейін Қытайдағы ағайындардың елге келудегі қиындықтарын білгеннен кейін ол кісімен ақылдаса келе менің таныстыруыммен лицей ұжымында өтініш жасалып, ҚР азаматтығы бар ұстаздардың көбі өз еріктерімен Қытайдағы қазақтардан бір адам немесе бір отбасын шақыруды міндетіне алатын болып келісті. Олар шақырған адамдарын құжат дайындап шақырып қана қойған жоқ. Оларды уақытша және тұрақты тіркегізіп, азаматтық алғанға дейін қамқорлық көрсетті. Кейін осы ұстаздармен елге оралған ағайынның арасы шынайы туыстық сезімдерге ұласты. Егер әр қазақ сол кездегі лицей ұстаздарындай сырттағы ағайынға қамқорлық танытса, шетелде қазақ қалмауы мүмкін деп ойлаймын», – деп еске алады.

Ғалым Алма Қыраубаеваның ғылыми ізденістерімен қоғамдық қызметтері, тәуелсіз ел ұрпақтарына ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, заман талабына сай білім беру жөніндегі көзқарастары мен жетістіктеріне, әдебиетші ғалымдар мен педагог шәкірттері өз ілтипаттарын былайша білдіреді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы Алма Қыраубаеваның азаматтығы мен ғылыми ізденістері жайлы жазған мақаласында: «Қазақстан қазір әлемдік өркениеттен өзіне лайықты орнын алу үшін рухани жаңғыру жолына түсті. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған әдеби мұрасын, ұлттық тағылымы мен тәрбиесін тарихтың тұңғығында шашылып қалған жерлерінен жинап-теріп, елінің ертеңі жарқын болуы үшін кәдеге жарата білген Алма Қыраубаеваның ғылыми еңбегі сол ұлттық құндылықтардың қатарынан әркез табылатыны анық», – деп атап көрсеткеніндей, Алма Қыраубаева қарбалас тірліктің арасынан уақыт тауып, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың ел жадынан шығып ұмытыла бастаған әндері мен термелерін жинастырып, реттеп, өзі орындап қазақ радиосының алтын қорына жаздырып, «Жамбыл әуендері» жинағын құрастырды. Міне, бұл баба рухына, ұлттық өнерге деген үлкен қамқорлық еді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірхан Әбдиманов Алма Қыраубаеваның ұлағатты ұстаздары, әлеуметтік-қоғамдық ортасы жайлы: «Алма Мүтәліпқызы университет қабырғасында Бейсенбай Кенжебаев, Рахманкүл Бердібай, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов сынды ұлағатты ұстаздардың қамқорлығын көріп, тәлім-тәрбиесін алды. Ғалымның студенттік уақыттағы жолдастары Алдан Смайыл, Әділбек Тауасаров, Нұрлан Оразалин, Сағат Әшімбаев, Әшірбек Көпіш сияқты қазақ әдебиетіндегі өзіндік сара жолы бар, нар тұлғалы азаматтардың шығармашылық ізденістеріне, өмірге деген құлшынысына ерекше серпін бергені анық». – деп, сол буынның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ұлт руханияты мен ғылымына зор серпіліс әкелгеніне ризашылығын білдіреді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алма Қыраубаеваның шәкірті, «қазақ гуманитарлық мәдениет лицейінің» алғашқы ұстазы Самал Дәрібаев, ұлағатты ұстазы және мектеп жайлы толғана келіп: «Жалпы, ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін осы жолды мұрат тұтқан жанның бойында бірін-бірі толықтырар үш қасиет тоғысуы шарт. Меніңше, оның біріншісі – телегей теңіз терең білім, екіншісі – өмірімен өзектес деп біліп, таңдаған мамандығын жетік меңгерген біліктілік, үшіншісі – өз ортасына сыйлы бола білген кісілік келбет. Міне, осы үш қасиет ұстаз тұлғасында тұтаса тоғысып, әрқайсысы көзге ұрып әрі бір-бірімен кіріге жымдасып кеткенде ғана нағыз ұстаз жаратылысы ерекшелене түседі. Баршаға «Алма апай» атанып кеткен Алма Мүтәліпқызының бүкіл болмыс-бітімінен осынау үш қасиет анық байқалып тұратын-ды», – деген ұстазға деген шексіз ыстық ықыласымен бөліседі. Сондай-ақ ол ойын сабақтай келіп: «Сол жылдары талайды тентірете жаздаған тәкаппар тапшылық мектебімізді де терең тұңғығына тартып, тығырыққа тіреді. Халықтың игілігіне айналған мектеп нарықтың иірімінде кете барды. Қаржы мен қамқорлықтың аздығынан мектебіміз жабылды», – деген өкінішін де жасырмайды.

Алма Қыраубаеваның ғалым ретінде алдына екі түрлі мақсат қойғандығы ерекше байқалады. Оның біріншісі, әлі зерттелінбей жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі, сол игерілген қазынаны туған халқының кәдесіне жарату болған. «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» деген халық даналығына сай, Алма Қыраубаеваның 2008-2012 жылдар аралығында «Ғасырлар мұрасы» (2008), «Ежелгі әдебиет» (2008), «Шығыстық қисса дастандар» (2010), «Жаным садаға» (2011), «Мыңжылдық жолаушы» (2012) атты бес томдық шығармалар жинағы жарық көріп, ғылыми айналымға түсті.

Қорыта айтқанда, Алма Қыраубаеваның ғылыми зерттеулері, педагогика саласындағы еңбектері мен ұстанымдары да жаңа буынды тәрбиелеуде, оқушыны жеке тұлға ретінде дамытудағы тың тұжырымдары, тәуелсіз ел ұрпақтарына білім беруде өз даралығымен ерекшеленді.

Алма Қыраубаеваның ел тәуелсіздігінің алғашқы қиын-қыстау кезеңінде білім, ғылым саласында мұндай келелі ой, батыл идея ұсынып қана қоймай, оны іс жүзінде дәлелдеуі – үлкен ерлік және бұл қажымас қайсарлығы, Алаш ардақтыларының ұлы арманын жалғастырған ұлт тұлғасы екендігін әйгілей түскендей.

ҰЛЫ ДАЛА РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖОҚШЫ ҚЫЗЫ

Сыр елі – жыр елі атанған өлкеде туып-өсіп, қазақтың парасатты ғұлама ғалымына, ұлағатты ұстазға айналған, қай жерде, қандай ортада жүрсе де ерекше құрметке ие болған, сандаған шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған, үлкенге де, кішіге де «Алма апай» болған ғажап жан – Алма апайымыз тағдырдың жазуымен бұл өмірден ертерек озбағанда 75 жасын өзін құрметтейтін жандардың ортасында мейірім шуағы төгілген нұрлы көздерімен аялай қарап, мерейлі жасын тойлап отырар еді-ау!..

Алма апай, Сіздің жарық дүниеге келген және мәңгілік сапарыңызға аттанған күндеріңіз шәкірттеріңіз үшін атаулы күндер болып қалды. Сізді есімізге алғанда көмейге өксік тығылғандай болып, шәкірттеріңіздің Сізге деген сағыныштан шыққан мөлтілдеген мөлдір шықтай көз жастары жанарларын шылайды. Тағдырдың жазуына не істерсің, не шара? Өткенге салауат, барға шүкір деп өзімізді жұбатқан боламыз, иә, бірі-бірімізді жұбатамыз.

Ұлы Абай атамыздың «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп айтқанындай Сіздің жазып қалдырған терең мазмұнды ғылыми еңбектеріңіз, ЖОО мен орта оқу орындарында білім жолында жүрген жастарға арналған оқулық, оқу құралдарыңыз, ұлт қамын, қазақтың болашағын ойлаудан туындаған ұлттық салт-дәстүр, тәлім-тәрбиеге байланысты жазған ой-толғамдарыңыз, оны қажет ететін қазақ деген ел бар болып тұрған кезде Сіздің есіміңіз ұмытылмайды. Жаңғырып, ...сабақтасып отырады.

Көркем сөздің құдіреті мен ән-жырдың сырлары жанын баураған тұлымшағы желбіреген кішкене ғана жасөспірім қыздың Ұлы дала руханиятының жоқшысына айналуын кездейсоқтық деп айта алмаймыз. Адамның азамат болып қалыптасуы, таным-түсінігі тегіне, туып-өскен ортасына, тәрбиесіне тікелей байланысты екендігі белгілі.

Алма апайдың шыққан тегі мен туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі де назар аудартады.

Тектілік ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратындығы белгілі. Деректерге назар аударсақ: Алма апайдың «Анасы – Күлжан Сүлейменқызы – Мұстафа Шоқайдың немере қарындасы. Үлкен нағашы атасы – Ысқақ молда, Құмжарған деген жерде мектеп ашып, Мұстафа Шоқайға ұстаздық еткен» [1].

Алма апайдың айтуынша, нағашыларының мекен еткен жері «Мұстафаның кіндік қаны тамған жері Қызылорда облысы, қазіргі Шиелі ауданы «1 май» ауылының тұсындағы «Көксудың» сағасы болған. Көксу мен Сырдарияның арасын жайлап отырған. Жеке мешіт салған. Торғай датқа мен Шоқай қыстауының орны және ауылдың ортасындағы тұрған мешіттің бір қабырғасы бергіге дейін сақталыпты» [2. 221-б.; 3].

Осы мекенде туып-өскен Алма апайдың нағашылары Торғай датқа, олардың ұрпақтарының тағдыры, Мұстафа Шоқайдың қазақ үшін еткен қызметі туралы айтылған жайттарды естіп, ойына тоқып, орнықтырып өскені анық. Бұл жайттар апайдың ойлы, саналы азамат ретінде қалыптасуына әсер етті деп айтуымызға әбден болады. Осы кішкене ғана ауылдың жай-күйі толғандырып жүргені апайдың «Мұстафа Шоқай туған ауылдың мәдениеті не күйде?» атты мақаласынан байқалады. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезде де ұлт қайраткерлерінің қызметін жете бағалай алмай, таныта алмай жүрген жағдайларымыз бар екен. Осы 2000 жылы жазылған мақаласында Алма апай: «Құм басқан тарих ылғи үндемей қалмас. Бір күні сөйлер. Біреу іздер. Сонда Мұстафа Шоқайдың қадір-қасиетін туған ауылынан қалай бөліп алуға болады?» – дейді [2. 222-б.]. Иә, Алма апайдың қадір-қасиетін де туған ауылынан, тегінен бөліп қарай алмаймыз.

Нағашы жұрты осындай болғанда, өз аталары да осал болмағандығын деректерден білуімізге болады. Әкесі Мүтәліптің атасы Қалғабай, әкесі Қыраубай да батыр болған кісілер екен.

Қыраубайұлы Мүтәліптей қайратты, палуан әрі ән-жырды жанына серік еткен айтыскер ақын, жыршының отбасында дүниеге келуі Алма апайдың рухани қалыптасуында өзіндік ізін қалдырғаны анық. Мүтәліп ағаның алғашқы кезде ұлы болмай жүрген кезінде қызы Алманы ұл балаша еркелетіп өсіргені, оның ер балаша еңбекке араласып әкесіне үй шаруасы жұмыстарында көмекші болғаны туралы да біраз деректер естеліктерде айтылады.

Тумысынан зерек, ұғымтал, сезімтал қыздың оқуға да ықыласы ерекше болып, мектепте оқып жүрген кезінің өзінде-ақ алғырлығымен көзге түсуі, мерзімді басылымдарда шығармаларының жариялануы, орта мектепті үздік бітіруі де көп жайттарды білдіреді. Ойын баласы шағында өзінен

кейінгі інілері дүниеге келмей тұрғанда екі інісінің болатындығы, олардың аттары Асылбек, Жакыпбек болатындығы туралы айтуы да оның болмысында ерекше қасиеттердің болғандығын көрсетеді.

Сөз өнерінің сыры баураған арман аясындағы балаң жас білім іздеу жолына түсіп Алматыға келеді. Осы кезеңнен А. Қыраубаева өмірінің ғылым әлеміндегі ізденіс жолы басталды. Ұлт руханиятының жоғын іздеу, түгелдеу мақсатындағы алғашқы қадамы, ізденістері қалыптаса бастады. Бұл мәселеде өзі білім алған университеттегі ұстаздары мен қазақтың сол кездегі Р. Бердібай, Т. Кәкішев, Х. Сүйіншәлиев, Б. Сағындықов, Р. Нұрғалиев, М. Жолдасбеков, Т. Жұртбай, Ө. Күмісбаев, т.б. ұлт мүддесін көздеген ғалымдары, азаматтарының тигізген әсері мол болды. Ол жөніндегі апайдың ойлары жазылған мақаларында жан-жақты айтылады. Өз замандастарының, мәселен, С. Әшімбаев, Ж. Дәдебаев, Светлана Михайлқызы Сагалович, т.б. әріптестерінің еңбектері туралы мақалалары, пікірлері бір шоғыр құрайды

Қазақ – көп құндылықтарын жоғалтқан халықтардың бірі.

Халқымызда «жоқшы» деген сөз, ұғым бар. Кезінде қазақтың рухани ұстазы, көшбасшысы болған Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы. Қуғыншы қандай болса, мал қайтпақшы?» деген екен [4. 225-б.].

Әлемдік өркениеттің қалыптасуында өзіндік орны бар түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің, әдебиетінің тарихы өзінің жоқшысын әрдайым күтті.

Кеңестік дәуірдің 20-30 жылдары елдің жоғын жоқтаған азаматтардың саяси тұрғыдан айыпталып қуғын-сүргінге ұшырап, көбісінің атылып кеткені 50-жылдардың басындағы қуғындаушылықтағы қилы тағдырлар, ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін, әдебиетіміздің тарихын зерттеудің қаншалықты қиын болғандығы көзі қарақты жандарға белгілі.

Осы кезеңдерден кейін бұл мәселелерді көтеру едәуір іркіліске, кедергілерге ұшырап, Алаш ардақтыларының атқарып үлгермеген ізгі армандарды жалғастырудың кезегі солардың көзін көріп, тәлімін алған ғалым Бейсенбай Кенжебаевқа келді. Профессор Б. Кенжебаев сол кездегі ҚазМУ-дың, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етіп жүрген кезінде қазақ әдебиетінің тарихын ежелгі түркі дәуірінен бастап қарастырудың қажеттігі мәселесін көтерді. Бірақ ол қазақ зиялыларынан жеткілікті қолдау таба алмады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеумен тікелей айналысып жүрген академик Қ. Жұмалиев сияқты ғалымдар қарсылықтарын ашық білдірсе, Мұхтар Әуезов те қолдап кете алмады. Кеңестік ызғарлы саясаттың зардабы тағы да осылайша бір көрініс тапты.

Б. Кенжебаев бұл көтерілген мәселені шешуге жастарды, өзінің шәкірттерін, әріптес інілерін тартып, ойларын іске асыруға кірісті. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетті, яғни Орхон жазбаларын зерттеуге М. Жолдасбековке, Қараханид дәуірі әдебиеті үлгілерін зерттеуге Х. Сүйіншәлиевке, Алтын Орда дәуіріндегі әдеби туындыларды зерттеуге А. Қыраубаеваға, Қазақ хандығы дәуірі әдебиетін зерттеуге М. Мағауинге жетекшілік етіп, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріндегі әдебиет үлгілерін ғылыми айналымға ендіріп, олардың әдебиетіміздің тарихындағы орнын айқындады. Сол кезде Бұхар жыраудан басталады деп келген әдебиетіміздің тарихын мың жылға ұзартып, өлшеусіз үлкен үлес қосты. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге жаңа бетбұрыс жасады.

А. Қыраубаеваның жазып көрсеткеніндей «Б. Кенжебаевтың ғылымдағы орасан зор еңбегі – қазақ әдебиетінің ежелгі түркілік дәуірлерін алғаш көтеріп зерттеген, жүйесін түзіп, тұжырымдамасын жасаған, өз жетекшілігімен мамандар дайындап шығарғандығында». Осылайша, «Қазақ әдебиеттану ғылымында «Бейсенбай Кенжебаев мектебі» қалыптасты, қазір де жалғасын табуда» [2. 234-б.].

А. Қыраубаева университетті бітіріп, кафедраға қалдырудың қиындығы болғандығын, Б. Кенжебаевтың апайды қалдырудағы ойын сол кездегі кафедра меңгерушісі қызметін атқарып жүрген ұстазымыз Т. Кәкішев ағай былайша еске алады: «Жүр, ректорға барайық, мына Алманы кафедрада қалдырайық», – деді. «Сағат жоқ қой, Бейсеке», – деймін баяғы өзінің әніне салып. «...әйтеуір, іліктіріп жіберу керек, әйтпесе бұл қыз арқылы көне тарихтың бір кезеңі кетіліп қалады», – деп Бейсекең шыр-пыр болды» [5. 191-б.].

Б. Кенжебаевтың Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет үлгілері Хорезмидің «Махаббат нама» дастаны мен Рабғузидің «Қисс-ул әнбиясын» А. Қыраубаеваға ғылыми зерттеу жұмысы ретінде ұсынуынан да шәкіртінің бұл тақырыпты түбегейлі зерттей алатын қажыр-шалымына сенімі болғандығы байқалады. Бұл зерттеуге ұсынылған тақырыптардың күрделілігі мынада болса керек. Хорезмидің «Махаббат нама» дастаны түркі әдебиетінде сол кезде жазылған тыңтума әдебиеттің Шығыс әдебиетінің көптеген поэзия жанрларының түрлерін бойына жинақтаған, әдеби дәстүрін көрсететін бірден-бір үлгісі болса, Рабғузидің «Қисс-ул әнбиясы» кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттанушылары үшін «бас ауыртатын» тақырыптың бірі болатын. Сонымен бірге мұндағы әдебиет үлгілері Алтын

Орда дәуіріндегі түркі әдебиетінің даму сипатын көрсетіп қана қоймайтын, Шығыстың көне дәуірлердегі әдебиетімен, жалпы адамзаттық дүниетанымымен байланысып жататын, кейінгі дәуірлердегі қазақтың ауызша және жазба әдебиетінің дамуында өзіндік орны бар, сабақтастығы, өзара байланысы сақталған, зерттеушісін күткен, тереңдей, жан-жақты зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып болатын. А. Қыраубаева ұстазының сенімін ақтап, осы тақырыпты тиянақты зерттеп, кандидаттық диссертациясын қорғады.

Ғылымдағы жол көрсетушісі Б. Кенжебаевтың және өзінің қажырлы ізденістерінің арқасында Алма апай Алтын Орда дәуірінің бірден-бір зерттеушісіне айналды. Кейінірек Алтын Орда дәуірінде нәзира дәстүрімен жазылған қисса-дастандар негізінде 1997 жылы докторлық диссертациясын жазып қорғады.

А. Қыраубаева Алтын Орда дәуірі әдебиетінің үлгілерін зерттеумен шектеліп қалмай қазақ әдебиеті тарихының бастауларын ұстазы Б. Кенжебаев қолға алған Түркі қағанаты дәуірінен мың жылдай әрі қарай тереңдетіп Сақ, Ғұн дәуірлеріне апарды. Сол аталған ежелгі дәуірлердегі ауызша және жазба әдебиеті үлгілерінің кейінгі дәуірлердегі әдебиетпен өзара сабақтастығын, байланысын жүйелі зерттеп, нақты дәйектермен көрсетіп, ЖОО студенттеріне, арнаулы, орта оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарына енгізді.

Айтуға жеңіл болғанмен, Алма апайдың өзі айтқандай, «Қазақ халқы – дүниенің төрт бұрышын мекендеген адамзат баласының ең озық өркениетке жеткен ұрпақтарымен терезесі тең, телегейдей тарихы бар, тебіренер мәдениеті бар ел» [6. 3-б.] екендігін ежелгі әдеби мұралар негізінде көрсетуде, дәлелдеуде, мақсаттың орындалу жолында ғалым-ұстаздың ізгі арманы, қаншама тынымсыз ізденістері, тер төккен қисапсыз еңбегі жатыр десеңізші!

Еліміздің тәуелсіздігін алуы ұлтымыздың тарихы мен рухани мұраларымызды тереңірек тануға, білім жолындағы жастарға танытуға жол ашып, ғалымдар мен ұстаздардың ізденістеріне тың серпін бергендігі белгілі.

Алма апай да ойда жүрген армандарды іске асыратын күн туды деген оймен ұлттық мектеп ашып, ұлттық мектептегі оқыту үлгісі ретінде «Сенім» атты бағдарламасын жасады.

А. Қыраубаева ұлттық мектептің басты ерекшелігі жөнінде: «Бізде қазақ мектебі бар, бірақ ұлттық мектеп жасалған жоқ. Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын. Қазақ мектептеріне осы жетіспейді. Қазақ мектебі дегеніміз – қазақ тілінде оқытатын, ұлттық сананы, рухты қалыптастыратын мектеп», – деп тұжырымдаған болатын. Үлкен мақсаттағы бұл жұмыстарды іске асыруда қаншалықты қиыншылықтар болғанын жан құрбысы Гүлнәзия апай: «Жандосов ауылынан мектеп ашу үшін қаншама табалдырықты тоздырып, кірген есіктеріңнен тауың шағылып, жүйкеңнің жұқарып шыққанына біз куәміз», – деп жазады естелігінде [7. 233-б.].

«Қазақ баласының ұлттық болмысын, мәдениетін, менталитетін қалыптастыратын жүйелі білім беру тәсілін іске асыруды» мақсат еткен, қиыншылықтармен ашылған ұлттық мектеп, өкінішке орай, ақыры көп ұзамай қаржылық қиындықтар мен жеткілікті қолдаулардың болмауынан жабылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде белең алған «Кедей бай болсам, бай құдай болсам» дегендей материалдық байлыққа жету бәйгесіне ат қосқан «пысық» ағайындар көмекке қол ұшын соза алмады. Кеңестік тәртіптің қағидалары басына берік орныққан өздерін филологын, ғалым-ұстазбын деп жүргендердің ішінде кейбірінің: «Алма ұлттық мектеп пе, лицей дей ме түсініксіз бірдеңе ашыпты», – деген сөздері де зиялы қауымның да сол кезде бұндай ұлы істерге дайын болмағандығын көрсетсе керек.

Алма апайдың ұлттық рухани мұраларды іздеуі, насихаттауы әдеби жәдігерліктермен шектелмейді. Ұлттық құндылықтарды халықтың әні мен күйлерінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен де, қарапайым қазақтың бойынан да көргісі келді, іздеді. Тапқанын «Жаным садаға» мен мақалаларында, естеліктерінде жазып ортаға салды, үлгі етті. Өнерлі ұстаздың орындауында халқымыздың ән-жырлары да ерекше сазбен, әуен, мақаммен тыңдаушысын әсерлендіріп, ғажап бір күйге ендіретін еді.

Халқына, ұлтына деген өлшеусіз сүйіспеншілігімен, ұлы мақсат жолындағы еңбектерімен кішкене ғана «қазақтың қара қызы» Ұлы Даланы мекен еткен ата-бабалардың рухани әлемінің жоқшысына, мейірімі мен жан шуағының шапағатына бөленген шәкірттері үшін ұлы ұстазға айналды. Аз ғана ғұмырында көп адамның қолынан келе бермейтін іс атқарып, қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірлеріндегі көркем сөз үлгілерін зерттеуге, әдебиет тарихындағы орнын айқындауға айрықша үлесін қосты. Рухани мол мұра қалдырды. Бұл дүниелік ғұмыры қысқа болмағанда, ұлтына берері мол, әлі де бітірер іс көп еді-ау Алма апайдың!

Абай атамыздың: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес», – деп айтқанындай [8. 122-б.] Алма апай бастаған ізгі істер шәкірттерімен, кейінгі жастардың ізденістерімен іске асса деген ниет, тілектеміз.

Аяулы ұстаз Алма апайымыздың еңбектері халықтың, ұлтымыздың игілігіне айналдыру назардан тыс қалмауы керек.

Ол үшін мынандай іс-шаралар іске асырылса деген ойды ұсынамыз:

1. А. Қыраубаеваның қазіргі кезге дейін аз таралыммен жарық көрген көп томдығын министрліктің мемлекетке қажеттілігі бар мұра ретінде қаржы бөлдіріп, қайта бастырып шығаруын қарастыру;

2. ЖОО филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған «Ежелгі әдебиет» оқу құралының ізденушілер үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3. А.Қыраубаева зерттеулеріндегі ғылыми тұжырымдарын орта, арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдарына ендіру;

4. Ұстаз-ғалымның ұлттық құндылықтарға, дәстүрге, тәлім-тәрбиеге қатысты ойларын, сөздерін білім, тәрбие беру мекемелерінде, т.б. насихаттау, көрнекілікке айналдыру назарда болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.

2. Қыраубаева А. Мұстафа Шоқай туған ауылдың мәдениеті не күйде? /

Мыңжылдық жолаушы. 5 томдық шығармалар жинағы / Томды баспаға әзірлегендер: Н. Мәтбек, Г. Асқарова, Н. Әли. – Алматы: Өнер, 2012. – 5-том.

3. Қыраубаева А. Мұстафа Шоқай туған ауылдың мәдениеті не күйде? // Егемен Қазақстан. – 2000. – 13 мамыр.

4. Байтұрсынұлы А. Жауап хат / Алты томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Елшежіре, 2013.

5. Кәкішев Т. Еңбегімен елеулі / Қыраубаева А. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

6. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Жоғары оқу орындарының филология және журналистика факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. – Астана: Елорда, 2001.

7. Әдуова Г. Алманың рухымен сырласу / Қыраубаева А. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.

8. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005.

МЕНІҢ АЛМА АПАЙЫМ

– Молдабек, болашақ туралы не жоспарың, не ойың бар? – деді Алма апай сабақтан соң мені оңаша алып қалып. Күтпеген жерден аңтарылып қалдым да, жатсам-тұрсам ойлайтыным оқуға түсу екендігін айттым. Апай әдеттегідей сабырлы, салмақты қалпымен бет-жүзіме ойлана қарап: – Құда қаласа, оқуға да түсесің ғой. Сонан соң алда З. Қабдолов, Т. Кәкішев, Р. Бердібаев, Р. Нұрғалиевтер сынды үлкен ағаларың дәріс береді. Сол кездерде өкінбеймін десең, мен саған бір ұсыныс айтпақпын... Меніңше, сенің әдебиет тарихын зерттеп, зерделеуге икемің бар сияқты. Көріп жүрміз, көп студенттер әлі ерте деп, 5-курсқа дейін бос жүріп, уақыттан ұтылып, үлкен ғылымға кешігіп барады. Солай болмас үшін сен мақұл көрсең, екеуіміз бұл шаруаға ертерек, осы күннен бастап кіріссек қалай қарайсың?.. Бұл – 1978 жылдың алғашқы айлары, ҚазМУ-дың дайындық бөлімінде дәріс алып жүргенімізге, небары 4-5 ай шамасы өткен тұс еді. Алма апай әдебиет пәнін оқытатын. Мұндағылардың алды – 5-10 жыл еңбек етіп келген естияр, сақа жастар. Мен де 2-3 жыл құрылыста жұмысшы болып, әскери борышымды өтеп, біршама өмір өткелектерін артқа салғам. Әсіресе әскер қатарында көрген «құқайларым» тәуір-ақ ысылуға мәжбүр етті. «Түһ!» деген түкірігің жерге мұз болып түсетін Сібірдің аязды түндерінде бүрсеңдеп қару асынып күзетте жүріп, сыныптас досым әрі туысым Қабылдың пошта жәшігімен жіберген көп кітабының ішінен Абайдың 1961 жылы жарық көрген академиялық таңдамалысын, Т. Әлімқұловтың «Жұмбақ жан» атты зерттеу кітабы мен социолог-психолог ғалым Виктор Пекелистің «Адам қабілетінің қайнары» еңбектерін үтір-нүктесіне дейін ежіктеп оқып, жалғыз дауыстап жатқа айтып, жүрек түбінде бұғып-бұлқынып жатқан арман-қиялыма қол созатынмын, әрі десе ауыл-елге деген сағыныш-шерімді солай басатынмын. Соның «жағымды» салдары шығар, сол жылдары мен айнала-ортама абыз Абайдың бүкіл өлеңдері мен Қара сөздерінің өн бойында тұнып жатқан тұңғыық қайғы-мұңға оранған пәлсапамен қарап, бөлекшелеу болмыспен жүріп-тұрғандаймын. Менің осынау «дертті рәпәтім» алдындағы әрбір шәкіртінің жан-дүниесін қалт жібермей бақылап, әрқайсысының мінез-құлқына сай бейім-қабілетіне жол аша білетін, дара дарынды Ұстаздың сұңғыла назарынан тыс қалмаған сыңайлы. Бұл – менің арада жылдар өткен соң барып көз жеткізген байламым... Сонымен, «Егер де Сіз солай деп маған сенсеңіз, мен қуана келісемін!» – деген жауабымды алған бойда, қолымнан жетелеп отырып, үйінде төсек тартып жатқан атақты ғалым Б. Кенжебаевқа, Қазақстан Ғылым Академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиетші-ғалымдары: М. Бөжеевке, Н. Сағындықоваға, Ш. Сәтбаеваларға апарып таныстырды. Бәрі де үлкен басымен кішіпейілдік танытып: «Келіп тұр, айналайын. Алманың үміт күтер шәкірті болып, әдебиет тарихына үңілемін десең, бағыт-бағдар сілтеп, көмектесуге біз даярмыз», – десті... Өзгелердің асқанда алты ай немесе екі-үш ай ізденіп жазатын диплом жұмысын, мен, осылайша, Алма апайымның тікелей жетекшілігімен бес жылға жуық ізденіс үстінде жүріп жаздым. Рецензентім ретінде Бейсекең үйіне ай аралатып болса да барып, ақыл-кеңесін алып жүрдім. Көзі нашар көретіндіктен, «бір абзац жазсаң да, соныңды маған оқып бер», – деп, дауыстатып оқытып, ерінбей тыңдайтын. Қорғайтын күн жеткенде, пікірін өзі айтып отырып «бұл диплом жұмысы айрықша деп бағалауға лайық» деп жаздырды да, соңына төсекте жатқан күйі иректетіп қолын қойды. Мені аспирантураға қалдыру туралы Алма апайымның Мемлекеттік комиссия алқасы алдындағы ұсынысына, өзге де ғалым-ұстаздардың қолдауына қарамай, тағы да сол «қиял жетегіне» ерік беріп: «Мен үлкен өмірді көргім келеді. Осында алған білім-білігімді, ең алдымен, ауыл оқушыларына сіңіруден бастасам деймін. Ғылымға сосын келемін!» – деп «бұлданып», еркін жолдамамен елге кеттім. Әуелде: «Осының бекер болмағай, тым қызулық еттің бе?» – деп өкініш еткенімен, Алма апайым артынан өзіне тән айнымас ұстамдылығымен: «Мүмкін, сенікі де дұрыс шығар», – деп ақжол тілеп қала берді. Оңтүстік облыстың Өзбекстанмен шекаралас ең қиыр шетінде – жолсыз, сусыз, иен құм даланың ортасында жатқан Әлімтау қаракөл қой совхозында мектепте мұғалім болып еңбек еттім. Қазақ радио-теледидары көрсетпейді. Газет-журналдар некен-саяқ жетеді... Аудан орталығынан 80-90 шақырым қашықта, ұмыт қалған осы ауылда Шықаңның «Алғашқы мұғалімінің» күйін кешіп, кәдімгідей қиналып жүрген күндерімде қайран Алма апайым ай сайын дерлік үзбей хат жазып, жігерімді жанып, ақыл-кеңесін айтып, Алматыдағы әдеби-мәдени жаңалықтардан құлағдар етіп жүрді... Екі жыл өткенде «Факультет деканы болып Түрсекең (Т. Кәкішев) сайланды. Сен туралы пікірі жақсы. «Келсін, өзімізге қызметке қабылдаймыз», – деді. Енді қарайып қаласың, қайт!» – деп апайым Алматыға шақырды. Өзім де намысқа тырысып әзер жүргем, қайтып келдім...

* * *

Үнемі қарапайым, жарасымды киініп, бір қалыпты жүріп-тұратын Алма апайдың дәріс үстіндегі биязы үні, ұғынықты да тиянақты сөз саптауы – аудиториядағы барша шәкіртін айрықша баурап алатын. Оны сүймейтін бірде-бір студент көрмедім. Бәріміз апайдың сабағын тағатсыздана күтетін-біз. Аяқастынан қызықты бір тақырыпқа шығарма жаздырады. «Ақындар» өлең шумақтарымен кестелеуіне болады. Жазбаларымызды алмастырып, бір-бірімізге пікір, сын айтқызады. Қызу пікірталас өрбиді. Бір ғажабы, ешкім де апайдың назарынан қалыс қалмайды. Өзгелерімізді де соған жұмылдыра отырып, әркімнің өз ойын ашық, еркін жеткізуіне көңіл қояды. Тауып айтылған жалғыз ауыз сөзге мән береді, бағалайды, көңілімізді марқайтады... Осы бір өнеге келе-келе бәрімізге сіңе бастағандай, бір-бірімізді құрметтеуге үйрене бастадық. Алма апайдың дәрісінде жақсы оқитын, нашар оқитын студент деген шек-шекара, бөлекше қарым-қатынас ұмыт болады. Әрбір шәкірті өзін «бірінші» сезінеді... Мұндай ғажайып сиқыр иесі бола білген Ұстазды мен өз басым оған дейін де, кейін де көре алмадым... Ал ән салғандағы көмейінен бұлықсып, тербеліп, үзілдіріп шығатын ерекше әуезді дауыс иірімдері ше?!.. Бірде Алма апай мені үйіне ертіп апарды. Ол кезде мен Ғылым Академиясының және Орталық кітапхананың Сирек қолжазбалар қорындағы төте жазу үлгісіндегі жәдігерлерді өздігіммен оқып-үйреніп, өз бетімше жұмыс істеп жүргем. Содан ба, аллергия болып, саусақтарымының арасын экзема деген қышыма жара басып, көп азап шектім... Апайымның шаңырағының табалдырығын алғаш аттау оңай болған жоқ. Жүрегім дүрсіл қағып, именіп, әзер кірдім. Қуықтай екі бөлмеде мен күткендей сән-салтанатты жиһаздан дәнеме жоқ. Есесіне, өзіміз ауылда көретін жұпыны құрақ көрпе, көпшіктер мен сырмақ, тоқыма кілем сияқты қолөнер бұйымдары көзіме оттай басылды. Кітаптары, жұмыс столы... Ол кезде апайдың екі ұлы бар екен: Ұлар мен Бұлан. Байқаймын, бастарындағы қоян терісінен тігілген құлақшын-малақай, аяқтарындағы жүнін ішіне қаратып тіккен жылы байпақтары мен қолғаптарына шейін қолдан пішіп тігілген. Бала кезімізде өзіміз де киіп өскен тәберік дүниелер. Үш-төрт жас шамасындағы екеуін де ұқыптап киіндіріп жатып апай: – Апайыңның аздап ине-жіп ұстайтын жаман өнері бар. Дүкендікінен осы тәуір ме деймін, – деп қояды. Балаларын есік алдына шығарып келген соң төсеніш салып, дастарқан жайып, шай берді. Мені қысылмасын деген болуы керек, емін-еркін әңгімеге көшті: – Анау қолыңдағы жара мазаңды алып жүр ме? Ескі кітаптардың шаң-тозаңында сондай микробтар болатын құсайды. Дәрігерлер не дейді? Тіпті болмаса, қазақша ем-дом жасатып көрсен қайтеді? Ауылда үлкен кісілер бар ма еді?.. Осылайша, суыртпақтап сыр тарта отырып, алдағы уақытта қолжазбаларды ақтарғанда, аузы-мұрнымды қосып жұқа дәкемен байлап отыруды тапсырды.

* * *

Алма апай 1993 жылы Жандосов ауылынан Қазақ гуманитарлық мәдениет лицейін ашқанда, біздің үлкен қызымыз Маралды өзі сұрап қолына алды. Үш жыл бойы өз үйі-өз төсегінде жатқызып, өз қызындай мәпелеп тәрбиелеп, лицейде оқытып, ас-суына шейін көтерді. Ең болмаса, оқу ақысын төлейін дегендей бір сөз айтқанымда: – Біздің лицей – ақылы оқу орны емес. Жағдайларыңды білем ғой, Марал да – менің өз қызым. Көрпе-төсегімді аяймын ба, қайта Мөлдірге серік болады (інісінің қызы, сол кезде ол да қолында). Біздің балаларға да жақсы, бәрі сабаққа бірге дайындалады, – деп, ондай әңгімеге орын жоқ екенін аңғартты. Еліміз тәуелсіздігін алысымен, зор ынта-жігермен кірісіп, бар салмақ-жүгін жалғыз сүйрелеген Алма апайдың осы бір жаңа мектеп үлгісі, өкінішке қарай, құзырлы тараптардан түсінік-қолдау таппай, үш жыл өмір сүріп, жабылып қалды. Ол туралы 1997 жылғы телехабарда берген сұхбатында: – Бұл бір толғағы жетпей дүниеге келген дүние болды. Алайда мен өкінбеймін. Осындай, Мағжандар арман еткен халық педагогикасына негізделген, әлемдік өркениетті нысана тұтатын ұлттық оқу жүйесін құруға толық мүмкіндік бар екенін біз дәлелдедік. Біздің бұл бастамамыз келешекте қандай да бір формада болмасын іске асатынына күмәнім жоқ, – деген еді ұлы Ұстаз... Тағдыр менің нәсібімді де әдебиет тарихы ғылымынан емес, тележурналист кәсібінен бұйырты. Үлкен үміт еткен ұстаз үшін бұл да бір өкініш болды. Десе де, көзі тірісінде өзім түсіріп эфирге шығарған, бүгінде «Қазақстан» ұлттық телеарнасының мұрағатында сақталып отырған ұлы Ұстазым туралы бірнеше бейнетуындыларды есіме алып, іштей ақталғандай да боламын...

* * *

Алма апай ғылым саласында ежелгі түркілердің ерлік шежіресін жасады. Орта ғасырлардағы иісі түркі жұртына ортақ жәдігер жауһарларын алғаш зерттеушінің бірі болды. Сол замандағы жазба әдебиеттің ХІХ ғасыр соңында қайта жаңғырып, ХХ ғасыр басына дейін күшті дамыған үлгісі – қазақ қисса-дастандарын сабақтастыра зерттеген еңбектері әдебиет тарихына қосылған сүбелі үлес болып қалды. Жоғары оқу орындарына арналған құнды оқулықтары бір төбе. Жамбылдың ірі жыршылық-жыраулық, ақындық дәстүрі туралы тың ойлар айтты. «Он алты қызбен айтысын» жеке кітап етіп шығарды. Әсіресе Алма апай өзінің талғампаз әншілік өнері арқасында жыр алыбының ұмытылуға айналған тамаша ән-әуендерін тірнектеп жинап, өз орындауымен өмірге қайта әкелді. Осындай қыруар ғылыми-шығармашылық қызметтерді абыроймен атқара жүріп, өз әкесі, атақты Сыр сүлейлерінің сынығындай Халық ақыны Мүтәлліп Қыраубайұлы мен балаларының ұлы атасы Жамбыл Жабаевтың рухына лайық тәлімді ұрпақ тәрбиелеп қалдыруға да уақыт тапты. Ауыр сырқаттан көз жұмғанына көп жыл өтсе де Алма апайымның асыл бейнесін көп елестетемін. Әсіресе әуезді үні құлағымнан кетпейді... Көзсіз тәуекел мен алып-ұшқан арманнан басқа Алматыда таяныш-тірегі жоқ, белгісіз бір ауылдың баласы – мына маған соншама қайтарымсыз қамқорлық жасағандай Алма апайдың маған туыстығы жоқ еді. Жерлес те емес-ті. Кісіге еткен түйірдей қайырымның өзі саудаға салынатын бүгінгі нарық заманының ұрпақтарын аяймын. Әйтсе де, ең болмағанда, «орамал тон болмайды, жол болады» деген ата салтымен, сол асыл апайымның иығына бір ақ жібек орамал жауып болса да ілтипат көрсетуге жарамағаным өзегімді өртейді... Әрқашан мен сияқты мың-сан шәкірттеріңіздің дұғасындасыз аруағыңнан айналайын, қадірлі Алма апай!

А. ҚЫРАУБАЕВА – ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ

XXI ғасыр – адамзат алдына тың талаптар, мүдделі мақсаттар мен іргелі ізденістер жауапкершілігін жүктеген кезең. Әр ғасырдың бағамы мен бағасын кейін беретін кезіміз болады, алайда арынды уақыт біздің өз пікірімізді кешіктірмей, кесімді де шешімді айтуымызды талап етуде. Себебі бұл – жаңа ғасыр тынысы, жаһандану қарқыны, ел болашағының адамзат жауапкершілігімен өлшенер кезеңі.

Жаңа Қазақстан – тәуелсіз Қазақстанның тарихи даму жолындағы озық жетістіктер мен кемшіліктерді екшейтін ерекше қадамы, ел дамуындағы өзекті мәселе, жаңа жоспар, басты бағдар мен басымдықтарды анықтайтын жаңа кезеңі. Осы тұста өткенге зер салып, ұрпақ игілігіне ұсынатын ұлағатты мұраларды зерделеп, зерттеп, оны ғылыми тұрғыдан бағалай отырып, белгілі бір саланың дамуына үлес қосатын жүйелі іске айналдыру да аса маңызды. Әсіресе тап осы мәселе педагогика саласына қатысты, өйткені ол ұрпақтың тәрбиесі мен білімі, елдіктің ертеңінің сабақтасуы ғой.

Кенес дәуіріндегі қазақ педагогикасы туралы айтылар сөз сараң да сүрең: ол Ахмет Байтұрсынұлысыз, Мағжансыз, Міржақып пен Жүсіпбексіз, алаш ардақтыларының озық көзқарастарынсыз педагогика еді. Ол педагогиканың діні мен дінге тік тек кеңестік жүйеге ұнамды, ұтымды, тиімді, саяси сипатына шаң жұқпайтын педагогтер шоқжұлдызынан немесе озық ойлы еңбектердің кеңестік саясатқа бейімделген нұсқаларынан құралғаны ащы шындық. Педагогика ғылымын кеңестік жүйенің қағидаттары мен идеологиясына мықтап матап-шырмаған бұл кезең тарихта әлі-ақ әділетті бағасын алатын шығар? Ал сол тұста «коммунизм құрылысшыларын» даярлайтын педагогтер сапына жолдама алған жас маман, отыз жылдық еңбек жолын саралап қарағанда не көрді дерсіз? Сол буын тәрбиелеген ұрпақты бүгінгі уақыт көзімен сипаттар болсақ: еркіндігі мен ерекшелігінің өрісі тар, белсенділігі мен білімі «ұрандаған уақыттармен ұрланған», санасы идеологиялық жауапкершілікпен шырмалған, аудиторияға айтар сөзінің сынасы мен сыны мұлт кетпейтін, алайда ісі сөзімен қабыспайтын, батыл пікір айтуда жасық, ұлт мүддесін ойлау мен оны өзекті мәселе ретінде көтеруге келгенде жалтақ. Бұндай «кембағалдық» қайдан шықты? Ол ұлттық болмыс, рух пен ұлт құндылықтарын жоғалтудың, сананы тазалаудағы кеңестік ұлт жасау саясатының теңдессіз нәтижелері еді.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңде көкірегінде жаңалықтың жанартауы бар педагогтер білім беру ісін тың бағытта өрістетуді ойластырды, іске де кірісті. Жаңашылдар болды. Бірақ олардың ісі кеңестік саясатқа қайшы келмейтін арнада жүзеге асты. Алайда дәстүрлі педагогиканы ұлттық мектеп үлгісімен толықтырып, қазақ педагогикасы деп аталатын тарихтың жаңа парағын ашқан ғалым-педагог Алма Қыраубаева еді.

«Қазақстан мектебі» журналының 1996 жылдың сәуірдегі санында Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы жарияланды. Бағдарлама негізі – Алматы облысының Қаскелең ауданы (қазіргі Қарасай ауданы) Жандосов ауылындағы 1993-1996 жылдар аралығында жұмыс істеген Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейінің тәжірибелік сынама (апробация) нәтижесі.

Баспасөз бетінде жарияланған Тұжырымдаманың мәні мен маңызы неде?

- ✓ «Сенім» бағдарламасы – ұлттық мектеп моделі деп атауға болатын жаңа сипаттағы мектептің толық педагогикалық процестер алгоритмін қамти отырып, жүйелі әрі нәтижелі түрде сынамадан өткенінің дәлелі болатын негізгі құжат;
- ✓ Ол – А. Қыраубаеваның авторлық мектеп технологиясы. Бұл – ғылыми-педагогикалық негіздемелері айқын, құқықтық-нормативтік талаптарға сай, баламасы жоқ ұлттық мектеп үлгісі.
- ✓ Бұл жаңашыл жоба – өзінің өміршендігі мен маңыздылығын уақыт өткен сайын дәлелдеуімен қатар, XX ғасыр аяғында ұлттық қазақ педагогикасының дамуына үлес қосқан тың идея, батыл педагогтік көзқарас, ұлттық құндылықтарға негізделген заманауи SMART жоба.

Өз кезеңінде бұл құжат қоғамда қызығушылық туғызғанымен, тәжірибенің ұтымды тұстарын енгізуге көңіл бөлінбеді. Оның өзіндік себептері бар еді. Ең алдымен, бұл – ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары, экономикалық қиындықтар қыспағындағы кез. Сонымен қатар білім саласындағы ізденісті, ұлттық мектеп ерекшелігін зерделеп, оның қажеттілігі мен маңызын жан-жақты қарастыруға, өзгеріске бейімделуге даярлық та кем тұс еді. «Сенім» бағдарламасы туралы: «Бұл – мектеп-лицейдің тұжырымды концепциясы. Ғылыми негізі сұрыпталып, нақтыланды. Ойға алған мақсат пен жүзеге асырылған жұмыс, мектеп ісіндегі өзгешеліктер де осыннан айқын көрінеді. Ендігі

жұмыс сендерге аманат. Он бес, жиырма жылда осы идеяны іздейтін болады. Міне, ұлттық мектеп тәжірибесі қолдарыңда», – деген еді.

«Сенім» бағдарламасы негізінде жұмыс істеген Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі – тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі білім саласын жаңа бағытта дамытуға жасалған батыл қадам. Бағдарлама авторы А. Қыраубаева бұл бағдарламаны бірден бастап кетпегені де айқын, себебі ұстаз өзінің ғылыми ізденістері мен ұстаздық тәжірибесін жан-жақты зерделеп, сұрыптап, мақсатын айқын межелеген тұста қолға алынған жоба. Ол тек қағаз жүзіндегі ой болып қалған жоқ, мектеп ретінде өз өміршендігін дәлелдеді. Мектеп 1993-1994 оқу жылында Алматы облысының Қаскелең ауданы (қазіргі Қарасай ауданы) О. Жандосов ауылында өз жұмысын бастады. Мектепте 70 шақты оқушы білім алды, 15 ұстаз еңбек етті.

Дәстүрлі білім беретін мектептен айырмашылығы неде?

Ең алдымен, мектептің шәкірт өміріндегі рөлі мен мәнін қайта қарауы, жаңа сипатта түсіндіруі:

- Мектептің (қоғамдық орын, ұйым және ұжым ретінде) тұлғаны дайындаудағы қызметін айқын көрсету, тәрбие мен білім беру сапасын арттыру алгоритмін анықтау, педагогикалық процестерді тұлға ерекшеліктерін есепке ала отырып жоспарлау, жүзеге асыру басымдықтары;
- Білім беру педагог талаптары тұрғысынан ғана емес, шәкірт қажеттілігі мен қалауы тұрғысынан қанағаттандырылуы;
- Сабақ тақырыбы мен мақсаттарын бағдарлама мақсаттарынан да тереңірек қарастыру, яғни оқушының тақырыпты меңгеріп қана қоймай, оны өмірде қолдана алатындай деңгейде игеруіне жағдай тудыру.

Тұжырымдама негізіндегі эксперименттің жаңашылдығы: мектептің педагогикалық процестерін, тәрбие мен білім беру принциптері мен механизмін, үдерісті жоспарлау мен басқаруды, дамытуды еуроцентризм емес, «Шығыс даналығының» айнасы болып табылатын ұлттық код – ұлттық таным, ұлт құндылықтары мен тамыры тереңде жатқан рухани қазына, қазақи данышпандық тұрғысынан қарастыруы және оны қазақ мәдениетінің алтын арқауы – «жасытпай оқыту» әдісімен жүзеге асыруды ұсынуы. Дәстүрлі мектеп мұғалімі үшін бұл аса қиын талап, оның педагогикалық ұстанымымен астаспайтын түсінік еді. Әрине, педагогикалық психология ұғымымен таныс, бірақ «педагог әміршілдігі» басым тұратын мұғалімнің «МЕН-іне» ауыр соққы болды.

Мектепте жаңа пәндер («Тілашар», «Ежелгі әдебиет», «Ислам мәдениеті», «Әдеп», «Әлемтану». Келешекте «Елтану», «Шығыс мәдениеті», «Батыс мәдениеті» және басқа пәндер енгізіледі деп жоспарлануы) оқытылуы, мектептің атауы Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі деп атауы да автор идеясы мен ойының кеңістігін аңғартады.

Алма Мүтәліпқызы БАҚ өкілдерімен өз пікірлерімен бөліскенде: «Бізге қазір батыстың «гүлденген» өмірі келіп жетті де, әсіресе жастар санасында батыстық утопия пайда болды. Бірақ ақиқаттың бәрі батыста ма?..

...Қазақ өмір тіршілігі сан ғасырлық түркілік, шығыстық дүниетаным аясында қалыптасады. Тәрбие мектебі болып табылатын қазақ мақал-мәтелдері мен аңыз-әңгімелеріндегі дүниелік тәжірибе бүгінгі батыстық ұғымдармен көп жағдайда кереғар» дей келе: «Қазақи дүниетанымның өзегі – адамшылық... Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақи пәлсапаны құрайтын он бір мақалды келтіре отырып: «Байқасаң қазақтың өзінде бар, Дүниенің генийлігі, пайғамбары», – деген» ойларымен өз идеясын өзектей түседі.

Мектептегі оқу мен тәрбие ісін жүзеге асыруда оқушы жанына үңілу, оның әлемін зерттеу алдыңғы орынға шықты. Жантану ілімі тұлғаны қанаттандырушы негіз ретінде қарастырылды. Бұл орайда ғалым-ұстаз «Мағжан және Монтессори» мақаласын жазып, тұлға ерекшеліктері мен оның қалыптасу негіздеріне назар аудартады. Ұстаз «Жаным садаға» жинағында: «Соңғы ғасырымыздың айтулы ізденістері болып табылатын Штейнер мен Монтессори тәрбиесі ұлы гуманизмге негізделген. Ал қазақ тәрбиесінде Мағжан «Педагогикасы» адамшылықтың үлгісі дер едім. Оған ұстаздың мына сөздері куә: «Адамның шын мағынасымен «адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт... Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті...» Бұл сөздерді адамды сүйген адам ғана жазуы тиіс», – деп атап көрсетеді.

Жаңашыл педагог (лат. novator) – өз қызметіне шығармашылықпен қарап, тың идея туындатып, жаңалық енгізіп, педагогикалық теорияны ерекше бағытта дамытуға зор үлес қосатын шынайы маман. Педагогикалық жаңашылдық – педагог қызметінің озық ойлы ізденістер мен ілгерінді идеяларды, әдіс-тәсілдер және іскер қағидаттарды жүзеге асыратын ең жоғары деңгейі.

Оқыту мен тәрбиелеу ісінде батыл түрде жаңа бағыт-бағдар ұсыну – ерлікпен пара-пар. Біздің көтеріп отырған мәселеміз бойынша айтар болсақ, Алма апайдың қазақ педагогикасының тарихына қосқан зор үлесі – жаңашыл педагог ретінде ұлттық мектеп моделінің теориялық негізін жасап қана қоймай, оны эксперимент есебінде толық сынамадан өткізіп, нақты тәжірибе нәтижесінде көрсету ерлігі.

Ғалым-педагог қазақ педагогикасы мен психологиясына **тың терминдер** енгізді: «сенім (педагогтің бұйығылықтан арылтатын мотивациялық құралы), «кембағалдық» (адамның жан-дүниесіндегі сенімсіздік пен ыңғайсыздық кешені), «кісілік қарым-қатынас» (субъект-субъект), «қазақы құбылыс» (өркениетке танылатын қазақы құндылықтар нәруызын /кодын/ сіңірген тұлға моделі), яғни функционалды сауатты тұлға.

«Ұлттық мектеп моделін жасауға көзқарас» мақаласы бойынша сөзімізге дәлел болатын жолдарға назар аударсақ: «**«Сенім» бағдарламасының мақсаты:** баланың ұлттық санасы мен болмысын қалыптастыру негізінде өркениетке шығару. Жасытпай оқыту, жан-дүниесінің кембағалдығынан құтқару. Мәдениеттерді меңгерту. Сенімді азамат ету.

Іске асырудың алғышарттары: Шәкіртпен кісілік-демократиялық қарым-қатынас орнату. Шәкірттің ынта-ықыласын оятып-дамыту арқылы оқыту. Адамшылық қарым-қатынасқа итермелейтін тетіктерді іске қосу. Бағдарламада бұл тетіктер мүмкіндігінше қарастырылған.

«Сенім» ұғымының мақсаты: Шәкірт мүмкіндігіне сену, шәкірттің өз мүмкіндігіне сенуі.

Бағдарламаны жасау бағытында әр балаға тұлға ретінде қарап, тұлғаның ұлттық сипаттағы мінез-құлқын, психологиясын, тұлғаны қалыптастыру барысында табиғи ерекшелігін ескеру мен оның адамгершілік қасиеттері негізінде біліммен толыса түсуіне мүмкіндік тудыру ерекше назарда болды. Яғни қалыптасқан түсінік бойынша оқушы мектепке оқу үшін келеді деген көзқарас болса, осы ескі түсінікті өз бояуын жоғалтып, ғалым-ұстаз өз мектебінде тұлғаның жан-дүниесін толықтырып, оны қалыптастыру үшін әр мұғалімнің ізденіп, зерттеп, зерделеп оқытуына талап қойды. Мұны бағдарламаның 4-қосымшасындағы төмендегі талаптардан анық көреміз:

- Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істейді.
- Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе: Ол – адамды жасаушы адам.
- Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу.
- Баланы таңғалдыруды ұмытпа: «Даналыққа ұмтылу таңғалудан басталады».
- Импровизация – сабақтың жаны.
- Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл және т.б.

Педагог енгізген жаңашылдықтың бірі – оқушының зерттеліп, танылушы нысан (объект) емес, мұғаліммен тең тұлға зерттеуші, танушы сана (субъект) екендігі. Яғни білімді игеру мен игерту барысында шәкірт пен ұстаз арасындағы байланыс, қарым-қатынас. Осы тұста шәкірт пен ұстаз арасындағы тентұлға, құрмет пен ізгілік деңгейін танытатын тың терминдерді қолданысқа енгізді: мырза, бибі, бике, бикеш.

«Қазақы құбылыс» ретінде танылатын шәкірт моделін:

- ұлттық санасы мен болмысы қалыптасқан, мәдениеттерді меңгерген;
- өзіне сенімді: еңбектенуге үйренген, білім іздеудің жолын игерген;
- өзін ортада ұстай біледі, пікірін еркін айта алады;
- адамға құрмет сезімінде тәрбиеленген, адамдардың тұрмысында әр түрлі екенін мойындайтын және сыйлайтын адам», – деп, айқындай түседі.

Ғалым жас ұрпақты білімі берік, адамгершілігі кәміл тұлға ретінде қалыптастыру құралы – сенімділігін нығайту мен шығармашылығын шыңдау, сенімсіз баланың болашағы бұлыңғыр, шығармашылығы жоқ жанның тығырықтан шығу тапқырлығы төмен деген қағидаттарды ұстанды. Осы бір психологиялық ұстаным, шынында да, талай жерде өз шындығына көз жеткізді.

А. Қыраубаева баланы жан-жақты сенімсіздік кешендерінен арылту құралдарын да айқын көрсетті. **Хат жазысу** (баланың креативті-шығармашылық мүмкіндіктерін ашады), **практикалық бейнелеу сабақтары** (сандық түсініктен сапалы түсінікке әкеледі, шығармашылыққа тәрбиелейді), **музыка** (үзіліс, практикалық-бейнелеу сабақтары, жалпы сабақтар музыкамен тығыз байланыста болады, баланың ашылуына көмектеседі), **бала шағармашылығын дәріптеу** (шәкірттің өлең, сурет, қолөнер, т.б. шығармашылығы көп алдында күнделікті шығарылып отыруы), **шығармашылық және би мәдениеті кештері** (баланың өзін ортада қымсынбай, еркін ұстап үйренуіне қолайлы орта жасалуы), **тұлға мәдениетін қалыптастыру** (талғаммен киіне білу, қимыл-қозғалысын игеруі) – адамның өзіне сенімді болуының кепілі деп айтып қана қоймай, өз мектебінде негізге алып, үздік нәтижелерге қол жеткізді.

Авторлық мектептің ішкі жұмыс механизмі авторлық ерекше идеялар мен заманауи талаптар бірлігін танытады:

- Пәнді оқытуда оқушы таңдауын, қалауын ескеру, өміршең мысалдармен талдата отырып, өзіндік ізденісіне бағдар бере оқыту;
- Ізденіске бағытталған тапсырмаларды ұсына отырып, қызығушылығын ұштайтын әдіс-тәсілдермен оқыту;
- Жеке оқушының мүмкіндік, қабілеттерін жан-жақты зерделеп, өмірге бейім тұлға болуына барынша бағдар беру;
- Сабақты оқушының жан-дүниесі, жеке әлемімен астастыру, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне, танымдық ізденістеріне жол ашу және т.б.

Бұл талаптарды орындау дәстүрлі мектеп аясынан шыққан мұғалімге ауыр сынақ еді. Алайда Алма апай әр ұстазбен жеке жұмыс істеді. Әдістемелік оқулары да ерекше формада ұйымдас-тырылды.

Демократия, яғни жариялылық шынайылығы да бұл мектепте ашық тақырып еді. Себебі әр оқушы – тұлға! Лицей ұстаздары: мырзалар, бибі (жасы үлкен, тәжірибелі жандар), бикелер (жас буын) алдарындағы мырзалар мен бикештермен тең дәрежеде санасатын, кеңесетін, сабақты оқыту барысында олардың талап, сұраныс, қажеттілігін толық ескеретін. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ елінің білім саласындағы алғашқы тың қадамды жасаған қайраткер жан өз ісіне сенімді болды.

А. Қыраубаева мектептің жұмыс бағдарын құруда сол кезге дейін қалыптасқан кеңестік жұмыс жүйесінен өзгеше бағыт айқын танылады:

- ❖ Мектептің барлық бағыттағы жұмыс жоспары мектепте оқитын балаларды, сенімділігін қалыптастыру мақсатына құрылды;

- ❖ Мектеп жарғысында қарастырылған ұғымдардың барлығы дерлік (педгогикалық, психологиялық, әдістемелік жұмыс бағыттары да) ұлттық құндылықтар түсінігіне негізделді;

- ❖ Мектеп жұмысы А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және де басқа алаштың озық ойлы азаматтарының озық ойларына негізделді, ұлттық негіздегі мектеп жасау идеясы айқын танылды;

- ❖ Мектептегі білім беру, білімді бағалау тың бағытта дамыды.

«Ұлттық мектеп моделін жасау мәселесіне көзқарас» мақаласында: «Жатқа еліктеу – өзін-өзін қор санау... Өзінің ұлттық құндылықтарынан болашағы жоқ деген түсінікті қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі... Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды...

Қай тіл жетекші болса, баланың жаны сол тілде сөйлейді. Өз туған елінің құндылықтарын меңгеріп алмаған, 5-6-сыныптарға жаңа келген баланың жаны ол мектептерде қалай қалыптасады?.. Шет ел мектебін бітірген балалардың ағылшын тілінде сөйлегенін қайтерсің, Әуезовтің бір де бір шығармасын талдап бере алмайды. Бұл көңіл аударуға тұрмайтын құбылыстар ма?» – деп ащы сын айтады.

«Баланы жасытпай оқыту, мектеп өмірінде орын алған әміршілдік қарым-қатынасқа орын қалдырмайтын іс-тәсілдерді жинақтау, бағаны жаза ретінде қолданбау амалдары (мысалы, рейтингті пайдалану), ақпарат беруші мұғалімнен гөрі, баланы рухтандырушы ұстаздың еңбегін бағалау мектептің беделін көтереді», – деп батыл тұжырым жасады және оны іс жүзінде көрсете білді.

2013-2014 жылдан бастап мектеп басшылары мен мұғалімдер Назарбаев зияткерлік мектебі мен Кембридж университетінің педагогика факультеті зерттеулері негізінде жасалған педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша деңгейлік курстардан өте бастады. Бұл курстардағы бағдарламаның Алма апайдың мектебіндегі ұсынылған идеялармен үндестігі айқын байқалды: оқушы сенімділігін нығайту, жұмысты ұйымдастыруда «оқушы үнін» ескеріп, оқыту формалары мен сабақтың оқушы белсенділігіне құрылуы және критериалды бағалау бағыттары.

А. Қыраубаеваның мектебіндегі ұстаздарды үйрету тәлімгерлігі, сабақты ұйымдастыру талаптары, әр оқушыға назар аудару, балдық жүйеде бағалау қадамдары, кіріктірілген сабақтар мен шығармашылықпен жұмыс жасау ізденістері Қазақстан мектептеріне ондаған жылдар салып кешігіп келіп отыр. Бүгінгі күндегі «Өзін-өзі тану» пәнінің бастаулары сол мектеп тәжірибесінде жатты. Кембридж тәжірибесі негізінде мектептерде жүзеге асырылып жатқан коучтік, тәлімгерлік жұмыстар мен сабақтағы зерттеу (LS), «оқушы үнін» тыңдау сияқты тың үдерістердің тамаша баламасы, қазақы үлгісі сол Алма Қыраубаеваның мектебінде сол кезде жүзеге асырылған. Яғни білім саласындағы тың реформаның өзіндік қазақы бастауы бар. Ол ұлттық даналық пен тағылымға, алаштың дарабоздарының еңбектеріне негізделген еді.

Қазір Алма Мүтәліпқызының педагогикалық еңбектерін негізге алып жұмыс істеу бағыты туралы ой анықталып, осы негізде мектептерде оқыту мен тәрбие жұмысын қалай құру туралы жобалармен жұмыс істелуде. Мәселен, мектеп тәжірибесін жан-жақты қарастыра отырып, «Арман-ПВ» баспасынан Алма Қыраубаева мектеп-лицейі тәжірибелеріне негізделген 6-11 сыныптарға арналған оқу-әдістемелік кешендер жарық көрді. Оқулықтың құрылымы сұхбат оқулық ретінде өзгеріс тапса, ішкі мазмұнында «Сенім» бағдарламасы және мектеп-лицей тәжірибесіндегі оқушының жан-дүниесіне үңілу, оның болашақ тұлғасы екенін ескеру, сабақ тапсырмаларының оқушы белсенділігі мен сенімді жұмыс қадамдарына құрылуы алдыңғы кезекте ескерілді. Әрине, сараптама кезінде сан сұрақтар туғанымен, Республика мектептерінде ұстаздар қызыға қабылдады. Оқулықтар да жаңа келбетке ие болды, сұхбат немесе әңгімелесуші оқулықтар форматы пайда болды. Ол да авторлық мектеп технологиясының, төл әдістеменің нәтижесі.

Қазақ педагогикасы, оның ерекшеліктері мен ұлттық тағылым арқылы білім беру ұстаным-ұлағаттары толық зерттелмегені ақиқат. Олай болса, тап сол идеялардың құндылығын көтеріп, ұлт мектебінің тамаша тарихы мен болашағын дәл бағамдап, іс жүзінде дәлелдеген Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы мен ұлттық мектепке қатысты мақалалары, педагогикалық еңбектері мен мектеп тәжірибесі – ХХ ғасырдың аяғындағы құнды ғылыми теория, оның жаңашыл педагог екендігінің толыққанды айғағы. А. Қыраубаеваның педагогикалық еңбектерін зерттеу қазақ педагогикасының сүбелі арнасы болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жаным садаға. Деректі әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1995.
2. Ұлттық мектеп: тәжірибе // «Ұлт тағылымы» журналы. – 1999. – №1-2.
3. Ұлтқа ұлттық мектеп қажет // Астана ақшамы. – 1999. – 27 шілде.
4. А. Қыраубаева. Мыңжылдық жолаушы. – Алматы: Өнер, 2012.
5. «Сенім» бағдарламасы // Қазақстан мектебі. – 1996. – №4.

ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫН ТҮГЕНДЕГЕН

Ұлағатты ұстаз, білікті педагог, әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Жамбыл Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева 1965-70 жылдар аралығында ҚазМУ-дың филология факультетінде оқыған. 1974 жылдан 2000 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, кейінірек Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өмірінің соңына дейін қазақ әдебиеті кафедрасында ғылыми-педагогикалық қызмет атқарды. Бейсенбай Кенжебаевтай қазақтың ғұлама ғалымының, көрнекті әдебиеттанушының шәкірті бола жүріп, сол кісінің жетекшілігімен қазақ әдебиетінің көне дәуірлерін індете зерттеп, ғалым негізін қалаған әдеби-тарихи мектептің белді өкіліне, белгілі зерттеушісіне айналды. Сақ, ғұн дәуірінен бастау алатын сөз өнерінің көрнекті тұлғаларын, олардың әдеби мұрасын түгендеп, бүгінге жеткізуде зор еңбек атқарған ғалымның Анақарыстың, Қорқыттың, Күлтегіннің, әл-Фарабидің, Ясауидің, Қашқаридың, Баласағұнның, Хорезмидің, Құтыбтың, Рабғузидің, т.б. еңбектеріне терең талдау жүргізіп, көне дәуірдің көп дүниесінің қазақ әдебиетінің асыл арналары екенін ғылыми негіздеді. «Алтын Орда мемлекеті дәуіріндегі әдеби жазба ескерткіштер» (1974) тақырыбында кандидаттық, «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» (1997) атты докторлық диссертациялары қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңа-шыл көзқарастарға негізделген тұғырлы зерттеулер екені анық. Орта мектепке арналған тұңғыш «Ежелгі әдебиет» (1996), жалпы білім беретін орта мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» (2004) оқулықтарының (авторлармен бірге), жоғары мектепке арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991) хрестоматиясының, «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты монографиялардың, «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1998), т.б. оқу құралдарының, таңдамалы 5 томдық шығармалар жинағының (2012), көптеген әдеби-ғылыми, көпшілік-публицистикалық мақалалардың авторы.

Ұлттық негіздегі мектептің моделін жасап, тәуелсіз елдің ұландарын жаңаша бағытта оқытуды да қолға алып, бағдарламасын жасап, мектеп ашуы да рухани кеңістіктегі олқылығымызды түгендеуге, кеңестік кезеңдегі кеткен есемізді толықтыруға бағытталған игі істері де Алма апайды жаңа қырынан танытқан еді. Өттең, игі бастаманың сол кезде кеңінен қолдау таба алмағаны өзекті өртейтін өкініш болды.

ҚазҰУ түлегі, ұлағатты ұстаз, әдебиеттанушы ғалым, үстіміздегі жылдың мамыр айында 75 жылдығы аталып өткен Алма Қыраубаеваның ұстаздық жолын, ғылымдағы ғибратты ғұмырын, ұрпақ тәрбиелеуге қосқан зор үлесін ескере отырып, республикалық «Өнегелі өмір» атты серия бойынша шығатын кітаптардың бірі аяулы ұстаздың, көрнекті ғалымның өмірі мен шығармашылығына арнап шығарылғанын да айтқымыз келеді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының арналы саласын құрайтын Бейсенбай Кенжебаевтың ғылыми мектебін негіздеуге, ежелгі және орта ғасырлардағы әдебиет тарихын жүйелі зерттеуге үлес қосқан ғалымдардың қатарында Алма Қыраубаеваның есімін ерекше атауға болады. Жоғарыда аталған ғалым еңбектері ұзақ жылғы ізденістерінің, зерттеулерінің нәтижесі екендігі дәлел. Сонымен қатар әдебиеттанушы ғалымның 2012 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген 5 томдық шығармалар жинағының (*томды баспаға әзірлегендер: Н. Мәтбек, Г. Асқарова, Н. Әли*) соңғы томына енген әдеби-сыни, ғылыми мақалаларының дені – әдебиет тарихының ежелгі және көне дәуірлерінің көкейкесті мәселелеріне арналғанын атап айтуымызға болады. Нақтырақ айтсақ, 6 бөлімнен тұратын кітаптың «Ғасырлар тереңінен маржан терген» және «Ұлықтап өткен ұстазды...» атты екінші, үшінші бөлімдеріне тұтастай ғалымның әр жылдары жазған ғылыми мақалалары, түрлі жиындарда, мерейтойларда жасаған баяндамалары, сыр-сұхбаттары іріктеліп алынған екен. Студент кезінен-ақ Бейсенбай Кенжебаевтың назарын аудартқанын білетінбіз. Ғылымға түрен салған алғашқы мақала, баяндамаларынан ұстаз бағыт-бағдар берген межеден табылып, сол кезеңдердегі әдебиет тарихының ақтаңдақ беттері болып саналатын ежелгі дәуір әдебиеті мәселелеріне арналғанын анық аңғаруға болады. Кітаптың аннотациясында көрсеткендей, «...өз мақалаларында бүкіл түркітекес халықтар әдебиетінің арғы бастау-бұлағының бір екендігін дәлелдейді» [1]. Әдебиеттанушы ғалым Жандос Смағұлов жазғандай: «...олар (әдебиетші, сыншы ғалымдар) туып-қалыптасу дәуірін толығымен аяқтап, 1970 жылдардан бастап даму кезеңіне қадам басқан қазақ әдебиеттануының алдына заман алға тартқан күрделі де, көкейкесті мәселелерді шешуге жұмыла кірісті» [2, 368-369 б.]. Сол алдыңғы

шептен табылған аға буын өкілдерінің қатарында жас зерттеуші, болашағынан мол үміт күттірген Алма Мүтәліпқызы да бар еді. Студенттердің дәстүрлі ғылыми конференциясында жасалған баяндамасының тақырыбы «Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ұлы ғалымдар» деп аталған екен. Баяндама тақырыбының өзі аз жүк арқалап тұрған жоқ. Ғылыми жетекшінің кеңесімен Отырардан шыққан ортағасырлық ғұлама әл-Фарабиге баса назар аударылып, сол кезеңдегі қазақ жұртына аса таныс емес тұлғаның кім екендігіне, соңында қалған мұрасына барлау жасап, ғылыми-танымдық сипаттағы ойларымен бөліседі. Соңғы 5-10 жылда ғана фарабитану қолға алынып келе жатқанын, оған Ақжан Машанов, Ауданбек Көбесов сынды қазақ ғалымдарының үлес қосып жүргенін айта келіп, баяндаманың соңын «Қысқасы, әл-Фараби – қанша зерттелсе де сарқылмайтын, зерттеген сайын ұлылығы айқындала беретін ғалым», – деп аяқтайды. Шынында, жас студенттің болжанындай, фарабитану бүгінде арналы ғылым саласына айналып, ұлтымыздың рухани кеңістіктегі көкжиегінің кеңеюіне алып келгенін айту парыз. Екінші бөлімге топтастырылған жиырмадан астам ғылыми мақаланың барлығы дерлік көне дәуірдегі әдеби мұралар және олардың шығарушылары хақында. Мәселен, «Ақиқат сыйының» айтары» деген мақала Х-ХІІ ғасырлардағы мұсылман дәуірінің жазба ескерткіштерінің бірі, атақты Ахмет Йүгінекидің еңбегінің қазақ тіліне аударылу жайы, Әбжан Құрысжанов пен Берікбай Сағындықов аудармаларының мазмұндылығын, поэтикалық ерекшеліктерінің сақталғандығын, көне заман күмбірін бүгінгі күнге жатық стильмен, әуезді тілмен жеткізе алғандығын жан-жақты сипаттап ашып берген. Арғы кезеңдердегі ақылмандық поэзияның астарына үңіліп, сырын ұғынудың кейінгі қазақ өлеңіне де әсер-ықпалы болғандығын, мәселен, Абай өлеңдерінің сыршыл сипатын түсінуге мүмкіндік жасайтынын да жіті аңғарады. Йүгінеки иірімдері мен Абай поэзиясының тереңдігін саралап, үйлесімділік аңғаратынын да ашық айтады.

«Әуезов және ежелгі әдебиет мәселелері» аталатын мақала «Заман-Қазақстан» газетінің 1997 жылғы қыркүйек айындағы санына жарияланған екен. Әуезовтің көне дәуір әдебиет төңірегіндегі ілкі ойларын аңғарымпаз көзқараспен бажайлап, жазба ескерткіштерді де, Қорқыт бастаған ақылмандардың данышпандық ой-көзқарастарымен де жете таныстығын алға тартып, алайда айқын айта алмаған ой-пікірлерінің астарына үңіліп, сыр суыртпақтайды. Ел әдебиетінің асыл арналары туралы айқын ойларын іркіп айтуының себебін елуінші жылдардағы саяси қыспақтың кесірінен деп түсіндіреді. Еңбектерінде Шәкәрімді атағаны, Абайды шығысшыл қылғаны, «Әдебиет тарихындағы» еркін ойлылығы үшін соңына шам алып түсушілердің қарасы молайған шақтағы Әуезовтің әрекетін ақтап алуға тырысады. «Қорыта келе айтарымыз, Мұхтар Әуезов саяси қыспақтың кесірінен ежелгі жазба мұралар жөніндегі көзқарасын ашық айта алмады. Асылдың сынығындай жекелеген пікірлері кейінгі зерттеулерге ой-тамызық болды».

1996 жылғы «Жұлдыз» журналының екінші санында жарияланған «Қазақ мифологиясы және Авеста» деп аталатын мақала да өзектілігімен, ғылыми мәнділігімен ерекшеленген зерттеулердің бірі болатын. Зороастризм дінінің басты кітабы саналатын «Авестаның» әу баста Тұран даласында дүниеге келіп, кейінірек ирандықтықтардың өздерімен ала кеткендігі туралы тұщымды пікірлерді тиянақтап беру оңай шаруа болмағаны анық. Арғықазақ мифологиясының әлемдік кеңістіктегі сан алуан мифтермен желілестігі, ұқсастығы, ортақтығы, байланыстылығы бар екені белгілі. «Оғыз қаған», «Қорқыт ата», қазақтың жыр-аңыздарының мотивтері, мифологиялық кейіпкерлері арасындағы ұқсастықтары жайлы айта келіп, «Авестадағы» ортақ мотивтер мен кейіпкерлер турасындағы өзіндік көзқарасқа негізделген ойларының Мэри Бойс, В. Бартольд, Ә. Марғұлан секілді ғалымдардың ой-пікірлерімен ұштасып жататындығын да аңғарамыз. Анакарыстың, Заратуштраның қазақ дүниетанымына, табиғатына жақындығы бары кейінгі кездерде зерттеулердің нысанына айналғанын, мәселен, Жанғара Дәдебаевтың, Тоқболат Еңсегенұлының еңбектерінде бұл мәселелерге арнайы тоқталғанын білеміз. Алма Қыраубаева зерделеулерінің нәтижесіз, жеміссіз еместігі қуантады.

Сондай-ақ «Қисса жанры», «Шығыстық қисса-дастандардағы қасиетті жер-су ұғымдары», «Ежелгі мифтер: «нұрдан жаралу»», «Ежелгі әдебиеттегі қыпшақ деректері», «Баһрам» және т.б. мақалаларынан, тіпті баспа бетінде жарияланбаған қолжазбаларынан ғалым еңбектерінің негізгі бағытын, тақырыбын, болашақта жазылар кітаптарының, ғылыми зерттеулерінің кіріспесін, тезисін, мазмұнын, сипатын аңғаруға болады. Бұдан түйер қорытынды: ғылыми жетекшінің нұсқауымен ежелгі және орта ғасырлар әдебиетінің мәселелеріне бей-жай қарамай, үнемі өз көзқарасын тиянақтап, кешенді жүйелеудің, зерделеудің ғылым үшін маңызын, құндылығын терең түсінуден, түйсінуден туған ой.

Кітаптың бірқыдыру бөлігін ұстаздары мен тұстары, замандас қаламгерлер мен бүгінгі әдебиеттану мәселелері жайлы жазғандары құрайды. «Бейсекең туралы сөз» (ұстазы Бейсенбай Кенжебаев хақында), «Ұстаздың ұртындағы құрма» (Тұрсынбек Кәкішұлы туралы), «Мыңжылдық жолаушы» (Мырзатай Жолдасбеков), «Сыншы Сағат, ойшыл Сағат» (Сағат Әшімбаев), «Ұлтқа керегі

– рухани азаттық» (Жанғара Дәдебаев), «Бір сәттік көңіл үшін» (Жұмагүл Қуанышбекқызы), т.б. мақалалары кезінде жарияланып, ғылыми ортадан, оқырман қауымынан қолдау тапқаны да белгілі. Яғни, ұлттық әдебиет тарихының біртұтас кеңістік түзіп, ақтаңдақтардан арылып, руханиятымыздың биік деңгейден көрінуіне барынша көмегін аямағанын аңғарамыз. Бұл – ұрпақ үшін өнеге, шәкірт үшін тағылым-тұжырым

Әр жылдары жазылып, ғылыми жинақтарда, конференция материалдарында, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар, түрлі ғылыми басқосуларда оқылған баяндамалар кітаптың негізгі бөлігін құрайтынын айттық. Кітапты құрастырушылардың бұл мәселеге келгенде тиянақтылық, ғалым мұрасына деген жанашырлық, жүйелеу, жинақтап ұсыну бағытындағы іздемпаздық танытқаны аңғарылып тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыраубаева А. Мыңжылдық жолаушы. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өнер, 2012. 5-том. – 528 б.
2. Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Астана: Фолиант, 2017. – 480 б.

Нұрсұлу МӘТБЕК,
филология ғылымдарының кандидаты,
А.Т. МҰРЗАТАЕВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 1-курс докторанты

А. ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Филология ғылымдарының докторы, профессор-педагог, Алма Қыраубаеваның 70 жылдығына арналған шара барысында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айдын Қайруллаев былай деген болатын: – Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Алдымен, сананы жаңғыртуды мақсат ете отырып, жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алатындықтан ол адам баласына қызмет етеді», – деді. Ұлт көшбасшысы ұлттық кодты сақтаумен ғана жаңа белеске шығатынымызды атап өтті. Қазіргі таңда бағдарламада көрсетілген нақты тапсырмалар бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Соның бірі – «Туған жер» бағдарламасы. Сыр өңірінде бұл бағдарлама аясындағы шаралар 15 қарашадан бастау алды. Біз туған жердің танымал тұлғаларын білуіміз және оларды құрметтеуіміз керек. Олардың ғибратты ғұмыры жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Сондай тұлғалардың бірі ұлағатты ұстаз, ғалым – Алма Қыраубаева. Өз кәсібінде адалдықтан айнымаған, ғылымның көкжиегін кеңейтуге сүбелі үлес қосқан, ұлттық дәстүрді жаңғыртуда ерен еңбек сіңірген Алма Мүтәліпқызының есімін жерлестері, шәкірттері зор мақтанышпен еске алады, – деп басқарма басшысы өз пікірін білдірген еді [1].

Танымал ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А. Қыраубаева – қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірінің бастау көзі болып табылатын көне дәуір ескерткіштерін зерттеген, сол кезеңнің көрнекті әрі аса құнды әдеби мұраларының халықтың таптырмас асыл қазынасына айналуына орасан зор үлес қосқан ғалымдардың бірі.

Кезінде бұл дәуір әдебиетінің түбегейлі зерттелуі керектігін қазақ әдебиеттану ғылымының алдына проблема етіп қойып берген ғалым Б. Кенжебаев екендігін айтқан А. Қыраубаева ежелгі әдебиетіміздің бұл дәуірін тұтас қарастыратын қазақ тілінде басылып шыққан арнайы зерттеудің жоқтығына тоқталған еді. Ол аталған дәуірдің жекелеген ескерткіштері 1967 жылы «Ертедегі әдебиет нұсқаларында», Б. Кенжебаевтың «Қазақ әдебиет тарихының мәселелері» (1974) атты кітабында, Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасуы кезеңдерінде» (1969), «Ғасырлар поэзиясында» (1987) сөз болғандығын, сондай-ақ ежелгі әдебиетіміздің дәуірлерін арнайы зерттеген М. Мағауин, Н. Келімбетов, М. Жолдасбеков еңбектерінде құнды пікірлер кездесетіндігін алға тартып, аталмыш ғалымдардың еңбектерінің қатарын өзінің «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) атты ғылыми зерттеулерімен, «Ежелгі әдебиет» (1996), «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2001), «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1988) деген оқу құралдарымен толықтыруы өзіне кеңесші аға, кемел ұстаз болған профессор Б. Кенжебаевтың көне түркі әдебиетін зерттеуге қатысты айтқан ғылыми ұстанымының жалғастырушысы екендігін дәлелдеуі болса керек. Бұл туралы өзі де: «Еңбегімді профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жадымда мәңгі сақталатын жарқын бейнесіне арнаймын» [2], – деген болатын.

Көне түркі әдебиетін зерттеуді алдына мақсат етіп қойған А. Қыраубаева ҚазҰУ-да оқытушылық қызмет атқарып жүріп, Б. Кенжебаевтың басшылығымен «Қисас-и рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертация қорғайды. Кейін бұл еңбегін «Ғасырлар мұрасы» (1988) деген атаумен монографиялық еңбек етіп жариялайды.

Ғалым бұл зерттеуінде XIII-XIV ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік жағдайы, Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, Еділ жағалауын ежелден мекен еткен түркі халықтарының қоғамдық өмірі мен тарихында Шыңғысхан бастаған монғол-татар шапқын-шылығымен байланысты орасан зор тарихи өзгерістің орын алуы, Шыңғысханның қазақ жеріне жорығы мен Алтын Орда мемлекетінің құрылуы, қазақ жерінің Есүхей ұлы Темужиннің (Шыңғысхан) (1155-1227) ұрпақтарының арасында бөліске түсуі мен Сығанақ, Отырар, Үргеніш, Мерв, сондай-ақ Бату Сарайы, Берке Сарайы, Үргеніш, Азақ, Керьч, Судак, Маджар, Ясы (Түркістан), Сауран, Баршынкент, т.б. тарихи қалалардың сол кезеңдегі шаруашылығы мен экономикасына тоқталып, олардың сауда, мәдени орталықтарға айналғандығы, Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиеті өзіндік дәстүрі бар әлемдік әдебиетпен үндесе туған өрісті әдебиет екендігі туралы нақты тарихи мәліметтер бере отырып, кеңестік кездегі ғалымдардың көне дәуірге қатысты зерттеулерімен қатар, араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларынан алынған тың дереккөздерден, «Монғолдың құпия шежіресінен» сілтемелер келтіреді.

Ғалымның «Ғасырлар мұрасы» зерттеуінің 3-тарауы «Тыңтума әдебиет. «Махаббатнама» деп аталады. Ғалым бұл зерттеуіне дейін 1985 жылы Хорезмидің «Махаббатнама» дастанының транскрипциясын жасап, қазақ тіліне аударып, ғылыми алғы сөзін жазып «Жалын» баспасынан тұңғыш рет жеке кітап ретінде басып шығарды. Бұл өз кезеңі үшін әдеби жәдігерлердің жетістік-кемшілігі болып жатса да, қазақ оқырманына жете беруіне жасалған игілікті қадам еді. Ғалым зерттеуінде: «Біз «Махаббатнаманы» түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» [3, 66], – деп жоғары баға береді. «Махаббатнама» – көне дәуірдегі жазба ескерткіштердің ішіндегі ең бір мәнді, өте қызықты дастан. Дастанның екі көшірмесі бар. Бірі ұйғыр әрпімен, екіншісі араб әрпімен жазылған. Ұйғыр әрпімен жазылғаны – ертерек кездегі көшірмесі (1432). Араб көшірмесі кейінірек жазылған (1503-1509). Екеуі де ғылымда танылған, транскрипцияланып, белгілі дәрежеде зерттелген. Түркі тілдерінің ішінде өзбек, қазақ тілдеріне толық тәржімаланған. «Ежелгі әдебиет дәстүрі» атты 4-тарауда бұрынғы араб, парсы ақындары жазып кеткен сюжеттерді түркі тілінде қайта жаңғыртып жазушылық дәстүрінің көрінісін зерттейді.

Ғалым бұдан әрі XIV ғасырда өмір сүрген Насируддин Бурхануддин Рабғұзидің «Қиссас-ул-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты әдеби шығармасы туралы баяндай келе, Алтын Орда дәуірі мұраларына жататын бұл туындыға сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың еткен әсеріне, туындының жанрлық табиғатына, ерекшелігіне, дәстүр мен жалғастығына тоқталады. «Рабғузи қиссалары» жөнінде ғалым былай деп жазады: ««Рабғузи қиссалары» – сөз болып отырған бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әртүрлі жанрдағы шығармалары қамтылған өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра». Ал Хорезмидің «Махаббатнамасы» жайлы «Түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар бергідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» деген ойға қонымды түйін түйеді. Академик-жазушы С. Мұқановтың «Қазақ халқының рухани мәдениетінде қиссалар елеулі орын алады» деген пікіріне сүйене отыра, «Қиссалардың әдебиетіміздің бұрынғы-соңғы тарихымен дәстүрлі байланысы, шығыс халықтары әдебиетімен сабақтастығы, әдебиетімізден алатын орны, т.б. мәселелер кең зерттеуді керек етеді. Қисса жанрын зерттеп білу әдебиеттегі шығыс дәстүрі дейтін үлкен мәселелердің де беттерін ашпақ» – деп, болашақ зерттеушілерге жол көрсетіп, жөн сілтейді [4]. Сондай-ақ бір кездері әл-Фараби ден қойған Қайта өрлеудің ғылым-білімдегі жаңалықтарымен өнердегі көркемдік ізденістерінің әлем мәдениетінде таралуы, бір-біріне ықпал жасауы әсер еткендігін айта келе, мұның түркі әдебиетіндегі айқын белгілері ретінде Әли, Құтб, Сәйф Сараи туындыларында көне араб-парсы әдебиет үлгілерін өз заманының талабына лайықтап, жаңа мән-мағына үстеп, қайта жаңғырта жырлағандығын нақтылайды.

Ғалым XIII-XIV ғасырлардағы шығармаларға бір өлшеммен қарауға болмайтынын, бұл уақыттағы туындылардың бірқатары аудармаға жақын болса, бірқатарының нәзіралық сипаты басым, кей шығармаларда екі әдістің де қатар қолданылуы сезілетіндіктен, мұндай туындыларды «аударма-нәзира» деп айту шындыққа біршама жақын келетіндігін ескертеді. Қысқаша айтқанда, еңбекте Рабғұзидің «Қиссас-ул-әнбия» әдеби шығармасының тақырыптық, жанрлық, көркемдік сипаттары жан-жақты ашылады. Ғалымның Алтын Орда дәуірі туралы зерттеген еңбегін жоғары бағалаған Р.Нұрғали аталмыш дәуір әдебиетін тексерген А.Қыраубаева ұстазы Б.Кенжебаевтың негізгі концепциясы мен басты тұжырымдарын дамыта түсті, жаңа фактілер арқылы айқындады, соны пікірлермен толықтырды десе (Телағыс. 1986), Х.Сүйіншәлиев өзінің «Қазақ әдебиеті тарихы» (1997) еңбегінде «Қисас-ул-рабғузи» өз зерттеушісін тапты деп оң бағасын берген болатын.

Жоғарыда аталған еңбегімен қоса баспасөз беттерінде жарық көрген «Шығыс-қазақ әдеби байланыстары», «Қисса жанры», «М.Әуезов және ежелгі әдебиет мәселелері», т.б. мақалаларында қазақ әдебиетінің шығыспен байланысына, нәзирагөйлік дәстүрдің шығу тегін түбегейлі қарастыра отырып, көптеген қызықты мысалдар келтіреді. Бұл ғалымның Шығысты терең әрі мұқият зерттегініне дәлел болмақ.

Жалпы алғанда, Алма Қыраубаеваның ғылыми қызығушылығы қазақ әдебиетінің ескі замандардағы түп-тамырынан бастап, XX ғасырдың басындағы шығыстық, діни бағыттағы дәуірді қамтиды. Ол Алып Ер Тұңға, Томирис, Зарина, Ширақ батыр, Мөде хан, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, көк бөрі туралы аңыздар жайлы қазақ ғалымдары арасынан алғашқылардың бірі болып жазған еді.

Ғалым қазақ әдебиетінің ескі кезеңін: «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар», «Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет», «Оғыз дәуіріндегі әдебиет», «Ислам дәуіріндегі әдебиет», «Қарахан әдебиеті», «Алтын орда дәуіріндегі әдебиет», – деп дәуірлеген.

Ғалым классикалық парсы әдебиетінің бастау бұлағы деп келген «Авестаны» қазақ мифологиясындағы аса құнды туындының бірі ретінде қарастырған. Оны Тұранда, яғни түркілер елінде жазылған шығарма деп бағалайды. Оғыз дәуіріндегі әдебиетке Қорқыт, Оғыз қаған жайлы аңыз-жырларды да жатқызады.

Ғалымның «Шығыстық қисса-дастандар» монографиясы қазақ әдебиетінің бұрындары зерттелінбей келген тұтас бір саласын егжей-тегжей қарастырып, ерекше бақылады. Бұл көлемді зерттеу еңбегінде «Мың бір түн», «Тотынама», діни, «Шахнама» желілері, сондай-ақ Ортаазиялық сюжеттер бойынша нәзира үлгісімен жазылған қазақ дастандары жеке ғылыми мәселе ретінде кеңінен қарастырылды.

Ғалым қазақ қиссаларын тақырыптық, сюжеттік жағынан түрлерге топтастырып, олардың көркемдік, идеялық бағыттарын айқындаған.

Зерттеушілер А.Қыраубаеваның ғалым ретінде алдына екі түрлі мақсат қойғандығы жайлы айтады. Оның біріншісі, әлі зерттелінбей жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі, сол игерілген қазынаны туған халқының кәдесіне жарату болған. Бір туар ұлы тұлға Алма Қыраубаеваның әдебиеттануға қосқан орасан зор еңбегін бағалап, жан-жақты зерттеуіміз біздің және болашақ ғалымдардың міндеті бола бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Батталова А. Ежелгі дәуір әдебиеттің зерделі зерттеушісі // Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің сайты, 21 мамыр, 2022.
2. Алтынбекова С.А. Алма Қыраубаева – әдебиеттанушы ғалым, кемеңгер ұстаз ғылыми жоба // <https://botana.biz/prepod/drugoe/oeywyate.html>
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
4. Әбсадық Ж. Үлкен жүректі адам // <https://qazaqadebiati.kz/10384/mytylmajtyn-alma>

АЛМА АПАЙДЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕГЕСІ («ЖАНЫМ САДАҒА» КІТАБЫ БОЙЫНША)

Ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның қазақ педагогикасында да өзіндік орны, үні қалды. Шындығында да Алма апай бізге, ең алдымен, нағыз тәрбиеші-тәлімгер ретінде өзінің ұстаздық болмысымен қымбат. Әр студентінің Алма апайы бола білген аяулы ұстаз өзінің қайталанбайтын сабақтары арқылы әр шәкіртіне және бар шәкіртіне өмірлік дәріс оқып кетті. Алма Қыраубаева – өзіндік педагогикалық, ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастырған («Сенім» бағдарламасы), жоғары мектепте әдебиет тарихын оқытудың әдістемесін жетілдірген, ұлттық мектеп үлгісін жасауға талпынып, алғаш рет эксперименталды мектеп ашқан (Гуманитарлық қазақ мәдениеті лицейі) қайраткер әдіскер-Ұстаз. Алма апайдың шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде ұстаз аманатын жалғастыруда деп сенеміз. Себебі дүниедегі ең өміршең, ең баянды аманат – адамгершілік-рухани мұра екендігі туралы ақиқат тұрғысынан алғанда, Алма апайдың ұстаздық қағидаттары қазір де өзекті, өмірлі бола түспек. Тағы бір себебі Алма апайдың ғылыми-әдістемелік жүйесі тұтасымен адамгершілік-имандылық тәрбиенің қағидаларына негізделген, қазіргі жас ұрпақтың тәрбиесі үшін бұл өзекті де құнды.

Қазір білім жүйесін реформалау мәселесі көтерілуде. Білім берудің жаңа концепциясымен байланысты мәселелер соңғы онжылдықтарда қоғамда орын алып отырған рухани дағдарыс жағдайында, болашақ ұрпақты тәрбиелеу мәселесі елдің дамуы үшін аса маңызды болып отырғанда аса өзекті болып отыр. Бүгінде ата-аналар өз перзентін қалай тәрбиелеуді білмейді, мұғалімдер де тығырыққа тірелген, себебі өмір шындығы балаларды мүлде басқа, адамшылыққа негізделмеген құнсыздықтарға жетелеуде.

Педагогикада білім жүйесін сапалы түрде жаңарту шарттары педагогикалық сананы ізгілендіруге негізделуі керектігіне баса назар аударылуда. Егер мұғалім өз санасына рухани категорияларды негіз етіп алса, бірте-бірте білім берудің жаңа құндылықтарына, ізгілік педагогикасының құндылықтарына бет бұрып, ауысар еді. Әрине, көптеген ұстаздар білім беруді ізгілендіруді, балалармен қарым-қатынастың демократиялық формаларына ауысуды, педагогикалық үдеріске адамшылық өлшемдерін енгізуді қолдайды. Бірақ оны қалай іске асырудың жолдарын біле бермейді. Ізгілік педагогикасы саласында тәжірибе аз.

Алма Қыраубаеваның сол бір тәуелсіздікке дейінгі жылдарда-ақ ұстаздық көрегендікпен осы мәселелерді болжай білгені, тіпті өз тәжірибесінде қолдана білгені қайран қалдырады. Тәжірибелі педагогтардың өзі бұл салада нақты шешімге келе алмай жүргенде, Алма апай батыл түрде бастама көтеріп, гуманитарлық бағыттағы алғашқы мектепті ашып та үлгерді (Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі). Ізгілік педагогикасының кейбір ұстаным-қағидаларын негізге алғанымен де, Алма апай оларды ұлттық болмысымызға негіздеп жетілдіріп отырды. Мектеп-лицейде өзі жүргізген сабақтарында қарапайым қазақ баласымен үлкен кісімен сырласқандай әңгімелескенінің куәсі болды.

Алма Қыраубаева өзінің ұстаздық тәжірибесі бойынша жазған кітабын «Жаным садаға» (1995) деп атады. Бұл – Қорқыт ата әңгімелерінің бірінен алынған, өлшеусіз махаббат сезімін бернелейтін сөз. Алма апай ез кітабын осы сөзбен бекер атамаған тәрізді. Ұстаздықтың шексіз мейірімге ұласатындығын, адам жанын тәрбиелеудің соншалық ауыр да абыройлы салмағын осылай танытқысы келді ме екен... «Жаным садаға» кітабы «Жанның «мен»-і», «Жігіт пен қыз», «Мағжан мен Монтессори» атты үш тараудан тұрады. Студенттер психологиясы, ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынасы туралы деректі әңгімелер, Алма апайдың ұстаздық тәжірибесінен алынған шағын этюдтар соншалық қызықты да тартымды. Автор өз ой-пікірін, тұжырым-байламдарын өзіндік ерекше бір стильде, әрі пайымдау, әрі баяндау түрінде жазып, кейбір ғылыми деректердің өзін соншалық жатық, ұғынықты тілмен түсіндіреді. «Мұғалімге дауыс керек пе» атты әңгімесінде: «Нағыз мұғалімнің аузынан шыққан сөзін, дауыс өзгерістерін, қол қимылы, көз қиығы, бет құбылысының сиқырлы әсерін ешқандай көрнекі құралмен айырбастай алмайсың. Егер әдебиетші мұғалімде осы қасиеттер болса, басқадай әрлендіргіш құралдардың керегі болмас. Педагогикаға қатысты дидактика деп аталатын ғылым бар. Бұл ғылым мұғалімге педагогиканың техникасын үйрете алады. Оқушылар алдында өзінің жақсы қасиеттерін жарқыратып аша білуге, өзін-өзі сырт көзбен бағалай алуға, балаға тартымды болуға жағдай жасайды. Мүмкін алдағы уақытта дидактика педагогикалық жоғары оқу орындарымызда пән ретінде жүріп, пайдасын тигізер. Ал әзірге мұғалімнің техникалық кемшілік-терін езінен басқа

ешкім түзете алмайды. Мысалы, мына сұраққа әділін айтып, жауап берейікші: Біздің алдымызда отырған шәкірт күнделікті нені көріп, нені естиді? Қажыған түрімізді, орашалақ қимылымызды, ренішті жүзімізді көреді. Сабақ айтқанда сөзіміз анық естілмейді, даусымыз ұйқыға шақырғандай бірқалыпты. Ескертуіміз баланы мезі еткендей ұқсас...». Зорлықшыл (террорист) мұғалімнің мінез-құлқы туралы «Зор мен бор» атты әңгімесі, баланың жан дүниесіндегі ауытқулар (мутизм, логофобия, аутизм), әр баланың жеке мінез типі болатыны туралы Алма апайдың ойлары әрбір мұғалімді өзінің ұстаздық келбеті мен әдетіне басқаша сын көзбен қарауға үйретеді. «Мінезді өзгертуге болмайды» деген пайымдауында: «Баланың табиғи болмысына құрметпен қарап, оны сол тұрған-болған қалпында қабылдау мұғалімге қиын. Әр баламен жеке тіл табудан гөрі, бірөңкей тобырға айналдырып алып басқару оңай. Адам ретінде әр бала өзінше қазына. Халқымыздың бір-бір тұлғалары. Мұғалім үшін «жақсы бала» қазына да, «жаман бала»... айтуға ауыз бармайды. «Жақсы бала» дегеніміздің өзі бұйрықты бұлжытпай орындауға көнген, намысы аяққа басылған оқушыдан шығады. Бағыныштылыққа көндіру тәрбиенің негізгі мақсатына айналған.

Мұғалім мен оқушы арасындағы түсініспеушілік оқытудағы осындай өктем әрекеттерден туады. Әр адамның жаратылысы бөлек, өзіне ғана тән мінез табиғаты бар екенін мойындамаудан, одан қалай да «қолайлы адам жасап шығаруға» ұмтылудан шығады. Қазіргі психологиялық еңбектерге зер салсақ, баланың мінезін өзгертемін деп тырысуға болмайды екен, мінездің жақсы жақтарын дамытуға ғана болады. Мінезді күштеп өзгертуден кері әсер шығады.

Бала жанының ауытқуға ұшырауы оның миына жағымсыз тітіркендіргіштердің тұрақты әсер етіп отыруынан. Мұғалімнің не ата-ананың әділетсіз жазалауы, дөрекі қарым-қатынасы, үздіксіз ескертуі осыған жатады. Бала сенімін өктемдікпен өзгертуге күш салу қауіпті», – деген пікірлер ойлантады. Кітаптағы «Үш сенім», «Шәкірттен үйрену», «Саясат және сабақ», «Рухани жүдеу мен түлеу» тағы да басқа әңгімелердің әрқайсысы бір талқылауға тақырып боларлықтай салмақты да өзекті мәселелер екені даусыз.

Факультеттегі «Көкжиек» клубының ұйымдастыруымен өткен «Алма Қыраубаева және әдебиет әдістемесі мәселелері» атты оқырмандар конференциясында ұстаздың ой-пікірлері қазіргі студенттер үшін де мәнді, өзекті екеніне көз жеткіздік. Педагогикалық мекемелерде, әсіресе жас оқытушылар арасында Алма апай айтқан осы мәселелер талданып, насихатталып отырса, игілікті шара болар еді.

Ұстаздың еңбегі кішкентай шыбықты күтіп-баптаған бағбанның еңбегіндей өз нәтижесін араға жылдар салып, асықпай беретіні белгілі. Бірақ ол нәтиже соншалық баянды, соншалық игі болатындығы да рас. Талай қазақ жасының жан дүниесін анасындай ұғынып, көңілі мен көкірегіне жан нұрын, білім жарығын дарытқан, әр шәкіртінің жан қазынасын өсіре білген Алма апайдай асыл ұстаздың еңбегі мәуелі биік шынар ағашындай жылдар өткен сайын өз жемісін молайта бермек, әр шәкіртінің зердесінде жаңғыра бермек.

Гүлбала ҚОШТАЕВА
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Төрәлі ҚЫДЫР,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«Ежелгі дәуір әдебиеті және түркология» бөлімінің меңгерушісі

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕГІНДЕГІ НАМА ЖАНРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ әдебиетін дәуірлеуде оның тарихының тым арыдан басталатынын зерттеу, көне жазбаларды түгендеу бір ғасырға созылған ұзақ кезеңді басынан өткергені белгілі. Кеңестік идеологияның қырын қарауының нәтижесінде бұл кезең аршылмаған көмбе тәрізді, көпшілік ғалымдар бара қоймаған тың тақырыптардың бірі болды. Өткен ғасырдың 60-70 жылдарына қарай ғана қазақ әдебиетінің ерте кезеңдерін зерттеу және жүйелеу мәселесі біртіндеп қолға алына бастады. Атап айтса, «Ежелгі жазба ескерткіштерін зерттеуде академик Н. Сауранбаев, Ғ. Айдаров, І. Кеңесбаев, профессор Е. Жанпейісов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, М. Томанов, Ж. Бектұров, М. Балақаев, С. Аманжолов, Р. Сыздықова, Б. Әбілқасымов, М. Исаев, т.б. тілші-ғалымдардың қосқан үлкен үлесі бар» [1, 5 б.]. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануында М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаевтар көне мұраларды алғаш зерттеген ғалымдар болды. Сол ұлылардың ізін жалғап, там-тұмдап айтыла бастаған тақырып төңірегінде уақыттың қиындығы мен күрделі кедергілерге қарамастан Алтын Орда тұсындағы әдебиетті зерттеген ғалымдардың бірі Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева еді.

Алма Мүтәліпқызы толымды ізденісі мен қажырлы еңбегінің арқасында ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың асыл мұратын жалғап, үмітін ақтаған шәкірті бола білді. Бұлай деуімізге себеп, ол тұста қазақ әдебиетін Бұқар жыраудан бастау туралы нақтылы тұжырымдарды бұзып жарып, әдебиет тарихының тым арыдан басталатынын дәлелдеу ерлікпен тең іс еді. Ардақты ғалым Бейсенбай Кенжебаев сондай үлкен жүкті шәкірттеріне сеніп тапсырып, қазақ әдебиетінің тарихын сонау Орхон-Енесей жазбаларынан бастауды М. Жолдасбековке, М. Мағауинге XIV-XVI ғасыр әдебиетін, Қ. Сыдиықовқа XVII-XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясын, ал Алма Қыраубаеваға орта ғасыр әдебиетін ғылыми негіздеуді ұсынады. Жастығына қарамастан бір ұлттың тағдыры жазылған тарихтың батпандай жүгін арқалаған жас ғалым, ғылымдағы жолын осындай үлкен жауапкершілікпен бастайды. Нәтижесінде, Алма Мүтәліпқызы 1974 жылы «Қисас-и Рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» [2] атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазды. 1985 жылы Хорезмидің «Махаббатнама» [3] дастанын тұңғыш рет қазақ тіліне аударды. Тиянақты зерттеу мен тыңғылықты ізденіс барысында 1988 жылы «Ғасырлар мұрасы» [4] атты еңбегін жазды. Ол еңбегінде ғалым «Бұл еңбегімді кеңесші аға, кемел ұстазым болған профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жадымда мәңгі сақталатын жарқын бейнесіне арнаймын!» – деп ұстаз рухына тағзым жасағандай болады. Араға жылдар салып, 1997 жылы «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» [5] тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Сонымен қатар ол қазақ ғылымының қоржынын 1988 жылы «Түркі әдебиеті», 1999 жылы «Ежелгі әдебиет», 2001 жылы «Ежелгі дәуір әдебиеті» сынды оқу құралдарымен толықтырды. «Ұзақ ғасырлар бойында жарияланбай келген «Мұхаббатнама» жыры соңғы кезде ғана шет пұшпақтап тексеріле бастаған. Бұл дастанды қазақ әдебиетшілері мен тілшілері келешекте зерттеп шығуы парыз» [6, 211 б.] деген аға буын аманатын болашаққа жалғаған ғалымдардың бірегейі әдебиеттанушы Алма Қыраубаеваның бойынан ғалым Н. Конрадтың: «Настоящий филолог не имеет права быть только лингвистом. За явлениями языка он должен видеть самый язык, а через него – мышление, ум. За романом или стихотворением он должен уметь разглядеть творческий гений народа. Филолог должен быть и историком, но таким, который видит в истории всю целостность жизни, борьбы и творчества» [7, 7 б.], – деп нағыз филологқа берген сипаттамасы толық табылады. Ғалымның сөзімен айтқанда, Алма Мүтәліпқызы шығыстанушы-филолог мектебінен өтіп, барлық филологиялық біліммен қаруланып, филологиялық зерттеу әдісін меңгерген толыққанды маман бола білді. Бұл жайлы профессор Ө. Әбдиманұлы: «Алтын Орда – қыпшақ дәуірінің жауһар жәдігерлері «Рабғузи қиссалары», Хорезмидің «Махаббатнамасы» оңай шағылар жанғақ емес, оған қайтпас қажыр, жасымас жігер, бірегей білім, ересен еңбек керек. Алма бойынан осының бәрі де табылды» [8, 106] десе, профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Алма Қыраубаеваның «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихына» жазып берген «Ежелгі түрік әдебиеті» бөлімінің әрбір тақырыпшасының өзі арнайы зерттеуді қажет ететін және күні бүгінге дейін көбі-

міздің тісіміз батпайтын арналар екенін мойындауға тиістіміз» [9, 7 б.], – деп азаматтық пікірін білдірген болатын. Бір сөзбен айтқанда, Алма Мүтәліпқызы – қазақ әдебиеттануында ХХ ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарынан бастап қарқынды дамыған тың тақырыптың зерттелуіне бар ғұмыры мен қажыр-қайратын арнаған ғалым. Ол өзінен кейінгі буынның Алтын Орда әдебиеті, оның ішінде Хорезмидің «Махаббатнамасын» терең зерттеп білуіне, сондай-ақ «нама» жанрын зерделеуге жол ашқан әдебиеттанушы десек, қате айтқандық емес. Ғалым А. Қыраубаева: «Түркі халықтары әдебиетінің жанрында араб, парсы терминдері «Қисса», «Хамса», «Нама», т.б. көп қолданылады [4, 98 б.], – деуі арқылы қазақ әдебиеттануында «қисса, хамса» секілді «наманың» да өзіндік орны бар екенін меңзейді. Сонымен қатар қазақ әдебиеті тарихында наманы жанрлық формаларына қарай топтастырудың үлгісін жасап, ХХ ғасырдың соңғы ширегінде әдебиеттанушылар назарына ұсынған да осы Алма Қыраубаева болатын. Ғалымның пікірінше:

1. Эпикалық поэмалардың циклі (Шаһнама).
2. Жеке поэмалар (Ескендірнама, Шайбанинама, Бабурнама, т.б.).
3. Саяхатта, сапарда көрген-білгені, алған әсері жайындағы шығарма.
4. Өлеңмен жазылған арнау (Хорезмидің «Махаббатнамасы», Ходжендидің «Латафатнамасы», Амиридін «Дахнамасы»).

Бұлардың ерекшелігі сол: арнау ретінде ынтықтық, сүйіспеншілік сезімдер, ғашықтық мұң баяндалады. Осы соңғы формадағы намаларда ғашықтық нәзік сезімдер бір-біріне жазған арнаулар арқылы көрінеді» дейді көрнекті ғалым Алма Қыраубаева өз зерттеуінде [4, 98 б.].

Әдебиет тарихында ертеде жазылып, бүгінге жеткен түркі өркениетіне ортақ әдеби жазба ескерткіштер молынан кездеседі. Арада мың жылға жуық уақыт өтсе де өз құнын жоймаған, түркілердің өшпес өнегесіндей болған ортағасырлық асыл мұралар жетерлік. Орта ғасыр әдебиетінде қалыптасып, дамыған «нама» жанрындағы шығармалар – бір қарағанда, «Жүсіп пен Зылиха», «Варка мен Гүлшаһ», «Сухейіл мен Невбахар», «Хұсрау мен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн» сынды ғашықтық хикаяларының жалғасы іспетті көрінгенімен, өзіндік негізгі идеясы мен көтерген тақырыбы өзгеше туындылар. «Нама» жанрындағы шығармалар бастауын парсы тіліндегі хат деген сөзден алады десек, он хаттан тұратын ғашықтық жырлар өз кезеңінде «Дехфасл», «Дехбаб» деп аталды. Мұндай «Дехнама» мәснәуилерін кей ақындар «Руху’л-ашкин» немесе «Равзату’л-ашикин» деп те атаған. Ғалымдардың болжамы бойынша, жанрдың пайда болуына Фахреддин Асад Гурганидің «Вис және Рамині» немесе Фахреддин Иракидің «Ушшадил де Дехфасл» (Ушшақнама) деп аталатын шығармасы әсер етті деген пікірлер бар. Десек те кейінгі жазылған Дехнамалардағы оқиға желісінің «Ушшақнама» емес, «Вис және Раминдегідей» аяқталуы бұл шығармаларға Гургани шығармасының ықпалы басым болғанын көрсетеді. Бұндай он хаттың бесеуін ғашық машұққа арнап жазса, ал қалған бесеуін машұқ ғашыққа жауап ретінде жазған. Хаттар әдетте ғазалмен безендірілген. Ғашық пен машұқ арасына жел, күн, айна сияқты символдық хабаршылар да кіреді. Сүйгенінің мейірімсіздігін айта отырып, ғашық сүйіктісін жұмсартып, оның табанды түрде жалынып, жалбарынуынан кейін онымен қайта қауышады. Туынды – олардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен ажырасу азабын білдіретін он хаттан тұратын мәснәуилер. Нама жанрының нақты формасы парсы әдебиетінде ХІ ғасырдан белгілі бола бастады. Бұл сөзімізге Фахриддин Гурганидің «Вис және Рамин» дастанындағы Вистің ғашығы Раминге жазған он намасы мысал бола алады. Кейін ақын Марағалы Аухадидің түгелімен намамен парсы тілінде жазылған «Дахнамасы» (1306-1307) парсы әдебиетіне нама жанрындағы шығармалардың көптеп келуіне мұрындық болды. Аухадиден кейін 1331-1332 (кей деректерде 1321-1322) жылы Қожа Имодиддин Факих Кирмани «Мухаббатномай сохибдилон» немесе «Мухаббатнома» еңбегін жазады. Бұл шығарма – Аухадидің «Дахномасының» сарынында жазылған алғашқы шығарма, ол да кіріспе мен романтикалық хаттан тұрады. Жазушы хаттарында ғашықтар туралы шағын әңгімелері мен махаббат туралы ойларын түсіндіреді. Бұлар – «Варка мен Гүлшах», «Вис пен Ромин», «Вомик пен Узро», «Хусрав пен Ширин», «Рубоб пен Даф», «Бишхр мен Хинд», «Юсуф пен Зулайхо» шытырман оқиғалары. Мұндағы ерекшелік көптеген ғалымдардың тарапынан Дахнамалар қатарына жатқызылғанымен, Керманидің Мухаббатнамасы белгілі бір сюжеттік желісі жоқ, негізінен, полемика, пікірталас түрінде жазылған. Мұндағы пікірталастың негізгі нысаны сопылық философия мәселесіндегі – жан мен тәннің арақатынасы. Имад Факех өз шығармасында логикалық және сопылық тартыстарға негізделген екі жақтың – ғашық пен сүйіктісінің айтысын бейнелейді. Жалпы шығарма он тараудан тұрғанымен оның нақты сегізі ғана негізгі мағыналы бөлігі.

Сөз басы, яғни кіріспе,

Сегіз тараулы ғашық жұптың муназора жанрында жазылған пікірталасы

Сөз соңы

Әр тараудың соңында ақын өз ойлары мен пайымдауларын ғашықтық хикаялардан алынған сопылық астарлы екі мәснәуимен дәлелдейді. Имад Факих Кирманидің бұл туындысы мунозара жанрында жазылған туынды.

XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген ақын Хұмам Табризидің «Дах-нама» тақырыбында «Ашиг во Машуг хаттары» атты еңбегін парсы тілінде жазған [10, 6 б.]. Ал XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың алғашқы жартысында Кирманидің ұлы Ибн Имад та «Дахнамасын» (1391-1392) жазады [11, 95 б.]. Демек, XIV ғасырдың өзінде парсы әдебиетінде төрт бірдей «Дах-наманың» жарық көруі «нама» жанрының өз дәуірінде кең етек жаюына жол ашты. Сонымен қатар Шаһ Исмаил Хатаи да хижра жыл санауы бойынша, 911 (1506) жылы «Дахнамасын» түркі тілінде жазады. Әдетте түркі тілді әдебиетте поэтикалық «нама» жанрының негізін қалаушы Хорезми, ал оның «Мухаббат-намесі» осы типтегі алғашқы түркі тіліндегі шығарма болып саналады. Хорезми «Махаббатнамасынан» кейін түркі әдебиетінде нама жанрында жазылған шығармалар саны көбейе түсті. Әдеби туындыда шешімін тапқан көркем идеяның терең тамыры шығарманы дүниеге келтірген қаламгердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасына тәуелді. Намашылдықтың көшін бастаған Хорезми туындысынан кейін ортағасырлық түркі әдебиетінде нама жанрында жазылған шығармалар легі дүниеге келе бастады. Атап айтсақ, XV ғасырдың басында 1411 жылдары жазылған Хужанжидің «Латофатнамасы», Сиди Ахмедтің 1435-1436 жылы жазған «Ташұқнамасы». Жалпы, жоғарыда айтылған түркі және парсы тілінде жазылған Дахнамалардың, яғни «дах – он, нама – хат» екенін ескерсек, он ғашықтық хаттарынан орта ғасырда түркі тілінде дамып, қалыптасқан «нама» жанрында жазылған шығармалардың ерекшелігін байқауға болады. Бұл тұрғыда ғалым Гәнжеуи өз тұжырымын былай білдірген: Имад Факихтың Дех-намасын былай қоятын болсақ, Дех-намалар екі топқа бөлінеді: а) соңында бас қосатын ғашық пен машұқ арасындағы 10 хат алмасуы: Евхедидің, Шах Шушии, Ибни 'Имад, Айши, анонимді Махбубу'л-кулуб және Амири; б) Сүйіктіге жазылған 10 хат: Хорезми, Хоженди, Сейди Ахмет жырлары. Бірінші топтағы «Дәх-намалар» желісі жоғарыда аталған «Хүсрев й Ширин» жырларынан бастау алады, ал екінші топтағы жағдай күрделірек [12, 172 б.] дейді ғалым. Алайда, біздің пайымдауымызша, «Дахнамалар» мен «нама» жанрын жеке қарастыру қисынсыз сияқты. Бұлай деуімізге себеп «Дахнамалардағы» он ғашықтық хаттың Бесеуі ғашықтың сүйіктісіне жазған хаты, Бесеуі сүйіктісінің ғашық жанға жауабы мазажи махаббатты сипаттаса, түркі әдебиетінде бұл он ғашықтық хаттың оны да ғашық жанның сүйіктісіне жазған хаттары. Яғни хат тек бір тараптан жазылып, Иллаһи ғашықтықты жырлауы, Жаратушының жамалына ғашық болуы және түбегейлі діни-тасауфтық астармен жазылуы деформацияланған, түрленген «нама» жанрының формасы.

Дүниетанымы ұқсас, әлеуметтік көзқарастары ортақ қаламгерлердің бір тақырып төңірегінде қалам тербегенде әрқайсысы мәселені әр қырынан ашып, оған жаңаша мазмұн мен пішін беруі – әдебиет дамуындағы заңды құбылыс. Ендеше даму жолы ғасырларға ұласқан «нама» жанрының түрлі формаға өзгеруі заңдылық. «Жалпы «нама» жанры қайдан, қалай пайда болды дегенде, ол, ең әуелі, түптамырын көнеден тартқан эпистолярлық жанрдан бастау алды. Хат жазу тарихы өте көне дәуірден бастау алады. Ежелгі Египеттен саз балшықта және папируста жазылған хаттардың бір бөлігі табылған. «Мысырда табылған хаттардың арасында перғауын III Аменофис пен IV Аменофистің (б.з.д. 1408-1354 ж.) Палестина, Сирия және Вавилон князьдерімен хат алмасуы біздің дәуірімізге дейінгі IV және III мыңжылдықтарда Шығыстың саяси жағдайлары туралы ақпарат беру тұрғысынан маңызды болды [13, 3 б.]. Демек, эпистолярлық жанр өте ерте кезеңде, ең әуелі, қарапайым хат алысудан басталып, хат жазу өнері қалыптасты. Оның адамдардың тыныс тіршілігіне етене болғаны соншалық, белгілі тұлғалардың хат жазысуы бертін келе әдеби әлемде хат түріндегі шығармалардың өзегіне айналды, әдеби шығармаларға да арқау бола бастады. Мұндай әдеби шығармаларда хат жазу дәстүрі XI ғасырда белгілі бола бастаған, кейін парсы әдебиетінде кең етек жайған Дахнамаларға ұласты. Ғасырлар тезінде Дахнамалардың типологиясы өзгеріп, XIV ғасырдан бастап түркі әдебиетіне жаңаша мазмұнда еніп, эпистолярлық жанрдың орта ғасырдағы формасы «нама» жанры қалыптасты және дамыды. «Орта ғасырда өмір сүрген ақындар өз жандарынан өлең шығарып қана қоймастан, сонымен бірге сол заманның араб, парсы тілдеріндегі асыл жауһарларын да түркіше сөйлетіп отырған». Мифтің ертегіге айналуы сияқты уақыт өте жанрлар түрлі өзгерістерге ұшырайды. Ал «нама» жанрының даму эволюциясындағы ерекшелік, ондағы тақырыптар мен идеялар көп болғанымен, олардың бәріне ортақ желі, бәріне дәнекер болған идеялық бірлік бар. Олар:

1. Араға ғасырлар сала отырып, өте ұзақ уақыт өтсе де негізгі хат түріндегі, яғни эпистолярлық мәнін сақтап қалды (Адресатқа бағытталуы).

2. Түпкі мазмұнындағы «махаббат» тақырыбы сақталды, алайда екі типке бөлінді: а) мажази махаббат; ә) иллаһи ғашықтық.

3. Формасы жағынан әуелгі қалпынан қатты алшақтап кетпеді: хаттардағы ондық жүйе (ғашықтың машұққа жазған он хаты немесе ғашықтың сүйіктісіне жазған бес хаты, бес жауап хаттары, жалпы саны он) сақталды.

Шығармаға арқау болған жекелеген тақырыптар мен идеялар бір-бірімен тоғысып, ұштаса жалғасып, бір сағаға құяды. Осыдан келіп, оқырманда дәл осы шығармаға деген бүтін, тұтас бір көзқарас туады да, нәтижесінде шығармадағы орталық, өзекті мәселе айқындалады. Алайда әр жаңа дәуірдің оқырманы шығармаға өз кезеңінің идеяларын «сіңіруі» бұл заңдылық. Мәселен, Кеңес заманындағы зерттеушілер сол кездегі идеологияға негіздеп жеткізуге мәжбүр болды. Себебі орта ғасыр әдебиеті жауһарларының дені діни сипат алған туындылардан, дұрысы ислам дінінің көркемдігін сөзбен насихаттаған шығармалардан тұрды. «Ортағасырлық әдеби жәдігерлерді зерттеудегі басты кедергі – ол шығармалардың діни астар алуында, не дінді көркем тілмен үгіттеуінде еді» [14, 12 б.]. Мәселен, «Хорезми дастанында мұсылман ережесіне қарама-қайшы келетін шарапты мадақтау, сол арқылы адамды табиғатына тән еркіндікте суреттеу байқалады. Исламға дейін, көне Иран әдебиетінен басталған бұл шарапты мадақтау салты сол әдебиеттің орта ғасырдағы классикалық дәуірінде, дін қысымшылығына қарсылық ретінде алынып, Омар Хайям, Хафиз сынды ақындар творчествосында философиялық жинақтау, түйіндеу биігіне жеткен болатын. Парсы әдебиетін жақсы білген Хорезми де осындай өз заманы үшін озық идеяны қолдаған. Дастанда шарап ішіп, көңіл көтеруге, жүректегі қайғы-мұңды жууға шақырған жолдар әр арнаудан соң мәснауи сайын қайталанып айтылып отырады» [10, 96 б.] деген сынды түсіндірмелер баршылық. Осы сарындас түсіндірмелер Өтеген Күмісбаевтың де еңбектерінде кездеседі. Ал біздің бүгінгі міндет – сол олқылықтардың орнын толтырып, жаңа көзқараспен түсіндірудің теориясы мен әдістемесі герменевтиканың қағидаларына негіздей отырып, шығармалардың сопылық астарына мән бере зерттеу жүргізу. Себебі «Хорезми «Махаббатнамасының» бар құндылығы илаһи ғашықтықтың сырларымен көмкерілгендігінде жатыр» [15, 183 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Классикалық зерттеулер: көп томдық. Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер / Томды баспаға дайындағандар: Қосанов С. (жауапты редактор), Хаван А. (жауапты шығарушы), Әлібекұлы А., Тоекина Б., Құдайбергенов Н. (құрастырушылар). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – Т. 6. – 408 б.
2. Қыраубаева А. «Қисас-и Рабғузи» мен «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» / филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1974.
3. Хорезми. Махаббатнама / Ауд. А. Қыраубаева. – Алматы: Жалын, 1985. – 112 б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы: Өнер, 2008. – 304 б.
5. Қыраубаева А. «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы» / филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Алматы, 1997. – 336 б.
6. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет мұралары. – Алматы, 1966. – 202-212 б.
7. Крачковский И.Ю. Над арабскими рукописями (листки воспоминаний о книгах и людях) / издание четвертое. – М.: Наука, 1965. – С. 5-10.
8. Обдиманұлы Ә. Ұлт рухын ұлықтаған ұстаз // Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 8-19 б.
9. Кәкішев Т. Еңбегімен елеулі // Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 3-7 б.
10. Мәммәдов Ә. Хәтаинин «Дәһнамә» вә «Нәсіһәтнамә» әсәрләринин нәшри, истифадә олуна әлжазмалаынын тәсвири вә тәнгиди мәтнин тәртіб принципләри һәггында *Шәһ Исмајыл Хәтаи әсәрләри* / Ики чилддә II чилд Бақы «ЕЛІМ» нәшријјаты – 1973. сәһ. 462
11. Насимхон Рахмон Узбек мумтоз адабиёти намуналари, II жилд / (XIV-XV асрнинг бошлари) Тошкент, Узбекистан Республикаси Фанлар Академияси «ФАН» нашриёти. – Тошкент: «Сано-Стандарт» МЧЖ босмахонаси, 2007. – 322 б.
12. Gencevi T. Bir Edebi Eserin Yaratılışı ve Tavsifi: Dehnâme «On Aşk Mektubu» Ilmi Araştırmalar (Dil, Edebiyat, Tarih İncelemeleri) Cilt 11 İstanbul, 2001. – S. 167-174.
13. Erdinç Kaplan. Bir Edebi Tür olarak Mektup ve Türk Edebiyatındaki Yeri Mersin, 1999. – 352 s.
14. Қыдыр Т. Орта ғасырда қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI-XII ғ.ғ.) / филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 150 б.
15. Қыдыр Т. Дешті-Қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері). – Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры КҚ, 2018. – 201 б.

АЛМА АПАЙДЫҢ АРМАН МЕКТЕБІ

Аяулы ұстазымыз Алма апайдың «қазақ баласына жаңаша сипаттағы ұлттық мектеп ашу қажет» деген ойларын сабақта естіп жүргенімізбен, тек қиялмен ғана болжаған сол мектептің кейіпкерлері өзіміз боларымызды білген жоқпыз.

1993 жылдың қыркүйегінде Үшқоңыр тауының бөктеріндегі Ораз Жандосов ауылында жергілікті жұртты ғана емес, қазақ зиялы қауымын елең еткізген елеулі оқиға болды. Елеулісі сол – көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Алма Қыраубаева осы ауылдан алаш баласына арнап ұлт мәдениеті мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-лицей ашты. Рақманкүл Бердібаев, Тұрсынбек Кәкішев бастаған бір топ көрнекті ғалымдар батасын беріп, тұсауын кескен бұл киелі шаңырақтың Алма апайдың мектебі аталуы да заңдылық еді.

Атақтан да, абыройдан да кенде емес Алма апайдың Алматыдан арнайы келіп алақандай ауылда мектеп ашудағы мақсаты не еді? Бұл мектептің өзге мектептерден ерекшелігі қандай? Көпшіліктің көкейінен кетпей қойған сауал осы болатын.

Апайдың мақсаты айқын еді. Арман – Өркениет әлеміне Қазақ құбылысы болып кіретін азамат дайындау, қазіргі қазақ азаматының мінезін қалыптастыру. Ұлтымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, заманға лайық тұлға қалыптастыру. Ол үшін, ең әуелі, өз-өзіне сенімді бала тәрбиеленуі керек.

Шілденің шіліңгір ыстығында апайдың ауыл әкімшілігінен аттай қалап сұрап алған мәдениет үйін өз қолымызбен жөндеуден өткізіп, бөлмелердің көбін сыныптарға қайта лайықтап жасадық. Құрылысқа қажетті заттармен, мектеп мүліктерімен қамтамасыз ету ақшасына табыла қоймайтын алмағайып кездері оңай шаруа емес тұғын. Апайдың талай мекемелер мен қалтасы қаржылы азаматтардың алдына баруына тура келді. Қазақы рухы жоқтардан қажып қайтатын қайран апайымызға қол ұшын берер күш іздеп қиналатынбыз сол бір сәт...

Тамыздың орта шенінде осы бір қиындықтардың біразы шешілгендей болды. Ауыл әкімшілігі мен осындағы мектептің, аудандық, облыстық оқу бөлімі мен білім жетілдіру институтының, де-меушілік танытқан азаматтардың көмегімен мектебімізді жаңа оқу жылына материалдық жағынан да, методикалық оқу құралдарымен де жабдықтап үлгердік. Асқақ арманның жетегінде жүрген ұстаздарға бұдан артық қуаныш бар ма?

Жұмысқа қабылданған ұстаздардың дені университет қабырғасынан жаңа шыққан жастар едік. Мұның себебі ұстазымыздың жаңаша көзқарасты жастардан іздегенінен болар. Практикада жүргенде болмаса, әлі оқушы алдында толық сабақ беріп көрмеген біздер үшін сүйікті апайымыздың қасымызда болуы қобалжыған көңілімізге медеу болатын. Әрбір сабағын сағына күтетін ұстазымызбен бірге жұмыс істеудің, оның ой-арманын өзімен қатар жүзеге асырудың сәттілік қана емес, сенім екенін түсіндік.

«Сеніміне» (апайдың авторлық бағдарламасы осылай аталды – С.Д.) серік бола алсақ, сеннің де сетінейтінін сездік. Мектептің ішкі жүйесі мен жұмыс мазмұны әміршілдік қатынастарды қажет етпейтін қағидаға құрылды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс адамгершілік негізді басшылыққа алды. Шәкірт көзқарасында біздің тұлғамыз білім беріп, тәртіпке салушы емес, рухани өсірушіге, үйретушіге айналуымыз бұлжымас заңдылық еді.

Адам баласын аялай білетін апай ұстаздарға аналық мейіріммен қарайтын. Тәжірибеміз жетпей тығырыққа тірелгенде өзі бас болып болған жайтты талқылап, ақылын айтып, тұңғыықтан алып шығатын.

Жұмысқа қабылданған ұстаздар терең білімімен ғана емес, баланың рухани өсуіне басшылық жасап, оған АДАМ ретінде қадірлі болуымен бағаланатын. «Балаға сыйлы боламын десек, баланы өзің сыйлай біл», – дейтін апай.

Мектеп-лицейде алғашқы кездері бала саны аздау болғанымен кейін ата-аналардың сенімі күшейді ме, көрші ауылдардан, тіпті Алматы мен басқа облыстардан да оқуға тілек білдірушілер көбейді. Бірақ көп оқушы қабылдауға мектеп мүмкіндігі көтермейтін. Қабылданған оқушылардың бәрі бірдей мектептерінде жақсы оқыған оқушылар болды десек қателескен болар едік. Керісінше, білім дейгейі төмендеу, өз ортасында елеусіздеу болып жүрген оқушылар көбірек келетін. Негізгі ұстанымымыз – баланың болашағы мен мүмкіндігіне сену, сондықтан кейбір гимназиялар мен лицейлердегідей білімі мен тәртібіне қарап қабылдайтын қатаң қағидалардың қажеті бола қоймады.

Апайдың авторлық бағдарламасының түпкі мұраты да баланың рухани өсуіне басшылық жасап, кісілік, шығармашылық қабілетін дамыту болатын.

Негізгі бағыты «Әлем және Мен» кеңістігіндегі танымды меңгеру болғандықтан ең алдымен ұстаз бен шәкірт арасында түсіністік, мәдениетті орта жасалуы керек еді. Ал мұндай ортаны қалыптастыру үшін алдымен шәкірттерді бұйығылықтан құтқарып, өзіне деген сенімін қалыптастыру керек болды. Ішкі еркіндігі жоқ баладан білімділікті талап ету әділетсіздік болар еді. Бұйығылықтан құтылуды, мұғалімдер, өзімізден бастадық.

Педагогикалық кеңестегі ұйғарымымызбен шәкірттерімізді «Қанат мырза», «Динара бикеш» деген сияқты сыйластық сөздермен атадық. Шәкірттер де ұстаздарына «Рақым мырза», «Алма бибі», «Ләйлә бике» деп ілтипат етіп жататын. Алғашқы кезде өзімізге де тосындау болған осы қарым-қатынасымыз кейін ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен құрметке дәнекер болды. Шәкірт жүрегінде бізге, ұстаздарға ғана емес, өз-өзіне деген сенім пайда болды. Шынында, осы қарапайым ғана нәрсе көбінесе фамилиясымен ғана аталып, азан шақырып қойған атын мұғалім тарапынан андасанда бір еститін шәкірт жүрегін жылылыққа бөледі деп айтуға болар еді. Бір ерекшелігі бұл күндері алды жоғары оқу орнын аяқтауға жақын сол шәкірттеріміз жолай кездесіп қалсақ бізді әлі күнге осылай атап жатады.

Бұйығылықтан құтқаруды би мәдениетін үйренумен де байланыстырдық.

Балаларды былай қойғанда өзіміздің де бабына келтіріп би билейтініміз шамалы. Ата-аналар тарапынан да «билеген несін алған, сабағын оқыса да жарамай ма?» деушілер табылды. Биге икемсіздеу кейбір мұғалімдер де «балалармен бірге қалай билейміз, қарап тұрсақ қайтеді» деген ойларын білдіріп жатты. Бұл би мәдениетін түсінбегендіктен туған пікірталастар еді. Ақырында, Алма апайдың бастамасымен «балалардың жұрт алдына шығып сөйлеу, билеу мәдениетін қалыптастыру үшін өзіміздің ашылғанымыз жөн» деген ұйғарымға келдік. Осылайша, «би кеші» де мектебіміздің әдемі дәстүрінің біріне айналды. Классикалық музыкадан бастап қазіргі жастардың ырғағы – бәрі қамтылды. Келе-келе алғашқы кештерде фойедегі үстелдің астына тығылып қалып, көздері жылтырап күліп қарайтын шәкірттеріміз де, биге шығуы қиямет-қайымға айналатын кейбір ұстаздар да ашылып, шама-шарқынша билей бастады. Әдетте, тек 10-11 сыныптарға ғана рұқсат етілетін би кештеріне қатаң бақылаушы ретінде ғана тұратын мұғалімдердің (көп оқушылардың түсінігінде осылай қалыптасқан) өздерімен бірге билеуі шәкірттерді шаттыққа бөледі. Мәселе қалай билегенімізде емес, би мәдениетін бірге түсінгенімізде болды. Би билеу баланың өзін сүйкімді көрсетудің тамаша мүмкіндігі екендігіне көзіміз жетті.

Баланың ішкі мүмкіндіктерінің терең ашылуына тағы бір жағдай жасалынды. Мектебімізде шәкірттер мен ұстаздар арасында терең байланыс болу үшін хат салатын жәшік ілінді. Бұл әдіс шетел педагогтарының тәжірибесінде бұрыннан бар. Арнайы орынға қойылған жәшікке шәкірттер ұстаздарына деген ойларын хатпен білдіруге де мүмкіндік туды. Алғашында, кімге ренжіп жүргені, қайда барғысы келетіні, сабаққа не үшін дайындала алмағаны, т.с.с. сияқты мазмұндағы хаттардың астында қалғандай болдық. Нақты біреуіміздің атымызға келген хатқа міндетті түрде жауап жазуға тырыстық. Өз арамызда әзілдеп айтатын «Үшбу хаттармен» ой бөлістік, ақыл қосқандай болдық. Кейін хаттар легі саябырсығандай болды. Хат жаза білудің де үлкен мәдениет екенін шәкірттеріміздің түсінгендігі болар. Бұл заңдылық еді. Енді тек шәкірттерден жан дүниесіне әсер еткен нәрселерді жазған хаттар алатын болдық.

Сенімі бар шәкірт шығармашылықпен де жұмыс істеуге икемді. Оны дер кезінде сыртқа шығара алмаса лап етіп жанған оттай өшіп қалуы да мүмкін. Қайта тұтату қиын. Жоғары сыныпқа келген оқушының бойынан кішкентай кездеріндегідей талпынысты таба алмай қиналатынымыз қазір жасырын емес. Сухомлинский «Бала өзін-өзі жетілдіруге икемделмесе, оны жүз мұғалім де тәрбиелей алмайды» деп бекер айтпаса керек. Мектептегі әр оқу бөлмесінің алдына орналастырылған шағын тақта мен бор шәкірттердің шығармашылық шабыттарының оянуына өз үлесін қосты. Бұны лездеме тақта деп атадық. Түсінбеген кісілер «Осы жерге тақтаның не қажеті бар?» деп жататын. Бірақ ойына келіп қалған сөзді немесе көріністі тежеп ұстағаннан гөрі (мұның арты партаға немесе қабырғаларға жазылған «туындыларға» әкеліп жатады) лездеме тақтаға жазудың пайдалы жағы да болды. Бәрі бірден мәдениеттілік деңгейіне көтеріле алмайтыны сияқты, шәкірттер шығармашылығы да түрліше көрініс тауып жататын. Тақталардан өз досының суретін салған, басқа бір жылдықтың оқушысын туған күнімен құттықтаған т.б. сөздердің куәсі болатынбыз. Хал-қадірімізше бұл еңбектерді де бағалауға тырыстық.

Шәкірттің жан сезіміне әсер етіп рухтандыру әлбетте 45 минут сабақтың еншісіне ғана кірмейді. Оқушылардың салған суреттері мен өлеңдері, колөнер туындылары көп алдына күнделікті шығарылып отырады. Әр бөлменің қабырғасына ілінген өлеңдер, сөзжұмбақтар, суреттер, тіпті

жақсы шығарылған есептерді де көруге болатын. Бір-бірінің шығарған туындыларымен танысып, мәре-сәре болып жататын балалар шығармашылығынан адамға ой салар мазмұндысы да, өзінен басқа өзгенің түсінуі қиын дүниелер де кездесетін. Ұнамай қалған туындыларын қайта алып тастап жататын жағдай да болды. Бұның өзі, әдетте, қабырғада қатып тұратын стендтерге қарағанда әсерлі еді.

Апайдың жетекшілігімен құрылған көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы да жаңаша сипат алды. Үлкен сахналарда шәрбәт мақамымен талайды тамсандырған ұстазымыз шәкірттерінің де өнерден қара жаяу қалмағанын қалайтын. Сабақтардың да музыкамен байланыстырылуы ескерілетін. Шындалған шәкірттердің де мектеп сахнасымен шектелмей, үлкен орталарда өнерлерін көрсетуіне жағдай жасалды. Ауыл-аймақтарды аралап, концерттік бағдарламамызды ұсындық. Ән мен күйге сусындап отырған ел-жұрт бір жадырап қалса, балалар да ауыл азаматтарының ақ батасын алып, арқаланып қайтатын.

Алма апайдың мектебінде шәкірттердің Ел – Жер – Өлем – Мен кеңістігіндегі дүниетанымын кеңейту басты мақсат болатын. Шәкірттер «Әлемтану», «Елтану», «Ислам мәдениеті», «Еуропа мәдениеті», т.б. секілді жоғары оқу орындарында оқытылатын арнайы курстармен осы киелі шаңырақта-ақ танысты. Апай қыз балалардың болашақ ана екенін ескеріп, тек жақсы маман ғана емес, отбасының ұйытқысы болуға тәрбиелейтін. Осы себепті 9 жылдықтан бастап (сынып жылдық деп аталды – С.Д.) мектебімізде қыз балаларға арналып «Қыз әдебі» сабағы жүргізілді. Бұл пәндерді жоғары оқу орындарында білім беретін ұстаздар жүргізетін. Әрине, сабақ кестелерінің ыңғайына қарай оларды отыз шақырым Алматыдан қатынатудың апай үшін оңайға түспегенін айта кеткеніміз артық болмас.

Мектепте үзіліс уақытының тиімді өтуіне де ерекше мән берілді. Апай айтқандай “алақандай жұмсақтығы жоқ” шар етіп, баланы селк еткізетін электр қоңыраудың орнына үзілісте арнайы бағдарлама жасап, ұлттық ән-күйлер, классикалық музыка қоятын болдық. Оқушылар үзілістің болғанын осы қойылған музыкадан білетін. Күніне 5-6 рет құлаққа сіңген әуен жүрекке де жетеді. Ол әннің (күйдің) кімдікі, туу тарихы қалай – бұлардың бәрі фойеде арнайы орынға жазылып қойылатын.

Өзіне деген сенімді сезінген шәкірттер орынсыз ұялшақтықтан, бұйығылықтан арыла бастады. Жоғары жылдық – төменгі жылдық деген шарттылық жойылып, олардың арасында аға-іні, апа-сіңілі қарым-қатынасы орнады. Бізді де тек мұғалім есебінде емес, туған бауырындай қабылдайтын. Осылайша, ұжымымызда жылы, әдемі психологиялық атмосфера қалыптасты. Мектебіміз тәрбиелі отбасының үлкейген моделіне айналды. Осы сыйластығымыз бен жылы ұямыздың тыныштығын қорғауға ұстаздар да, шәкірттер де мүдделі болдық. Кез келген ұжым үшін ең басты нәрсе ішкі ахуалдың дұрыс болуы десек, осы мақсатқа жеткендей едік. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет қалыптасты.

Қазақ баласының болашағы үшін қажыр-қайратпен басталған қайырлы іске қаржы тұсау болды. Токсаныншы жылдары талайды тентіреті жаздаған тәкаппар тапшылық мектебімізді де терең тұңғығына тартып, тығырыққа тіреді. Халықтың игілігіне айналған мектеп нарықтың иірімінде кете барды. Қаржы мен қамқорлықтың аздығынан мектебіміз жабылды.

Асыл қасиеттерімен адамшылықтың дәнін еккен, алаш баласын өр рухты азамат етуді армандаған аяулы Алма апай бүгін арамызда жоқ.

Төрт жыл білім мен тәрбиенің тал бесігіне айналған Алма апайдың арман мектебінің тарихын тарқатқандағы бір сыр осы...

К.С. ӘБДІҚАЛЫҚ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің профессоры
Талғат АҚЕРКЕ,
Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің 2-курс магистранты

А. ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ «МАХАББАТНАМАНЫ» ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ ӨЗІНДІК ҮЛЕСІ

Орта ғасыр түркі әдеби мұраларын зерттеу жолында өз ізін сала білген Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның Алтын Орда дәуіріндегі әдеби ескерткіштердің ішінде Хорезмидің «Махаббатнама» дастанын зерттеуде өзіндік үлесі айрықша.

Зерттеушінің «Махаббатнаманы» зерделеудегі өзіндік үлесіне алғаш баға бергендердің бірі ғалым М. Мағауин болды. Ол сонау 1974 жылы-ақ А. Қыраубаеваның осы зерттеуіне қатысты білдірген пікірінде «Мұхаббат-нама» – совет түркологиясында біршама танылған шығарма... Алайда А. Қыраубаева өзіне дейінгі пікірлердің көлеңкесінде қалмаған. Дербес зерттеу ұсынған. «Мұхаббатнаманың» өзіндік сыпаты мен озық белгілері, образ жасау тәсілдері, идеялық-көркемдік қасиеттері ашып көрсетілген...» [1,17 б.], – дей келе, дастанның аудармасына да көңілі толғанып атап өтеді.

Расында да, А. Қыраубаева «Махаббатнаманы» қазақ тіліне аударуымен қатар, шығарманы жан-жақты талдауда тиянақты ғылыми тұжырымдар жасай алды. Ол 1974 жылы жазылған зерттеуінен кейін «Ғасырлар мұрасы» [2] деп аталатын монографиясының «Тыңтума әдебиет «Махаббатнама» деген үшінші тарауында толықтырып қамтыған. Яғни бұл автордың «Біз «Махаббатнаманы» түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, стиль дәстүріне қатысты деп қараймыз» [2,66 б.] деген байыпты тұжырымынан-ақ көрініп тұр. Ғалымның осы зерттеуіне дейін дастанның транскрипциясын жасап, қазақ тіліне аударып, тұңғыш рет жеке кітап [3] етіп шығарғанын да білеміз.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің мұрасына жататын Хорезмидің «Махаббатнамасын» тыңтума әдебиет үлгісінде зерттеуі және оның қазақтың төл әдебиетімен байланысын ашуда өзіндік ой-қорытындылары салмақты. Алдымен, А. Қыраубаева «Махаббатнаманың» бізге жету және зерттелу тарихына, көшірмелері, нұсқаларына толық тоқталып, дастан туралы көптеген ғылыми мағлұматтар береді. Хорезмидің «Махаббатнама» туындысының құрылымын «946 жол, 473 бәйіттен тұрады; Арнау өлең – он бір; Хикая – 58 жол; Дастанның 4,8,11-тараулары парсы тілінде жазылған», – деп жіктеп көрсетуі өзге ғалымдармен де ортақтастық тауып жатады.

Сұлуға, қызға ғашық жігіттің кіршіксіз сезімі баяндалған он бір хат шығармаға арқау болған. Негізгі бөлімдегі ақын өлеңдерінде жігіттің қызға жазған сегіз хаты орта ғасырлық түркі әдеби тілінде жазылғанын, жалпы дастанының тілі Алтын Орда қыпшақтарының тілі болып келетіндігі, өлеңдегі араб-парсы поэзиясы арқылы келген ғазал, қасыда, мәснауи, фард дейтін шағын жанрлар туралы да зерттеуде барынша қамтылып өтеді.

Бұл туындының нұсқаларын саралай келе ғалым шығарманы мазмұны жағынан үш бөлімге бөліп қарастырады: «1. Кіріспе бөлім. Тәңірді мадақтау. Мұхаммед Хожабектің сипаты», «2. Жігіттің сүйгеніне сезім, сырын білдіретін ғашықтық арнау өлеңдері», «3. Дастанды аяқтау». А. Қыраубаеваның дастанның негізгі мұраты – «дүние-малға қызықпай, азды қанағат тұтуға, бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр салтты сақтауға шақыру, ақыл-парасатты жоғары қою. Азды қанағат тұту идеясы өзінен бұрын өткен М. Қашқари, А. Иүгінеки ойларымен қиысады», – деп туындының түпкі идеясындағы рухани құндықтарды ашып көрсетуінде Хорезмидің өзіне дейінгі ақындармен үндестігін саралауы да ұтымды шыққан.

А. Қыраубаеваның: «Хорезми дастанының көркемдік сипатын арттырып, оны қайта өрлеу идеясына жақындататын бір қасиеті – адамның ішкі жан дүниесіне, сезім толқуына үңіліп, психологиясын бейнелеуге ұмтылыс», – деген пікіріне мәтіннен алынған мысалдары да айқындылықты таныта түседі.

«120. Кісінің сірә сенсіз не жаны бар,
Өмірдің ондай мәнсіз не сәні бар?!»;
«116. Күлгенінде оймақ ернің үлбіреп,
Сонда сені пері көрсе, ол да мендей телмірер»;
«261. Неғыламын айта беріп, тие беріп шамына,
Жүрек біреу, құбыла біреу, сүймек біреу тағы да»;

«150. Махаббаттың құпиясы бар мың түрлі,
Жан шыққанша сақтар жүрек бұл сырды».

Міне, ғашық жігіттің шынайы болмысын берудегі ақынның шеберлігін де тап басып көрсете алатындай мысалдармен өрбіткен. Осы тақырыпта зерттеу жазған ғалым Ө. Күмісбаевтың «Ақын «махаббат» деген сөзге ересен жүк артып айтады», «XIV ғасырдың өзінде-ақ бұл әдеби ескерткішке «Мұхаббат-наме» деп ат қоюы автордың батылдығын дәлелдейді» [4,16 б.] деген пікірі де ақынның махаббат тақырыбына айрықша назар аударғанын шегелей түседі.

Хорезми туындысының көркемдік әлеміне ерекше тоқталған А. Қыраубаева «Дастанның бүгінгі оқушысын да таң қалдырып, мақұлататын ерекше бір қасиеті бастан-аяқ айтылатын бір-ақ нәрсе – ғашықтық, сүйіспеншілік жайы болса да, осы бір-ақ жайды кісіге жалықтырмай жеткізу құдіреті ақындық қуаттан туған салыстырудың, баламалардың, бейнелі сөз айшықтарының әсерлілігінде» [2,73 б.] деген тұжымды тұжырым жасайды. Зерттеушінің троп түрлеріне келтірген мысалдарынан үзінді келтіріп өтейік.

«Теңеу:

44. Бал-шекердей тәтті тоты тіліңіз,

Түсірді ауға неше жандар құмайын.

47. Өзің деп келген Хорезмиді есірке,

Есіркегендей шаһтардың құлы менен малайын.

76. Соғысқа кірер бейне тойға кіргендей,

Ашыққан бөрі қойға кіргеніндей».

Осындағы «бөрі» сөзіне мән беріп, яғни жауынгерді «бөріге» теңеудегі түркі әдебиетінде ертеден келе жатқан дәстүр екендігін айтуда өзге әдеби нұсқалармен де салыстырулар жасаған. Зерттеуші дастандағы метафоралар мен қайталау түрлеріне де мәтіннен бірнеше мысалдар келтіре отырып, туындының көркемдік ерекшеліктеріне жүйелі талдайды.

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастаны туралы жазылған ғылыми еңбектермен А. Қыраубаева келтірген деректердің кейбірі ұқсас келіп жатуы да зерттеу нысанының ортақтығынан екені белгілі. Ғалымның 1985 жылы Хорезмидің «Махаббатнамасынан» кейін де дастан қазақша аударылып (Оғыз наме. Мұхаббат наме. Ауд.: Ө. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев) басылғанын да білеміз [5].

А. Қыраубаеваның «Мұхаббат-наме» дастанын аударғанда шығарманың көне түркі тіліндегі транскрипциясы мен қазақ тіліндегі аудармасын қатар беруі оқырманның екі мәтінді де өзара салыстыра оқуына мүмкіндік жасағаны еді. Мәселен, түркі тілінде:

3. Фәләкнің дәфтәріндін түнні бойған (йуған),

Жаһан бұһнадыны сөз үзге қойған.

Қазақшасы:

3. Аспан дәптерінен түнді боятып қойған,

Жаһан жаратылысын сөзге ұстатып қойған.

Міне, ақынның сөз саптауына ешқандай нұсқан келмеген. Сондай-ақ

114. Фәлак 'ышқың йолында бисар уа пай,

Ысырған данасы – Зуһра, йүзүң – Ай.

114. Ғашықтық жолында естен танды көк те өзі,

Ай – сенің жүзің, Зуһра – сырғанның көзі, –

деген жолдарда түркі тіліндегісі мен қазақшасы өзара табиғи түрде үндесумен қатар А. Қыраубаеваның аудармашылық артықшылықтары да байқалады. Аудармашы түпнұсқаны сақтай отырып, ақынның бейнелі сөзін құлпытта түскен.

Қорыта айтқанда, Хорезмидің «Махаббатнама» дастанын зерделеудегі А. Қыраубаеваның өзіндік ғылыми ізденістері мол. Туындыны тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық жағынан жан-жақты қарастырған ғалым образдың жасалу жолдарына да, тіл көркемдігіне де айрықша үлкен мән бере талдау жасаған. Дастанды тыңтума әдебиет үлгісінде алып, қазақтың төл әдебиетімен байланыстыра қараудағы тұжырымдары әлі де жүйелі зерттелуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алма апай: естеліктер жинағы. Екінші басылым. – Алматы: Өнер, 2012.
2. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
3. Хорезми. Махаббатнама. Дастан /Алғы сөзін жазып, транскрипциясын қарастырған және ауд. А. Қыраубаева. – Алматы: Жалын, 1985. – 112 б.
4. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 320 б.
5. Оғызнаме. Мұхаббатнаме / Ауд. Ө. Дербісәлин, М. Жармұхамедов, Ө. Күмісбаев. – Алматы: Ғылым, 1986. – 207 б.

ЖҮРЕГІМНЕН ОРЫН АЛҒАН АЛМА АПАЙ

1984 жылы Өр Алтайдың Марқакөлінің орта мектебін бітірген соң бала кезімдегі аңсарлы арманым Қазақ университетіне оқуға түссем деген арманмен Алматыға жол тарттым. Университет қалашығының пайдалануға берілгеніне бір жылдай болған және жоғары оқу орнының құрылғанына елу жылдығы атап өтілген думанды кез. Құжаттарды тапсыруға жаңа қалашыққа бардым. Сөйтсем, қабылдау комиссиясы ескі корпуста екен, химия факультеті оқиды деген ғимаратты тауып, құжат өткіздім. Емтихан болар күндерді біліп алып, туысқанның үйіне қайттым.

Алғашқы шығарма жазу емтиханынан сүрінбей өткен соң келесі ауызшасына тыңғылықты даярландым: екі көз, бар ынта-ықылас, ой-сана ауылдан алып келген оқулықта, қай тақырыпты да қаузап оқып, есіме сақтап қалуға талпынамын.

Уайым, үмітпен, сенім, күйзеліспен өткен күн-түн артта қалып, университеттің ескі ғимаратына бірер күннен соң қайта келдім. Кезекші қыз нұсқаған аудиторияға ендім: билет алдым, қатар тұрған үстелдердің ортасына таман бір орындыққа барып отыра сала, қолымдағы билет сұрағын оқыдым ғой: «Көсемше мен есімше және олардың жасалу жолдары», «Жамбыл Жабаев шығармаларының маңызы. Бір өлеңін жатқа оқы», үшінші тапсырма – сөйлемге морфологиялық талдау. Билет сұрақтарын оқыған соң көңіл жайланды, мектептегі Қалихан мұғалімім бұл тақырыптарды санамызға әбден түсінікті етіп зерделеген, талдау жасай аламын, Жәкем атамның бірнеше өлеңін де жатқа білем.

Жүрегімнің дүрсілі басылып, өрекіген көңіл жайланған соң жан-жағыма қарай бастадым: бір жігіт, үш қыз дайындалып отыр, бір қыз төрдегі комиссия алдында жауап беруде. Комиссияда екі ер адам, бір әйел адам отыр. Жауап беріп отырған қыздың дауысына құлақ түрдім: «Көксерек» жайлы өз ойын жеткізді, сосын салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемді шатастырды, фонетикалық талдаудан «аман өтті». Келесі кезек орта бойлы жігітке келгенде, ол шақыртудан соң орнынан сылбыр тұрып, ортадағы үстелге беттеді, өз әрекеті тәрізді жауабы да ойға қонымды болмады. Бұрымды қыз үш сұраққа да жақсы жауап берді, өз ойымша мен де риза боп отырдым (бірақ кейін оқуға түскенімізде оны көрмедім, басқа емтихандардан жолы болмады ма?..).

Кезек маған келді: үш сұрақ бойынша жауабымды бердім де, төмен қараған күйімде отырдым. «Мектептен бірден осында жол тартқан сияқтысың ғой, қайдан келдің?» – деді ер адам (кейін білдім ғой, ол Құныпия ағай екен). Марқакөлден екендігімді айтып ем: «Өткенде көне жазу табылған жер емес пе?» – деп, өзара сөйлесіп кетті (Кейін Алтай Аманжолов ұстазымыздың лекциясынан білдім ғой: сол жылы ауылымның жанынан руна жазуы табылып, ол туралы «Марқакөлдегі руна жазуы» деген тақырыппен мақала «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған екен). Комиссия мүшелері бір-біріне қарай қалды, емтихан парағына үңілген соң қара торы әйел адам: «Ал, Ләйлә, сен менімен бірге жүр», – деді орнынан тұрып. Басқа абитуриенттерге мұндай әрекет жасалмағандықтан, мен абдырап қалдым. Не боп қалды деген күймен дәлізге шығып, ертіп келе жатқан апайдың соңынан ілестім. Дәлізді бойлай жүріп, қоңыр есікті бір кабинетке кірдік. Кабинеттің сол жағына қойылған үстел мен орындықтағы ағаймен ертіп келген апайым емін-жарқын сөйлесіп, менің берген жауаптарым жайлы айтты. Жұқалаң келген, нұрлы жүзді ер адам маған бажайлай қарады ды: «Атың кім?» – деп сұрап алды да, білген соң: «Менің қызыммен аттас екенсің», – деді күлімсіреп, – жауабыңды тыңдаған комиссия мүшелері сені «өте жақсыға» бағалап отыр, келесі емтиханыңа даярлан», – деді. Өне бойым жып-жылы боп кетті. Апай маған күлімсіреп бір қарады да, жауап берген кабинетіме қайта ертіп келді.

Келесі емтиханымды да сәтті тапсырып, армандаған университетіме қабылдандым. Көңіл көтеріңкі. Алматы маңындағы Мичуринде филология факультетінің қазақ, араб бөліміне қабылданған үш тобымыз қызанағымызды жинап, анда-санда маңайдағы алмаға барып, кейде ауыл клубынан үнді киносын көріп, бір айдан соң бірінші курстың студенті ретінде аудиторияға келдік. Жаңа орта, бейтаныс оқытушылар, мектептегідей қырық бес минут емес, ұзаққа созылатын лекциялар. «Игорь полкі туралы жырды» таза орыс тілінде ғана түсіндіретін профессорды тыңдап, тез-тез конспект жазып, санамызға салмақ түскен сәт...

Бір күні 202-аудиторияда кезекті лекциямызды тыңдамаққа жиылғанбыз. Ауылды, ата-анамды, құрбыларды ойлап, көңіл жабырқаңқы күйде жаңбырлы Алматының көрінісіне терезеден қарап отырғам. Дүр ете көтерілген жетпіс төрт курстасыммен бірге орнымнан мен де тұрдым. Аудиторияға

өзімнен емтиханда жауап алған, «бес» қойдыртуға алып барған Апайым келген екен! Мұндай қуанбаспын: ауыл, ата-анам, құрбыларым көшіп келгендей, жаңбырлы Алматы жайма-шуаққа айналғандай күй кештім-ау! Көңілімде күй ойнағандай болды! «Алма апай, Алма апай!» – десті бізден бір жыл бұрын қала дәмін татып, даярлық курсы арқылы оқуға түскендер. Апай студенттермен сабырмен амандасты, жайлап қана бәрімізді көзімен бір шолып өтті. Орнына отырған соң даярлық курсы арқылы оқуға түскен он шақты қыз-жігітпен сөйлесті, оларды бір жыл бойы оқытқан екен. Сосын лекциясын бастап кетті: ежелгі дәуір әдебиеті екен, бұл кезеңді аса керемет білмесем де, журнал, газеттерден алған мағлұматтарым бар, жаныма жақын тиді, оқытушының дауысы да жағымды, асықпай жаздыртты, арасында жатқа білетін үзінділерімен мысал келтірді: Орхон, Енисей ескерткіштерінің зерттелуі, зерттеуші ғалымдар жайлы майда қоңыр, әуезді дауысымен лекция оқығанында... «Игорь полкі туралы жырда» кейін, әрине, бүкіл Дала санамда сайран салды-ау! Абитуриент кезімде жүрегімнен орын алған жанның Алма апай екенін білдім. Лекция біткен соң: «Ертең практикалық сабақта сұралады», – деп Орхон ескерткіштері бойынша тапсырмалар берді.

Сабақтан шыққан соң және түнімен берілген тапсырмалар бойынша жатақхана бөлмесінде дайындалдық, аса тереңдеп ұға қойғанымыз да шамалы. Бір-бірімізден сұраймыз. Ол кезде қазіргідей мектеп бағдарламасында ежелгі дәуір әдебиеті оқытылмайды ғой, сондықтан ауырлау тигені рас.

Ертеңінде семинар сабағында қалай даярланғанымызды сұрады, бұрыннан апаймен етене болған даярлық курсынан келген батылдауларымыз тақырыптың қиындау болғанын айтты. Бәрін сабырмен тыңдап, әрқайсымыздың бетімізге қарай отырып, Пушкин кітапханасына барған-бармағанымызды сұрай отырып: «Сен Ләйләсің ғой, иә? – деді маған қарап, – әдебиет тобын таңдағаның жөн болған екен», – деп қойды сосын. Басымды изеп, не дерімді білмей қалдым, ризалық па, жауапкершілік пе, бір ауыз сөз қата алмадым. «Білімді мәйекті алыңдар, келешекте дәмін татасыңдар», – деп жалпыға ортақ тіл қатты да: «Биікте көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда – Екеуінің арасында адам жаралған», – дей, қоңыр үнімен ежелгі дәуір әдебиетіне бізді ала жөнелді.

Осы әуезді басталатын қоңыр үнді, мейірімді көз бен сабырлы, парасатқа толы жүзді Ұстаздан алған білім мен тәлім-тәрбиені біз өмірімізге нәр еттік, өз алдымызға келген қаншама шәкіртке сол мәйекті бердік...

Алма апай жайлы ойласам үнемі Алатаудың баурайындағы абитуриенттік бала-шағам сап етіп есіме түседі: мені ертіп апарған кабинеттегі комиссия төрағасы, маған «өте жақсы» баға қоюға келіскен нұрлы жүзді жанның Рымғали Нұрғалиев Ұстаз екендігін біздің әдебиет тобына драмадан сабақ беруге келгенде жазбай танып, білдім!

Еліміздегі бас университетке оқуа түсерімде әділеттік танытқан, білімімді бағалаған жандардың түркі мәдениеті мен әдебиетіндегі ең керемет Ғалымдар екендігін білгенде, тіпті таңғалғаным рас! Үшінші курсты бітіргенімде Алма апайға арнаған жазбамды өзіне оқытпақшы боп қанша оқталсам да, ұсынуға батпадым, қойын дәптерімде сол күйі сақталып қалды.

Жылдар өтіп, аудиторияда ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті туралы білім нәрін берген ғалымды, студенттік кезімізді сағына, Алма Ұстазды еске алуда сол жазбамды жариялауды жөн көрдім.

Алма Қыраубаеваға

Күмбір де күмбір күй жеткен,
Күмбірімен сый еткен.
Бабалардан бұрынғы,
Інжу-маржан ой жеткен.

Көне де көне шежіре,
Төркінін біл, елжіре.
Көне түркі жазбасы,
Үңіле біл тегіне.

Күңіренеді Күлтегін,
Жоқтар ер ғой ел кегін,
Білге қаған, Тоныкөк,
Толғаған ел ертеңін.

Руна жазу сөйлейді,
Ақиқатты біл дейді:

«Ұлын құл, қызын күң қылмай»,
Өз төрін өзі билейді.

«Мұхаббатнама» – Хорезми,
«Гүлстаның» – Сараи,
Қараханид кезеңі –
«Диуани хикмет» – Йасауи.
«Қисса-сүл-әнбие» –
Рабғузи жазған тәрбие,
«Кодекс куманикус» –
Қыпшағы бар бір ие.
«Ақиқат сыйы» – Йүгінеки,
«Құтты білік» – Баласағұни,
«Диуани лұғат-ат түркіні» –
Жазған Махмұт Қашқари.

Көне түркінің кезеңі –
Өр Бадамның кезі еді.
Жазбаның орта ғасыры –
Тілімнің кәусар асылы.

Өткенін баба сүйгенмін,
Көңілге мықтап түйгенмін,
Университетте барлығын,
Алма апайдан білгенмін.

АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы 10 жылдығында ұлтқа ұлттық мектеп, ұлттық тәрбие керек болғанын қазақ зиялы қауым мүшелерінің арасында алғашқылардың бірі болып көтерген Алма Қыраубайқызы еді.

1947 жылдың мамыр айының 26-да Қыраубаева Алма Мүтәліпқызы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Бірқазан бекетінде дүниеге есігін ашқан. Оның әкесі Мүтәліп ақылды, айтыс майталманы, ақын, әзілқой жан екен. Кеңшарда бригадир болғанына қарамастан, ел арасында ол кісіні керемет жырау, сегіз қырлы бір сырлы сері жігіт, палуан қасиеттері үшін сыйлаған. Алғаш әке атандырған қызы Алманы үнемі жанынан қалдырмай, той-томалаққа да, аң аулауға да апаратын болған. Сол кезде айтылған аңыз-әңгімелер, қисса-дастандарды тыңдап өскен Алма ғылым жолына түсіп, ұлт әдебиеті мен мәдениетіне зор үлесін қосты.

Алма өзінің бар бақытын мамандығын дәл тапқанында деп есептейді. Мұғалімнің бойында табылатын қабілеттілік пен біліктілік Алманың бойынан табылды деп өзі айтпақшы, Алма өз орнын өмірден тапқан, ұстаздық қасиеттердің бәрін өзіне ұялатқан қарапайым қазақ қызы болатын [1]. Өз сөздеріне қарағанда, бала күнінен ұстаздық жолға бет бұрған екен. Мектепте жоғары сынып оқып жүрген шағында оқу үздігі ретінде төмен сыныптағы оқушыларға білім берген болатын. Бала күнінен шешендік өнерге жақын болған Алма мектебін озатқа тамамдап, қазіргі таңдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің студенті атанды. Алманың оқуға деген құштарлығын байқаған көрнекті тұлға Бейсенбай Кенжебаев оны аспирантураға оқуға жібереді. Аспирантураны бітірген соң аталған білім ордасында қызмет жасауды бастайды.

Алма барлық өмірін ғылымға, ұстаздық жұмысқа арнады. Осы кезде ол өзін білімді ғалым, білікті ұстаз ретінде танытып, көпшіліктің ықыласына бөленді. Қазақ әдебиеті мен бастау тегіне қатысты жүргізген табанды да тыңғылықты зерттеулеріндегі өзіндік ой-тұжырымдары мен тың пайымдаулары үшін әріптестері оны құрмет тұтты. Сол бағытымен 1974 жылы қазақ әдебиетінің ежелгі нұсқалары бойынша кандидаттық диссертация қорғаса, 1997 жылы қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы жайында докторлық еңбек жазып ғылым докторы атанады.

Ол жоғары мектептің оқушыларына арнап оқулықтар жазып, өз шәкірттерін тәрбиеледі. Алманың білімге құштар өмірі қажырлы еңбектен тұрды деуге болады. Аталған ғылыми жұмыстарды отбасындағы мәпелеп өсіріп отырған үш баласының тәрбиесімен ұштастырды десе де болады.

Ғалым қысқа өмірінде көп тер төкті, көптеген ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектер, ғылыми мақалалар жазды. Алайда көп еңбегі баспаға басылмай кетті.

Қазақ мектебінің ұлттық деңгейіне жету үшін шетелдік тәжірибені емес, өз ұлтының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын пайдалана отырып, осы салада қызмет жасайтын педагог-ғалымдарымыздың тәжірибесін жүзеге асырсақ, біз ұмыт болмас едік. Мысалы, тұңғыш рет эксперименттік білім ұйымын (Гуманитарлық қазақ мәдениетінің лицейі) ашқан, ұлттық мектептің үлгісін жасауға ұмтылған әдіскер-мұғалім Алма Қыраубаева жұмысының үлгісі. Уақыттың қиындықтарына қарамастан, ұлттық мектептің өзі ойластырған нәрсені жасауға және жүзеге асыруға деген ұмтылысы бұл өз уақытында экстремалды тапқырлық, көрегендік деп айтуға болады. Оның алға қойған мақсат-міндеті: қазақ құбылысы болып табылатын азаматты даярлау, қазіргі қазақ жастарының мінезін қалыптастыру, ұлтымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген қазіргі заманғы «тұлғаны» қалыптастыру. Негізгі бағыт «Әлем және Мен» кеңістігіндегі білімді игеру болғандықтан, ең алдымен, мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік қатынастарды, өзара түсіністікті, мәдени ортаны құру. «Мұндай ортаны құру үшін алдымен оқушыларды тәртіпсіздіктен арылту және өзіне деген сенімділікті қалыптастыру керек. Әлемдік мәдениетке қол жеткізу жолы өзін-өзі игеруде жатыр», – дейді педагог-ғалым.

Атақты ғалым, филология ғылымдарының жоғары дәрежелі докторы, профессор А. Қыраубаева қазақ әдебиеті тарихының бір арналы қайнар көзі болып саналатын, сол дәуірдің бай әдеби мұрасын халықтың ғылыми қазынасына айналдыруға елеулі үлес қосқан, ежелгі ескерткіштерді зерттеген зерттеушілердің бірі болып табылады [3, 24 б.].

Ғалым бұл зерттеуінде XIII-XIV ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік жағдайы, Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Орта Азия, Каспий, Еділ жағалауын ежелден мекен еткен түркі халықтарының қоғамдық өмірі мен тарихында Шыңғысхан бастаған моңғол-татар шапқыншылығымен байланысты оразан зор тарихи өзгерістің орын алуы, Шыңғысханның қазақ жеріне жорығы мен

Алтын Орда мемлекетінің құрылуы, қазақ жерінің Есүхей ұлы Темужин (Шыңғысхан) (1155-1227) ұрпақтарының арасында бөліске түсуі мен Сығанақ, Отырар, Үргеніш, Мерв, сондай-ақ Бату Сарайы, Берке Сарайы, Азақ, Керьч, Судак, Маджар, Ясы (Түркістан), Сауран, Баршынкент, т.б. тарихи қалалардың сол кезеңдегі шаруашылығы мен экономикасына тоқталып, олардың сауда, мәдени орталықтарға айналғандығы, Алтын Орда дәуіріндегі түркі әдебиеті өзіндік дәстүрі бар әлемдік әдебиетпен үндесе туған өрісті әдебиет екендігі туралы нақты тарихи мәліметтер бере отырып, кеңестік кездегі ғалымдардың көне дәуірге қатысты зерттеулерімен қатар, араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларынан алынған тың дереккөздерден, «Моңғолдың құпия шежіресінен» сілтемелер келтіреді [1.1 б.].

«Нәзір» дәстүрінің дүниеге келуі және ортағасырлық дінтанушылар ежелгі әдебиетті қайта жаңғыртуға, ислам мәдениетін насихаттауға және түсіндіруге, түркі халықтарын біріктіруге тырысқаны жайлы айта отыра, А. Қыраубаева бұл кезеңді «түрік оянуы» деп атауға болады деген қорытындыға келеді: «Нәзір» дәстүрі бұрынғы, ежелгі дәстүрлерді, сюжеттерді жаңғырту идеясынан туындайды. Бұл – ежелгі дәуірден бері оянудың негізгі белгілерінің бірі. Оянудың мәні – ежелгі мәдениеттің қайта тірілуі. Бұл дәстүр Ислам мәдениеті кезінде араб-иран және Қытай әдебиеттерінде басталған кезде оны түрік әдебиеті қабылдады және жалғастырды (XIII-XIV ғ.). Түрік ақындарының назирасы ежелгі мұсылман аңыздарын, ежелгі ойшылдардың ойларын жандандырып, түрік мүдделерін көтеруді ұмытқан жоқ. Сондықтан бүгінгі күні орта ғасырда Назира деңгейін тудырған күш – түрік оянуы немесе түрік Ренессансы деп айтуға болады [3.17 б.].

Жамбыл Жабаев атындағы интернационалдық сыйлықтың жеңімпазы Алма Қыраубаева өлең, ән өнерлерін насихаттап, зерттеді. Өз кезеңінде ұмытылған Жамбылдың әндерін жинақтап, өз орындауында Қазақ радиосының Алтын қорына жаздырып, «Жамбыл әуендері» жинағын шығарды. Ал, шын мәнінде, халқын сүйетін, халқына немқұрайлы қармайтын жан осы Алма Мүтәліпқызы секілді болуы керек шығар. Өйткені ол халқы үшін үш баласымен пәтер жалдап тұрып, бір бөлмелі пәтерін кепілдікке салып, елімізде ең алғаш 1993 жылы мемлекеттік орта оқу орнын құрды. Бірақ Алматы облысы Қаскелең ауданы Ораз Жандосов ауылында ашылған Қазақ гуманитарлық мәдениет мектеп-лицейі аз уақыт жұмыс істеп, үш жылдан кейін қаражаттың жетіспеуіне байланысты жабылды. Ерте ашылған мектеп нағыз қазақ танымының нақты баспанасына айналғанын сол кезеңде аталған мектептен білім нәрімен сусындаған шәкірттер жақсы біледі. Замандастары да, педагогтің әріптестері де Алма апайдың осы орта оқу орнын құрғанын, мемлекеттік орта оқу орындарының барлық жағдайларын орнатқанын, «Сенім» жаңа жоспарын құрғанын мақтанышпен айтады. Осы жобаның мән-жайларына сәйкес, мемлекеттік орта оқу орнының оқушы ұл балаларға «мырза», қыз балалармен «бикеш» деп қарым-қатынас жасау сеніп тапсырылды, сол кезде жас педагог қыздарды «бике» деп, үлкен әйел мұғалімдерді «бибі» деп атаған. Мұғалімдер балаларға «сен» демей, «сіз» деп айту осы мектепте қалыптасыпты. Бұл баланы жастайынан өз-өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында туындаған. Осы мектептің шәкірттері «Әлемтану», «Елтану», «Ислам мәдениеті», «Еуропа мәдениеті», «Қыз әдебі» атты сол кезеңде әлі мемлекеттік оқу бағдарламасына енгізілмеген пәндерді оқыған еді.

Саналы ғұмырын көне дәуірдегі әдеби жәдігерлер мен шығыстық киссаларды зерттеуге арнап, соңынан өшпес із қалдырған ғалымның еңбектерінің бәрі «Өнер» баспасынан жарық көрді. Ал оның «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясы ЖОО студенттері үшін аса қажет. Әйтсе де бұл кітап аз таралыммен жарық көрген. Соны байқаған ғалымның бауыры Асылбек Қыраубаев бүгінгі күні бұл кітапты өз қаржысына шығарып отыр. Бұл оқу құралы жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихын тереңдетіп оқыту мақсатында 1991 жылы жарық көрген болатын. Жинақтың бірінші басылымы негізінде дайындалған еңбекте ежелгі дәуір әдебиеті ескерткіштерінің транскрипциялары мен ғылыми аудармалары қамтылған. «Бір қыз, он алты ақын» атты кітабы да қайта шығарылып, екі кітап Алма Мүтәліпқызының бес томдығына алтыншы, жетінші том болып қосылды. «Бір қыз, он алты ақын» кітабының бірінші бөлімінде бұрынғы ақындар айтысы қамтылған. Ал екінші бөлімінде халық ақыны Манап Көкеновтің, Шымкент облысының ақыны Қалдыбек Әлікұловтың және Қызылорда облысының ақындары Қали Шыңғысов, Әбілхан Махановпен айтыстары және газет, кітап беттерінде жарық көрген термелері енгізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd., ЖШС, 2010.
2. Алма апай. – Алматы: «Asu Anima» баспасы, 2007.
3. Жаным садаға. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2011.
4. «Жұлдыздар отбасы» журналы. – 2011.

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИЕТІ

1988 жылы Алма Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» кітабы «Мектеп» баспасынан жарық көрді.

Ғалым еңбектің алғы сөзінде: «8-14 ғасырлардағы түркі тілдес халықтар әдебиетін қарастырған бұл кітапта солардың замандарындағы түркілердің әлеуметтік жағдайы, әдебиеттің өзіндік көрінісі, «Рабғузи қиссалары», «Махаббатнама» ескерткіштерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері, ежелгі әдебиет дәстүрінің XIX-XX ғасырлар басындағы қазақ әдебиетіндегі көрінісі талданды, қисса жөнінде пікірлер айтылды» [1, 3], – деп жазған.

XIII-XIV дәуірлердегі тарихта қалатын, Алтын Орда мемлекетінің қалыптасуы және оның құлдырауы, сол жердегі ескі қалалар, сауда қарқынының жаңғырылуы, түркі тілді әдебиеттің жаңғыруы, атақты тұлғалардың шығармашылық бейнесі, «Уақыт бедері» атты жазбада бірінші тарауда әдеби даму ғылыми негізде сипатталды. А. Қыраубаеваның зерттеу барысының ерекшелігі зерттеу барысына тыңғылықты дайындықпен келіп, өз пікірлерін оңды-солды айтпай, ойын ой елегінен өткізіп, осы уақытқа дейінгі зиялылардың пікірлерімен санасып, ғылым этикасының қатаң сақталуына мән беруінде еді.

Бұл деректерде Шыңғыс хан жорықтары мен шапқыншылықтары, жаулап алынған жерлер ғылым тұрғысынан баяндалды. Жәнібек хан (1342-1357) болып сайланғаннан кейін Алтын Орданың уақыт өте құлдырап бара жатқанын байқауға болады, бұның белгісі ретінде 1360-1380 жылдары 25 ханның ауысуын айтуға болады деп айтты ғалым. Алтын Орда уақыт өткеннен кейін екіге бөлінді: Көк Орда және Ақ Орда болып аталды, бұл жағдай XIV ғасырдың бас кезінде орын алды. В.В.Тизенгаузен дерегіне сүйенсек, Ақ Орданың орталық қаласы ретінде Сығанақ болды.

Ешқашан бір орында тұрмайтын ол – уақыт. Байырғыдан келе жатқан салт-дәстүр де, мәдениет те бір орында тұрып, белгілі бір кезде тоқырап, тоқтамайды. Мәдениетті, өркениетті ел әрқашан дамып отырады. Елдердің тарихи жағдайын, бір-бірімен тату болуын, олардың бір-бірімен байланысуын қадағалап, дамытатын, өркендететін – мәдениет [1,12].

Шығыс Ренессансы, Орта Азия мәдениетіндегі Қайта өрлеуге бетбұрыс X ғасырда байқалғанын әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, әл-Бируни, әл-Хорезми секілді ғұлама тұлғалардың пікірлерімен байланысты қылды. Бұл ғасырда дамыған ғылым, білім жаңа ақпараттары сегізінші ғасыр кезеңіндегі моңғол шапқыншылығы болған кезде, орта жолда тоқтап қалған кезде де Қайта өрлеу мақсаты түбегейлі жоқ болмағанын, жыл өткеннен кейін жалғасын тапқанын Алма дәлел кетіре отырып жеткізді [1, 156 б.]

Алтын орда кезінде ұлттық тіл болып жергілікті халық тілі саналды. Алма Қыраубаева бұл деректі басқа да қаламгерлердің пікірлерімен санаса отырып айқындады. Мәдениет пен әдебиет те жергілікті тілде жазылған болатын. «Бұл кезде Алтын Орда мемлекетінде де, Шағатай ұлысында да халықтың құрамы бірдей болған. Бірінде бар ру-тайпалар екіншісінде де тұрды (тек бірінде бір рудың көбірек, екіншісінде азырақ болуы мүмкін еді), яғни түркі халықтары аралас өмір кешті. Әдебиеті де сол аралас тілде жасалады. Ол кезден бізге жеткен ескерткіштердің таза бір тілде жазылғаны кездесе бермейді. Сондықтан да ол мұралар қазақ, қырғыз, татар, өзбек, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ортақ қазынасы, әрқайсысының заңды игілігі болып есептеледі» [1,16].

Зерттеуші аударма-нәзира әдебиетінің үлгісін қолдана отырып, еңбегінде «Қисас-и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») жазбасына ауқымды жинағын арнады.

Рабғузидің қисса жинағының көшірмелері, бұл қиссалар әлі толық тереңінен зерттелмегенін, профессор, ғалым Б. Кенжебаев жазған «Жұлдыз» журналындағы 1968 жылы №7 нөмірдегі жарық көрген «Қисас у-әнбия» мақаласында өмірлік маңызы мол екендігін көрсетті.

Ол бұл қиссаның қазіргі таңға дейінгі толық зерттелмеуінің себебі неде екендігін сырын ашқан болатын. Барлық әдебиет жазбаларын алсақ та сол замандағы тарихи-әлеуметтік жағдайымен толық таныстырып, толық зерттелетінін байқаймыз. Егер осындай зерттеулер болмаған жағдайда, осындай әдебиеттер жайлы дұрыс емес, теріс пікірлер қалыптасар еді. Бұд жағдайда «Рабғузи қиссалары» жайлы мағлұматтар екіге бөлінген: біріншісі – дүниетану сипаты зор бағалы мұра, екіншісі – діни кітап ретінде танылып керек емес деседі.

Ғылымға, өнерге жалғыз ғана социалистік оймен қарап, тану-талдаумен келу керектігін ұстанғанын жеткізген кеңестік әдебиеттану ғылымы жазушылардың өздерінің зерттеулеріне, ауқымды ойларына, кедергі болғаны айқын. Көне мұраны айтпағанның өзінде он тоғызыншы ғасыр мен жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі еңбек иелеріне әдеби тұрғыда оң көзқараспен ғылыми баға берілмегенде, Алматының орта ғасыр кезеңіндегі мұраға ерлікпен баруының – ғылыми батылдық, теорияға тындығының, беріктігінің айқын бейнесі.

Рабғузидің еңбегінде арабтардың және парсылардың әдебиетінен келген ақпараттармен тұрғанымен, зерттеуші өз оқығандарын, естіп-білген мағлұматтарын құрастыра отырып, теңдесі жоқ туынды жасады. Өсиеттер мен уағыздар қарапайым болмаса жалаңдатылған тілмен емес, қызығы мол сюжет арқылы сипатталды. Ғалымның кітабына енгізген 60 өзінің жеке әңгімелері мен аңыздарын ол 3 топқа бөлді.

Қиссада пайғамбар жайлы деректердің басты өзегі, бастапқы түптамасы Құран болғанымен, халықтың өз әдебиет үлгісі, ауызша таралған аңыздар мол енгізгенін, осындағы діни дидактикалық, моральдық, теңсіздік проблемалары елең еткізетін сюжеттермен қызықтырғанын ғалым атап өтеді.

«Ғасырлар мұрасы» жинағының үшінші тарауы «Тыңтума әдебиет. «Махаббатнама» атты жазбадан тұрды. Зерттеуші осы еңбегіне дейінгі уақыт аралығында 1985 жылы «Махаббатнама» атты Хорезми жазған дастанға транскрипция жасады, оны қазақшаға аударып, ғылыми тұрғыда алғы сөзін жазып, «Жалын» баспасынан ең алғаш рет жеке кітап етіп шығарған болатын. Әрине, осы кітап кемшіліксіз жазылмағаны анық, бірақ та оқырмандардың жүрегінен орын алып, оларға ой саларлықтай дүние болғаны анық.

Зерттеуші еңбегінде «Біз «Махаббатнаманы» түпкі бастаулары V-VIII ғасырларда жатқан ежелгі әдебиетіміздің XIII-XIV ғасырлардағы елеулі көркем туындысы деп, өз тұсындағы жер жүзі мәдениетіндегі озық ағымдармен байланысты, сонымен қатар берідегі қазақ поэзиясының тіл, образ дәстүріне қатысты деп қараймыз» [1,66], – деп өзінің оң пікірін айтты.

Ғылыми еңбектің маңыздылығы «Қосымшалардың» берілуімен көбейе түскен. Әлидің «Қисса Иүсүфі», Құтбтың «Хұсрау уа Шырыны», Сәйф Сараидың «Сұһайл мен Күлдірсін», «Гүлстан би-т-түркі», Махмұд бин Әлидің «Неһдж-ул-Фарадис» («Жұмаққа апаратын жол»), Хұсам Катибтің «Жұм ұсынады. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Қисса «Гүлшат-Шеризатының» (Қаз. ССР Ғылым академиясының қолжазба қоры. №1173, 12 дәптер), Ә. Найманбаевтың «Ер Шеризатының» (Қаз ССР ҒА, 1628), Ә.Тәңірбергеновтің «Қисса Зияда-Шаһмұратының» (Қазан, 1896, 1912 ж.), Т. Ізтілеуовтің 1965 жылы қызылордалық ақын Мүтәліп Қыраубаевтан жазылып алынған «Сам Палуанының» мәтіндерін береді. Ғалым-ұстаздың мақсаты айқын. Жоғарыдағы аталған шығармалар бұл кезде баспа бетін көріп, көпшіліктің қолы жететін жағдайға келген жоқ. Міне, осындай жағдайда Ғылым академиясының ғылыми қорынан алдырып, білімгерлерге, барлық оқырманға жеткізу жағдайын түсіндірді. Бұл – біздіңше, ғалым-ұстаз А. Қыраубаеваның ғылымға берілгендігінің, табандылығының көрінісі.

Тереңінен қарағанда, «Ғасырлар мұрасы» XIII-XIV кезеңдердегі түрік әдебиетін зерттеудегі бағалы жұмыс болды. Ол осы уақыттағы әдеби мұралар жайлы салмақты ғылыми тұжырымдарын жеткізіп қана қоймай, болашақ зерттеушілерге үлкен бағыт-бағдар берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986.
2. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
3. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары. – Алматы, 1964.
4. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1974.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985.
6. «Жұлдыздар отбасы» журналы, 2011.

«РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫ» А. ҚЫРАУБАЕВА ЗЕРТТЕУІНДЕ

Алпыстай жеке әңгіме-аңыздардан құралған «Рабғузи қиссалары» А. Қыраубаеваның көрсетуінше, өзіне дейінгі түркі тілінде шыққан дидактикалық шығармалардан ерекшелігі бар: аңыз-әңгімелер жалаң уағыз-өсиетке негізделмеген, әр алуан тақырыпты қамтып, қызықты оқиғалармен өріледі, әр алуан образдар жасалады. Зерттеуші «Рабғузи қиссаларын» мазмұны жағынан үш топқа бөліп қарастырады. Оның бірінішісі – табиғат пен дүние құбылыстарының, жаратылысының пайда болуы жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер топтамасынан тұрса, екінші бағыты дінді тараушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер мен аңыз-қиссалар болып келеді, ал үшінші тобы – ауыз әдебиет үлгілері, өлеңдер.

«Рабғузи қиссасындағы» осы үлгідегі аңыз-әңгімелерге мәтіндік талдау жасай отырып, мұндай әңгімелердің туу тарихын ежелгі адамдардың ұғымына сыймаған жаратылыстың сан алуан жұмбақтары олардың фантазиясын туғызып, шындықты іздеу жолында толып жатқан жорамал жасауға, есепсіз көп әңгімелер туғызуға әкелгенін, сондықтан жаратылыстың пайда болуы жайлы әңгімелерден адамның дүниенің шын сырын білуге құмартуы, аңсауының бейнелі көрінісі болғанын айтады. Бұл түсініктің негізі «дүниені жаратушы» күш туралы идеяның алғаш тууы антропоморфизмнің бір көрінісі болатын. Яғни адам өзі және hareketі туралы ұғым-түсінігін табиғатпен де салыстыра байланыстырды. Мұның түпкі мәнісі – адам заттарды қолдан жасайды, олай болса, дүниені де біреу жаратты деп ойлаған бағзы адамдар.

А. Қыраубаева кейінірек пайда болған діни ұғымдардың өзі өте көне замандағы тайпалардың аңыз-әңгімелерінің негізінде туған деп түсіндіріп, «Құранда», «Библияда» және басқа да діни кітаптардағы дүниенің, адамның жаралуы жөніндегі әңгімелерде ұқсастықтың болуын осымен байланыстырады. Мұндай ұқсастықтарды атап көрсетеді, олар: дүниенің пайда болуының алты күн оқиғасы, Адам ата мен Хауа ананың ұжмақтан қуылуы туралы аңыз-әңгімелер. Айырмашылықтары аңыз-әңгімелерді әр діннің өз жағдайларына қарай ыңғайлауымен байланысты. Ғалымның пайымдауынша, «Рабғузи қиссаларына» адамның, дүниенің жаратылуы туралы бағзы аңыз-әңгімелер негізінен Құран арқылы енген.

«Рабғузи қиссаларындағы» адамның, дүниенің жаратылуы туралы аңыз-әңгімелерді А. Қыраубаева екі бағытта тексереді: бірінші тобы ежелгі тайпалардың аңыз-әңгімелерімен байланыстырыла қарастырылса, екінші бір тобында өте ерте замандарда болуы мүмкін оқиғалардың тұспалдап баяндауы дейді. Мәселен, ол кейбір «қалыптасқан сюжеттердің» түп негізі, дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы туралы аңыз және басқалар Вавилон мифологиясынан алынған болуы керек деп, оның негізін ғылымда біршама дәлелденген ертедегі шумерлердің сына жазуынан іздейді.

Мифтік аңыздардың барлығы бірдей адам қиялынан тумағанын, кейбіреулерінің өте ежелгі заманда болуы мүмкін оқиғаларды тұспалдап баяндайтынын А. Қыраубаева, мәселен, «Рабғузиде» айтылатын «Топан су» аңызымен сабақтастыра айтады. Жер бетін топан су қаптағаны туралы мәліметті Лондондағы Британия музейінің қызметкері, археолог Д. Смит шумерлердің клинопись таңбаларынан оқып анықтаған болса, археолог Л. Вулли Ескі Шумер қорғанын қазу кезінде қатты тасқын су апатының белгісін топырақ қабатының ерекшеліктері арқылы ғылыми дәлелдеп көрсеткен. «Рабғузи қиссаларындағы» дүниенің, адамның жаралуы туралы ертедегі адамдардың түсініктерін аңғартатын ежелгі аңыздар біздің заманымызға дейінгі Вавилион мифологиясымен, одан да өзге аңыз-әңгімелермен сабақтасып жатыр дейді зерттеуші. Оның бірі адам қиялынан туса, қайсыбірлері ерте замандағы табиғат құбылыстарынан хабар береді. Сөйтіп, «қалыптасқан сюжеттердің» негізін, бір туындыдан екінші туындыға ауысуын, әлемдік әдебиетте жаңғырта дамытылуын, оның көрінісі «Рабғузи қиссаларында» да кездесетінін нақтылайды.

А. Қыраубаеваның осы терең танымды ізденісінде «Рабғузи қиссаларының» әлемдік мәдениетпен ұштасып жатқаны орнықты дәлелденген. Бұл зерттеуші еңбегінің үлкен жетістігі болды. Сол кездегі бірсыпыра ғалымдардың бұл мұраға «ескіліктің көзіндей» шошына қарап жүргенінде ғалымның ортағасырлық әдеби жәдігерді әлемдік мәдениетпен байланыстылығын дәлелді анықтауы қазақ әдебиеттану ғылымының айтарлықтай табысы саналады.

«Рабғузи қиссаларына» тақырыптық-идеялық, жанрлық талдаулар жасаған ғалым аңыз-әңгімелердің екінші тобы Құранда, ислам ұғымында пайғамбар деп аталатын көбіне мифтік, кейде тарихи адамдар жөніндегі әңгімелер болып келетініне мән береді. Басты идеясы мен өзегі аңызда баяндалатын оқиғалардан өрбитін бұл әңгімелердің өзіндік бір сипаты – оқиға арасында құрани қағи-

далардан үзінді-дәлелдер келтіріліп отыратынын зерттеуші алға тартады. Автордың пайымдауынша, мұндай әңгімелер негізінен Құраннан, басқа да араб-парсы тілінде шыққан діни кітаптардан алынған. Ертедегі адамдар түсініктеріне, ақыл-ойына сыймаған жайларды, құбылыстарды ерекше күш, құдай деп есептеп, бойына сондай ерекше қасиетті жинақтаған адамдарды «құдайға жақын» деп санап, олар туралы әр қилы аңыздар мен әңгімелер шығарған. Міне, осы тәрізді тарихи тұлғаға қатысты аңыз-әңгімелерді Ескендір Зұлқарнайын-Александр Македонский есімімен байланыстыруға болады.

Қиялдан туған пайғамбарға А. Қыраубаева Лұқман пайғамбарды жатқызып: «Лұқман пайғамбар, біздіңше, ақылды, көреген қарттардың жиынтық образы, ауыз әдебиетінен, аңыздан алынған кейіпкер», – деп ой түйеді. Культке айналған әулие-пайғамбарлар қатарына Грекиядағы Гермести, үнділердегі Брахманы, еврейлердегі Авраамды, Моисейді, парсылардағы Зороастрды, христиандардағы Иисусті, мұсылмандардағы Мұхаммедті жатқызып, діни ұғымдағы бұл пайғамбарлардың адамдық бейнесі көмескіленіп, мифологиялық бейнеге бейімделгенін, оларға сыйыну культке айналуының бір негізі болғанын білдіреді.

«Рабғузи қиссаларындағы» аңыз-әңгімелердің үшінші тобы ауыз әдебиеті үлгілері мен өлеңдер сипаты туралы мынадай тұжырым жасайды: жинақтың творчестволық, тақырыптық-идеялық мәні ондағы халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған не сол үлгімен жазылған, аз да болса реалистік шындық элементтері кездесетін, өмірге жанасымды көркем әңгімелерден көрінеді деп есептейді.

А. Қыраубаева өз зерттеуінде «Көппен көрген ұлы той», «Көп түкірсе – көл», «Көптен бөлінген көмусіз қалады», «Береке, бақыт – бірлікте» деген мақалдардың мағынасын ашатын мысалдарды «Рабғузи қиссаларынан» көптеп кездестіруге болатынын айтады. Мәселен, «Аһил Хайруан қиссасында» ниет тазалығына көңіл бөлінсе, «Дәуіт қиссасында» ынсапсыздық, көрсеқызарлық сынға алынады. Сүлейменнің жастығына қарамай, ақылдылығымен, білімділігімен әкесі Дәуіттің қате билігін түзеткені де баяндалады. «Сүлейменді сөзбен жеңген құмырсқа», «Есек пен өгіздің айтысы», «От пен жердің айтысы» туралы мысал әңгімелерде жақсылық пен жамандық, адамның басындағы әр түрлі мінез көріністері мен оның пайдасы, зардабы қызықты бейнеленеді. Мысал-әңгімелердің жанрлық ерекшелігі мен тақырыптық-идеялық мәні күні бүгінге дейін айтарлықтай өзгеріске түскен жоқ, жанрлық-дәстүрлік жалғастығын тауып, қазірде де «Рабғузи қиссаларындағы» үлкен арна – Ескендір Зұлқарнайын туралы аңыз-әңгімелер. Оны талдаудан бұрын зерттеуші әлемдік әдебиеттегі бұл тақырыптың жырлануы мен дамытылуы тарихын баяндайды. Александр Македонский көне заман тарихынан белгілі тарихи тұлға болғанмен, уақыт өте келе ол туралы туындыларда оның шын бейнесі қиялмен түрленіп, аңызға айналған, сөйтіп, жиынтық идеал патша бейнесінде суреттелген.

Рабғузи де зерттеушінің көрсетуінде «Зұлқарнайын» қиссасын жазуда шығармашылық талғаммен, өзіндік дайындықпен келген. Өзіне дейінгі аңыз-әңгімелерді білген, кітаптарды оқыған. Автор оларды ой елегінен өткізе отырып, өз сөзімен баяндаған, бір оқиғаның әр түрлі нұсқасы болса, оны да көрсетіп, аңғартып отырған. Бұл Рабғузидың, біріншіден, көп оқығандығын байқатса, екіншіден, жазу мәдениетін танытады. А. Қыраубаева Зұлқарнайын туралы қиссалардың өзіндік бір сипаты – ойды тұспалмен жеткізу деп біледі. Мұның үлгілері түркі халықтарының ауыз әдебиетінде, оның ішінде қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінде де молынан кездеседі. Қарашаш сұлу мен Жиренше шешен туралы әңгіме-ертегілерде, сондай-ақ «Ақылды әйел», «Мафрузаның оқиғасы», тағы басқа ертегілерде жұмбақтап айту, не ойды бір зат арқылы тұспалмен жеткізу көрінеді. Ғалымның тануында, осындай көркемдік тәсіл Ысрафилдің Зұлқарнайынға тас беру хикаясынан көрінеді. Мұндағы тастың сыры – «адам тірлікте ешнәрсеге тоймас, бетін топырақ жапқанда ғана тояды» деген астарлы ұғыммен сәйкес келеді. Зұлқарнайынның Үндістанға көп әскермен бару сапары баяндалатын хикаяда да ойды тұспалдап, арнайы белгілермен, нәрселермен жұмбақтап айту амалы кеңінен қолданылған. «Рабғузи қиссаларында» Зұлқарнайын қиссасының орын алуының осындай дәстүрлік негізі болса, сонымен қатар түркі әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысының нақты көрінісінің бірінен саналады.

А. Қыраубаева «Рабғузи қиссаларындағы» шығыста кең тараған сюжет «Жүсіп-Зылиха» қиссасына айрықша көңіл бөледі. «Жүсіп-Зылиха» дастаны – қазақ халқының арасына да кеңінен тараған туынды. Бұл дастан туралы ғалым Ү. Субханбердина: «Дүниежүзілік аңызға айналып кеткен «Жүсіп-Зылиханың» сюжеті біздің жыл санауымыздан бұрын IV ғасырда болған екен. Сонан бері мыңдаған жылдар жасап, шығыс ақындарының көбінің шығармаларына өзек болып келе жатқан дастанда сұлулық пен махаббат оқиғаға желі болып тартылған. «Жүсіп-Зылиха» дастанының ауыз әдебиеті нұсқаларымен қатар, жазба варианттары сирия, араб, парсы әдебиетінде, түрік тілдес халықтардың әдебиетінде өте көп жайылған» [1, 15 б.], – деп жазады. Ғалым А. Қыраубаева Фирдоусидің «Иусуф вә Зулайха», Әлидің «Қисса-и Иусуф», Дүрбектің «Иусуф вә Зулайха», Жәмидің, Шайяд Хамзаның

«Иусуф вә Зулайха» туындыларын атай отырып, бұл аңыздың шығыс әдебиетінде, жалпы әлем әдебиетінде қаншалықты кең қанат жайғанын, танымал болғанын білдіреді дейді.

А. Қыраубаева «Рабғузидің қиссасының» тарихилық сипатына да тоқталады. Туындыдағы бір топ қисса-хикаяттар тарихи нақты оқиғаларға құрылған. Мұнда автордың VI-VII ғасырдағы араб халифатында болған белгілі оқиғалар мен деректерді құрастыра салмай, көркем тілмен жеткізе баяндау ерекшелігіне мән береді. Бұл баяндауларда кейде шындық әсіреленіп, тарих пен аңыз араласып кетіп жатқанмен, сол дәуірдің сипаты мен тынысы көрінеді дейді зерттеуші.

«Рабғузи қиссаларының» жанрын анықтауда А. Қыраубаева өзіндік көзқарасын білдіреді. Шығармашылық процесте жазушы үшін туындының жанрын анықтау соншалықты маңызды емес, осы ретте Рабғузи өз кітабын «Қиссалар жинағы» деп атаған. Үлкенді-кішілі шығармаларды «қисса» деп, оның ішіндегі өз алдына бөлек, майда, бас-аяғы ширақ әңгімелерді «хикаят» деп бөлген. Жоғарыдағы келтірілген туындылардан байқалғандай, «қиссалардың» оқиғасы шым-шытырық және оған діни фантазияның мол араласуы байқалса, ал көлемдері жағынан әр алуан болып келеді. Зерттеушінің көрсетуінде, бүгінгі жанрлық тұрғыдан саралай қарастырсақ, эпикалық шығармалардың барлық түрі «Рабғузи қиссаларынан» табылады. Эпиканың көне түрі – миф, аңыз, ертегіден бастап, қазіргі – әңгіме, новелла, повесть, роман, өлең сөз бен қара сөз аралас туынды болып жалғаса береді. Рабғузи хикаяттарында ерте кездегі хикаят талаптары: көлемнің шағын болуы, бір немесе бірнеше оқиғаға құрылуы, соңы күтпеген жерден аяқталу тәрізді ерекшеліктері сақталған. «Рабғузи қиссаларының» ішіндегі ең көлемді туынды «Қисса Жүсіп» болып табылады. Бұл қиссаның мазмұны қат-қабат, композициясы күрделі, образдары алуан түрлі болып келеді. Зерттеушінің айтуында, бүгінгі жанрлық тұрғымен салыстырғанда роман жанрына жақын туынды деп есептеледі. Қиссаларда өлеңдер де ұшырасады. Ол кейде оқиғаға қосымша берілсе, енді бірде кейіпкердің сезім-сипатын, хал-жайын суреттеуде пайдаланылады. Мұндай поэзиялық туындылардың біразы сюжетті өлеңдер болып келеді. Өлеңдер силлабикалық үлгіде жазылған. Бұдан байқалатын ерекшелік: «Рабғузи қиссалары» жанрлық жағынан әртүрлі болып келеді, шағын туындыдан бастап романдық желідегі шығармаларға дейін кездеседі.

А. Қыраубаева «Рабғузи қиссасының» тіл көркемдігіне кеңінен талдау жүргізеді. Зерттеушінің көрсетуінше, қиссаларының барлығының бірдей тіл көркемдігі жоғары дәрежеде емес. Діни қиссалар көбіне баяндауға құрылса, автордың үлкен шабытпен жазып, тіл бояуын құлпырта пайдаланатын қиссалары да ұшырасады. Әсіресе Жүсіп пен Зылиханың ғашықтық оқиғалары, сымбатты келбеттері мен шынайы сезімдері, бір-біріне деген сүйіспеншіліктері автор тарапынан шабытпен, поэтикалық кестелі тілмен жазылған.

А. Қыраубаева «Рабғузи қиссаларының» XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында халық арасына таралу жайына және басылым тарихына талдау жасайды. Халық арасына кеңінен таралып, бірнеше рет қайта басылған нұсқалар, зерттеушінің көрсетуінше, мыналар: 1859 жылы Қазанда И.Н. Ильминскийдің бастыруымен жарық көрген нұсқа. Бұл нұсқаны 1881 жылы Шамсуддин Хусаинов қайта бастырған; Қиссаның 1859 жылы жарық көрген тағы бір басылымы Рахматулла Амирхан ұлы есімімен байланысты. Бұл қисса 1873, 1891, 1899, 1914 жылдары қайта басылып шыққан. Зерттеуші А. Соловьев, Н.Ф. Катанов кітабының [2, 395 б.] мәліметтеріне сүйене отырып, Қазан университетінің баспаханасынан 1859 жылдан 1891 жылға дейін қиссаның 6 рет басылып шыққанын көрсетеді. Кітаптың ташкенттік басылымдары да халық арасына кеңінен тараған. Кітаптың жиі басылу жағдайлары, біріншіден, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында кітап басу ісінің өркендеуімен байланысты болса, екіншіден, бұл кездері татар, башқұрт молдалары қазақ даласына көптеп келе бастаған. Мұсылман дін басыларының бұл іс-әрекеттерін патша өкіметі де қолдап, діни кітаптардың басылып шығуына көп көңіл бөлінген. Бұл кітаптардың тілінің татарша-шағатайландырып шұбарлануында татар-башқұрт молдаларының ықпалы бар екенін айтқан зерттеуші мұндай «өзгертулердің» «Рабғузи қиссаларын» да айналып өтпегеніне тоқталады. Зерттеушінің көрсетуінде Рабғузи өз кітабына «Қиссас-и Рабғузи» деп ат қойдым», – деп анық жазғанмен, кейбір басылымдарда бұл атау «Қиссас Рабғузи», «Қиссас-ұл әнбия Рабғузи», көбіне «Қисса-ұл әнбия» деп өзгертіліп келген. «Пайғамбарлар қиссалары» деп өзгертілуде де көбіне діни жағын баса айтуға көңіл бөлінген.

А. Қыраубаева «Рабғузи қиссаларының» қазақ даласына кең тарауына, ақындардың, өнер адамдарының шығармашылықтарына елеулі әсер-ықпалы болғанына тоқталып, мәселен, «Біржан-Сара айтысындағы» Сараның «Қисасул әнбиеден» естімеп пе ең» деген өлең жолдары бұл туындының көпшілік арасына кеңінен тарағанының айғағы дейді. Қиссалардың қазақ арасына таралу жолдарын ғалым былай жіктейді: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазан, Ташкент қалаларында кітаптың үсті-үстіне басылып, қазақ даласына жол тартып жатты; сауатты, көңіл көзі

ашық адамдардың бұл кітапты оқымағаны, естімегені болмаған; олардың арасынан әртүрлі көшірмелерінен, басылымдарынан қызықты тұстарын еске сақтап қалып, ел ішінде әңгімелеп айту дәстүрі де кең орын алған.

Зерттеуші нәзирашылдық өнерінің туу және даму табиғатына «Рабғузи қиссалары» арқылы келді. Кейінгі қиссашыл ақындардың туындыларындағы қиссалардың жырлану өзгешелігіне, уақыт талабына орай мазмұндық-идеялық дамытылуына ғылыми сараптама жасады. «Рабғузи қиссаларын» зерттеуде А. Қыраубаеваның басты ғылыми ұстанымдарының бірі – қиссалардың танымдық-тәрбиелік мәнін ашу болды. Көптеген қиссаларда адамдық, моральдық мәселелердің қарастырылғанын, одан сол кездегі адамдық принциптер мен жақсылыққа үндеу, жамандықтан, жауыздықтан жирендіру, әділ патша, жақсы заман туралы арман-мұраттарының көрінетінін дәлелдеді. «Рабғузи қиссаларының» ел ішінде көп таралуының басты себептерін ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. – Алматы: Жазушы, 1976. – 472 б.
2. Соловьев А., Катанов Н. Ф. Каталог книг отпечатанных в типографии императорского университета с 1800 по 1896 года. – Казань. – 416 с.

ШЫҒЫСТЫҚ-ҚИССА ДАСТАНДАРДЫҢ А. ҚЫРАУБАЕВА ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде, дәуірлеуде ғалым Б. Кенжебаев қалыптастырған мектептің орны ерекше. Сол мектептен түлеп ұшқан ғалымдардың бірі – Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева. Ол өзінің саналы ғұмырын әдебиет тарихына, соның ішінде ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуге арнаған. Ғалымның «Ежелгі әдебиет», «Ғасырлар мұрасы» атты еңбектерінде ежелгі әдебиетімізді дәуірлерге, кезеңдерге бөліп, жіктеп, қарастырады. Ал қазақ әдебиетіндегі шығыстық үлгіде жазылған қисса-дастандарды зерттеуі өз алдына бір еңбек.

Жалпы, қиссаның дүниеге келуіне негіз болған «Құран» сюжеттері, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» желілері болғанымен, оның түпкі бастаулары ежелгі грек және шығыс фольклоры, Ассирия, Вавилон дәуірінде, алғашқы қауым кезінде пайда болған мифтерде жатыр. Қисса да өзінің дамуы жағынан осы кезеңдердің барлығын сіңірді. Қиссаларда негізгі суреттелетін мәселе – дүниедегі жаратылыс, адамның пайда болуы, әрбір жанды және жансыздың туу себептері, олардың өмірге деген танымы, көзқарасы, аспан әлемі туралы ұғымы. Сондай-ақ қисса-дастандардағы мифтік мақұлықтар – дию, пері, жын-шайтан, жалғыз көзді дау көне заманның түсінігінен туған ұғымдар.

Алтын Орда кезеңінде туған қиссалардан ежелгі аңыздық кейіпкердің басты қаһарман ретінде көрінуін байқаймыз. Орта ғасырларда қазақ әдебиетінде қалыптасқан қисса-дастандарды діни және ғашықтық тақырыптарға бөліп жіктеуге болады. Қисса-дастандар XIX ғасырда қазақ әдебиетінде нақты қалыптасты. Оның сюжеттері осыған дейінгі жазылған қиссалардың мазмұнынан бастау алады. Ондағы көтерілген мәселелер де ерекше болатын. Қазақ мәдениетін, тарихын қозғау арқылы оқырман санасына «мәселе қайда жатыр?» дейтін ой салды. Осындай түркішілдік, исламдық дүниелердің маңызын түсіндіруді мақсат еткен ақындарды пантюрист, панисламшыл деген айып тақты.

Қисса-дастандарды зерттеген М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Ғабдуллин, Б. Шалабаев, Х. Сүйіншіәлиев секілді ғалымдар болды. Қиссашыл ақындарды әдебиетімізге енгізіп, оны ақтап алуға қатысты зерттеулерді Б. Кенжебаев еңбектерінен көреміз. Ол Шәді ақын, Нұржан Наушабаев секілді шығыстық оқиға негізінде өлең жазған ақындарды ағартушылық бағыттағы ақындар деп, кертартпа, ескішіл деген түсініктен ажыратып алды. Алайда сол бір кезеңде XX ғасыр басында бізде әдебиет болған жоқ, сәйкесінше оны зерттеуге көңіл бөлгізбеді деп жазады профессор Б. Кенжебаев.

Қисса-дастандарды зерттеу мәселесіне Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Н. Келімбетов ден қойып, зерттеу тақырыбына айналдырды. 1990 жылдары қисса-дастандарды жарыққа шығару жұмыстары басталып, Ү. Сұханбердиеваның «Ғашық наме», «Ғашықтық дастандар», «Қисса дастандар» еңбектері, Б. Әзібаеваның құрастыруымен «Дастандар» (1990), Ш. Сәтбаеваның, Ө. Күмісбаевтың, Р. Бердібаевтың еңбектері де жарық көрді. С. Қасқабасов бұл мәселеге фольклор тұрғысынан келді және бұрын айтылмаған тың пікірлер айтты. Ал ежелгі қиссаларды зерттеуде А. Қыраубаева «Шығыстық қисса-дастандар» атты еңбегінде қиссалардың мифтік негіздері «Авестадан», «Мың бір түн» ертегісінен бастау алғанын және оның қазақ дастандарына тигізген әсерін шебер талдайды. Олардың өзара байланысын, діни-танымдық тұрғыдан түсіндіре келіп, тұжырымдар жасайды. Мәселен, «Авеста» жырын алайық. Қазақ руларының негізін құрған ертедегі қаңлы, үйсін, сармат тайпалары тәңіршілдік дініне сеніп, айға, отқа, жалпы алғанда, табиғат денелеріне табынған. Ал «Авестада» осы сеніммен қоса, зороастр дінін қабылдаған тайпалар да кездесетінін, оның ішінде «қаңлы» сөзінің кездесетінін айтады. Зороастр дінінің негізін қалаған Заратуштра осы өмірге іңгәламай, күліп келген әлемдегі жалғыз адам екен. Заратуштра атын аудармашылар: «кәрі түйесі бар адам» деген мағына беретінін айтады. Оның мекені, өмір сүрген ортасы жайлы Еуропа ғалымдары бір пікірде болған, ол Иранда дүниеге келген. Ал ирандықтар Қара теңізден Алтайға дейін жайлаған. Алайда Заратуштра бұл дінді өз елінде қабылдамаған, ол жағы анық та емес. Ол Виштасп патшалығында тұрып, сол дінді алғаш болып қабылдаған Виштасп пен оның жұбайы Хутаоса болған.

«Авеста» мифтерін Фирдоуси пайдаланған. «Шаһнаманың» кейбір бөлімдері барлық халыққа ортақ мифтерге толы. Зороастрлықтар от пен суды айрықша қасиеттеген. Бұлақ көзі мен өзендерге дұға оқып, жағасында құрбандық шалған. Суға, отқа ақпен бірге жемістің шырынын құйып, екі түрлі шөптің жапырақтарын тастаған. Бұдан аруақтарға арнап иіс қылу салты зороастр дінінен шыққан көруге болады. Шөпті қасиеттеп, құрбан шалғанда оны астына тастаған, оның мағынасы: «өлген

жануардың жаны шөпке айналады», – демек. Бұл өзі қазақ киссаларындағы өлген кісілердің жаны шөпке айналып, жер бетіне қайта шыққанына жақын көрініс [1, 30].

Енді авесталық үлгінің қазақ арасына қалай келгендігі жөнінде тоқталайық.

Абайдың әл-Фарабимен, шығыс пәлсафасымен үндестігін зерттеген профессор Ақжан Машанов: «Қазақтың қазыналы тілінің тамыры тереңде, оның бір шеті Американың ежелгі үндіс халықтарының мәдениетінде, екінші жағы Мысыр мәдениетінде ізі жатыр», – дейді [2, 17].

«Авестаның» XIII ғасырда жазылған бір нұсқасында Заратуштра өз Отанынан шығып, Иранға баратын. Өз Отаны – Ираннан солтүстік-батыста болған. Яғни Авеста толығымен бір жерде, бір мезгілде туды деуге болмайды. «Оғыз қаған», «Қорқыт» аңыздары сияқты, уақыттың талай кезеңдерінде жинақталып барып, сол кезеңдердің бірінде Қорқыт, оғыз аңыздарымен тоғысуы әбден мүмкін деп ойлаймыз.

Кисса-дастандарда кездесетін мифтік мекендер – Иранбақ, Сарандил, Шын-Машын секілді жер аттары. Олар шын мәнісінде мифтік мекен бе, болмаса бастапқыда аңыз түрінде айтылып, кейін мифке айналды ма, ол жағы белгісіз. Иранбақ – киссаларда суреттелетін таңғажайып, жұмбақ жер. Ол жанға жайлы ерекше өлке болып келеді. О дүниедегі жұмақтың төрі жаннат болса, жер бетіндегі жаннат Иранбағы болып есептелген. Кейінгі эпостық туындыларда Иранбақ идеясы сақталған. Мысалы, Қарақалпақтың «Қырық қызындағы» Гүлайымның тұратын жері «Миуалы» деп аталады:

Миуалы атау бақ болды,
Жайнаған гүлдер ашылды.
Ішінде бұлбұл сайрады,
Миуалар пісіп жайнады.

Бұл жөнінде қорыта келе айтарымыз, Иранбақты ақындардың Жазира арал» деуі тегін болмаса керек, ол жоғарыдағы сипатталып өткен «Жер жұмағы» мифтерінен шыққан.

Ал енді «Мың бір түн» желілерінің шығыс кисса-дастандарда кездесуін А. Қыраубаева төмендегі кезеңдермен байланыстырады:

- 1) Арабтың ежелгі аңыз-әңгімелері;
- 2) Индия сюжеттерінің элементі айқын көрінетін парсының «Мың ертегісінің» негізінде X ғасырдың маңайында түзіле бастауы;
- 3) X-XII ғасырда Бағдат төңірегінде тараған әңгімелердің жинақталуы.

Мың бір түн сюжеттерінің ішінен кең тарағаны – ғашықтық оқиғалары мен діни сюжеттер. Діни сюжеттердің о бастағы төркіні Құраннан бастау балады. Діни сюжет негізінде жазылған кисса-дастандарға: «Зарқұм», «Сал-сал», «Дариға қыз», «Жүсіп-Зылиханы» жатқызуға болады. Діни оқиғалардың негізінде туған жырларды негізінен В. Радлов жазып алған. Олар діни тақырыпта болғандықтан, кеңес дәуірінде жарияланбады. Сондай туындының бірі – «Сақыпжамал». Бұл киссаның мағынасы – Құдайдың құдіреті күшті, оны адам баласы біліп болмайды [3, 498]. Бір патшаның қызы өліп, оны көміп тастайды. Оны естіген Адам деген дәуріш көрден келген дыбысты естіп, қызды босатып алады. Ақырында Сақыпжамал мен дәуріш қосылып, Ыбырайым атты ұлы болады. Патша адамды қасына алып, жарты шаһарын билетеді. Осы секілді сюжет негізінде жазылған «Киік», «Шәриар», «Құсайын» дастандарының діни мазмұнын А. Қыраубаева өз еңбектерінде жүйелі түрде талдайды.

Қорыта айтқанда, кисса-дастандар – жазба әдебиетке де, ауызша әдебиетке де ортақ жанр. А. Қыраубаева зерттеулеріндегі ортағасырлық киссалардың тақырыптық-идеялық мазмұнын айқындау арқылы оның қазақ дастандары мен киссаларына әсерін байқай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыраубаева А. Шығыстық кисса-дастандар. 3-том. – Алматы: Өнер, 2010. – 344 б.
2. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 191 б.
3. Ел қазынасы – ескі сөз. – Алматы: Ғылым, 1994. – 614 б.

МАЗМҰНЫ

Дәдебаев Ж. Таңғажайып тамаша тұлға	3
Әбдезұлы Қ. Тұғыры биік түркітанушы	6
Сейітжанов З. Арманы асқақ ғалым	9
Ысқақұлы Д. Алманың асыл армандары	13
Ахмет К. Ұлы Ұстаздың Ұлы шәкірті	18
Мәдібаева Қ., Тлеубаев С. Алма апайдың мектебі	20
Оразбаева Ф. Профессор Алма Қыраубаева: ұлттық тәрбие ұстанымдары	23
Әбдиманұлы Ө. Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым	27
Пірәлі Г. АЛМА Қыраубаеваның ежелгі әдебиет үлгілерін зерттеу еңбектері.....	32
Сабыр М.Б. Ұлттық тәрбие шырақшысы.....	38
Дәулетбекова Ж. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық еңбектеріндегі ізгілік қағидалары немесе Алма апайдың Ауробиндосы (эссе).....	41
Молдабек Ә. Томирестей аруды үлгі тұтқан.....	45
Әбдікұлова Р. Сөйлегенде аузынан гүл төгілген	46
Тілеубаев С., Даутұлы Т. Қазақтың рухы тәуелсіз, ғалым қызы – Алма Қыраубаева	49
Алтынбеков Қ.С. Ұлы дала руханиятының жоқшы қызы	52
Әжібекұлы М. Менің Алма апайым	56
Қасымбек А. А. Қыраубаева – жаңашыл педагог	59
Шортанбай Ш. Ғасырлар мұрасын түгендеген	64
Мәтбек Н., Мурзатаева А.Т. А. Қыраубаеваның қазақ әдебиеттануына қосқан үлесі	67
Мұсалы Л.А. Қыраубаева және ізгілік педагогикасы мәселелері.....	70
Қыдыр Т.Е., Қоштаева Г.Қ. Алма Қыраубаева еңбегіндегі нама жанрының зерттелуі	72
Дәрібайұлы С. Алма апайдың арман мектебі.....	76
Әбдіқалық К.С., Талғат А. А. Қыраубаеваның «Махаббатнаманы» зерделеудегі өзіндік үлесі	79
Жүмекенова Л.К. Жүрегімнен орын алған Алма апай	81
Молдабаева А.А. Алма Қыраубаеваның ұстаздық ұлағаты	84
Молдабаева А.А. Алма Қыраубаева және Алтын орда дәуірінің әдебиеті.....	86
Мұрсалы Н. «Рабғузи қиссалары» А. Қыраубаева зерттеуінде	88
Тортай Ү. Шығыстық-қисса дастандардың А. Қыраубаева еңбектерінде зерттелуі	92

Ғылыми басылым

**ПРОФЕССОР АЛМА ҚЫРАУБАЕВА:
ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ**

Республикалық ғылыми-теориялық
конференция материалдары

Алматы, 25 мамыр 2022 жыл

ИБ №14801

Басуға 13.09.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100/12.
Көлемі 5,93 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №16504.
Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

ISBN 978-601-04-6006-5

